

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының шешімі

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің құрамын өзгерту туралы

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы № 415-ІІ Заңының 36-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Жарғысының 90-тармағының 10) тармақшасына сәйкес, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлерінің жалпы жиналысы ұсынылған материалдарды қарап, **былай деп ШЕШТІ:**

1. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор Миллер Тимоти Гленнің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылсын.

2. Арман Әнуарбекұлы Арғынғазин «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейінгі мерзімге «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор болып сайлансын.

3. Арман Әнуарбекұлы Арғынғазинге осы шешімнің қосымшасына сәйкес сыйақы мен өтемақы мөлшері мен шарттары айқындалсын.

4. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы Уолтон Кристофер Джонға белгіленген тәртіппен Арман Әнуарбекұлы Арғынғазинмен шартқа қол қоюға және осы шешімнен туындайтын өзге де қажетті шараларды қабылдауға өкілеттік берілсін.

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының
2023 жылғы 30 мамырдағы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар
кеңесінің құрамын өзгерту туралы» мәселесі бойынша
түсіндірме жазба**

Астана қаласы «___» _____ 2023 жыл

1. Мақсаты мен міндеті

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі – **Қоғам**) Директорлар кеңесінің құрамын өзгерту.

2. Экономикалық әсері

Қарастырылмаған.

3. Мәселенің қысқаша сипаттамасы:

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы №415-ІІ Заңының (бұдан әрі – **Заң**) 36-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына және Қоғам Жарғысының 12-бабы 90-тармағының 10) тармақшасына сәйкес Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының (бұдан әрі – **АЖЖ**) айрықша құзыретіне Қоғамның Директорлар кеңесінің (бұдан әрі – **ДК**) мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату жатады.

Заңның 43-бабы 4-тармағының 1) тармақшасына және Қоғам Жарғысының 11-бабы 64-тармағына сәйкес АЖЖ-ның күн тәртібін Қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен жиынтықта иеленетін акционер толықтыра алады.

Осыған байланысты, Қоғамның ірі акционері – «Самұрық-Қазына» АҚ (бұдан әрі – **Қор**) Қоғам акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының (бұдан әрі – **ҚАЖЖ**) күн тәртібіне ДК құрамын былайша өзгерту туралы мәселені енгізуге бастамашылық жасады: ДК мүшесі - тәуелсіз директор Миллер Тимоти Гленнің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату және Арман Әнуарбекұлы Арғынғазинді жалпы ДК өкілеттігі аяқталғанға дейінгі мерзімге ДК мүшесі - тәуелсіз директор етіп сайлау .

2023 жылғы 28 сәуірде ДК 2023 жылғы 30 мамырға ҚАЖЖ шақыру туралы шешім (№8/2023 хаттама, №2 мәселе) қабылдады, оның күн тәртібіндегі мәселелердің бірі ДК құрамын өзгерту болып табылады.

Заңның 50-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес, Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде кумулятивтік дауыс беруді қоспағанда, «бір акция - бір дауыс» қағидаты бойынша жүзеге асырылады. Заңның 55-бабының 5-тармағына сәйкес, Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау акционерлердің жалпы жиналысында ұсынылған жиынтық дауыс беру арқылы жүзеге асырылады, бұл орайда директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесінің өкілеттігі жалпы директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімінің өтуімен бір мезгілде аяқталады. Бұл ретте, алайда, Заңның 54-бабының 3-тармағына сәйкес, директорлар кеңесінде бір орынға бір кандидат сайлауға

түсетін жағдайды қоспағанда (яғни, жиынтық дауыс беру қолданылмайды, өйткені акционерлердің дауыстарын кандидаттар бойынша бөлу рәсімі талап етілмейді), акционерлер ДК мүшелерін сайлауды дауыс беруге арналған бюллетеньдерді пайдалана отырып, жиынтық дауыс беру арқылы жүзеге асырады. Осылайша, Қор ДК-дегі бір орынға бір кандидат ұсынғандықтан, жиынтық дауыс беру қолданылмайды.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, ҚАЖЖ ДК мүшесі - тәуелсіз директор Миллер Тимоти Гленнің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатып, Арман Әнуарбекұлы Арғынғазинді жалпы ДК өкілеттігі аяқталғанға дейінгі мерзімге ДК мүшесі - тәуелсіз директор етіп сайлау ұсынылады. Бұл ретте Қоғамның барлық дауыс беретін акцияларына иелік ететін тұлғаның шешімімен (Қордың Басқарма отырысының 2020 жылғы 17 тамыздағы № 30/20 хаттамасы) өкілеттік мерзімі 3 жыл болатын 7 адамнан тұратын ДК құрамы айқындалып, ДК мүшелері сайланғанын атап өткен жөн.

4. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігі

ДК құрамын өзгерту туралы мәселе бойынша шешім қабылдау Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейді.

5. Шешім қабылданған және қабылданбаған жағдайдағы негізгі проблемалар, тәуекелдер, ықтимал салдар

Аталған мәселе бойынша шешім қабылдау қандай да бір тәуекелдердің туындауына әкеп соқпайды.

Директорлар кеңесінің төрағасы

Уолтон К.Д.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидат туралы ақпарат

1. Аты-жөні:

Арғынғазин Арман Әнуарбекұлы

2. Кандидатты ұсынатын акционердің атауы:

«Самұрық-Қазына» АҚ

3. Білімі туралы мәлімет (оқу орнының атауы, бітірген күні, алған мамандығы, оның ішінде біліктілігін арттыруы туралы):

- 1996 - 2000 жж – Boston University School of Management (Бостон қаласы, АҚШ), «Корпоративтік қаржы» мамандығы бойынша іскерлік әкімшілендіру саласындағы ғылым бакалавры дәрежесі. Декан тізімі (оқудағы жоғары нәтижелері үшін).

4. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ға үлестестігі туралы мәлімет:

Жоқ.

4) соңғы 3 (үш) жылдағы жұмыс орындары және атқарған қызметтері туралы мәлімет;

- 2012 - 2020 жылдары – Алматы қаласындағы UBS AG өкілдігінің басқарушы директоры. UBS Investment Bank өкілі ретінде Қазақстан мен Орталық Азиядағы Инвестициялық банкті қоса алғанда, UBS тобының жалпы өкілдігін жүзеге асырды. Негізгі бағыттар: қарыз капитал, акционерлік капитал нарықтарындағы мәмілелерді ұйымдастыру, сондай-ақ бірігу және қосып алу жөніндегі мәмілелерді сүйемелдеу және ұйымдастыру.

6. Кандидат ұсынылатын лауазым туралы мәлімет:

Тәуелсіз директор

7. Кандидаттың «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ үлестес тұлғаларымен қарым-қатынасы туралы мәлімет:

Жоқ.

8. Заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген/өтелген соттылығы немесе алынбаған/алынбаған соттылығы туралы мәлімет (анықтама), сондай-ақ меншікке қарсы, экономикалық қызмет саласында немесе коммерциялық немесе өзге де ұйымдарда қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстар жасағаны үшін кандидатты соттың кінәлі деп тануы туралы мәлімет және Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне сәйкес көрсетілген қылмыстарды жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан босатылғаны туралы мәлімет:

Соттылығы жоқ

9. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесіне ұсынылатын кандидаттың келісімі туралы мәлімет:

Келісті

10. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акцияларын иеленуі:

Иелік емпейді

11. Соңғы бес жылда басқа компаниялардың Директорлар кеңестеріне мүшелігі туралы мәлімет:

– 2011 жылдан 2018 жылға дейін – «Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз атқарушы емес директоры;

– 2021 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Кедентранссервис» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз атқарушы емес директоры;

- қазіргі уақытта – «Қазақстандық Инвестициялық Даму қоры» Директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директоры.

12. Банкроттық процесіне қатысуы туралы мәлімет

Жоқ.

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
Акционерлерінің жалпы жиналысының шешімі**

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 2022 жылғы жылдық қаржылық
есептілігін бекіту туралы**

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жылдық жиналысы күн тәртібінің мәселесін және ұсынылған материалдарды қарап, сондай-ақ «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабының 2-тармағына, 36-бабы 1-тармағының 7) тармақшасына және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Жарғысының 90-тармағының 12) тармақшасына сәйкес «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы былай деп **ШЕШТІ:**

1. Осы шешімге №1 қосымшаға сәйкес «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 2022 жылғы жеке жылдық қаржылық есептілігі бекітілсін.

2. Осы шешімге №2 қосымшаға сәйкес «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 2022 жылғы шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігі бекітілсін.

3. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы М.М. Мырзағалиев осы шешімнен туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

Төраға

Хатшы

Д. Шарипов



2023 жылғы 30 мамырдағы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысының «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 2022 жылғы жылдық қаржылық есептілігін бекіту туралы» мәселе бойынша түсіндірме жазба

Астана қ.

2023 жылғы «__»_____

1. Мақсаты мен міндеті

Мақсаты – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі – ҚМГ) Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының ҚМГ-нің 2022 жылғы жылдық қаржылық есептілігін бекіту. Міндеті – мүдделі тұлғаларды ҚМГ-нің қаржылық жағдайы және оның 2022 жылғы қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы толық және сенімді ақпаратпен қамтамасыз ету.

2. Экономикалық әсері

Қаржылық есептілікте ҚМГ-ның мүліктік жағдайын, қаржылық тұрақтылығын және төлем қабілеттілігін бағалауға арналған ақпаратты қамтылған. Қаржылық есептілікті талдау қаржылық ресурстарға қажеттілікті анықтауға, капитал құрылымының тиімділігін бағалауға, ҚМГ қызметінің қаржылық нәтижелерін болжауға, сондай-ақ қаржы ресурстарын басқаруға және ҚМГ қаржылық-шаруашылық қызметіне қатысты басқа да мәселелерді шешуге мүмкіндік береді.

3. Мәселенің қысқаша сипаттамасы

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы № 415-ІІ Заңының 35-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Акционерлердің жалпы жиналысында қоғамның аудит жүргізілген жылдық қаржылық есептілігі бекітіледі.

36-бабының 1-тармағының 7) тармақшасына сәйкес қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне қоғамның аудит жүргізілген жылдық қаржылық есептілігін бекіту жатады.

ҚМГ Жарғысының 90-тармағының 12) тармақшасына сәйкес ҚМГ Акционерлерінің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне ҚМГ-нің 2022 жылғы шоғырландырылған және жеке жылдық қаржылық есептілігін бекіту жатады.

ҚМГ Акционерлерінің жалпы жиналысының қарауына ҚМГ-нің 2022 жылғы шоғырландырылған және жеке жылдық қаржылық есептілігін (бұдан әрі – ҚМГ қаржылық есептілігі) бекіту туралы мәселе шығарылады.

ҚМГ қаржылық есептілігі Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес жасалды. ҚМГ қаржылық есептілігінің аудитін ҚМГ-нің барлық дауыс беретін акцияларына иелік ететін тұлғаның 2019 жылғы 4 наурыздағы шешіміне (№10/19 хаттама) сәйкес ҚМГ сыртқы аудитору болып тағайындалған «Эрнст энд Янг» ЖШС аудиторлық компаниясы жүргізді.

ҚМГ шоғырландырылған қаржылық есептілігін ҚМГ Басқармасы 2023 жылғы 10 наурызда мақұлдады (№12/2023 хаттама, №6 мәселе) және ҚМГ Директорлар кеңесі 2023 жылғы 14 наурызда алдын ала бекітті (№5/2023 хаттама, №26 мәселе). ҚМГ жеке жылдық қаржылық есептілігін ҚМГ Басқармасы 2023 жылғы 12 мамырда мақұлдады (№~~12~~1/2023 хаттама, №1 мәселе) және ҚМГ Директорлар кеңесі 2023 жылғы 15 мамырда алдын ала бекітті (№~~10~~9/2023 хаттама, №4 мәселе).

4. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігі

ҚМГ қаржылық есептілігін бекіту туралы мәселе бойынша шешім қабылдау Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейді.

5. Шешім қабылданған немесе қабылданбаған жағдайда негізгі проблемалар, тәуекелдер, ықтимал салдары

Акционерлердің жалпы жиналысы осы мәселе бойынша оң шешім қабылдамаған жағдайда, қолданыстағы заңнаманың жылдық қаржылық есептілікті жариялау тәртібіне қатысты талаптарының бұзылу қаупі бар.

Басқарма төрағасы



М. Мырзағалиев

**«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы»
акционерлік қоғамы**

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

*2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін
тәуелсіз аудитордың есебімен қоса*

МАЗМҰНЫ

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп	1-2
Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп	3-4
Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп	5-6
Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп	7-8
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер	9-97

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамның Акционерлеріне, Директорлар кеңесі мен Басшылығына

Пікір

Біз «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы мен оның еншілес ұйымдарының (бұдан әрі «Топ») шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік, әрі оған 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп, жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп, көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп және ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелеріне қысқаша шолуды қоса алғанда, шоғырландырылған қаржылық есептілікке жасалған ескертпелер жатады.

Біздің пікірімізше, қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік барлық елеулі қатынастарда 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың шоғырландырылған қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражатының шоғырландырылған қозғалысы мен шоғырландырылған қаржылық нәтижелерін Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес дұрыс бейнелейді.

Пікірді білдіру негізі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз одан әрі біздің есебіміздің «Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлігінде сипатталған. Біз Бұхгалтерлерге арналған халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңес (БХЭСК) қабылдаған Кәсіпқой бухгалтерлер этикасының халықаралық кодексіне (БХЭСК Кодексі) (халықаралық тәуелсіздік стандарттарын қоса алғанда) және біздің шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудитіне Қазақстан Республикасында қолданылатын этикалық талаптарға сәйкес Топқа қатысты біз тәуелсізбіз және біз осы талаптар мен БХЭСК Кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттерді орындадық. Біз алынған аудиторлық дәлелдер өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылады деп пайымдаймыз.

Аудиттің шешуші мәселелері

Аудиттің шешуші мәселелері – біздің кәсіптік пайымдауымызға сай ағымдағы кезең үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болып табылған мәселелер. Бұл мәселелер шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитіміздің контекстінде және осы есептілік туралы пікірімізді қалыптастыру кезінде қарастырылған және біз бұл мәселелер жөнінде бөлек пікірімізді білдірмейміз. Төменде көрсетілген әрбір мәселеге қатысты тиісті мәселенің аудитіміздің барысында қалай қарастырылғанының сипаты осы контекстінде келтіріледі.

Біз есебіміздің «Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған міндеттерді, оның ішінде осы мәселелерге де қатысты міндеттерді орындадық. Тиісінше, аудитімізге шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін бағалауымызға жауап ретінде әзірленген рәсімдерді орындау жатады. Аудиторлық процедураларымыздың, соның ішінде төменде көрсетілген мәселені қарастыру барысында орындалған процедуралардың нәтижелері қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы аудиторлық пікірімізді білдірудің негізі болады.

Аудиттің шешуші мәселесі

Тиісті шешуші мәселе ретінде аудитіміздің барысында қарастырылды

Ұзақ мерзімді активтердің құнсыздануы

Біз бұл мәселе, шоғырландырылған қаржылық есептілікке қатысты өндіру, барлау мен бағалау, қайта өңдеу активтерін, сондай-ақ мұнай мен газды тасымалдау активтерін қоса алғанда, ұзақ мерзімді активтер қалдықтарының елеулілігіне, құнсыздану талдауының негізінде жатқан жорамалдар субъективтілігінің жоғары деңгейіне, сондай-ақ басшылық қабылдаған елеулі пайымдаулар мен бағалауларға орай аудитіміз үшін барынша маңызды мәселелердің бірі болып табылады деп есептейміз.

Жорамалдар дисконттау мөлшерлемелерін, мұнай мен мұнай өнімдеріне болжамды бағаларды және инфляцияның болжамды мөлшерлемелері мен валюталарды айырбастау бағамдарын қамтыды. Елеулі бағалауға өндіру жоспары, келешек күрделі шығындар және барлау мен өндіруге қолжетімді мұнай және газ қорлары кіреді.

Ұзақ мерзімді активтер мен құнсыздануға орындалған тесттер туралы ақпарат шоғырландырылған қаржылық есептіліктің 4 және 15-ескертпелерінде келтірілген.

Біз ұзақ мерзімді активтердің құнсыздану белгілерінің бар-жоғына қатысты басшылықтың бағалауын қарастырдық және онда құнсыздану белгілері анықталды, біз құнсыздану талдауын тестілеу және басшылық дайындаған өтелетін құнды есептеу үшін біздің бағалау мәселелері жөніндегі мамандарымызды тарттық.

Біз басшылық жасаған болжамның негізінде жатқан жорамалдарды сараладық. Біз өтелетін құн есебінде пайдаланылған мұнай мен мұнай өнімдерінің ағасын қолжетімді нарықтық болжамдармен салыстырдық.

Біз дисконттау мөлшерлемелерін және ұзақ мерзімді өсім мөлшерлемелерін нарықтық жалпы көрсеткіштерімен және басқа да қолжетімді мәліметтермен салыстырып, дисконттау мөлшерлемесін есептеу барысында орындалған түзетулерді бағаладық.

Біз құнсыздану модельдерінің математикалық дәлдігін және жорамалдардың өзгеруіне құнсыздану тесті нәтижелерінің сезімталдылығына жасалған талдауды бағаладық.

Біз Топ мұнай мен газ қорларын бағалау үшін, сондай-ақ қолданылуына қарай құнсыздану модельдерін дайындау үшін тартқан сыртқы сарапшылардың құзырлығын, мүмкіндіктері мен объективтілігін бағалау процедураларын орындадық.

Бизнесті біріктіру және бірлескен кәсіпорындарды сатып алу жөніндегі мәмілелерді есепке алу

2022 жылы Топ бірқатар ұйымдарды бақылауға және бірлесіп бақылауға алды.

Біз бұл мәселе шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін сатып алынған ұйымдар мен инвестициялардың маңыздылығына және осы операциялардың күрделілігіне байланысты біздің аудитіміз үшін ең маңызды мәселелердің бірі болып табылады деп санаймыз. Сонымен қатар, басшылық осы сатып алуларды көрсету үшін қолданылатын есеп саясатын анықтауда пайымдауларды қолданды.

Бизнестерді біріктіру мен сатып алулар туралы ақпарат шоғырландырылған қаржылық есептілікке 6 және 7-ескертпелерге енгізілген.

Біз шоғырландырылған қаржылық есептілікте құнсыздану тесті туралы ақпараттың ашылып көрсетілуін сараладық.

Біз осы мәмілелерге қатысты сатып алу-сату шарттарын және басқа құжаттарды зерттеп, мәмілелердің негізгі шарттары, сипаты мен құрылымы туралы түсінік алдық.

Біз операциялардың сипаты туралы түсінік алу үшін корпоративтік мақұлдауларды, корпоративтік және акционерлік келісімдерді және басқа да заңды құжаттарды зерттедік және жалпы бақылаудағы мәмілелерге қатысты «Бизнесті біріктіру» 3 ХҚЕС (IFRS) талаптарынан босатуды қолдануға қатысты басшылықтың шешімін бағаладық.

Біз бірлескен кәсіпорындарға инвестицияларды сатып алуға қатысты Топтың қолданған есеп саясатын бағаладық.

Алдыңғы қаржылық есептіліктен алынған қаржылық ақпаратты пайдаланған жалпы бақылаудағы сатып алулар үшін біз шоғырландырылған қаржылық есептілікке енгізілген ақпаратты, оның ішінде салыстырмалы ақпаратты қайта есептеуді алдыңғы меншік иелерінің есептілігіне енгізілген қол жетімді қаржылық ақпаратпен салыстырдық.

Біз Топ төлеген өтемақы сомасын тиісті растайтын төлем құжаттарымен және келісімшарттық міндеттемелермен салыстырдық.

Жалпы бақылауда жүрмеген бірлескен кәсіпорынды сатып алу үшін біз басшылықтың сатып алынған активтер мен міндеттемелердегі үлестің әділ құнына қатысты бағалауын зерттедік.

Біз ақпараттың шоғырландырылған қаржылық есептілікте тиісінше ашылып көрсетілуін сараладық

Резервтер мен шартты міндеттемелер

Топ резервтерді таниды және мемлекеттік органдардың тексеру нәтижелеріне, активтерді жою жөніндегі міндеттемелерге және жалпы сипаттағы сот талқылауларына, сондай-ақ өзге де мән-жайларға қатысты шартты міндеттемелерді ашып көрсетеді.

2022 жылы Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі Топқа кіретін кейбір ұйымдарға қатысты тексеру жүргізді. Сонымен қатар, Топ активтерді жою міндеттемелеріне қатысты бағалаулардағы бірқатар өзгерістерді көрсетті.

Міндеттемені мойындау керек пе және сомаларды сенімді түрде бағалауға болатынын бағалау амалы бағалау мен пайымдауды қажет етеді. Мәселенің нәтижесін болжау және қолайсыз нәтиже болған жағдайда ықтимал әсерді бағалау күрделі процесс болып табылады және шоғырландырылған қаржылық есептілікке ықтимал әсер айтарлықтай болуы мүмкін.

Активтерді жою бойынша міндеттемелерді есептеу болашақ шығындарды бағалаудағы өзіндік күрделілігіне және осы міндеттемелердің маңыздылығына байланысты айтарлықтай пайымдауды қажет етеді. Мұндай жағдайлардың көпшілігі, күтілгендей, ұзақ мерзімді перспективада реттеледі. Топ активтерді жою бойынша міндеттемелерді бағалау үшін мамандарды тартты. Есептеуде пайдаланылатын басшылықтың болжамдары инфляция қарқынының өзгеру салдарымен қатар жоюдың күтілетін тәсілін және дисконттау мөлшерлемесін қамтиды.

Заңды міндеттемелерді, сол сияқты шарттық келісімдер мен тиісті жергілікті заңнама негізінде әрбір активті жоюға қатысты практикамен негізделген міндеттемелерді зерделеу басшылықтың пайымдауын қажет етеді және объективті өзгерістерге ұшырайды.

Біз Топ басшылығынан және заң бөлімінен заңнама мен нормативтік актілерді сақтамау жағдайлары, сондай-ақ кез келген аяқталмаған және ағымдағы сот істерінің, талаптардың және істердің мәртебесі туралы ақпарат сұрадық. Біз ішкі заң қызметтерінен заңды хаттар алдық.

Біз тиісті хат-хабарларды, Топ басшылығы мен Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамаларын зерделедік.

Біз шоғырландырылған қаржылық есептіліктің 35-ескертпесінде сипатталған мемлекеттік органдардың тексеру нәтижелерін саралап, оларды топтың Заң департаментімен талқыладық.

Активтерді жою жөніндегі міндеттемелерге қатысты біздің рәсімдеріміз шарттық келісімдер мен тиісті жергілікті заңнама негізінде әрбір активті жоюға қатысты заңды міндеттемелер мен практикамен негізделген міндеттемелерді зерделеуді қамтыды.

Біз активтерді жою бойынша міндеттемелерді қалыптастыратын шығыстарды бағалауды дайындаған Топ тартқан мамандардың құзыреттілігі мен объективтілігін қарастырдық. Біз қолданыстағы дисконттау мөлшерлемесі мен инфляция деңгейін қол жетімді сыртқы деректермен салыстырдық. Біз есептеулердің математикалық дәлдігін тексердік.

Сондай-ақ, біз болашақтағы күтілетін жою шығындарындағы өзгерістерді және Топтың тиісті заңнамадағы соңғы өзгерістерді қалай есепке алғанын бағаладық.

Біз шоғырландырылған қаржылық есептілікте резерв ретінде танылған сомалардың негізінде жатқан Топ басшылығының бағалауларын талдадық және шоғырландырылған қаржылық есептілікте шартты міндеттемелерді орындаудың әлеуетті нәтижелерінің ықтималдығына қатысты пайымдауларды бағаладық.



Building a better
working world

Біз резервтер мен шартты міндеттемелерді бағалауды осы резервтердің әлеуетті маңыздылығына және шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін шартты міндеттемелерге, пайымдаудың тән деңгейіне және 2022 жылы болған оқиғаларға байланысты аудит үшін ең маңызды мәселелердің бірі деп санаймыз.

Резервтер, шартты және шарттық міндеттемелер туралы ақпарат шоғырландырылған қаржылық есептіліктің 29 және 35-ескертпелерінде ашылып көрсетілген.

Біз шоғырландырылған қаржылық есептілікте тиісті ашылып көрсетілулерді сараладық.

Топтың 2022 жылғы Жылдық есебіне қосылған басқа да ақпарат

Басқа да ақпаратқа Топтың 2022 жылғы Жылдық есебінде қамтылған ақпарат жатады, бірақ шоғырландырылған қаржылық есептілік пен сол туралы біздің аудиторлық есебіміз жатпайды. Басқа да ақпарат үшін жауапкершілікті басшылық көтереді. Топтың 2022 жылғы Жылдық есебі, жорамалмен, бізге осы аудиторлық есеп шығарылғаннан кейін ұсынылады.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікіріміз басқа ақпаратқа таралмайды және біз бұл ақпаратқа қатысты қандай да бір нысанда сенімділікті білдіретін тұжырымды ұсынбаймыз.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке аудитті жүргізуімізге орай біздің міндетіміз жоғарыда аталған басқа ақпаратпен, ол бізге ұсынылған кезде танысу және бұл ретте басқа да ақпарат пен шоғырландырылған қаржылық есептіліктің немесе аудит барысында ие болған біліміміз арасында елеулі сәйкессіздіктердің болуы және басқа да ақпарат өзге елеулі бұрмалануларды қамтымайтындығы мәселесін қарастыру болып табылады.

Басшылықтың және Аудит жөніндегі комитеттің шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі

Басшылық шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ХҚЕС-ке сәйкес жасалуы және шынайы ұсынылуы үшін әрі басшылық шынайы емес әрекеттердің немесе қатенің салдарынан маңызды бұрмалануы жоқ шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапкершілік көтереді.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыра алу қабілетін бағалау үшін, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтердің ашылып көрсетілуі үшін және басшылық Топты таратқысы келген, басшылықтың қызметін тоқтатқысы келген жағдайларды немесе оның мұндай әрекеттерге іс жүзіндегі баламасы болмай қалған жағдайларды қоспағанда, есептіліктің қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалдың негізінде жасалуы үшін жауапкершілік көтереді.

Аудит жөніндегі комитет Топтың қаржылық есептілігінің дайындалу процесін қадағалау үшін жауапкершілік көтереді.

Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз шоғырландырылған қаржылық есептілік бүтіндей адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық есепті шығаруда елеулі бұрмалануларды қамтымайды деген ақылға қонымды сенімдікке қол жеткізу болып табылады. Ақылға қонымды сенімділік сенімділіктің жоғары дәрежесін білдіреді, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит елеулі бұрмалану бола қалғанда оны әрдайым анықтайтындығының кепілдігі болып табылады. Бұрмаланулар адал емес әрекеттердің немесе қателердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке-жеке немесе жиынтығында осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің негізінде қолданылатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізделген күйде пайымдауға болса, елеулі болып есептеледі.

Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудиттің шеңберінде біз кәсіпқой пайымдауды қолданып, бүкіл аудиттің бойына кәсіптік скептицизмді сақтап қаламыз. Сонымен бірге, біз келесіні орындаймыз:

- ▶ адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан болған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтап, бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық процедураларды жасаймыз; өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. Қателердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмауы тәуекеліне қарағанда, жоғарыдағы адал емес әрекеттердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмай қалу тәуекелі, өйткені адал емес әрекеттерге сөз байласу, алдау, қасақана жіберіп қою, ақпараттың дұрыс ұсынылмауы немесе ішкі бақылау жүйесін айнала жасалған амалдар кіруі мүмкін;
- ▶ Топтың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатында емес, жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық процедураларды әзірлеу мақсатында, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін түсінеміз;
- ▶ қолданылатын есеп саясатының лайықты сипатын және басшылық есептеген бағалау мәндерінің және ақпараттың тиісінше ашылып көрсетілу негізділігін бағалаймыз;

- ▶ басшылықтың қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалды қолдану заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз және түскен аудиторлық дәлелдердің негізінде Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінде айтарлықтай күмән тұғыза алатын оқиғаларға немесе талаптарға орай елеулі белгісіздіктің бар екендігі туралы тұжырым жасаймыз. Егер де біз елеулі белгісіздіктің болуы туралы тұжырымға келетін болсақ, біз өзіміздің аудиторлық есебімізде шоғырландырылған қаржылық есептілікте ақпараттың тиісінше ашылып көрсетілуіне назар аудартуымыз керек немесе егер ақпараттың осылайша ашылып көрсетілуі лайықты болып табылмаса, пікірімізді түрлендіру керек. Біздің тұжырымдар аудиторлық есебіміз жасалған күнге дейін түскен аудиторлық дәлелдерге негізделген. Дегенмен келешек оқиғалар немесе талаптар Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінен айырылып қалуына әкеп соқтыра алады;
- ▶ шоғырландырылған қаржылық есептіліктің бүтіндей ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын бағалаймыз, оған қоса ақпаратты ашып көрсету, сондай-ақ шоғырландырылған қаржылық есептіліктің оның негізінде болған операциялар мен оқиғаларды олардың шынайы ұсынылуын қамтамасыз ететіндей етіп ұсынылатындығын бағалаймыз;
- ▶ шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікірді білдіру үшін ұйымның қаржылық ақпаратына және Топ ішіндегі шаруашылық қызметке қатысты жеткілікті болатын лайықты аудиторлық дәлелдерді аламыз. Біз жалпы басшылық ету, бақылау және Топ аудитінің жүргізілуі үшін жауап береміз. Біз аудиторлық пікіріміз үшін жеке дара жауапты болып табыламыз.

Біз Аудит жөніндегі комитеттің назарына, өзгесінен басқа, аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер туралы, оның ішінде егер біз аудит процесінде ондайларды анықтасақ, ішкі бақылау жүйесінің едәуір кемшіліктері туралы ақпаратты жеткізе отырып, онымен ақпараттық өзара әрекеттесуді жүзеге асырамыз.

Сондай-ақ біз Аудит жөніндегі комитетке тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті этикалық талаптарды сақтағандығымыз туралы мәлімдеме жасадық және осы тұлғаларды барлық өзара қарым-қатынастар мен аудитордың тәуелсіздігіне әсер етеді деп негізделген түрде есептеуге болатын басқа да мәселелер туралы, ал қажетті жағдайларда - қауіп-қатерлерді жою үшін жасалған іс-қимылдар немесе қолға алынған сақтық шаралары туралы хабардар еттік.



Building a better
working world

Біз Аудит жөніндегі комитеттің назарына жеткізген мәселелерден біз ағымдағы кезең үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болған және тиісінше, аудиттің шешуші мәселелері болып табылатын мәселелерді айқындаймыз. Біз бұл мәселелерді аудиторлық есебімізде сипаттаймыз, тек бұл мәселелер туралы ақпаратты жария ету заңмен немесе нормативтік актімен тыйым салынған жағдайдан немесе қандай да бір мәселе туралы ақпарат біздің есебімізде хабарланбауы тиіс екендігі туралы тұжырымға келген сирек жағдайлардан басқа, өйткені мұндай ақпаратты хабарлаудың теріс салдары оның хабарлануынан қоғамдық маңызы бар пайдадан асады деп жорамал жасауға болады.

Соның нәтижелері бойынша тәуелсіз аудитордың осы аудиторлық есебі шығарылған, аудиттің жүргізілуіне жауапты Партнер - Кайрат Медетбаев.

„Эрнст энд Янг“ ЖШС



Қайрат Медетбаев
Аудитор

Аудитордың 2013 жылғы 8 ақпандағы
№МФ0000137 біліктілік куәлігі



Рустамжан Саттаров
«Эрнст энд Янг» ЖШС-тің
Бас директоры

Қазақстан Республикасы Қаржы
министрлігі 2005 жылғы 15 шілдеде
берген сериясы МФЮ-2 №0000003
болатын Қазақстан Республикасының
аумағында аудиторлық қызметпен
айналысуға арналған мемлекеттік
лицензия

050060, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.,
Әл-Фараби даңғылы, 77/7, «Есентай Тауэр» ғимараты

2023 жылғы 6 наурыз

ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

<i>Миллион теңгемен</i>	Ескерт.	31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін	
		2022 жылғы	2021 жылғы (қайта есептелген)*
Жалғасатын қызмет			
Түсім және басқа да кірістер			
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім	8	8.686.384	6.459.335
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлес, нетто	9	991.310	680.292
Қаржылық кіріс	16	120.587	85.226
Бірлескен кәсіпорындардың шығуынан түскен кіріс		–	19.835
Басқа да операциялық кіріс		22.283	30.779
Түсім және басқа да кірістер жиыны		9.820.564	7.275.467
Шығыстар мен шығындар			
Сатып алынған мұнайдың, газдың, мұнай өнімдері мен басқа да материалдардың өзіндік құны	10	(4.954.384)	(3.607.202)
Өндірістік шығыстар	11	(1.142.388)	(721.057)
Табыс салығынан басқа салықтар	12	(677.805)	(461.244)
Тозу, тауысылу және амортизация	36	(506.585)	(523.044)
Тасымалдау және өткізу шығыстары	13	(205.340)	(183.439)
Жалпы және әкімшілік шығыстар	14	(160.168)	(151.392)
Негізгі құралдардың, материалдық емес активтер мен сатуға арналған деп жіктелген активтердің құнсыздануы	15	(708)	(20.724)
Барлау шығыстары	15	(12.113)	(79.083)
Қаржылық шығындар	16	(306.846)	(262.823)
Оң бағамдық айырма, нетто		40.925	17.565
Басқа да шығыстар	29	(84.586)	(27.714)
Шығыстар мен шығындар жиыны		(8.009.998)	(6.020.157)
Табыс салығы есепке алынғанға дейінгі пайда		1.810.566	1.255.310
Пайда салығы бойынша шығыстар	32	(493.247)	(321.248)
Жалғасып отырған қызметтен болған бір жылғы пайда		1.317.319	934.062
Тоқтатылған қызмет			
Тоқтатылған қызметтен салық салынғаннан кейін түсетін пайда	5	–	352.478
Бір жылғы таза пайда		1.317.319	1.286.540

ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

Миллион теңгемен	31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін	
	2022 жылғы	2021 жылғы (қайта есептелген)*
Басқа да жиынтық (зиян)/ кіріс		
<i>Келесі кезеңдерде пайда немесе зиян құрамында қайта жіктелуге жататын басқа да жиынтық (зиян)/кіріс</i>		
Хеджирлеу әсері	30	10.055
Шетелдік бөлімшелердің есептілігін қайта есептеуден болған бағамдық айырма		170.921
Салық әсері		(11.818)
Табыс салығын шегере отырып, келесі кезеңдерде пайданың немесе шығынның құрамына қайта сыныптауға жататын таза басқа да жиынтық кіріс	459.805	169.158
<i>Келесі кезеңдерде пайда немесе залал құрамында қайта жіктелуге жатпайтын басқа да жиынтық кіріс/(зиян)</i>		
Табыс салығын шегере отырып, Топтың белгіленген төлемдері бар зейнетақы жоспарлары бойынша қайта бағалаудан болған пайда	9.075	5.959
Табыс салығын шегере отырып, бірлескен кәсіпорындардың белгіленген төлемдері бар зейнетақы жоспарлары бойынша қайта бағалаудан болған зиян	(19)	(169)
Салық әсері	(116)	(48)
Табыс салығын шегере отырып, келесі кезеңдерде пайданың немесе шығынның құрамына қайта сыныптауға жатпайтын таза басқа да жиынтық кіріс	8.940	5.742
Табыс салығын шегере отырып, бір жылғы таза басқа да жиынтық кіріс	468.745	174.900
Табыс салығы шегерілген бір жылғы өзге жиынтық кіріс	1.786.064	1.461.440
Мыналарға келетін бір жылғы таза пайда/(зиян):		
Бас компанияның акционерлеріне	1.289.118	1.304.761
Бақыланбайтын қатысу үлесіне	28.201	(18.221)
	1.317.319	1.286.540
Мыналарға келетін бір жылғы жиынтық кіріс/(зиян) жиыны:		
Бас компанияның акционерлеріне	1.756.410	1.477.856
Бақыланбайтын қатысу үлесіне	29.654	(16.416)
	1.786.064	1.461.440
Акцияға пайда** - мың теңгемен		
Базалық және бөлінген	26	2,109
Базалық және бөлінген, жалғасып отырған қызметтен		1,531
Базалық және бөлінген, тоқтатылған қызметтен		0,578

* Осы бағанда келтірілген кейбір сомалар 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сомаларға сәйкес келмейді, өйткені жасалған түзетулерді көрсетеді, олар туралы ақпарат б-ескертпеде келтірілген.

** 2022 жылғы 31 желтоқсандағы және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жай акциялардың саны 610.119.493 дана болды.

Басқарма Төрағасының орынбасары

Бас бухгалтер



Д.С. Қарабаев

А.С. Есбергенова

9-97 бет аралығындағы есеп саясаты мен ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

<i>Миллион теңгемен</i>	Ескерт.	31 желтоқсанға	
		2022 жылғы	2021 жылғы (қайта есептелген)*
Активтер			
Ұзақ мерзімді активтер			
Барлау және бағалау бойынша активтер	18	251.280	235.004
Негізгі құралдар	17	6.989.837	6.725.910
Инвестициялық жылжымайтын мүлік		17.304	19.711
Материалдық емес активтер	19	918.253	889.491
Пайдалану құқығы нысанындағы активтер		76.567	68.145
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялар	21	4.947.403	4.145.646
Өтелуге жататын ҚҚС		16.760	11.972
Ұзақ мерзімді активтер үшін аванстар		52.982	40.845
Басқа да ұзақ мерзімді қаржылық емес активтер		3.713	7.913
Байланысты тараптардан алынған қарыздар мен дебиторлық берешек	24	129.857	142.394
Басқа да ұзақ мерзімді қаржы активтері		10.672	13.248
Ұзақ мерзімді банк салымдары	20	59.229	56.058
Мерзімі ұзартылған салық бойынша активтер	32	41.598	34.035
		13.515.455	12.390.372
Қысқа мерзімді активтер			
Тауар-материалдық қорлар	22	309.425	300.592
Сауда дебиторлық берешек	23	519.537	501.394
Өтелуге жататын ҚҚС		42.697	31.379
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем	32	36.167	25.165
Басқа да қысқа мерзімді қаржылық емес активтер	23	109.137	85.673
Байланысты тараптардан алынған қарыздар мен дебиторлық берешек	24	119.874	485.765
Басқа да қысқа мерзімді қаржы активтері	23	57.057	329.772
Қысқа мерзімді банк салымдары	20	1.178.138	562.352
Ақша қаражаты мен оның баламалары	25	762.817	1.144.193
		3.134.849	3.466.285
Сатуға арналған деп жіктелген активтер		459	795
		3.135.308	3.467.080
Активтердің жиыны		16.650.763	15.857.452

9-97 бет аралығындағы есеп саясаты мен ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

Миллион теңгемен	Ескерт.	31 желтоқсанға	
		2022 жылғы	2021 жылғы (қайта есептелген)*
Капитал және міндеттемелер			
Капитал			
Жарғылық капитал	26	916.541	916.541
Қосымша төленген капитал		1.142	1.142
Басқа да капитал		(1.759)	10.113
Есептілік валютасын қайта есептеу резерві		4.209.612	3.738.581
Бөлінбеген пайда		4.809.455	5.439.811
Бас компанияның акционерлеріне жататын		9.934.991	10.106.188
Бақыланбайтын қатысу үлесі	26	(61.541)	(89.282)
Капитал жиыны		9.873.450	10.016.906
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Қарыздар	27	3.775.891	3.261.347
Жалдау бойынша міндеттемелер	28	65.872	56.412
Басқа да ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер	30	15.080	15.915
Резервтер	29	276.818	330.659
Басқа да ұзақ мерзімді қаржылық емес міндеттемелер	30	41.548	39.448
Мерзімі ұзартылған салық бойынша міндеттемелер	32	999.010	703.200
		5.174.219	4.406.981
Қысқа мерзімді міндеттемелер			
Сауда кредиторлық берешек	30	564.906	558.266
Қарыздар	27	367.443	484.980
Жалдау бойынша міндеттемелер	28	15.682	18.009
Басқа да қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер	30	283.717	69.418
Резервтер	29	63.076	24.511
Төленуге жататын табыс салығы	32	66.648	6.882
Төленуге жататын басқа да салықтар	31	148.477	137.055
Басқа да қысқа мерзімді қаржылық емес міндеттемелер	30	93.145	134.444
		1.603.094	1.433.565
Міндеттемелер жиыны		6.777.313	5.840.546
Капитал мен міндеттемелер жиыны		16.650.763	15.857.452
Бір акцияның баланстық құны** - мың теңгемен	26	14,678	14,960

* Осы бағанда келтірілген кейбір сомалар 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сомаларға сәйкес келмейді, өйткені жасалған түзетулерді көрсетеді, олар туралы ақпарат б-ескертпеде келтірілген.

** 2022 жылғы 31 желтоқсандағы және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жай акциялардың саны 610.119.493 дана болды. Бір жай акцияның баланстық құнын ұсыну ХКЕС-ке жатпайтын көрсеткіш және KASE талабы бойынша ашытып көрсетіледі.

Басқарма Төрағасының орынбасары



Бас бухгалтер

[Handwritten signature]
Д.С. Қарабаев

[Handwritten signature]

А.С. Есбергенова

9-97 бет аралығындағы есеп саясаты мен ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажсырамас бөлігі болып табылады

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

Миллион теңгемен	Ескерт.	31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін	
		2022 жылғы	2021 жылғы (қайта есептелген)*
Операциялық қызметтен болған ақша ағындары			
Жалғасып отырған қызметтен болған табыс салығын есепке алғанға дейінгі пайда		1.810.566	1.255.310
Тоқтатылған қызметтен болған табыс салығын есепке алғанға дейінгі пайда		–	407.993
Табыс салығы есепке алынғанға дейінгі пайда		1.810.566	1.663.303
Түзетулер			
Тозу, тауысылу және амортизация		36 506.585	523.044
Тоқтатылған қызметтен болған тозу, тауысылу және амортизация		5 –	63.502
Негізгі құралдардың, материалдық емес активтер мен сатуға арналған деп жіктелген активтердің құнсыздануы		15 708	20.724
Барлау шығыстары		15 12.113	79.083
Бірлескен кәсіпорын мен қауымдасқан компанияға инвестициялардың құнсыздануы		21 –	64
Мұнай өнімдері бойынша туынды құралдардан іске асырылған зиян		11 121.539	14.954
Қаржылық кіріс		16 (120.587)	(85.226)
Тоқтатылған қызметтен түскен қаржылық кіріс		5 –	(19.750)
Қаржылық шығындар		16 306.846	262.823
Тоқтатылған қызметтен болған қаржылық шығындар		5 –	36.330
Бірлескен кәсіпорындардың шығуынан түскен кіріс		–	(19.835)
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың табысындағы үлес, нетто		9 (991.310)	(680.292)
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың тоқтатылған қызмет пайдасындағы үлес, нетто		5 –	(275.100)
Резервтердегі өзгеріс		78.603	(140.318)
Оң бағамдық айырма, нетто		(34.290)	(6.565)
Тауар-материалдық қорларды таза өткізу құнына дейін есептен шығару		4.236	4.906
Негізгі құралдардың, материалдық емес активтердің, инвестициялық жылжымайтын мүліктің және сатуға арналған деп жіктелген активтердің есептен шығарылуынан болған зиян/(кіріс), нетто		2.623	(2.259)
Өтелуге жататын ҚҚС-тың қалпына келтірілуі		14 (1.942)	(5.144)
Қаржылық кепілдіктерде өзгерістер		122	3.527
Есепке алынбаған ҚҚС		14 2.582	2.599
Сауда дебиторлық берешек пен басқа да активтер бойынша күтілетін несиелік зиян резерватері		14 2.758	3.453
Басқа да түзетулер		–	427
Айналым капиталын түзетуге дейінгі операциялық пайда		1.701.152	1.444.250
Өтеуге ҚҚС-тағы өзгерістер		(14.118)	81.409
Тауар-материалдық қорлардағы өзгерістер		(116.439)	(96.521)
Сауда дебиторлық берешектегі және басқа да қысқа мерзімді активтердегі өзгерістер		32.933	(206.440)
Сауда және басқа да кредиторлық берешектегі және сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша міндеттемелердегі өзгерістер		(112.525)	(52.217)
Төленуге жататын басқа да салықтардағы өзгерістер		(58.183)	(52.580)
Операциялық қызметтен түскен ақша ағындары		1.432.820	1.117.901
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивидендтер		21 462.309	415.359
Табыс салығын төлеу		(144.013)	(111.396)
Алынған пайыздар		49.471	39.977
Төленген пайыздар		27, 28 (233.280)	(252.366)
Операциялық қызметтен түскен таза ақша ағындары		1.567.307	1.209.475

9-97 бет аралығындағы есеп саясаты мен ескерттемелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

Миллион теңгемен	Ескерт.	31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін	
		2022 жылғы	2021 жылғы (қайта есептелген)*
Инвестициялық қызметтен ақша ағындары			
Банк салымдарын орналастыру		(1.698.647)	(966.217)
Банк салымдарын қайтару		1.138.293	681.538
Еншілес ұйымды сатып алу	6	(1.198.317)	-
Негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді және барлау мен бағалау бойынша активтерді сатып алу		(451.474)	(453.799)
Негізгі құралдарды, барлау мен бағалау активтерін және сатуға арналған деп жіктелген активтерді сатудан болған түсімдер		2.219	71.084
Есептен шығарылған еншілес ұйымдардың ақша қаражаты, нетто иелік ету үлесін өзгерістен бірлескен кәсіпорындардың капиталына қосымша салымдар	21	(15.398)	(1.926)
Бірлескен кәсіпорындардың шығуынан ақша қаражатының түсуі		-	17.169
Байланысты тараптарға берілген қарыздар	33	(42.018)	(73.274)
Байланысты тараптарға берілген қарыздарды өтеуден түскен түсімдер	33	38.190	24.438
Борыштық бағалы қағаздарды сатып алу		-	(14.741)
Борыштық бағалы қағаздарды сатудан түскен түсім		118	10.528
ҚР Ұлттық Банкінің ноттарын өтеу	24	17.000	-
ҚР Ұлттық Банкінің ноттарын сатып алу	24	(87.000)	-
Басқалары		(1.138)	(2.918)
Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша ағындары		(2.302.309)	(1.084.028)
Қаржылық қызметтен ақша ағындары			
Қарыздардың түсуі	27	980.634	451.096
Қарыздарды өтеу	27	(216.243)	(339.552)
Қарыздарды өтеу үшін ақша қаражатын резервтеу**		-	(292.258)
Самұрық-Қазына мен ҚР Ұлттық Банкіне төленген дивидендтер	26	(199.997)	(49.999)
Бақыланбайтын үлес акционерлеріне төленген дивидендтер	26	(1.975)	(5.756)
Самұрық-Қазынаның пайдасына бөлу	26	(266.069)	(534)
Байланысты тараптан болған салымдар	26	3.742	16.396
Жалдау міндеттемесі бойынша негізгі борышты өтеу	28	(19.709)	(53.382)
Сақтандыру сыйлықақысын қайтару	27	7.370	-
Қаржылық қызметтен түскен / (пайдаланылған) таза ақша ағындары		287.753	(273.989)
Айырбастау бағамдарындағы өзгерістердің ақша қаражаты мен оның баламаларына әсері			
Күтілетін несиелік зиян резервиндегі өзгеріс		65.759	26.482
Ақша қаражаты мен оның баламаларындағы таза өзгеріс		114	(136)
Ақша қаражаты мен оның баламаларындағы таза өзгеріс		(381.376)	(122.196)
Жыл басындағы ақша қаражаты мен оның баламалары		1.144.193	1.266.389
Жыл соңындағы ақша қаражаты мен оның баламалары		762.817	1.144.193

* Осы бағанда келтірілген кейбір сомалар 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сомаларға сәйкес келмейді, өйткені жасалған түзетулерді көрсетеді, олар туралы ақпарат 6-ескертпеде келтірілген.

Ақша айналымы емес операциялар

** 2021 жылғы маусым және қараша айларында Top есептелген сыйақыны қоса алғанда, The Export-Import Bank of China-дан алынған қарызды өтеу үшін 292.258 миллион теңге жалпы сомладағы ақша қаражатын резервтеді. Қарыз 2021 жылғы шілдеде 32.799 миллион теңге сомасында (27-ескертпе) және 2022 жылғы қаңтарда 259.459 миллион теңге сомасында (23 және 27-ескертпелер) өтелді. Қарыздардың өтелуі ақша айналымы емес операциялар ретінде көрсетілді.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Самұрық-Қазына көрсеткен қаржылай көмек 91.175 миллион теңге мөлшеріндегі «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС-тің қаржылай көмегіне 49,50% сатып алғаны үшін берешекпен, 816 миллион теңге мөлшеріндегі «Силлено» ЖШС-тегі қатысу үлесіне 100% сатып алғаны үшін берешекпен және 424,587 миллион теңге мөлшеріндегі Опционды орындағаны үшін (Қашағанды сатып алу) берешектің бір бөлігімен өзара есеп айырысу арқылы толығымен өтелді (6, 24 және 33-ескертпелер).

Басқарма Төрағасының орынбасары

Бас бухгалтер



(Signature)
Д.С. Карабаев

А.С. Есбергенова

9-97 бет аралығындағы есеп саясаты мен ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

Миллион теңгемен	Бас компанияның акционерлеріне келеді						Бақылан- байтын қатысу үлесі	Жиыны
	Жарғылық капитал	Қосымша төленген капитал	Басқа да капитал	Есептілік валютасын қайта есептеу резерві	Бөлінбеген пайда	Жиыны		
2020 жылғы 31 желтоқсанға (қайта есептелген)*	916.541	8.981	58	3.579.835	5.911.286	10.416.701	(71.641)	10.345.060
Бір жылғы таза пайда/(зиян) (қайта есептелген)*	–	–	–	–	1.304.761	1.304.761	(18.221)	1.286.540
Басқа да жиынтық кіріс (қайта есептелген)*	–	–	10.055	158.746	4.294	173.095	1.805	174.900
Жиынтық кіріс/(зиян) жиыны (қайта есептелген)*	–	–	10.055	158.746	1.309.055	1.477.856	(16.416)	1.461.440
Дивидендтер (26-ескертпе)	–	–	–	–	(49.999)	(49.999)	(6.192)	(56.191)
Самұрық-Қазынаның пайдасына бөлу (26-ескертпе)	–	–	–	–	(85)	(85)	–	(85)
Самұрық-Қазынамен операциялар (26-ескертпе)	–	–	–	–	(5.222)	(5.222)	–	(5.222)
«ҚазТрансГаз» АҚ-ын Самұрық-Қазынаға беру (5-ескертпе)	–	(7.839)	–	–	(1.741.620)	(1.749.459)	–	(1.749.459)
Байланысты тараптан болған салымдар (26-ескертпе)	–	–	–	–	16.396	16.396	–	16.396
Еншілес компанияның капиталына жарна	–	–	–	–	–	–	4.967	4.967
2021 жылғы 31 желтоқсанға (қайта есептелген)*	916.541	1.142	10.113	3.738.581	5.439.811	10.106.188	(89.282)	10.016.906

* Осы жолдарда келтірілген кейбір сомалар 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сомаларға сәйкес келмейді, өйткені жасалған түзетулерді көрсетеді, олар туралы ақпарат 6-ескертпеде келтірілген.

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

Миллион теңгемен	Бас компанияның акционерлеріне келеді							Бақылан- байтын қатысу үлесі	Жиыны
	Жарғылық капитал	Қосымша төленген капитал	Басқа да капитал	Есептілік валютасын қайта есептеу резерві	Бөлінбеген пайда	Жиыны			
2021 жылғы 31 желтоқсанға (қайта есептелген)*	916.541	1.142	10.113	3.738.581	5.439.811	10.106.188	(89.282)	10.016.906	
Бір жылғы таза пайда	-	-	-	-	1.289.118	1.289.118	28.201	1.317.319	
Басқа да жиынтық (зиян)/ кіріс	-	-	(11.872)	471.031	8.133	467.292	1.453	468.745	
Жиынтық кіріс/ (зиян) жиыны	-	-	(11.872)	471.031	1.297.251	1.756.410	29.654	1.786.064	
Дивидендтер (26-ескертпе)	-	-	-	-	(199.997)	(199.997)	(2.296)	(202.293)	
Самұрық-Қазынаның пайдасына бөлу (26-ескертпе)	-	-	-	-	(273.870)	(273.870)	-	(273.870)	
Бірлескен кәсіпорындарды сатып алу (6 және 7-ескертпе)	-	-	-	-	(63.634)	(63.634)	-	(63.634)	
Жалпы бақылаудағы KMG Kashagan B.V. сатып алу (6-ескертпе)	-	-	-	-	(1.777.076)	(1.777.076)	-	(1.777.076)	
Самұрық-Қазынамен операциялар (26-ескертпе)	-	-	-	-	385.997	385.997	-	385.997	
Байланысты тараптан болған салымдар (26-ескертпе)	-	-	-	-	3.742	3.742	-	3.742	
Еншілес компанияның капиталына жарна	-	-	-	-	-	-	383	383	
Өзге бөлүлер	-	-	-	-	(2.769)	(2.769)	-	(2.769)	
2022 жылғы 31 желтоқсанға	916.541	1.142	(1.759)	4.209.612	4.809.455	9.934.991	(61.541)	9.873.450	

* Осы жолдарда келтірілген кейбір сомалар 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сомаларға сәйкес келмейді, өйткені жасалған түзетулерді көрсетеді, олар туралы ақпарат 6-ескертпеде келтірілген.

Басқарма Төрағасының орынбасары



Д.С. Қарабиев

Бас бухгалтер

А.С. Есбергенова

9-97 бет аралығындағы есеп саясаты мен ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ (бұдан әрі - Компания, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ немесе Бас компания) 2002 жылғы 27 ақпанда ҚР Президентінің 2002 жылғы 20 ақпандағы № 811 Жарлығының және ҚР Үкіметінің (бұдан әрі - Үкімет) 2002 жылғы 25 ақпандағы № 248 қаулысының негізінде жабық акционерлік қоғам ретінде құрылған Қазақстан Республикасының (бұдан әрі - ҚР) мұнай-газ кәсіпорны болып табылады. Компания «Қазақойл» ұлттық мұнай-газ компаниясы» мен «Мұнай және газ көлігі» ұлттық компаниясы» жабық акционерлік қоғамдардың бірігуі нәтижесінде құрылды. Бірігудің нәтижесінде бұл компаниялардың барлық активтері мен міндеттемелері, оның ішінде олардың барлық кәсіпорындарға қатысу үлестерін қоса алғанда, Компанияға берілді. 2004 жылдың наурызында ҚР-дың заңнамасына сәйкес Компания акционерлік қоғам болып қайта тіркелді.

2006 жылғы 8 маусымнан бастап Компанияның жалғыз акционері «Самұрық» Мемлекеттік активтері басқару бойынша қазақстандық холдинг» акционерлік қоғамы болып табылды, әрі ол 2008 жылдың қазанында «Қазына» Тұрақты Даму Қоры» акционерлік қоғамымен бірігіп, осылайша «Самұрық-Қазына» Ұлттық Әл-ауқат Қоры» акционерлік қоғамын (бұдан әрі - Самұрық-Қазына) құрды. Үкімет Самұрық-Қазынаның жалғыз акционері болып табылады. 2015 жылғы 7 тамызда ҚР Ұлттық Банкі (бұдан әрі - ҰР ҰБ) Самұрық-Қазынадан Компания үлесінің 9,58%-ын және бір акциясын сатып алды. 2022 жылғы 8 желтоқсаннан бастап Компания акцияларының 3,00%-ы Astana International Exchange (бұдан әрі - AIX) және Қазақстан қор биржасы (бұдан әрі - KASE) қор биржаларында еркін айналымда болады.

2022 жылғы 31 желтоқсанға Компанияның 59 операциялық компанияда (2021 жылғы 31 желтоқсанға: 60) қатысу үлесі болды (бірілесіп «Топ»).

Компанияның тіркелген кеңсежайы мына мекенжайда орналасқан: ҚР, Астана қаласы, Дінмұхамед Қонаев көшесі, 8-үй.

Топ қызметінің негізгі бағыттарына өзгесінен басқа мыналар кіреді:

- Мұнай-газ саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысу;
- Келісімшарттарға үлестік қатысу арқылы жер қойнауын пайдалану келісімшарттарында мемлекеттік мүдделерді білдіру; және
- Көмірсутектерді барлау, әзірлеу, өндіру, мұнай операцияларын жүргізу қызметтері, қайта өңдеу, мұнай химия, тасымалдау және өткізу, мұнай құбырлары мен газ құбырларын және мұнай-газ өндіру инфрақұрылымын жобалау, салу, пайдалану мәселелері бойынша корпоративтік басқару және мониторинг жасау.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке Компанияның және ол бақылайтын еншілес ұйымдардың қаржылық есептілігі кіреді (3-ескертпе).

Топтың осы шоғырландырылған қаржылық есептілігін Басқарма төрағасының орынбасары мен Бас бухгалтері 2023 жылғы 6 наурызда шығаруға бекітті.

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік, есеп саясатында және осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ескертпелерінде ашылып көрсетілген операцияларды қоспағанда, бастапқы құн бойынша бағалау қағидатына сәйкес әзірленді. Осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі барлық мәндер, арнайы аталған жағдайларды қоспағанда, миллиондарға дейін дөңгелектенген.

Сәйкестілік туралы мәлімдеме

Топтың бұл шоғырландырылған қаржылық есептілігі Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі Кеңес («ХКЕС жөніндегі Кеңес») бекіткен редакцияда Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына («ХКЕС») сәйкес әзірленді.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті ХКЕС-ке сәйкес дайындау белгілі бір маңызды есептік бағалауды қолдануды талап етеді, сондай-ақ басшылықтан Топтың есеп саясатын қолдану барысында жол берулер бойынша пікірлер қолдануды талап етеді. Жоғары күрделілік деңгейі мен жол берулерді қолдануды қамтитын қолданылу саласы, сондай-ақ бағалау мен жол берулерді қолдану Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі үшін елеулі болып табылатын салалар 4-ескертпеде ашылған.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)****Сәйкестілік туралы мәлімдеме (жалғасы)**

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде Топ басшылығы бірқатар белгісіздіктерді, оның ішінде Украинадағы соғыстың салдарынан болған белгісіздіктерді ескере отырып, әлемдегі ағымдағы экономикалық және геосаяси ахуалды назарға алды (*37-ескерту*). Шоғырландырылған қаржылық есептілік қызметтің үздіксіздігі қағидатына сәйкес дайындалды.

Шетел валютасын қайта есептеу***Функционалдық валюта және білдіру валютасы***

Топтың осы шоғырландырылған қаржылық есептілікке қосылған әрбір кәсіпорнының қаржылық есептілігінің элементтері кәсіпорын өз қызметін жүзеге асыратын негізгі экономикалық орта валютасын пайдалана отырып бағаланады (бұдан әрі - функционалдық валюта). Шоғырландырылған қаржылық есептілік Компанияның функционалдық валютасы мен оны білдіру валютасы болып табылатын Қазақстандық теңгемен (бұдан әрі - теңге) білдірілген.

Операциялар және шоттар сальдосы

Шетелдік валютадағы операциялар операциялар жүзеге асырылған күнгі валюта бағамы пайдаланыла отырып, функционалдық валютаға қайта есептеледі. Мұндай операциялар бойынша есептеулер нәтижесінде туындаған бағамдық айырмашылықтардан және есепті күнгі бағамдар бойынша шетел валютасында берілген монетарлық активтер мен міндеттемелерді қайта есептеуден түскен кірістер мен шығындар жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады.

Тарихи құнның негізінде шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптар бастапқы мәмілелер жасалған күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі. Әділ құны бойынша шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптар әділ құн белгіленген күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі.

Монетарлық баптарды өтеу немесе қайта есептеу кезінде туындайтын айырмалар, Топтың шетелдік бөлімшелерге таза инвестицияларын хеджирлеудің бір бөлігі ретінде айқындалған монетарлық баптарды қоспағанда, пайда немесе зиян құрамында танылады. Бұл баптар инвестициялардың пайда немесе зиян құрамынан шығуы сәтінә жинақталған соманы қайта жіктей отырып таза инвестициялар шығарылғанға дейін басқа жиынтық кірістің құрамында танылады. Бұл монетарлық баптар бойынша бағамдық айырмаларға тән салық төлемдері мен несиелер басқа да жиынтық кірістің құрамында танылады.

Топқа кіретін компаниялар

Функционалдық валютасы ұсыну валютасынан ерекшеленетін Топтың барлық еншілес ұйымдарының, бірлескен кәсіпорындары мен қауымдасқан компанияларының (олардың бір де бірі гиперинфляциялы экономикалардың валютасында операция жасамайды) кірістер мен зиян және қаржылық позициясы ұсыну валютасына мынадай түрде қайта есептеледі:

- Қаржылық жағдай туралы ұсынылған есептердің әрқайсысы бойынша активтер мен міндеттемелер есепті күнге жабу бағамдары бойынша қайта есептеледі;
- Жиынтық кіріс туралы есептердің әрқайсысы бойынша кірістер мен шығыстар орташа бағамдар бойынша қайта есептеледі (орташа бағам бағамдардың жиынтық әсерінің операция жүзеге асырылған күнгі бағамға ақылға қонымды жақындауы болып табылмайтын жағдайлардан басқа; бұл жағдайда кірістер мен шығыстар операциялар жүзеге асырылған күнгі бағам бойынша қайта есептеледі); және
- Барлық бағамдық айырмалар өзге жиынтық кірісте жеке компонент ретінде танылады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)****Шетел валютасын қайта есептеу (жалғасы)***Валюталарды айырбастау бағамдары*

KASE-де белгіленген орташа есептелген валютаны айырбастау бағамы ҚР ресми валюта айырбастау бағамы ретінде қолданылады. KASE-нің 2022 жылғы 31 желтоқсандағы айырбастау бағамы 1 АҚШ доллары үшін 462,65 теңгені құрады. Бұл бағам 2022 жылғы 31 желтоқсанға АҚШ долларында көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелерді қайта есептеу үшін пайдаланылды (2021 жылғы 31 желтоқсанға: 1 АҚШ доллары үшін 431,80 теңге). ҚҚБ-ның 2023 жылғы 6 наурыздағы айырбастау бағамы 1 АҚШ доллары үшін 432,83 теңгені құрады. 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы шетелдік валюталардың теңгеге қатысты бағамының тұрақсыздығына байланысты Топта 40.925 миллион теңге мөлшерінде нетто, оң бағамдық айырма қалыптасты.

IBOR реформасы контексіндегі қарыз шарттарын қайта қарау

IBOR реформасын жүзеге асыру шеңберінде кейбір қаржы құралдары IBOR-дан тәуекелсіз пайыздық мөлшерлемеге ауысу шамасына қарай өзгертілген немесе өзгертілетін болады. Қаржы құралының пайыздық мөлшерлемесінің өзгеруінен басқа, мұндай ауысу кезінде қаржы құралының шарттарына қосымша өзгерістер енгізілуі мүмкін. Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары жағдайында Топ бастапқыда практикалық сипаттағы мынадай жеңілдетулерді қолданады:

- Практикалық сипаттағы жеңілдетуді, соған сай реформамен тікелей талап етілетін шарттың өзгеруі немесе ақша ағындарының өзгеруі нарықтық пайыздық мөлшерлемелің өзгеруіне баламалы болатын құбылмалы пайыздық мөлшерлемелің өзгеруі ретінде қарастырылуы тиіс;
- Хеджирлеу ара қатынастарының анықтамасына және хеджирлеу ара қатынастарын тоқтатпастан хеджирлеу жөніндегі құжаттамаға IBOR реформасымен талап етілетін өзгерістерді енгізуге жол беріледі;
- Ұйымдарға тәуекелсіз мөлшерлемесі бар құрал ұйымның қарауына қарай хеджирлеу ара қатынастары шеңберінде тәуекелі бар құрамдас ретінде айқындалған жағдайларда бөлек сәйкестендірілетін құрамдастарға қатысты талаптарды сақтау қажеттілігінен уақытша босату беріледі.

Содан кейін практикалық сипаттағы жеңілдету қолданылмайтын кез-келген өзгерістерге қатысты Топ бұл өзгерістердің маңызды екенін бағалау үшін пайымдауды қолданады. Егер бұл өзгерістер елеулі болса, қаржы құралын тану тоқтатылады және жаңа қаржы құралы танылады. Егер өзгерістер елеулі болмаса, Топ қайта қаралған тиімді пайыздық мөлшерлемелі пайдалана отырып дисконтталған практикалық сипаттағы жеңілдету қолданылмайтын өзгерістердің келтірілген құнына қаржы құралының жалпы баланстық құнын түзетеді.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ**Есеп саясатындағы және ақпаратты ашып көрсету қағидаттарындағы өзгерістер***Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер*

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде қабылданған есепке алу қағидаттары, 2022 жылдың 1 қаңтарына күшіне енген қабылданған жаңа стандарттар мен түсіндірмелерді қоспағанда, 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топтың жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау кезінде қолданылған қағидаттарға сәйкес келеді.

Топ шығарылған, бірақ әлі күшіне енген қандай да бір стандарттарды, түсіндірмелерді немесе түзетулерді мерзімінен бұрын қолданған жоқ.

Кейбір түзетулер мен түсіндірмелер алғаш рет 2022 жылы қолданыла, бірақ олар Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

Топ тек Топ үшін жарамды және қолданылатын стандарттардың тізімін ұсынды.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)**

Есеп саясатындағы және ақпаратты ашу қағидаттарындағы өзгерістер (жалғасы)

Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер (жалғасы)

«Ауыртпалық түсіретін шарттар: шартты орындау шығындары» 37 ХКЕС-ке (IAS) түзетулер

Түзетулерде шарттың ауыртпалықты немесе залалды болып табылатындығын бағалау кезінде ұйым қосымша шығындарды да, шартты орындауға тікелей байланысты бөлінген шығындарды да қамтитын тауарларды немесе көрсетілетін қызметтерді ұсынуға арналған шартқа тікелей байланысты шығындарды ескеруге тиіс екендігі түсіндіріледі. Шартпен тікелей байланысты емес жалпы және әкімшілік шығындар оларды шарт бойынша контрагент ашық түрде өтеуге тиіс болған жағдайлардан басқа, ескерілмейді. Бұл түзетулер ауыртпалықты шарттардың жоқ болуына орай Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

3 ХКЕС-ке (IFRS) түзетулер - «Концептуалдық негіздерге сілтемелер»

Түзетулер *«Бағалау міндеттемелері, шартты міндеттемелер мен шартты активтер» 37 ХКЕС-тің (IAS) қолданылу аясына жататын міндеттемелер мен шартты міндеттемелер үшін «2 күннің» әлеуетті табысының немесе шығындарының пайда болуын болдырмас үшін «Бизнесерді біріктіру» 3 ХКЕС-те (IFRS) мойындау қағидатынан ерекшелікті немесе егер олар жеке операциялардың шеңберінде туындаған болса, «Міндетті төлемдер» 21 КРМФО (IFRIC) Түсіндірмелерін қосты. Осы ерекшелікке сәйкес «Концептуалдық негіздердің» ережелерін қолданудың орнына ұйымдар сатып алу күніне міндеттеменің бар-жоғын анықтау үшін 37 ХКЕС (IAS) критерийлерін немесе 21 ХКЕС (IFRIC) түсіндірмелерін қолдануы тиіс. Осы түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсер еткен жоқ, өйткені қаралып отырған кезең ішінде осы түзетулердің қолданылу аясына жататын шартты активтер, міндеттемелер және шартты міндеттемелер туындамады.*

16 ХКЕС-ке (IAS) түзетулер – «Негізгі құралдар: мақсатына лайық пайдаланғанға дейінгі түсімдер»

Бұл түзетулерге сай ұйымдарға негізгі құрал объектісінің бастапқы құнынан бұл объектіні орналасқан жеріне дейін жеткізу және оны басшылықтың ниетіне сәйкес пайдалану үшін талап етілетін жай-күйге келтіру процесінде жасалған бұйымдарды сатудан түскен қандай да бір түсімдерді есептен шығаруға тыйым салынған. Осының орнына ұйым мұндай бұйымдарды сатудан түсетін түсімдерді, сондай-ақ бұл бұйымдарды шығару құнын пайданың немесе зиянның құрамында мойындайды. Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсер еткен жоқ, өйткені қаржылық есептілікте ұсынылған кезеңнің ең ерте кезеңінің басталу күніне (немесе одан кейін) пайдалануға қолжетімді болатын негізгі құралдардың осындай объектілері өндіріс бұйымдарды сату болмаған.

«Қаржы құралдары» 9 ХКЕС-ке (IFRS) түзету – қаржылық міндеттемелерді тануды тоқтату үшін «10% тестісін» жүргізу кезіндегі комиссиялық сыйақы

Түзетуде ұйым жаңа немесе түрлендірілген қаржылық міндеттеменің талаптары бастапқы қаржылық міндеттеменің талаптарынан айтарлықтай ерекшеленетіндігін бағалау кезінде ескеретін комиссиялық сыйақы сомалары түсіндіріледі. Мұндай сомаларға тек, кредитор немесе қарыз алушы басқа тараптың атынан төлеген немесе алған комиссиялық сыйақыны қоса алғанда, белгілі бір кредитор мен қарыз алушының арасында төленген немесе алынған комиссиялық сыйақылар ғана жатады. *«Қаржы құралдары: тану және бағалау» 39 ХКЕС (IAS) үшін ұқсас түзету көзделмеген. Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсер еткен жоқ, өйткені қаралып отырған кезең ішінде Топтың қаржы құралдарының түрлендірілуі болған жоқ.*

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)****Есеп саясатындағы және ақпаратты ашу қағидастарындағы өзгерістер (жалғасы)***Шығарылған, бірақ әлі күшіне енген стандарттар*

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша стандарттарға жаңа түзетулер жарияланды:

- 8 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер - *«Бухгалтерлік бағалауды айқындау»;*
- 1 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер және *«Есеп саясаты туралы ақпаратты ашып көрсету»* 2 ХҚЕС жөніндегі іс жүзіндегі ұсынымдар;
- 12 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер - *«Бір операцияның нәтижесінде туындайтын активтер мен міндеттемелерге қатысты кейінге қатдырылған салық»;*
- 16 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер – *«Сату және кері жалдау кезінде жалдау міндеттемесі»;*
- 1 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер - *«Міндеттемелерді ағымдағы немесе ұзақ мерзімді ретінде жіктеу»;*
- *10 ХҚЕС-ке (IFRS) және 28 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер - «Инвестор мен оның қауымдасқан компаниясы немесе бірлескен кәсіпорны арасында активтерді сату немесе беру».*

Шоғырландыру негізі

Қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік Компанияның және оның еншілес ұйымдарының 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық есептілігін қамтиды. Бақылау, егер Топтың инвестициялардан ауыспалы қайтарымдылыққа құқығы бола немесе оның өзгеруіне байланысты тәуекелге ұшыраса және инвестициялар объектісіне қатысты өз өкілеттіктері салдарынан осы қайтарымға ықпал ете алған жағдайда жүзеге асырылады. Атап айтқанда, егер Топтың инвестициялау объектісіне қатысты өкілеттіктері (яғни, инвестициялау объектісінің едәуір қызметін басқаруға ағымдағы мүмкіндікті қамтамасыз ететін қолдағы құқықтар); инвестицияларға өз қатысуынан ауыспалы кірісті алуға ұшырағыштығы немесе құқықтары, сондай-ақ; инвестициялау объектісіне қатысты өз өкілеттіктерін кірістердің көлеміне ықпал ету мақсатында пайдалану мүмкіндігі болған жағдайда, Топ инвестициялау объектісін бақылайды.

Әдетте, дауыс беру құқықтарының көп болуы бақылаудың болуын білдіреді деп болжанады. Мұндай жорамалды растау үшін және Топтың инвестициялау объектісіне қатысты көпшілік дауыс беру құқығынан кемі немесе дәл сондай құқықтары болғанда, Топ, инвестициялау объектісінде дауыс беру құқықтары бар басқа тұлғалармен келісімдерді қоса алғанда, бұл инвестициялау объектісіне қатысты өкілеттіктердің бар-жоғын бағалау кезінде барлық орынды фактілер мен жағдайларды, басқа келісімдермен негізделген құқықтарды; дауыс беру құқықтарын және Топқа тиесілі әлеуетті дауыс беру құқықтарын ескереді.

Егер фактілер мен жағдайлар бақылаудың үш элементі бірінің немесе одан көбісінің өзгеруін растаса, Топ инвестициялар нысанына қатысты бақылаудың болуын қайтадан талдайды. Топ еншілес ұйымға бақылауды алған кезде еншілес ұйымның шоғырлануы басталады және Топ еншілес ұйымға бақылаудан айырылғанда тоқталады. Сатып алынуы немесе есептен шығарылуы жыл ішінде болған еншілес ұйымның активтері, міндеттемелері, кірістері мен шығыстары Топ бақылауды алған күннен бастап жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепке қосылады және Топ еншілес ұйымға бақылаудан айырылған күнге дейін көрсетіледі.

Еншілес ұйымдардың қаржылық есептілігі есеп саясатын бірізді қолданудың негізінде бас компанияның есептілігі сияқты дәл сол есепті кезең үшін әзірленді. Пайда немесе зиян және басқа да жиынтық кірістің әрбір құрамдасы Топтың бас компаниясының Акционерлеріне және тіпті егер бұл бақыланбайтын қатысу үлесінде теріс қалдықтарға әкеліп соқтырған жағдайда да, бақыланбайтын қатысу үлесіне жатады. Қажет болғанда еншілес ұйымдардың қаржылық есептілігі олардың есеп саясаттарын Топтың есеп саясатына сәйкес келтіру үшін түзетіледі. Барлық топ ішіндегі қалдықтар, операциялар, топ ішінде операцияларды жүзеге асыру нәтижесінде туындайтын өткізілмеген пайда мен зиян шоғырландыру кезінде толығымен алынып тасталды. Бақылаудан айырылмастан инвестициялау нысандарындағы қатысу үлестерінің өзгерісі капиталмен жасалған операция ретінде ескеріледі.

Егер Топ еншілес ұйымға бақылаудан айырылып қалса, ол тиісті активтерді (гудвилді қоса), міндеттемелерді, бақыланбайтын қатысу үлестерін және меншікті капиталдың басқа да құрамдастарын тануды тоқтатады және жиынтық кірісті немесе зиянды пайда немесе зиян құрамында мойындайды. Қалған инвестициялар әділ құны бойынша танылады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)****Еншілес ұйымдар**

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша келесі елеулі тікелей еншілес ұйымдар осы шоғырландырылған қаржылық есептілікке қосылды:

Маңызды ұйымдар	Негізгі қызметі	Тіркелген елі	Иелік ету үлесі	
			2022 жыл	2021 жыл (қайта есептелген)
«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ (бұдан әрі - ҚМГ БӨ)	Барлау және өндіру	Қазақстан	99,72%	99,72%
«ҚазМұнайТеңіз» ЖШС	Барлау және өндіру	Қазақстан	100,00%	100,00%
«ҚМГ Қарашығанақ» ЖШС	Барлау және өндіру	Қазақстан	100,00%	100,00%
«Қазақтүрікмұнай» ЖШС	Барлау және өндіру	Қазақстан	100,00%	100,00%
KMG Кашаған B.V. (6-ескертпе)	Барлау және өндіру	Нидерландтар	100,00%	100,00%
«ҚазТрансОйл» АҚ	Мұнайды тасымалдау және құрылыс	Қазақстан	90,00%	90,00%
«ҚазақТеңізКөлікФлоты» ЖШС	Мұнай өнімдерін қайта өңдеу және өткізу	Қазақстан	100,00%	100,00%
Cooperative KazMunayGas PKI U.A.	өңдеу және өткізу	Нидерландтар	100,00%	100,00%
«Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС	Қайта өңдеу	Қазақстан	99,53%	99,53%
«Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС	Қайта өңдеу	Қазақстан	100,00%	100,00%
KMG International N.V. (бұдан әрі - КМГИ)	Мұнай өнімдерін қайта өңдеу және өткізу	Румыния	100,00%	100,00%
«KMG Drilling&Services» ЖШС	Бұрғылау қызметтері	Қазақстан	100,00%	100,00%

Бизнесті біріктіру және гудвил

Бизнесті біріктіру сатып алу әдісін пайдалана отырып есептеледі. Сатып алу құны сатып алу күніндегі әділ құн бойынша бағаланған берілген сыйақы сомасы және сатып алынатын компаниядағы бақыланбайтын қатысу үлесінің құны ретінде бағаланады. Бизнесті біріктіру жөніндегі әрбір мәміле үшін сатып алатын тарап сатып алынатын компаниядағы бақыланбайтын қатысу үлесі әділ құн бойынша, не сатып алынатын компанияның сәйкестендірілетін таза активтеріндегі теңбе-тең үлес бойынша бағалайды. Сатып алуға байланысты шегілген шығындар әкімшілік шығыстардың құрамына енгізіледі.

Топ бизнесті сатып алғанда, ол сатып алынған қаржы активтері мен қабылданған міндеттемелерді тиісті түрде шарттың талаптарына, экономикалық жағдайға және сатып алу күніндегі тиісті жағдайларға байланысты жіктейді. Бұған компания сатып алатын негізгі шарттарға қосылған туынды құралдарды бөлу жатады.

Сатып алатын тарап беруге тиіс шартты сыйақы сатып алу күніндегі әділ құн бойынша танылуға тиіс. Қаржы құралы болып табылатын және 9 ХҚЕС-тің (IFRS) «Қаржы құралдары» қолданылу аясына түсетін актив немесе міндеттеме ретінде жіктелетін шартты өтемақы әділ құны бойынша бағаланады, ал әділ құнның өзгеруі 9 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес пайда немесе зиян құрамында танылады. Егер шартты сыйақы 9 ХҚЕС-тің (IFRS) қолданылу аясына түспесе, ол пайда немесе зиян құрамында әділ құны бойынша бағаланады. Меншікті капитал ретінде жіктелуге жататын шартты өтеу кейіннен қайта бағаланады және оның кейіннен өтелуі меншікті капитал құрамында көрсетіледі.

Гудвил бастапқыда берілген сыйақы және танылған бақыланбайтын қатысу үлесі сомасының және сатып алушыға бұрын тиесілі болған үлестердің сатып алынатын таза сәйкестендірілетін активтердің және ол қабылдаған міндеттемелердің сомасынан асып түсуі ретінде айқындалатын бастапқы құны бойынша бағаланады. Егер сатып алынған таза активтердің әділ құны берілген өтемақы сомасынан асатын болса, Топ барлық сатып алынған активтердің және барлық қабылданған міндеттемелердің анықталу дұрыстығын, сондай-ақ сатып алу күніне танылуы тиіс болған сомаларды бағалау кезінде пайдаланылған процедураларды қайталап талдайды. Егер қайталап жасалған талдаудан кейін берілген өтемақы сатып алынған таза активтердің әділ құнынан кем болып калса, табыс пайда немесе зиян құрамында танылады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)****Бизнесті біріктіру және гудвил (жалғасы)**

Кейіннен гудвил құнсызданудан болған жинақталған шығындар шегеріліп, бастапқы құн бойынша бағаланады. Құнсыздану тестісін өткізу мақсатында бизнесті біріктіру кезінде сатып алынған гудвил сатып алынған күннен бастап Топтың ақша ағындарын жасайтын бөлімшелерінің әрқайсысына бөлінеді, олар болжанып отырғандай компания сатып алатын басқа активтер мен міндеттемелер аталған бөлімшелерге жататынына немесе жатпайтынына тәуелсіз бизнесті біріктіруден пайда табады.

Егер гудвил ақша ағындарын жасайтын бірліктің бір бөлігі болса және осы бірліктің шеңберінде қызметтің бір бөлігі шығып кетсе, шығып кететін қызметке қатысты гудвил қызметтің шығуынан пайданы немесе зиянды айқындау кезінде осы қызметтің ағымдағы құнына кіреді. Мұндай жағдайда шығып қалған гудвил шығып қалған қызметтің құны мен ақша ағындарын жасайтын бірліктің қалған бөлігі құнының негізінде бағаланады.

Кезең-кезеңмен болатын бизнесті біріктіру

Сатып алушыға сатып алу күніне бұрын тиесілі болған сатып алынатын компаниядағы қатысу үлесінің әділ құны пайда немесе зиян арқылы сатып алу күніне әділ құны бойынша қайта бағаланады.

Бизнесті кезең-кезеңмен біріктіру кезінде сатып алушы сатып алу күніне төменде көрсетілгендей (а)-ның (б)-дан артуы ретінде бағаланатын гудвилді мойындайды:

- Жиынтығы: (i) берілген сыйақы, ол әдетте, «Бизнесті біріктіру» 3 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес сатып алу күніне әділ құны бойынша бағаланады; (ii) осы стандартқа сәйкес бағаланған сатып алынатын ұйымдағы бақыланбайтын қатысу үлесінің құны; (iii) сатып алу күніне бұрын сатып алушы тарапқа сатып алынатын ұйымдағы қатысу үлесін сатып алу күніне әділ құны;
- Сатып алынған активтерді және қабылданған міндеттемелерді сатып алу күніне таза әділ құны.

Жалпы бақылаудағы тараптардан еншілес ұйымдарды сатып алу

Еншілес ұйымдарды жалпы бақылаудағы тараптардан сатып алынуы үлестерді біріктіру әдісін пайдалана отырып ескеріледі.

Жалпы бақылауға берілетін еншілес ұйымның активтері мен міндеттемелері шоғырландырылған қаржылық есептілікте беру күніне беретін ұйымның («Бастамашы») ағымдағы құны бойынша ескеріледі. Бастамашы бастапқыда сатып алған кезде объективті түрде ескеретін тиісті гудвил шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетіледі. Бастамашының гудвилін қоса алғанда, таза активтердің жалпы ағымдағы құны мен төленген сыйақы арасындағы айырма капиталды түзету ретінде шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетіледі.

Салыстырмалы деректерді қоса алғанда, шоғырландырылған қаржылық есептілік еншілес ұйымды Топ Бастамашы бастапқыда сатып алған күнге сатып алғандығы туралы жорамалға сүйене отырып ұсынылады.

Жалпы бақылаудағы тараптардан бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларды сатып алу

Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларды жалпы бақылаудағы тараптардан сатып алынуы үлестерді біріктіру әдісін пайдалана отырып ескеріледі.

Топтың жалпы бақылауға берілетін бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың активтері мен міндеттемелеріндегі үлесі шоғырландырылған қаржылық есептілікте беру күніне беретін ұйымның («Бастамашы») ағымдағы құны бойынша ескеріледі. Таза активтердің жалпы ағымдағы құнындағы Топтың үлесі мен төленген сыйақы арасындағы айырма капиталды түзету ретінде шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетіледі.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)****Бірлесіп-бақыланатын операциялар**

Бірлескен операция - бұл қызметке бірлескен бақылауға не болатын тараптың қызметпен байланысты міндеттемелер бойынша активтер мен жауапкершілікке құқықтарының болуын болжайтын бірлескен кәсіпкерлік типі. Топ бірлескен операциялардағы өзінің мүдделеріне қатысты мыналарды: Бірлескен активтердегі өз үлесін қоса алғанда, активтерді; Бірлескен міндеттемелердегі өз үлесін қоса алғанда, міндеттемелерді; Бірлескен операциялардың нәтижесінде өндірілген өнімдегі үлесті сатудан түскен түсімді; Бірлескен операциялардан болған өнімді сатудан түскен түсімнің үлесін; бірлесіп шеккен шығыстардағы үлесті қоса алғанда, Шығыстарды мойындайды.

Қауымдасқан компанияларға және бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар

Қауымдасқан компания - соған қатысты Топтың айтарлықтай ықпалы бар компания. Айтарлықтай ықпал – инвестициялар объектісінің қаржылық және операциялық саясатына қатысты шешімдерді қабылдауға қатысу өкілеттіктері, бірақ мұндай саясатқа қатысты бақылау немесе бірлескен бақылау жатпайды.

Бірлескен кәсіпорын – бұл бірлескен қызмет түрі, әрі соған сай келісімге қатысты бірлескен бақылауы бар тараптардың бірлескен кәсіпорынның таза активтеріне құқықтары бар. Бірлескен бақылау – бұл шартпен негізделген қызметке бақылауды бірлесіп жүзеге асыру, әрі ол тек маңызды қызметке қатысты шешімдердің қабылдануы бірлескен бақылауды жүзеге асыратын тараптардың бірауызды келісімін қажет еткен жағдайларда ғана орын алады. Бірлескен бақылауды көздейтін шарт талаптары бойынша Топ бірлескен кәсіпорындарда қатысу үлесінің 50% кеміне иелік ете алады.

Айтарлықтай ықпалдың немесе бірлескен бақылаудың болуын анықтау кезінде ескерілетін факторлар еншілес ұйымдарға бақылаудың болуын анықтау кезінде ескерілетін факторларға ұқсас келеді. Топтың қауымдасқан компанияларға және бірлескен кәсіпорындарға инвестициялары үлестік қатысу әдісін пайдалана отырып ескеріледі.

Үлестік қатысу әдісіне сәйкес қауымдасқан компанияға немесе бірлескен кәсіпорынға инвестиция алдымен бастапқы құны бойынша танылады. Сатып алғаннан кейін инвестициялардың баланстық құны бірлескен кәсіпорынның немесе қауымдасқан компанияның таза активтеріндегі өзгерістердегі Топтың үлесі танылуы салдарынан не өседі немесе төмендейді. Бірлескен кәсіпорынға немесе қауымдасқан компанияға жататын гудвил инвестицияның баланстық құнына кіреді және амортизацияланбайды, сондай-ақ құнсыздану мәніне жеке тексеруге ұшырамайды.

Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп бірлескен кәсіпорын немесе қауымдасқан компания қызметінің нәтижелеріндегі Топтың үлесін көрсетеді. Мұндай инвестициялау объектілерінің басқа да жиынтық кірісіндегі өзгерістер Топтың басқа да жиынтық кірісінің құрамында ұсынылады. Сонымен бірге, егер бірлескен кәсіпорын немесе қауымдасқан компания капиталында тікелей танылған өзгеріс орын алса, Топ осындай өзгерістегі өз үлесін таниды және бұл капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте қолданылса, осы фактіні ашады. Топтың және бірлескен кәсіпорындардың немесе қауымдасқан компаниялардың арасындағы мәмілелер бойынша туындайтын өткізілмеген кірістер мен залал бірлескен кәсіпорындағы немесе қауымдасқан компаниядағы қатысу үлесінің мөлшерінде алынып тасталады.

Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлес жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте тікелей көрсетіледі және салық салынғаннан кейінгі пайданы немесе зиянды және бірлескен кәсіпорынның немесе қауымдасқан компанияның еншілес компанияларындағы бақыланбайтын қатысу үлесін білдіреді. Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың қаржылық есептілігі Топтың қаржылық есептілігі сияқты есепті кезеңде жасалады. Қажет болған жағдайда қаржылық есептілік есеп саясатын Топтың есеп саясатына сәйкес келтіру мақсатында түзетіледі.

Үлестік қатысу әдісін қолданғаннан кейін Топ бірлескен кәсіпорынға немесе қауымдасқан компанияға өз инвестициялары бойынша құнсызданудан болған қосымша залалды тану қажеттілігін айқындайды. Топ әрбір есепті күнге бірлескен кәсіпорынға немесе қауымдасқан компанияға инвестициялар құнсыздануының объективті дәлелдерінің болуын анықтайды. Мұндай дәлелдер болған жағдайда, Топ құнсыздану сомасын бірлескен кәсіпорынның немесе қауымдасқан компанияның өтелетін құны мен олардың баланстық құны арасындағы айырма ретінде есептейді және залалды «Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға салынған инвестициялардың құнсыздауы» бабы бойынша жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте мойындайды.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)****Қауымдасқан компанияларға және бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар (жалғасы)**

Бірлескен кәсіпорындағы немесе қауымдасқан компаниядағы елеулі ықпалын жоғалтқан жағдайда Топ қалған инвестицияларды әділ құн бойынша бағалайды және мойындайды. Айтарлықтай ықпалдан немесе бірлескен бақылаудан айырылу сәтіне бірлескен кәсіпорынға немесе қауымдасқан компанияға салынған инвестициялардың баланстық құны мен қалған инвестицияның әділ құны және сатудан болған түсімдер арасындағы айырма пайда немесе зиян құрамында танылады.

Активтер мен міндеттемелерді қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді етіп жіктеу

Топтың қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есебінде активтер мен міндеттемелерді олардың қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді етіп жіктелуінің негізінде ұсынады. Актив қысқа мерзімді болып табылады, егер: оны өткізу болжанса немесе ол сатуға және әдеттегі операциялық циклдің шеңберінде тұтынуға арналса; ол негізінен сауда мақсатында арналса; оны есепті кезең аяқталғаннан кейін он екі айдың ішінде өткізу болжанса; немесе ол, есепті кезең аяқталғаннан кейін кем дегенде он екі айдың ішінде оны айырбастауға немесе міндеттемелерді өтеу үшін пайдалануға шектеулер болған жағдайларды қоспағанда, ақша қаражатын немесе оның баламаларын білдірсе. Барлық басқа активтер ұзақ мерзімді ретінде жіктеледі.

Міндеттеме қысқа мерзімді болып табылады, егер: оны әдеттегі операциялық циклдің шеңберінде өтеу болжанса; ол негізінен сауда мақсатында ұсталса; ол есепті кезең аяқталғаннан кейін кем дегенде 12 (он екі) айдың ішінде өтелетін болса; немесе компанияның міндеттеменің өтелу мерзімін есепті кезең аяқталғаннан кейін кем дегенде 12 (он екі) айдың ішінде ұзартуға шартсыз құқығы болмағанда. Топ барлық басқа міндеттемелерді ұзақ мерзімді ретінде жіктейді.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелер ұзақ мерзімді активтер мен міндеттемелер ретінде жіктеледі.

Кен орындарын барлауға, бағалауға және әзірлеуге байланысты шығыстар***Жер қойнауын пайдалану құқықтарын (лицензияларды) иемденгенге дейін болған шығындар***

Лицензияларды сатып алғанға дейін болған шығындар, ҚР Үкіметімен тиісті келісімге қол қойылғаннан кейін болған шығындарды қоспағанда, олар орын алған кезеңдегі шығыстарға жатады. Мұндай жағдайларда болған шығындар барлау және бағалау активтерінің құрамында капиталдандырылады.

Жер қойнауын пайдалану құқықтарын және мүлікті сатып алу шығындары

Жер қойнауын барлау әрі өндіру құқықтары және мүлікті сатып алуға арналған тиісті шығындар барлау әрі бағалау активтерінің құрамында капиталдандырылады және материалдық емес ретінде жіктеледі. Барлау бойынша әрбір объект жыл сайын бұрғылау жұмыстары жоспарланғанын және активтің құнсызданбағанын растау мәніне қарастырылады. Егер келешек жұмыстар жоспарланбаса, барлауға арналған лицензияларды және мүлікті сатып алуға арналған тиісті шығындардың ағымдағы құны есептен шығарылады. Экономикалық негізделген шығарылатын қорлар («дәлелденген қорлар» немесе «коммерциялық қорлар») анықталған кезде және әзірлеуді ішкі бекіту кезінде барлауға арналған лицензияларды және кен орындардың бөлігінде ескерілетін мүлікті сатып алуға арналған тиісті шығындардың ағымдағы құны, барлау және бағалау бойынша активтермен бірігіп, мұнай-газ мүлкіне немесе мұнай-газ активтеріне ауыстырылады.

Барлаумен және бағалаумен байланысты шығындар

Барлауға арналған заңды құқық сатып алынғаннан кейін, сәтсіз пайдаланылатын немесе жиектелетін ұңғымаларды қоса алғанда, геологиялық әрі геофизикалық зерттеу шығындары мен барлау және бағалау ұңғымаларымен тікелей байланысты шығындар ұңғыманы бұрғылау жұмыстары аяқталғанға дейін және нәтижелер бағаланғанға дейін шығындардың сипатына сәйкес барлау және бағалау материалдық емес немесе материалдық активтер ретінде капиталдандырылады. Мұндай шығындарға қызметкерлерге төлемақы, пайдаланылған материалдар мен жанар май, бұрғылау мұнарасының құны және мердігерлерге арналған төлемдер кіреді. Егер күтілетін қорлар табылмаса, барлау және бағалау бойынша актив құнсыздануға тестіленеді; егер шығарылатын көмірсутектер табылып, қызметті одан кейінгі бағалауға жататын болса, әрі оған коммерциялық әзірленуі ықтимал болатын басқа ұңғымаларда бұрғылау кіруі мүмкін болса, онда шығындар көмірсутектерді коммерциялық шығаруды бағалауда негізделген/үздіксіз прогреске қол жеткізілмейінше, актив ретінде ескерілуін жалғастырады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)****Кен орындарын барлауға, бағалауға және әзірлеуге байланысты шығыстар (жалғасы)*****Барлаумен және бағалаумен байланысты шығындар (жалғасы)***

Осы сияқты барлық шығындар техникалық, коммерциялық және басқарушылық тексеруге, сол сияқты әзірлеуді жалғастыру ниетін немесе табудан пайда алудың қандай да бір басқа тәсілін растау үшін жылына кем дегенде бір рет құнсыздану мәніне тексеруге жатады.

Көмірсутектердің дәлелденген қорлары анықталғанда және әзірлеу туралы шешім қабылданғанда, барлаумен және бағалаумен байланысты тиісті шығындар, тиісті шығыстар құнсыздану тестісінен кейін және құнсыздану залалы, егер ондай болса, танылағаннан кейін мұнай-газ активтеріне ауыстырылады.

Мұндай ниет болмағанда, және келісімшарттық аумақты Үкіметке қайтарып беру шешімі қабылданғанда және жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарды бұзу ниеті болғанда активтер шығыстарға есептен шығарылады.

Әзірлеу шығындары

Платформалар, мұнай құбырлары және әзірлеу ұңғымаларын бұрғылау сияқты инфрақұрылым объектілерін салу, орнату және аяқтау шығындары мұнай-газ мүлкінің құрамында капиталданады.

Мұнай-газ мүлкі және басқа да негізгі құралдар

Мұнай-газ мүлкі мен басқа да негізгі құралдар жинақталған амортизацияны, тозу мен құнсыздануды шегере отырып, бастапқы құны бойынша ескеріледі.

Активтердің бастапқы құны сатып алу немесе салу бағасынан, ұзақ мерзімді құрылыс және әзірлеу жобалары бойынша пайыздар шығындарынан, мойындау критерийлерін сақтау шартымен, активті жұмыс күйіне келтіруге тікелей байланысты шығындардан және қажет болғанда активті жою шығындарының бастапқы бағалауынан тұрады. Сатып алу немесе бағалау бағасы жнынтық төленген құн және активті сатып алу үшін берілген сыйақының кез келген түрінің әділ құны болып табылады.

Мұнай-газ мүлкі өндірістік әдісті пайдалана отырып амортизацияланады, ал материалдық емес активтер дәлелденген әзірленген қорлар бойынша, ал материалдық емес активтер дәлелденген қорлар бойынша амортизацияланады. Пайдалы қызмет ету мерзімі кен орындары қызметінің қалдық мерзімінен аз болатын кейбір мұнай-газ мүлкі пайдалы қызмет ету мерзімінің ішінде тік желілік әдіспен амортизацияланады.

Мұнай-газ активтері мен жерден басқа негізгі құралдарға, негізінен пайдалы қызмет етудің орта мерзімдерінің ішінде тік желілік әдіспен амортизацияланатын жер, ғимараттар, машиналар мен жабдықтар, көлік құралдары мен басқалары былайша кіреді:

МӨЗ активтері	4-100 жыл
Құбырлар	2-30 жыл
Ғимарат мен құрылысжайлар	2-100 жыл
Машиналар мен жабдық	2-30 жыл
Көлік құралдары	3-35 жыл
Басқасы	2-20 жыл
Жер	Амортизацияланбайды

Негізгі құралдардың болжамды пайдалы қызмет етуінің мерзімі жыл сайынғы негізде қайта қарастырылып отырады және қажет болғанда мерзімдегі өзгерістер кейінгі кезеңдерде ескеріліп отырады.

Негізгі құралдардың ағымдағы құны ол өтелетін болып табылмайтындығына көрсететін қандай да бір оқиғалар немесе жағдайлардағы өзгерістер болған жағдайларда құнсыздану мәніне қайта қарастырылып отырады.

Көмірсутектердің коммерциялық көлемдерін өндіруді тоқтатқан және жойылуға арналған өндіру ұңғымаларын қоса алғанда, негізгі құралдар нысанының мойындалуын доғару есептен шығарылған кезде немесе егер келешекте мұндай активті пайдаланудан экономикалық пайданы алу күтілмеген жағдайда болады. Активті тануды доғару нәтижесінде туындайтын кірістер немесе шығыстар (активтің шығуынан және ағымдағы құнынан болатын таза түсімдер арасындағы айырмашылық ретінде есептелген) активті тану доғарылған кезең үшін пайдаға және зиянға кіргізіледі.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)****Материалдық емес активтер**

Материалдық емес активтер жинақталған амортизацияны және құнсызданудан болған жинақталған шығындарды шегере отырып, құны бойынша ескеріледі. Материалдық емес активтерге табиғи газды барлауға, әзірлеуге және өндіруге арналған лицензияларды, компьютерлік бағдарламалар мен гудвилді сатып алу шығындары кіреді. Бөлек сатып алынған материалдық емес активтер бастапқыда сатып алу құны бойынша бағаланады. Бастапқы құны - бұл жиынтық төленген сома және активті сатып алу үшін берілген кез келген басқа сыйақының әділ құны.

Гудвилді және жер қойнауын пайдалану құқықтарын қоспағанда, материалдық емес активтер, пайдалы қызмет етудің күтілетін калған мерзімінің ішінде тік желілік әдіспен амортизацияланады. Активтердің күтілетін пайдалы қызмет ету мерзімі жыл сайынғы негізде қайта қаралады және пайдалы қызмет ету мерзімдерін өзгерту қажет болғанда келесі кезеңдерде ескеріледі. Компьютерлік бағдарламалық жасақтаманың пайдалы қызмет ету мерзімі 3 жылдан 7 жылға дейін құрайды.

Материалдық емес активтердің ағымдағы құны оқиға немесе жағдаяттардағы өзгерістер активтің ағымдағы құны өтелмейтіндігін көрсеткен жағдайларда құнсыздануға талданады. Гудвил жыл сайын (31 желтоқсандағы жағдай бойынша), сондай-ақ оқиғалар оның ағымдағы құны құнсыздануы мүмкін екендігін көрсеткен жағдайларда, құнсыздануға тестіленеді.

Гудвилдің құнсыздануы гудвил қарайтын ақша ағынын туындататын бөлімшелер (немесе ақша ағынын туындататын бөлімшелер тобы) құнының өтелетін құнын бағалау арқылы анықталады. Егер ақша ағынын туындататын бөлімшелердің өтелетін құны олардың ағымдағы құнынан аз болса, құнсызданудан болған зиян танылады. Гудвилдің құнсызданудан болған залалды болашақ кезеңдерде қалпына келтіру мүмкін емес.

Қаржылық емес активтердің құнсыздануы

Топ әрбір есепті күнге активтің ықтимал құнсыздану белгілерінің бар-жоғын айқындайды. Егер осындай белгілер орын алса немесе егер активті құнсыздануға жыл сайынғы тексеру талап етілсе, Топ активтің өтелетін құнына бағалау жүргізеді. Активтің өтелетін құны – бұл келесі көлемдердің ең үлкені: сату шығындарын немесе активті пайдалану құндылығын шегере отырып, активтің немесе ақша ағындарын жасайтын бөлімшенің (ААЖБ) әділ құны. Өтелетін құн негізінен басқа активтер немесе активтер тобы жасайтын ағындардан тәуелсіз ақша қаражатының ағындарын актив жасаған жағдайда ғана жеке актив үшін анықталады. Егер активтің ағымдағы құны немесе ААЖБ өтелетін сомадан асып кетсе, онда актив құнсызданған ретінде қаралады және оның құны өтелетін сомаға дейін кемітіледі. Пайдаланудан болатын құндылықты бағалау кезінде болашақтағы ақша ағындары келтірілген құнға дейін дисконттау мөлшерлемесі бойынша активке тән ақша мен тәуекелдердің уақытша құнын ағымдағы нарықтық бағасын көрсететін салық салғанға дейін дисконтталады.

Сату шығындарын шегере отырып әділ құнды айқындау кезінде тиісті бағалау үлгісі қолданылады. Бұл есептер бағалау коэффициенттерімен, еншілес ұйымдар акцияларының нарығында еркін айналыстағы бағаларды белгілеумен немесе әділ құнның өзге де қол жетімді көрсеткіштерімен расталады. Жалғасып отырған қызметтің құнсыздануынан болған шығындар жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте құнсызданған актив функциясына сәйкес келетін шығыстар санатында көрсетіледі.

Топ құнсыздану сомасын Топтың жеке активтер жатқызылатын әр ААЖБ үшін жеке дайындалатын жан-жақты жоспарлары және болжамды есеп айырысуларын басшылыққа ала отырып айқындайды. Бұл жоспарлар мен болжамды есеп айырысулар әдетте 5 (бес) жылға жасалады. Бұдан да ұзақ кезеңдер үшін бес жылдан кейін келешек болжанатын ақша ағындарына қатысты қолданылатын ұзақ мерзімді өсу қарқынды есептеледі.

Гудвилді қоспағанда, активтер үшін әрбір есепті күнге құнсызданудан болған бұрын танылған залал бұдан былай жоқ немесе қысқарған екендігінің белгілеріне бағаланады. Егер мұндай белгі бар болса, Топ активтің немесе ақша ағындарын тудыратын бөлімшенің өтелетін құнын есептейді. Құнсызданудан болатын бұрын танылған шығындар, егер құнсызданудан болатын шығынды соңғы рет таныған уақыттан бастап активтің өтелетін құнын айқындау үшін пайдаланылған жол берілмеде өзгеріс орын алған жағдайда ғана қалпына келтіріледі. Қалпына келтірілген жағдайда активтің ағымдағы құны активтің өтелетін құнынан, сондай-ақ егер бұрынғы жылдары актив бойынша құнсызданудан болатын шығын танылмаған жағдайда ол бойынша осы актив танылса ағымдағы құннан (амортизацияны шегергенде) аспайды. Мұндай қалпына келтіру жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте мойындалады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)****Барлау және бағалау бойынша активтердің құнсыздануы**

Барлау және бағалау бойынша активтер құнсыздану мәніне тексеріледі, әрі мұндай активтер әзірлеу бойынша материалдық және материалдық емес активтердің құрамына немесе активтердің құнсыздануына нұсқайтын фактілер мен жағдайлар болғанда аударылады.

Бір немесе одан да көп төмендегі фактілердің және жағдайлардың болуы Топ барлау әрі бағалау жөніндегі өз активтерін құнсыздану мәніне тексеруге міндетті екендігіне нұсқайды (тізбесі толық болып табылмайды):

- Соның ішінде Топ ұйымы белгілі бір учаскені барлауға құқылы болған кезең өтіп кеткенде немесе таяу арада өтеді және оның ұзартылуы күтілмейді;
- Белгілі бір учаскеде минералды ресурстарды одан әрі барлауға және бағалауға едәуір шығыстар бюджетке қосылмаған және жоспарланбайды;
- Белгілі бір учаскеде минералды ресурстарды барлау және бағалау минералды ресурстардың коммерциялық тиімді көлемдерін анықтауға әкеліп соқтырмады және Топ ұйымы белгілі бір учаскеде мұндай қызметті тоқтату шешімін қабылдады;
- Жеткілікті деректер белгілі бір учаскені әзірлеу ықтималдылығына қарамастан барлау және бағалау жөніндегі активтің ағымдағы құны нәтижелі әзірлеудің немесе өткізудің нәтижесінде толық шамада өтелмейтіндігін көрсетеді.

Сату үшін ұсталатын активтер және тоқтатылған қызмет

Сату үшін ұсталатын деп жіктелген ұзақ мерзімді активтер мен шығу топтары сатуға арналған шығындар шегеріліп, ағымдағы құн мен әділ құнның ең азы бойынша бағаланады. Ұзақ мерзімдер активтер және шығу топтары, егер олардың ағымдағы құны өтеуге жататын болса негізінен қолданудың жалғасуы нәтижесінде емес, сату жолымен сату үшін ұсталатын ретінде жікттейді. Бұл шарт егер сату мүмкіндігі жоғары, ал актив немесе шығу тобы өзінің ағымдағы жағдайында жедел сатылуы мүмкін болса, сақталған болып саналады.

Басшылықтың оған қатысты жіктелген күннен бастап бір жыл ішінде аяқталған сату мәмілесі ретінде тану өлшемдеріне сәйкес күтілуге тиіс сатып алуды жасауға бекем ниеті бар.

Есепті кезең үшін, сондай-ақ өткен жылдың салыстырмалы кезеңі үшін жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте тоқтатылған қызметтен болған кірістер мен шығыстар, тіпті егер сатылғаннан кейін Топ еншілес ұйымдағы бақыланбайтын қатысу үлесін сақтап қалса да, салық салынғаннан кейін пайда деңгейіне дейін төмендей отырып жалғасып отырған қызметтен кірістер мен шығыстарды бөлек есепке алынады. Нәтиже беретін пайда немесе зиян (салықтар шегерілгеннен кейін) жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте бөлек ұсынылады.

Сатуға арналған ретінде жіктелгеннен кейін негізгі құралдар мен материалдық емес активтер амортизациялауға жатпайды.

Активтің шығуы бойынша міндеттеме (пайдаланудан шығару)

Пайдаланудан шығаруға арналған резервтер Топтың объектіні немесе негізгі құралды қайта монтаждау мен көшіру бойынша және объекті тұрған учаскені қалпына келтіру бойынша міндеттемесі болған кезде, сондай-ақ мұндай резервті пайымды бағалауды жүзеге асыру мүмкін болған кезде, дисконтталған ақша ағындарының негізінде толық көлемде танылады. Танылған сома жергілікті шарттар мен талаптарға сәйкес анықталған бағаланған болашақ шығыстардың ағымдағы құнын білдіреді. Сондай-ақ тиісті негізгі құрал танылған резервтің мөлшеріне баламалы сомада танылады. Соның салдарынан, бұл актив тиісті амортизациялау әдісі негізінде өндіріске және тасымалдауға капиталдандырылған шығындардың бір бөлігі ретінде амортизацияланады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТИЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)****Активтің шығуы бойынша міндеттеме (пайдаланудан шығару) (жалғасы)**

Міндеттемелерді өтеу үшін қажетті экономикалық пайда негізінде жататын есепті мерзімдегі немесе ресурстардың қайту сомасындағы өзгерістердің нәтижесі болып табылған пайдаланудан шығару жөніндегі қазіргі резервті бағалаудағы өзгерістер, немесе дисконттау мөлшерлемесіндегі өзгеріс мынадай түрде ескеріледі, соның салдарынан:

- (а) Резервтегі өзгерістер ағымдағы кезеңдегі тиісті активтің құнына қосылады немесе есептен шығарылады;
- (б) Активтің құнынан шығарылған сома оның ағымдағы құнынан аспауы тиіс. Егер резервтегі төмендеу активтің ағымдағы құнынан асып түссе, асып түсу дереу жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады; және
- (в) Егер түзету актив құнының ұлғаюына әкеліп соқтырған жағдайда, Топ бұл активтің жаңа ағымдағы құны толығымен өтеле алмайтындығының көрсеткіші болып табылатындығын қарастырады. Егер бұл мұндай көрсеткіш болып табылса, Топ активтің өтелетін құнын бағалау арқылы оны құнсыздануға тестілейді және 36 ХҚЕС-ке (IAS) сәйкес құнсыздану бойынша кез келген залалды ескереді.

Қаржы активтері***Бастапқы тану және бағалау***

Қаржы активтері алғаш рет танылғанда кейіннен амортизацияланған құны бойынша, басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша және пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктеледі. Қаржы активтерінің бастапқыда танылған кездегі жіктелуі келісімшартта көзделген қаржы активі мен Топ бұл активтерді басқару үшін қолданатын бизнес-модель бойынша ақша ағындарының сипаттамаларына тәуелді болады. Қаржыландырудың едәуір компонентін қамтымайтын немесе соған қатысты Топ іс жүзіндегі сипаттың жеңілдетілуін қолданған сауда дебиторлық берешекті қоспағанда, Топ қаржы активтерін бастапқыда пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын қаржы активтері жағдайында мәміле бойынша шығындар сомасына ұлғайтылған әділ құны бойынша бағалайды. Қаржыландырудың едәуір компонентін қамтымайтын немесе соған қатысты Топ іс жүзіндегі сипаттың жеңілдетілуін қолданған сауда дебиторлық берешек 15 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес айқындалған мәміленің бағасы бойынша айқындалады.

Борыштық қаржы активі амортизацияланған құны бойынша немесе басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша жіктелуі және бағалануы үшін ол өтелмеген негізгі сомаға «борыштың негізгі сомасы мен пайыздардың (SPPI) есебінен төлемдер ғана» білдіретін ақша ағындарының пайда болуына әкеп соқтыруы тиіс. Мұндай бағалау SPPI-тест деп аталады және әрбір құралдың деңгейінде жасалады. Топ қаржы активтерін басқару үшін пайдаланатын бизнес-модель ақша ағындарын әкелу мақсатында Топ өзінің қаржы активтерін басқаратын тәсілді сипаттайды. Бизнес-модель ақша ағындарының шартта көзделген ақша ағындарын алудың, қаржы активтерін сатудың немесе екеуінің де салдары болатындығын айқындайды. Заңнамамен немесе белгілі бір нарықта (стандартты талаптарда жасалатын сауда-саттық) қабылданған қағидамен белгіленген мерзімде активтерді жеткізуді талап етуші қаржы активтерін сатып алу немесе сату бойынша барлық операциялар ол жасалған күнге, яғни Топ активті сатып алуға немесе сатуға өзіне міндеттеме қабылдаған күнге танылады.

Кейінгі бағалау

Кейіннен бағалау мақсаттары үшін қаржы активтері екі санатқа жіктеледі:

- Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (борыштық құралдар);
- Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері.

Топтың басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша ескерілетін қаржы активтері болмады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)****Қаржы активтері (жалғасы)***Кейінгі бағалау (жалғасы)**Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (борыштық құралдар)*

Бұл санат Топ үшін барынша орынды болып табылады. Топ қаржы активтерін амортизацияланған құны бойынша бағалайды, егер келесі талаптардың екеуі де орындалса:

- Қаржы активі бизнес-модельдің шеңберінде ұсталыды, оның мақсаты қаржы активтерін шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін ұстау болып табылады; және
- Қаржы активінің шарттық талаптары көрсетілген күндерге борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне борыштың негізгі сомасы мен пайыздардың есебінен төлемдер ғана болып табылатын ақша ағындарын алуы негіздейді.

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып бағаланады және оларға құнсыздануға қатысты талаптар қолданылады. Пайда немесе зиян активтің мойындалуы тоқтаған, ол түрлендірілген немесе құнсызданған жағдайда пайданың немесе зиянның құрамында танылады. Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің санатына Топ сауда және басқа да дебиторлық берешекті, байланысты тараптарға берілген қарыздар мен банк салымдарын жатқызады.

Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері

Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің санатына Топ байланысты тараптарға берген және туынды қаржы құралдарын қамтитын кейбір қарыздар жатады. Солар бойынша ақша ағындары борыштың негізгі сомасының және пайыздардың есебінен тек төлемдер болып табылмайтын қаржы активтері пайдаланылатын бизнес-модельге қарамастан пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша жіктеледі және бағаланады. Борыштық құралдарды басқа да жиынтық кіріс арқылы амортизацияланған құны немесе әділ құны бойынша жоғарыда сипатталғандай жіктеуге арналған критерийлерге қарамастан, борыштық құралдар бастапқыда танылған кезінде, егер осы сияқты жіктеу есептегі сәйкессіздікті жойса немесе айтарлықтай азайтса, пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша ескерілетін ретінде жіктелуі мүмкін.

Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте әділ құны бойынша ескеріледі, ал олардың әділ құнының таза өзгеруі пайда немесе зиян құрамында жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады.

Тануды тоқтату

Қаржы активі (қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептен алынып тасталады) мойындалуын тоқтатады, егер:

- Активтен ақша ағындарын алу құқығының қолданылу мерзімі аяқталса; не болмаса
- Топ активтен ақша ағымын алу құқығын берсе не болмаса үшінші тарапқа түсетін ақша ағымдарын толық көлемде және «транзиттік» келісім бойынша ешбір елеулі кідірусіз төлеу бойынша өз мойнына міндеттеме алса; және не болмаса (а) Топ активтен болатын барлық тәуекелдер мен пайданы берсе, не болмаса (б) Топ активтен болатын барлық тәуекелдер мен пайданы бермей, оларды сақтамаса, бірақ осы активтің бақылауын берсе.

Егер Топ өзінің активтен ақша ағынын алу барлық құқығын берсе не транзиттік келісім жасаса, ол меншік құқығына байланысты тәуекелдер мен табысты сақтап қала алған-алмағанын және, егер сақтап қала алған болса, онда қандай көлемде екендігін бағалайды. Егер Топ активтен болатын барлық тәуекелдер мен табысты іс жүзінде бермесе және өзінде сақтамаса, сондай-ақ активке бақылауды бермесе, Топ берілген активке өзінің қатысуын жалғастыруы дәрежесінде тануын тоқтатады. Бұл жағдайда Топ тиісті міндеттемені де таниды. Берілген актив пен тиісті міндеттеме Топ сақтаған құқық пен міндеттемелерді көрсететін негізде бағаланады. Берілген актив бойынша кепілдік түрін қабылдайтын жалғасатын қатысу келесі өлшемдердің: активтің бастапқы баланстық құны немесе төленуін Топ талап етуі мүмкін өтемақының ең көп соманың ең азы бойынша бағаланады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)****Қаржы активтері (жалғасы)***Қаржы активтерінің құлсыздануы*

Топ пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын барлық борыштық қаржы активтеріне қатысты күтілетін несиелік зиянның (КНЗ) бағалау резервін мойындайды. КНЗ шартқа сәйкес Топқа тиесілі болатын ақша ағындары мен Топ бұл актив бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемеге шамамен тең болатын мөлшерлемені пайдалана отырып дисконтталған алуды күтіп отырған барлық ақша ағындарының арасындағы айырма ретінде есептеледі. Күтілетін ақша ағындарына ұсталатын қамтамасыз етуді сатудан немесе шарттық талаптардың ажырамас бөлігі болып табылатын несие сапасын арттырудың басқа тетіктерінен болатын ақша ағындары жатады.

КНЗ екі кезеңде танылады. Бастапқы танылған сәттен бастап несие тәуекелі айтарлықтай ұлғаймаған қаржы құралдары бойынша келесі 12 айдың (12 айлық КНЗ) ішінде мүмкін болатын дефолттардың салдарынан туындауы мүмкін несиелік зиянға қатысты зиянды бағалау резерві құрылады. Солар бойынша бастапқы танылған сәттен бастап қаржы құралдары үшін несиелік тәуекел айтарлықтай ұлғайған дефолттың орын алу мерзімдеріне қарамастан (бүкіл мерзім үшін КНЗ) осы қаржы құралының қалған қолданылу мерзімінің ішінде күтілетін несиелік зиянға қатысты залалға бағалау резерві құрылады.

Сауда және басқа да дебиторлық берешекке қатысты Топ КНЗ-ны есептеу кезінде жеңілдетілген тәсілді қолданады. Тиісінше, Топ несиелік тәуекелдің өзгерістерін қадағаламайды, ал оның орнына әрбір есепті күнге бүкіл мерзім үшін КНЗ тең сомада залалға бағалау резервін мойындайды. Топ қарыз алушылар мен жалпы экономикалық талаптарға тән болатын болжамды факторларды ескере отырып түзетілген несиелік зиянның пайда болуының өткен тәжірибесіне сүйене отырып бағалау резервтерінің матрицасын пайдаланды.

Егер шартта көзделген төлемдердің мерзімі 90 күнге өтіп кетсе, Топ қаржы активі бойынша дефолт болды деп есептейді. Дегенмен, белгілі бір жағдайларда Топ, егер ішкі немесе сыртқы ақпарат Топ ұстап қалатын несие сапасын арттыру тетіктерін ескерместен, Топтың шартта көзделген қалған төлемдердің барлық сомасын алатындығына нұсқаса, қаржы активі бойынша дефолт болды деген қорытындыға келе алады. Егер Топтың шартта көзделген ақша ағындарының өтелуіне қатысты негізделген үміттері болмаса, қаржы активі есептен шығарылады.

Тауар-материалдық қорлар

Тауар-материалдық қорлар өзіндік құн және ФИФО әдісі бойынша өткізудің таза құны екі өлшемнің ең азы бойынша ескеріледі. Оның құнына қорларды тиісті жерге жеткізумен және оларды ағымдағы күйге келтірумен байланысты әдеттегі қызмет барысында болған барлық шығындар жатады. Шікі мұнайдың және мұнай өнімдерінің құны, орташа өндіріс көлемінің негізінде тозу, таусылу және амортизация шығыстарының және үстеме шығыстардың тиісті бөлігін қоса алғанда, оларды өндірудің өзіндік құны болып табылады. Мұнай мен мұнай өнімдерін өткізудің таза құны, мұндай өткізумен байланысты шығыстарды шегере отырып, өткізудің болжамды бағасына негізделеді.

Қосылған құн салығы (ҚҚС)

Салық органдары нетто негізде сату мен сатып алу бойынша ҚҚС өтеуді жүргізуге мүмкіндік береді. Өтелуге жататын ҚҚС, ішкі нарықтағы сатулар бойынша ҚҚС-ты шегере отырып, ішкі нарықтағы сатып алулар бойынша ҚҚС-ты білдіреді. Экспортқа сатудың нөлдік мөлшерлемесі бар.

Ақша қаражаты мен оның баламалары

Ақша қаражаты мен оның баламаларына банк пен кассадағы ақша қаражаты, сондай-ақ бастапқы өтеу мерзімі үш айдан аспайтын қысқа мерзімді депозиттер жатады.

Қаржылық міндеттемелер*Бастапқы тану және бағалау*

Қаржылық міндеттемелер бастапқы тану кезінде пайда немесе зиян, несиелер, қарыздар мен берешек немесе туынды құралдар арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржылық міндеттемелер ретінде жіктеледі.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)****Қаржылық міндеттемелер (жалғасы)***Бастапқы тану және бағалау (жалғасы)*

Қаржылық міндеттемелер бастапқыда несиелер мен қарыздар болған жағдайда тікелей солармен байланысты мәміле бойынша шығындарға көбейтілген әділ құны бойынша мойындалады.

Топтың қаржылық міндеттемелеріне сауда және басқа да кредиторлық берешек, несиелер мен қарыз алулар, сондай-ақ туынды қаржы құралдары кіреді.

Кейінгі бағалау

Қаржылық міндеттемелерді одан кейінгі бағалау олардың жіктелуіне былайша тәуелді болады:

Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржылық міндеттемелер

Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржылық міндеттемелерге саудаға арналған қаржылық міндеттемелер мен пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын ретінде бастапқыда мойындау кезінде айқындалған қаржылық міндеттемелер кіреді.

Егер олар таяу арада сату мақсатында сатып алынған болса, қаржылық міндеттемелер саудалауға арналған деп жіктеледі. Бұл санатқа Топ шарт бойынша бір жақ болып табылатын, олар 9 ХҚЕС-те (IFRS) айқындалғандай хеджирлеу операциясында хеджирлеу құралдары ретінде айқындалмаған туынды қаржы құралдары жатады. Бөлінген ендірілген туынды құралдар тиімді хеджирлеу құралдары ретінде айқындалған жағдайларды қоспағанда, саудаға арналған деп жіктеледі.

Саудаға арналған міндеттемелер бойынша кірістер мен шығыстар пайда мен зиянда танылады.

Топтың пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын ретінде бастапқыда мойындалған кезде ол айқындалған қаржы міндеттемелері жоқ.

Сауда және басқа да кредиторлық берешек

Сауда кредиторлық берешек бастапқыда әділ құны бойынша көрсетіледі және кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып амортизацияланған құн бойынша бағаланады.

Несиелер мен қарыздар

Бастапқыда танылғаннан кейін пайыздық несиелер мен қарыздар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып амортизацияланған құн бойынша бағаланады. Мұндай қаржылық міндеттемелер бойынша кірістер мен шығыстар, оларды тануды тоқтатқанда, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалану арқылы амортизацияның есептелуіне қарай жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады.

Амортизацияланған құн сатып алу кезінде дисконттар немесе сыйақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын комиссиялық немесе шығындарды ескере отырып есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме амортизациясы қаржылық шығындар құрамына енгізіледі.

Егер Топ төлемді есепті күннен кейін кем дегенде 12 айға кейінге қалдыруға сөзсіз құқылы болмаса, қарыздар ағымдағы міндеттемелер ретінде жіктеледі. Жіктелетін активті сатып алуға, оның құрылысына немесе өндірісіне тікелей жататын қарыздар бойынша шығындар осындай актив құнының бір бөлігі ретінде капиталдандырылады. Қарыздар бойынша басқа шығындар пайда болу сәтіне кезең шығыстары ретінде танылады.

Қаржылық кепілдік шарттары

Топ шығарған қаржылық кепілдік шарттары ұстаушы шеккен залалды өтеу үшін төлем жасауды талап ететін шарттарды білдіреді, өйткені аталған борышкер борыштық құралдың талаптарына сәйкес төлемді мерзімінде жасамады. Қаржылық кепілдік шарттары бастапқыда кепілдіктің шығуымен тікелей байланысты мәміле бойынша шығындарды ескере отырып әділ құны бойынша міндеттеме ретінде танылады. Кейіннен міндеттеме келесі себептердің ең үлкені бойынша бағаланады: 9 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес есептелген күтілетін несиелік зиянның бағалау резерві және егер ондай болса, жинақталған амортизацияны шегере отырып танылған сома.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)****Қаржылық міндеттемелер (жалғасы)***Тануды тоқтату*

Қаржылық міндеттеменің танылуы, егер міндеттеме өтелсе, күші жойылса, немесе оның әрекет ету мерзімі аяқталған жағдайда тоқтатылады. Егер қолданыстағы қаржылық міндеттеме дәл сол кредитордың алдында едәуір ерекшеленетін талаптарда басқа міндеттемеге ауыстырылса немесе егер қолданыстағы міндеттеменің талаптары едәуір өзгертілсе, мұндай ауыстыру немесе өзгеріс бастапқы міндеттеменің танылуын тоқтату ретінде және жаңа міндеттемені танудың басталуы ретінде ескеріледі, ал олардың ағымдағы құнындағы айырмасы пайда мен зиянда танылады.

Қаржы құралдарының өзара есепке алынуы

Қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер өзара есепке алынуы тиіс, ал нетто-сомасы қазіргі сәтте мойындалған сомаларды өзара есепке алуға, сондай-ақ нетто-негізде есеп айырысу ниетіне не болмаса активтерді өткізуге және осымен бірге міндеттемелерді өтеуге заңгерлік құқық болғанда ғана қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте ұсынылуы тиіс.

Қаржы құралдарының әділ құны

Әрбір есепті күнге белсенді нарықтарда саудалануы жүзеге асырылып отырған қаржы құралдарының әділ құны мәміле бойынша шығасылар шегерілмей нарықтық баға белгілеулерге немесе дилерлердің баға белгілеулеріне сүйене отырып (ұзақ позицияларды сатып алуға арналған баға белгілеу және қысқа позицияларды сатуға арналған баға белгілеу) анықталады.

Олармен сауда белсенді нарықта жүзеге асырылмайтын қаржы құралдары үшін әділ құн тиісті бағалау әдістемелерін қолдану жолымен анықталады. Мұндай әдістемелерге таяу арада коммерциялық негізде жасалған мәмілелердің бағаларын пайдалану, сол сияқты құралдардың ағымдағы әділ құнын пайдалану; дисконтталған акша ағындарын талдау не болмаса басқа да бағалау модельдері кіруі мүмкін.

Резервтер

Резервтер, егер Топтың өткен оқиғалардың нәтижесінде туындаған ағымдағы міндеттемесі (заңды немесе ерікті түрде қабылданған) болса және міндеттемені өтеу үшін экономикалық пайданың кетуі қажет болады, ал мұндай міндеттеменің сомасы сенімді түрде айқындалуы мүмкін екендігінің едәуір ықтималдығы болса, танылады. Егер Топ резервтердің өтемақысын алуды болжаса, мысалы, сактандыру шарты бойынша, өтеу жекелеген актив ретінде тек өтемақының алынуы күмән келтірмеген жағдайда ғана танылады.

Егер акшаның уақытша құнының әсері елеулі болса, резервтер келешекте күтілетін акша ағындарын дисконттау арқылы акшаның уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағасын және бұл қолданылғанда, нақты міндеттемеге тән тәуекелдерді көрсететін салық салынғанға дейінгі ағымдағы мөлшерлеме бойынша айқындалады. Егер дисконттау қолданылса, резервтің ұлғаюы уақыт өтісімен қаржылық шығындар ретінде мойындалады.

Үкіметтің алдындағы міндеттемелер бойынша резервтер

Үкімет Топқа демеушілікпен және қаржыландырумен байланысты түрлі міндеттемелерді жүктейді. Топ басшылығы мұндай міндеттемелер конструктивті болып табылады және Үкіметтің шешімдеріне сәйкес танылуы тиіс деп болжап отыр. Үкімет Топтың түпкі акционері болып табылғандықтан, мұндай міндеттемелерді орындаумен байланысты шығыстар «акционерлерге басқа да бөлу» ретінде шоғырландырылған қаржылық есептілікте капитал құрамында танылады.

Жұмыскерлерге төлемдер*Зейнетақы жоспары*

Алдын ала айқындалған зейнетақы жарналары бар зейнетақы бағдарламасы бойынша төлемдер олардың төленуіне қарай шығыстарға жатады. Зейнетақымен қамсыздандырудың мемлекеттік жүйесі бойынша төлемдер Топтың мұндай жоспар бойынша міндеттемелері алдын ала айқындалған зейнетақы жарналары бар зейнетақы бағдарламасы бойынша туындайтын міндеттемелерге тең болғанда, белгіленген жарналары бар зейнетақы жоспарлары ретінде қарастырылады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТИЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)****Жұмыскерлерге төлемдер (жалғасы)***Қызметкерлерге ұзақ мерзімді сыйақылар*

Топ өз қызметкерлеріне Топ ұйымдары мен өз қызметкерлері арасындағы Ұжымдық шарттарға сәйкес зейнетке шыққанға дейін де және кейін де ұзақ мерзімді сыйақы төлейді. Ұжымдық шарт, атап айтқанда, зейнеткерлікке шыққанда біржолғы жәрдемақы төлеуді, еңбекке жарамсыздық, мерейтой және қаза болу жағдайында қызметкерлерге материалдық көмек көрсетуді және басқасын көздейді. Жәрдемақы алу құқығы әдетте қызметкердің зейнеткерлікке шыққанға дейін жұмысты жалғастырумен байланыстырылады.

Біржолғы жәрдемақыларды төлеу бойынша күтіліп отырған шығыстарды есептеу еңбек қызметі аяқталуы бойынша белгіленген төлемдері бар зейнетақылық жоспарларды есептеу кезінде қолданылатын әдіс бойынша қызметкердің еңбек қызметі ішінде жүзеге асырылады. Жыл ішінде туындаған актуарлық пайда мен зиян басқа жиынтық кірістің құрамында көрсетіледі. Осы мақсат үшін актуарлық пайда мен зиян актуарлық болжамдарға өзгерістердің әсерін де, актуарлық болжамдар мен нақты деректер арасындағы айырмаларға байланысты бұрынғы тәжірибенің әсерін де қамтиды. Басқа өзгерістер ағымдағы қызметтер құнын, бұрынғы қызметтер құнын және кадрлар қысқаруын немесе жасалған есеп айырысуларды қоса алғанда ағымдағы кезеңде танылады.

Зейнетақы міндеттемелерін есепке алғанда қолданылған аса елеулі болжамдар – бұл шегерім мөлшерлемесі мен қайтыс болуды болжау. Дисконт мөлшерлемесі болашақ міндеттемелердің таза келтірілген құнын анықтау үшін қолданылады және әр жылы осындай міндеттемелер бойынша дисконт амортизациясы жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте қаржылық шығындар ретінде көрсетіледі. Қайтыс болуды болжау сыйақы төлеудің болашақ ағынын болжамдау үшін қолданылады, ол сонан соң міндеттемелердің таза келтірілген құнын алу үшін шегеріледі.

Біржолғы демалыс жәрдемақылардан басқа, қызметкерлерге сыйақылар қызметкерлерге басқа ұзақ мерзімді сыйақылар ретінде қарастырылады. Осы сыйақылар бойынша күтіліп отырған шығыстарды есептеу қызметкердің еңбек қызметі ішінде белгіленген төлемдері бар зейнетақылық жоспарларды есептеу кезінде қолданылатын әдіспен жүзеге асырылады. Қызметкерлерге арналған басқа да ұзақ мерзімді сыйақылар бойынша актуарлық пайда мен зиян пайда немесе зиян құрамында танылады. Мұндай міндеттемелерді жыл сайынғы негізде тәуелсіз білікті актуарийлер бағалайды.

Түсімді тану

Топ уәде етілген тауарды немесе қызметті (яғни активті) сатып алушыға бере отырып, атқару бойынша міндеттемені орындаған кезде (немесе қалайша) түсім мойындалады. Сатып алушы бұл активке бақылауды алғанда (немесе қалай) актив беріледі, бұл әдетте келісімшарттың бағасы белгіленген немесе айқындалатын болып табылуы, ал дебиторлық берешекті алу мүмкіндігі негізделген түрде қамтамасыз етілген деген талаппен меншік құқығын беру кезінде орын алады. Атап айтқанда, шикі мұнай мен газды, сондай-ақ мұнай өнімдері мен басқа да тауарларды ішкі нарықта сатудан түскен кірістер, әдетте, оларға меншік құқығы өткен кезде танылады. Экспортқа сату үшін меншік құқығы, әдетте, ҚР шекарасында өтеді. Түсім кез келген сауда жеңілдіктерінің сомаларын, көлемі үшін жеңілдіктер мен өтелетін салықтарды ескере отырып, алынған немесе алынуға жататын сыйақының әділ құны бойынша бағаланады.

Қосалқы қызметтерді сату қызметтің бағасы айқындалуы мүмкін және кірістердің алынуына қатысты елеулі белгісіздіктің жоқ екендігі талабымен қызметтердің көрсетілу шамасына қарай танылады.

Пайыздық кіріс пен шығыс

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын барлық қаржы құралдары бойынша пайыздық кіріс пен пайыздық шығыс тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша көрсетіледі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме - осы мөлшерлеме бойынша дисконттау кезінде күтілетін болашақтағы ақшалай төлемдер немесе қаржы құралын пайдаланудың болжамды мерзімі ішіндегі немесе өте қысқа уақыт кезеңі ішіндегі түсімдер, олар қолданылатын жерде бұл қаржы активінің немесе қаржылық міндеттеменің таза баланстық құнына дәлме-дәл келтіріледі. Пайыздық кіріс қаржылық кірістің құрамына қосылады және пайыздық шығыс жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте қаржылық шығыс құрамында көрсетіледі.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)****Түсімді тану (жалғасы)***Сауда дебиторлық берешек*

Дебиторлық берешек Топтың шартсыз болып табылатын өтемақы сомасына құқығын білдіреді (яғни ақы төлеу мерзімінің орын алуы үшін тек уақыт қана қажет).

Шарттық міндеттемелер

Шарттық міндеттеме – Топ сатып алушыдан өтемақыны (немесе өтемақы сомасы күтіледі) алған тауарларды немесе қызметтерді сатып алушыға беру міндеттемесі. Сатып алушы өтемақыны Топ тауарды немесе қызметті сатып алушыға беру сәтіне дейін төлеген жағдайда, Топ шарттық міндеттемені төлемді жүзеге асыру сәтіне немесе төлем төленуге жататын болған сәтте (қайсысының бұрын орын алатындығына қарай) мойындайды. Топ шарт бойынша өз міндеттемелерін орындағанда шарттық міндеттемелер түсіммен мойындалады.

Шығыстарды тану

Шығыстар пайда болу сәтіне ескеріледі және олар есептеу әдісінің негізінде жатқызылған кезеңде шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетіледі.

Табыс салығы

Бір жылғы табыс салығына ағымдағы табыс салығы, үстеме пайда салығы және мерзімі ұзартылған салық кіреді. Ағымдағы және алдыңғы кезеңдер үшін ағымдағы табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелер салық органдарына өтеледі немесе төленеді деп болжанатын сома бойынша бағаланады. Осы соманы есептеу үшін қолданылатын салық мөлшерлемелері мен салық заңнамасы, – есепті күнге қабылданған немесе нақты қабылданған мөлшерлемелер мен заңдар. Тікелей капиталда мойындалған баптарға қатысты ағымдағы корпоративтік табыс салығы («КТС») жиынтық кіріс туралы есепте емес, капиталдың құрамында танылады.

Үстеме пайда салығы (бұдан әрі «ҮПС») табыс салығы ретінде қарастырылады және табыс салығы бойынша шығыстардың бір бөлігін құрады. Қолданыстағы салық заңнамасына сәйкес Топ жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір келісімшартқа қатысты ҮПС-ты жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір бөлек келісімшарт бойынша жиынтық жылдық кірістің бір жылғы аударымдарға ара қатынасының негізінде құбылмалы мөлшерлемелер бойынша есептейді және төлейді. ҮПС-ты қолдануды көздейтін жиынтық жылдық кірістің әрбір салық жылындағы аударымдарға ара қатынасы 1,25:1 құрайды. ҮПС мөлшерлемелері әрбір келісімшартқа қатысты аударымдардың 25% артық жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір келісімшартқа қатысты салықтық таза кірістің (КТС пен рұқсат етілген баға белгілеулер есептен шығарылғаннан кейін салық салынатын кіріс) бір бөлігі қолданылады.

Мерзімі ұзартылған салық КТС, сол сияқты ҮПС үшін есептеледі. ҮПС мерзімі ұзартылған салық келісімшарт бойынша төленуге жататын ҮПС-тің күтілетін мөлшерлемесі бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарға жатқызылған активтер үшін уақыт айырмалары бойынша есептеледі.

Мерзімі кейінге қалдырылған салық есепті күнге активтердің салық базасы мен міндеттемелер және олардың қаржылық есептілігі үшін ағымдағы құны арасындағы уақыт айырмасын анықтау арқылы міндеттемелер әдісімен айқындалады.

Мерзімі ұзартылған салық міндеттемелері мына жағдайлардан басқа, барлық салық салынатын уақыт айырмалары бойынша мойындалады:

- Мерзімі ұзартылған салықтық міндеттеме гудвилді не болмаса бизнесті біріктіру болып табылмайтын және оның жасау сәтіне бухгалтерлік пайдаға да, сол сияқты салық салынатын пайдаға немесе шығынға әсер етпейтін операция бойынша активті немесе міндеттемені бастапқыда мойындаудың нәтижесінде туындайды; және
- Еншілес компанияларға, қауымдасқан компанияларға, сондай-ақ бірлескен кәсіпорындарға қатысу үлестерімен инвестицияларға байланысты салық салынатын уақыт айырмаларына қатысты, егер уақыт айырмаларын қалпына келтіру уақытын бақылау мүмкін болса және уақыт айырмасы таяу болашақта азаймайтындығына елеулі мүмкіндік бар болса.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)****Табыс салығы (жалғасы)**

Мерзімі ұзартылған салық активтері, мына жағдайлардан басқа, соған қарсы есептен шығарылатын уақыт айырмалары, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері мен пайдаланылмаған салық шығындары есепке алынуы мүмкін салық салынатын пайда болады деген едәуір ықтималдылық болатын дәрежеде барлық есептен шығарылатын уақыт айырмалары, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері және пайдаланылмаған салық шығындары бойынша танылады:

- Есептен шығарылатын уақыт айырмаларына қатысты мерзімі ұзартылған салық активтері бизнесті біріктіру болып табылмайтын және операцияны жасау сәтіне бухгалтерлік пайдаға да, сол сияқты салық салынатын пайдаға немесе шығынға әсер етпейтін мәміле бойынша активті немесе міндеттемені бастапқыда мойындаудың нәтижесінде туындағанда; және
- Еншілес ұйымдарға, қауымдасқан компанияларға, сондай-ақ бірлескен қызметке қатысу үлесімен инвестицияларға байланысты шегерілетін уақыт айырмаларына қатысты мерзімі ұзартылған салық активтері таяу болашақта уақыт айырмашылықтары пайдаланылуы және соған қарсы уақыт айырмаларын пайдалануға болатындай жеткілікті салық салынатын пайда болуы мүмкін екендігі елеулі бар дәреже ғана танылады.

Мерзімі ұзартылған салық активтерінің ағымдағы құны әрбір есепті күнге қайта қаралады және егер кейінгі қалдырылған салық активтерінің барлығын немесе бір бөлігін пайдалануға мүмкіндік беретін жеткілікті салық салынатын табысқа қол жеткізу шамалы деп бағаланатын дәрежеде азаяды. Танылмаған кейінгі қалдырылған салық активтері әрбір есепті күнге қайта қаралады және келешек салық салынатын пайда кейінгі қалдырылған салық активтерін пайдалануға мүмкіндік беруі елеулі мүмкіндігі пайда болатын дәрежеде танылады. Мерзімі ұзартылған салық активтері мен міндеттемелер есепті күнге қолданысқа енгізілген немесе есепті күнгі жағдай бойынша күшіне енген немесе нақты күшіне енген салық мөлшерлемелерінің (және салық заңнамасының) негізінде міндеттемелер өтеліп, актив өткізілгенде есепті жылда қолданады деп болжанып отырған салық мөлшерлемелері бойынша бағаланады.

Тікелей капиталда мойындалған баптарға қатысты мерзімі ұзартылған салық жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте емес, капиталдың құрамында танылады. Мерзімі ұзартылған салық активтері және мерзімі ұзартылған салық міндеттемелері егер ағымдағы салық активтері ағымдағы салық міндеттемелеріне қарсы есепке алудың заңда бекітілген құқығы бар болса және кейінгі қалдырылған салықтар сол бір салық салынатын компанияға және салық органына жататын болса, бір-біріне қарама-қарсы есепке алынады. Мерзімі ұзартылған салық активтері бойынша активтер салық салынатын уақытша айырмалар мен осындай шығыстардың коммерциялық сипатының негізделетіндігі мүмкіндігі бар дәрежеде барлық резервтер мен ауыстырылған салық шығындары бойынша танылады. Басшылықтың елеулі пайымдаулары жоспарланатын деңгей мен кірістілік уақытының негізінде, сондай-ақ салықтық жоспарлау стратегиясының табысты қолданылуының негізінде танылуы мүмкін кейінгі қалдырылған салық жөніндегі активтерді бағалау үшін талап етіледі.

Капитал***Бақыланбайтын қатысу үлесі***

Бақыланбайтын қатысу үлестері Компанияның акционерлеріне жататын капиталдан бөлек меншікті капиталдың құрамында қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген. Еншілес ұйымның шығындары тіпті егер бұл теріс сальдоға әкеп соқтырған жағдайда да Топ акционерлеріне және бақыланбайтын қатысу үлесіне жатады.

Дивидендтер

Дивидендтер есепті мерзімге дейін жарияланған жағдайда ғана міндеттемелер ретінде танылады және есепті мерзімдегі капитал сомасынан шегеріледі. Дивидендтер туралы ақпарат, егер олар есепті күнге дейін жарияланса, сондай-ақ есепті күннен кейін, бірақ шығаруға арналған шоғырландырылған қаржылық есептілікті бекіткен күнге дейін жарияланса, есептілікте ашып көрсетіледі.

Акционерлерге бөлу

Топ ҚР Президентінің Тапсырмасы бойынша Үкіметтің Қаулыларына немесе Самұрық-Қазынаның шешімдеріне немесе нұсқаулықтарына сәйкес шеккен шығындар капитал арқылы бөлулер ретінде ескеріледі. Мұндай шығындарға Топтың профиліне емес қызметіне (әлеуметтік нысандарды салу және Самұрық-Қазынаға беруге арналған) байланысты шығыстар кіреді.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)****Есепті күннен кейінгі оқиғалар**

Есепті жыл аяқталғаннан кейін орын алған және қаржылық жағдай туралы есепті дайындау күніне болған шарттардың дәлелдерін білдіретін оқиғалар (түзетуші оқиғалар) шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетіледі. Есепті жыл аяқталғанда болған және түзетуші оқиғалар болып табылмайтын оқиғалар, егер олар мәнді болса, шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелерде ашылады.

4. МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІК БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау оның басшылығынан есептілікте көрсетілетін түсімдер, шығыстар сомасына, активтерге және міндеттемелерге, сондай-ақ есепті күнге шартты міндеттемелер туралы ақпаратты ашуға әсер ететін бағалау мәндерін және болжауларды пайымдау мен анықтау енгізуді талап етеді. Алайда осы болжаулар мен бағалау мәндеріне қатысты айқынсыздық келешекте осындай болжаулар мен бағалау қолданылатын активтер мен міндеттемелердің ағымдағы құнын елеулі түзетуді талап етуі мүмкін.

Құнсыздану тестісін жүргізу кезінде қабылданған жорамалдар

Топ ұзақ мерзімді активтердің құнсыздану белгілерінің болуын бағалады және құнсыздану белгілері анықталған жерде Топ құнсыздануға тест өткізді.

Топтың Brent маркалы мұнайға болжамды бағаларға, теңгенің АҚШ долларына айырбастау бағамы мен инфляцияның көрсеткіштеріне қатысты ұзақ мерзімді жорамалдары қайта қаралды және сыртқы дерек көздерінен алынған болжамдарға және ұзақ мерзімді нарықтық үміттерді болжайтын тәуелсіз зерттеу ұйымдарының бағалауларына негізделген. Өндіріс көлемдерінің есептеулері еншілес ұйымның дәлелденген әзірленген және әзірленбеген қорларына, сондай-ақ елеулі бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялар үшін дәлелденген және ықтимал қорларына негізделген. Өндіру кезеңі жер қойнауын пайдалану келісімшарттарының қолданылу мерзімінің аяқталу күнімен не болмаса Топтың лицензияның қолданылу мерзімін ұзартуға иеті болғанда, лицензияның қолданылу мерзімін ұзарту кезеңімен айқындалады. Өндірістің бағаланған көлемі Топтың өндірістік жоспарларына негізделген, олар, негізінен, жер қойнауын пайдалану келісімшарттарының қолданылу мерзімін ұзартуға арналған өтінімдерді беру үшін пайдаланылады.

Дисконттау мөлшерлемелері ақша ағындарын жасайтын бөлек бірлік капиталының орташа алынған құнының негізінде есептелді және функционалдық валютаға, өндіріс кезеңіне, тәуекел үшін сыйлықақыға, бета коэффициентке және ақша ағындарын жасайтын тиісті бірліктің меншікті және қарызға алынған қаражатының ара қатынасына қарай 10,86%-дан бастап 14,96%-ға дейін құбылып отырды.

Ұзақ мерзімді баға жорамалдары Bloomberg consensus, сондай-ақ қысқа мерзімді жорамалдың негізінде қабылданды, әрі солар бойынша бағалар 2022 жылға нақты көрсеткіштерде төменде көрсетілген:

	2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл	2026 жыл	2027 жыл
Brent маркалы мұнай (ICE Brent \$/баррель)	93,94	88,00	85,00	80,05	81,65

«Мұнай мен газды барлау және өндіру» сегментінде құнсыздану шығыстары 2022 жылы 12.113 миллион теңге болды. Құнсыздану бойынша шығыстар негізінен «Оңтүстік Өріқтау» жобасы бойынша 8.895 миллион теңге мөлшерінде және «Исатай» жобасы бойынша 3.172 миллион теңге мөлшерінде барлау және бағалау жөніндегі активтерге жатады.

Көптеген мұнай және мұнайды қайта өңдейтін активтердің өтелетін құнының баланстық құнынан асуы бағалардың өзгеруіне немесе басқа да жорамалдарға сезімтал келеді. Келесі қаржы кезеңдерінің ішінде болған өзгерістер бұл активтердің өтелетін құны олардың ағымдағы баланстық құнынан асып түсуіне немесе төмен болып қалуына әкеп соқтыра алады және тиісінше, сол кезеңде құнсызданудың қалпына келу немесе есептелу тәуекелі бар.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**4. МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІ БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР (жалғасы)****Мұнай және газ қорлары**

Мұнай мен газдың қорларын бағалау тозу, ескіру және амортизация бойынша Топтың есеп айырысуында маңызды фактор болып табылады. Топ Қоғамның мұнай-газ инженерлерінің әдістемесіне сәйкес өзінің мұнай мен газ қорларын бағалайды. Мұнай-газ инженерлері қоғамының әдістемесі бойынша қорларды бағалау кезінде Топ ұзақ мерзімді жоспарлы бағаларды пайдаланады. Дәлелденген қорларды бағалау үшін жоспарлы бағаларды пайдалану жыл соңына спот бағаларды пайдалануға тән тұрақсыздықтың ықпалын жояды. Басшылық ұзақ мерзімді жоспарлы бағалар бойынша жорамалдар өндіру қызметінің ұзақ мерзімді сипатына көбірек сәйкес келеді және мұнай мен газдың қорларын бағалау үшін барынша лайықты негізді білдіреді деп есептейді.

Қорлардың барлық бағалаулары кейбір белгісіздік дәрежесін білдіреді. Белгісіздік негізінен мұндай деректерді бағалау және түсіндіру сәтіне қолжетімді болатын геологиялық және инженерлік деректердің көлеміне тәуелді болады.

Салыстырмалы түрдегі белгісіздік деңгейі қорларды екі негізгі санаттың біріне: дәлелденген немесе дәлелденбеген қорларға жатқызу арқылы көрсетілуі мүмкін. Дәлелденген қорларды өндіруде дәлелденбеген қорлармен салыстырғанда үлкен айқындылық бар және дәлелденген қорлар оларды өндіру мүмкіндігіне қатысты белгісіздіктің прогрессивті өсуін белгілеу үшін әзірленген және әзірленбеген қорларға бөлінуі мүмкін.

Жыл сайын бағалаулар талданып, түзетіліп отырады. Түзетулер қолдағы геологиялық деректерді, өндіру туралы өнеркәсіптік параметрлерді немесе деректерді бағалау немесе қайта бағалау; жаңа деректердің; немесе бағалар бойынша жорамалдардағы өзгерістердің салдарынан туындайды. Қорларды бағалау сондай-ақ кері әрекетті арттыру үшін жобалардың қолданылуы, пласт өнімділігіндегі өзгерістердің немесе әзірлеу стратегиясындағы өзгерістердің салдарынан қайта қаралуы мүмкін. Дәлелденген әзірленген қорлар тозуды, тауысылуды және амортизацияны есептеу үшін орындалған жұмыс көлеміне тепе-тең етіп амортизация мөлшерлемелерін есептеу үшін пайдаланылады. Топ бастапқы лицензиялық кезең ішінде өндірілетін болады деп күтілетін ретінде осындай көлемді ғана дәлелденген қорларға қосты. Бұл ұзарту бойынша рәсім нәтижесіне жатқызылатын айқындылықтың болмауынан пайда болды. Өйткені лицензияларды ұзарту ең соңында Үкіметтің қарауы бойынша жүзеге асырылады. Топтың лицензиялық кезеңдерін ұзарту және қорлардың көрсетілген қорларын тиісінше ұлғайту, әдетте, тозу бойынша неғұрлым төменгі шығысқа әкеледі және кірістерге біршама әсер етуі мүмкін. Дәлелденген әзірленген қорлардың кемуі тозуға, тауысылуға және амортизацияға арналған ақша аударымдарының ұлғаюына (тұрақты өндіру деңгейінде), кірістің азаюына әкеліп соқтырады және сондай-ақ мүліктің ағымдағы құнының тікелей азаюына әкеліп соқтыра алады. Салыстырмалы түрде пайдаланылатын кен орындарының саны болған кезде өткен жылмен салыстырғанда қорларды бағалауға кез келген өзгерістер тозуға, ескіруге және амортизацияға аударымдарға біршама әсер етуі мүмкіндігі болады.

Құнсыздану тестісінің жыл сайынғы нәтижелері туралы толық ақпарат *15-ескертемеде* ашып көрсетілген.

Мұнай-газ активтерінің, мұнайды қайта өңдейтін және басқа активтердің өтелетіндігі

Топ активтерді немесе ақша қаражатын жасайтын активтер тобын («жасайтын бірлік») оқиға немесе жағдаяттардағы өзгерістер олардың құны өтелмейтіндігін куәландырған жағдайларда индикаторлардың болуын айқындау үшін бағалайды. Егер мұндай индикатор бар болып шықса, өткізу шығыстарын және пайдалану құнын шегере отырып әділ құнынан барынша жоғары мән ретінде қарастырылатын өтелетін құнның лайықты бағалануы жүргізіледі. Бұл есептемелер мұнайдың ұзақ мерзімді бағасы, дисконт мөлшерлемелері, болашақтағы капитал қажеттілігі, тәуекел мен белгісіздікке ұшыраған операциялық қызмет (бұл өндіру және сату көлемдерін қамтиды) сияқты бағалаулар мен жол берулерді пайдалануды қамтиды. Егер активтің немесе активтер тобының баланстық құны олардың өтелетін құнынан асатын болса, актив немесе активтер тобы құнсызданған болып есептеледі, олардың баланстық құны өтелетін құнға дейін азаяды. Өтелетін құнды бағалау кезінде келешекте күтілетін ақша ағындары активтер тобына тән болатын тәуекелдерге түзетіледі және ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағалауын және активке тән тәуекелдерді көрсететін дисконттау мөлшерлемесі бойынша келтірілген құнға дейін дисконтталады. Әділ құн активті және/немесе әкелуші бірлікті нарықтық талаптарда мәлім және мұндай мәмілені жасауға дайын тараптардың арасында сатудан түсуі мүмкін сома ретінде айқындалады және компанияға тән болуы мүмкін және жалпы қолданылмайтын факторлардың әсерін ескермейді.

Гудвилді қоса алғанда, КМГИ АҚБ

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Топ гудвилдің және КМГИ бөлімшелерінің құнсыздануына, оның ішінде мұнай өнімдерін өткізу, қайта өңдеу және құнсыздану индикаторларының болуына орай басқа активтер бойынша тест өткізді. Құнсыздануды талдау нәтижесінде КМГИ бөлімшелерінің өтелетін құны олардың баланстық құнынан асты (*15-ескертеме*).

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**4. МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІ БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР (жалғасы)****Мұнай-газ активтерінің, мұнайды қайта өңдейтін және басқа активтердің өтелетіндігі (жалғасы)***Гудвилді қоса алғанда, ПМХЗ*

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанына Топтың «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС-ті (бұдан әрі - «ПМХЗ») сатып алуымен байланысты 88.553 миллион теңге мөлшерінде гудвилі бар (19-ескертіле). 2022 және 2021 жылдардың желтоқсанында Топ қазіргі уақытта қолданылатын толлинг нобайын пайдалана отырып, ПМХЗ гудвиліне жыл сайынғы тестілеуді өткізді. Құнсыздану индикаторларын талдау кезінде Топ шикі мұнайды қайта өңдеу көлемдерінің болжамын, мұнайды қайта өңдеу тарифтерін, күрделі шығындарды және басқа да факторларды ескерді. ПМХЗ өтелетін құнды дисконтталған ақша ағындарының үлгісін пайдалана отырып есептеді. 2022 жылы 12,86% (2021: 12,06%) дисконттау мөлшерлемесі салықтарға дейін капиталдың орташа алынған құнының негізінде есептелді. Ажырамайтын тәуекел жеке бета-факторды қолдану арқылы қосылды. Бета-фактор ортақ қолжетімді нарықтық деректердің негізінде бағаланды. 2031 жылға дейінгі болжамды ақша ағындары басшылықтың ықтимал операциялық және күрделі шығындар бойынша ағымдағы бағалауын болжайтын, ПМӨЗ-дың 2023-2027 жылдарға (2021: 2022-2026 жылдар) бес жылдық бизнес-жоспарына негізделген. 2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша пайдалану құндылығының негізінде есептелген ПМХЗ гудвилінің өтелетін құны оның баланстық құнынан көп болды, тиісінше, құнсыздану танылмады.

Болжамдардағы өзгерістерге сезімталдық

ПМХЗ гудвилінің өтелетін құнын бағалау нәтижелері негізгі жорамалдарды, атап айтқанда, дисконттау мөлшерлемесін өзгертумен, сондай-ақ терминалды кезеңде жоспарланған EBITDA мәндерін өзгертумен байланысты жол берулерді өзгертуге сезімтал болып табылады. Дисконттау мөлшерлемесінің 1,0%-дан 13,86%-ға дейін артуы (2021: 13,06%) және EBITDA жоспарланған мәнінің терминалды кезеңде 1%-ға төмендеуі ПМХЗ жасайтын бірліктің өтелетін құнының оның баланстық құнына дейін азаюына әкеп соқтырмайды.

Басқа да АҚГБ

Топтың шикізат тауарларына бағаларды қайта қарау және басқа да жорамалдар «Шикі мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу және өткізу» АҚГБ басқа сегменттерінде құнсыздану шығыстарының пайда болуына әкеп соқтырмады.

Активтердің шығуы бойынша міндеттемелер*Мұнай-газ активтері*

Белгілі бір келісім-шарттардың талаптары бойынша заңнамаға және нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес Топтың негізгі құралдарды қайта монтаждау және жою және кез келген кен орындарындағы жер учаскелерін қалпына келтіру бойынша заңды міндеттемелері болады. Атап айтқанда, Топтың міндеттемелеріне барлық өндірістік емес ұңғымаларды біртіндеп жабу және құбырларды, ғимараттарды қайта монтаждау және келісімшарттық аумақты рекультивациялау сияқты қызметті түпкілікті тоқтату, сондай-ақ әрбір өндірістік учаскеде қоршаған ортаны ластау бойынша пайдаланудан шығару әрекеттері жатады. Лицензияның қолданылу мерзімі Топтың қарауы бойынша ұзартылмайтындықтан, түпкілікті жабу бойынша кен орнындағы міндеттемелерді өтеудің есеп мерзімі әрбір лицензиялық кезең аяқталған күн болып табылады. Ұңғымаларды жоюды қаржыландыру бойынша Топтың міндеттемелерінің және түпкілікті жабу бойынша шығыстардың көлемі тиісті келісім-шарттардың және қолданыстағы заңнаманың талаптарына байланысты.

Міндеттемелер лицензиялық кезең соңында түпкілікті жою және түпкілікті жабу бойынша мұндай шығыстарды қаржыландыру бойынша келісімшарт та, заңнама да белгілі бір міндеттемені түсіндірмеген сол жағдайларда танылмайды. Мұндай шешімді қабылдау кейбір айқындылықтың болмауымен және біршама байымдаулармен түсіндіріледі. Басшылықтың мұндай міндеттемелердің болуына немесе болмауына қатысты бағасы Үкіметтің саясаты мен тәжірибесіндегі немесе жергілікті салалық тәжірибеге өзгерістермен бірге өзгеруі мүмкін.

Топ активтердің істен шығуы бойынша міндеттемелерді әрбір келісім-шарт бойынша бөлек есептейді. Міндеттемелердің сомасы инфляцияның күтілетін деңгейіне түзетілген және қазақстандық нарыққа тән тәуекелдерге түзетілген өтпелі экономикамен елдің мемлекеттік борышы бойынша орташа ұзақ мерзімді тәуекелсіз пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып дисконтталған міндеттемелерді өтеу үшін күтілетін, талап етілетін ретіндегі бағаланған шығындардың ағымдағы құны болып табылады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**4. МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІ БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР (жалғасы)****Активтердің шығуы бойынша міндеттемелер (жалғасы)*****Мұнай-газ активтері (жалғасы)***

Активтердің істен шығуы бойынша міндеттеме әрбір есепті күнге қайта каралады және «Негізгі құралдардың объектісін пайдаланудан шығару, олар орналасқан учаскедегі табиғи ресурстарды қалпына келтіру бойынша міндеттемелерге және өзге де осыған ұқсас міндеттемелерге өзгерістер» І КИМСФО түсіндірмеге сәйкес ең үздік бағаны көрсету үшін түзетіледі.

Активтерді жабуға және есептен шығаруға болашақтағы шығындарды бағалау кезінде мәнді бағалар мен басшылық жасаған пайымдаулар пайдаланылды. Бұл міндеттемелердің көпшілігі алыс болашаққа жатқызылады және заңнама талаптарындағы түсініксіздіктен басқа, Топтың бағасына активтерді жою технологиясындағы шығындардағы және салалық тәжірибедегі өзгерістер әсер етуі мүмкін. Топ ағымдағы жылдың бағасын және ұзақ мерзімді инфляция деңгейінің орташа мәнін пайдалана отырып, ұңғымаларды болашақ жою құнын бағалайды.

Ұзақ мерзімді инфляция және Топ кәсіпорындары бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп бойынша міндеттемелерді айқындау үшін пайдаланылған дисконттау мөлшерлемелері 2022 жылғы 31 желтоқсанда 2,09%-дан 15,05%-ға дейін және тиісінше 6,42%-дан 12,38%-ға дейінгі аралықта болды (2021 жылғы 31 желтоқсан: 2,23%-дан 8,10%-ға дейін және 3,80%-дан 10,25%-ға дейін). 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың мұнай-газ активтерін жою міндеттемесіне резервтің баланстық құны 88.163 миллион теңгені құрады (2021 жылғы 31 желтоқсанға: 174.913 миллион теңге) (29-ескертіме).

Магистральдық мұнай құбырлары мен газ құбырлары

2012 жылғы 4 шілдеде күшіне енген «Магистральдық құбыр туралы» ҚР Заңына сәйкес, «ҚазТрансОйл» АҚ (бұдан әрі - ҚТО) пайдаланып болғанын кейін магистральдық құбырды жою және кейіннен қоршаған ортаны қалпына келтіру, соның ішінде жерді қайта өңдеу бойынша шаралар жүргізу бойынша заңды міндеттемесі бар. Мұнай құбырларын жою және топырақ құнарлығын қалпына келтіру бойынша міндеттеменің резерві Топ есептеген қайта монтаждау және топырақ құнарлығын қалпына келтіру жұмыстарының құны негізінде бағаланады. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша құбырларды жою және топырақтың құнарлылығын қалпына келтіру бойынша міндеттемеге резервтің теңгерімдік құнын 40.665 миллион теңге құрады (2021 жылғы 31 желтоқсанға: 34.547 миллион теңге) (29-ескертіме).

Экологиялық оңалту

Қазақстанда қоршаған ортаны қорғау жөніндегі заңнама даму үдерісінде, сондықтан да тұрақты өзгерістерге ұшырады. 2021 жылғы 1 шілдеден бастап заңды күшіне енген ҚР Экологиялық кодексіне түзетулерге сәйкес Басшылық Топтың қаржылық жағдайына және қызметінің нәтижелеріне әсер етуі мүмкін ықтимал міндеттемелер бар деп санайды.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті шығару күніне Топ өзгерістерді талдайды және осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілгендерді қоспағанда, активтерді шығарумен және жерді рекультивациялаумен байланысты қосымша әлеуетті міндеттемелердің сомасын дұрыс бағалай алмайды.

Топ жағдайды қадағалап отыруды жалғастырады және жаңа фактілер мен мән-жайларды, сондай-ақ ҚР Экологиялық кодексіні қолдануға қатысты мемлекеттік орган ұсынған кез келген түсініктемелерді ескеретін болады.

Топ бағалау да жасайды және экологиялық тазарту жұмыстары мен оңалтуға міндеттемелер бойынша резервтер қалыптастыру бойынша пайымдау шығарады. Қоршаған ортаны қорғауға шығындар капиталдандырылады немесе олардың болашақ экономикалық пайдасына қарай шығыстарға жатқызылады. Өткен қызметте пайда болған қазіргі жағдайға жатқызылатын және болашақ экономикалық пайдасы жоқ шығындар шығыстарға жатқызылады.

Міндеттемелер шығындар туралы ағымдағы ақпараттың және топырақ құнарлығын қалпына келтіру бойынша күтілетін жоспарлардың негізінде айқындалып, дисконтталған негізде ескеріледі. Топтың экологиялық оңалту резерві Топ қолданыстағы қазақстандық және еуропалық нормативтік базалардың талаптарын сақтауға қажетті күтілетін шығындарды тәуелсіз бағалауға негізделген басшылықтың үздік бағасын білдіреді. Топ бұл міндеттемені, 2023 жылдың жылдық бюджетін қосылған шығындар бөлігін қоспағанда, ұзақ мерзімді ретінде жіктеді. Экологиялық оңалту жөніндегі резервтерге қатысты іс жүзіндегі шығындар заңнамадағы және нормативтік-құқықтық актілердегі өзгерістер салдарынан бағалардан, қоғамдық күтулерден, тазарту технологияларындағы аумақтық жағдайлар мен өзгерістерді анықтау мен талдаудан ерекшеленуі мүмкін. Экологиялық оңалтудағы міндеттемелер бойынша резервтегі өзгерістер 29-ескертімеде ашылып көрсетілген.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**4. МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІ БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР (жалғасы)****Қызметкерлерге сыйақылар**

Зейнеткерлікке шыққанға дейін және одан кейін қызметкерлерге сыйақылар бойынша ұзақ мерзімді міндеттемелердің құны және келтірілген міндеттемелер құны актуарлық әдіс қолданылып белгіленеді. Актуарлық әдіс келешекте нақты нәтижелерден айырмашылығы болуы мүмкін түрлі болжамдарды қолдануды білдіреді. Актуарлық әдіс шегеру мөлшерлемелері, келешекте жалақының өсімі, өлім-жітім деңгейі және келешекте қызметкерлерге сыйақылар өсімі туралы болжамдарды қамтиды.

Негізгі болжамдарды бағалаудың күрделілігіне және жұмыскерлердің еңбек қызметін аяқтауы бойынша олардың сыйақылары бойынша міндеттемелердің ұзақ мерзімді сипатына орай мұндай міндеттемелер осындай болжамдардың өзгерістеріне аса сезімтал келеді. Барлық болжамдар әрбір есепті күнге қайта қаралады.

Салық салу

Салық тәуекелдерін бағалау кезінде, басшылық Топ даулай алмайтын немесе есептей алмайтын салық заңнамасын сақтамауды мүмкін болатын саласы ретінде қарайды, ол егер қосымша салықтар салық органдарында есептелінетін болса табысты түрде шағымдана алады. Мұндай анықтау мәнді пайымдауларды шығаруды талап етеді және салық заңнамасы мен нормативтік құқықтық актілердегі өзгерістер, жер қойнауын пайдалануға Топтың келісім-шарттарында салық салу талабына түзету, салық талқылауларынан өзі күтетін шешімдер бойынша күгілетін нәтижелерді және сәйкестікті тексеруге салық органдары жүзеге асыратын нәтиженің негізінде анықтау нәтижесінде өзгеруі мүмкін. Табыс салығынан басқа, басқа да салықтар бойынша резервтер *29-ескертпеде* ашылып көрсетілген салықтар бойынша резервтердің құрамына кіреді. Табыс салығынан басқа, басқа да салықтар бойынша шартты міндеттемелер *35-ескертпеде* ашылып көрсетіледі. Табыс салығы бойынша резервтер мен шартты міндеттемелер құрамына кіреді және табыс салығы бойынша міндеттемелер немесе шартты міндеттемелер ретінде ашылып көрсетіледі (*32 және 35-ескертпелер*).

Негізгі құралдардың пайдалы қызмет ету мерзімі

Топ әрбір қаржы жылының соңында жылына кем дегенде бір рет негізгі құралдардың қалған пайдалы қызмет ету мерзімін бағалайды, егер күту өткен бағалаудан ерекшеленген жағдайда, өзгерістер *«Есеп саясаты, есеп бағаларындағы өзгерістер және қателер» 8 ХКЕС-ке (IAS) сәйкес есеп бағалауларындағы өзгерістер ретінде* перспективті ескеріледі.

Қаржы құралдарының әділ құны

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте танылған қаржы құралдарының және қаржылық міндеттемелердің әділ құны осы активті нарықтар негізінде анықталмайтын жағдайларда, ол дисконтталған ақша ағындарының моделін қоса алғанда, бағалау әдістерін пайдалана отырып, анықталады. Мүмкіндігіне қарай осы модельдер үшін бастапқы деректер ретінде алайда, бұл іс жүзінде жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайларда, бақылаушы нарықтардан түсетін ақпарат пайдаланылады, әділ құнды белгілеу үшін пікірдің белгілі бір үлесі талап етіледі. Пайымдаулар өтімділік тәуекелі, несиелік тәуекел және өзгермелілік сияқты осындай бастапқы деректерді есепке алынуын қамтиды. Осы факторларға қатысты болжамдарға өзгерістер шоғырландырылған қаржылық есептілік нысандарында көрсетілген қаржы құралдарының әділ құнына ықпал етуі мүмкін. Егжей-тегжейі *34-ескертпеде* ашылған.

5. БАҚЫЛАУДАН АЙЫРЫЛУ**«PSA» ЖШС (бұдан әрі - PSA)**

2022 жылғы 20 желтоқсанда Компания «Samruk-Kazyna Trust» корпоративтік қорының пайдасына PSA-ға қатысу үлесінің 100%-ын 1 теңгеге берді. Нәтижесінде Топ PSA бақылауын жоғалтты.

2022 жылғы 20 желтоқсанда аяқталған кезеңдегі PSA нәтижелері былайша болды:

<i>Миллион теңгемен</i>	2022 жылғы 1 қаңтар - 2022 жылғы 20 желтоқсан
Жалпы және әкімшілік шығыстар	(8.950)
Қаржылық шығындар	(58)
Теріс бағамдық айырма, нетто	(39)
Кезеңдегі зиян	(9.047)

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**5. БАҚЫЛАУДАН АЙЫРЫЛУ (жалғасы)****«PSA» ЖШС (бұдан әрі - PSA) (жалғасы)**

2022 жылғы 20 желтоқсанда аяқталған кезең үшін PSA-ның таза ақша ағындары былайша болды:

<i>Миллион теңгемен</i>	2022 жылғы 1 қаңтар - 2022 жылғы 20 желтоқсан
Операциялық	(7.702)
Инвестициялық	(28)
Қаржылық	11.871
Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза көбеюі	4.108

Бақылаудан айырылу күніне PSA-ның таза активтері былайша болды:

<i>Миллион теңгемен</i>	Бақылаудан айырылу күніне таза активтер
Активтер	
Негізгі құралдар	36
Материалдық емес активтер	64
Пайдалану құқығы нысанындағы активтер	255
Өтелуге жататын ҚҚС	12
Басқа да қысқа мерзімді активтер	109
Ақша қаражаты мен оның баламалары	4.137
Активтердің жиыны	4.613
Міндеттемелер	
Жалдау бойынша міндеттемелер	286
Сауда кредиторлық берешек	1.736
Басқа да қысқа мерзімді міндеттемелер	709
Міндеттемелер жиыны	2.731
Шығу тобымен тікелей байланысты таза активтер	1.882

PSA-ның берілуі Самұрық-Қазына тапсырмасын орындау мақсатында жүзеге асырылды. Тіпсініше, бақылауды жоғалту күніндегі PSA таза активтерін сату бағасы мен баланстық құны арасындағы айырма Самұрық-Қазынамен операциялар ретінде ескерілді және капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте «Өзге де үлестірулер» жолы бойынша ұсынылды.

«ҚазТрансГаз» АҚ (бұдан әрі - ҚТГ)

2021 жылғы 11 наурызда Компания мен Самұрық-Қазына «ҚазТрансГаз» АҚ-ның (бұдан әрі - ҚТГ) жай акцияларының 100% қатысты сенімгерлік басқару шартына қол қойды. 2021 жылғы 9 қарашада Компания Самұрық-Қазынаға ҚТГ акцияларының 100%-ын 1 теңгеге берді және сенімгерлік басқару шартының қолданылуы тоқтатылды.

Мәміле алдында бірқатар заңгерлік және қаржылық талаптар орындалды, оның ішінде мемлекеттік органдар мен ҚМГ кредиторларының келісімдері алынды. Соңғы талап 2021 жылғы 8 қарашада орындалды. 2021 жылғы 8 қарашада ҚТГ тоқтатылған қызмет ретінде жіктелді.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**5. БАҚЫЛАУДАН АЙЫРЫЛУ (жалғасы)****«ҚазТрансГаз» АҚ (бұдан әрі - ҚТГ) (жалғасы)**

Компанияның ҚТГ бірлескен кәсіпорны «Бейнеу-Шымкент Газ құбыры» ЖШС синдикатталған қарызының шеңберінде Компания мен ҚТГ қаржылық кепілдігі бойынша міндеттемесі ҚТГ-ға берілді (30-ескертілме).

Есептілік валютасын қайта есептеу	13.308	–	36.525	49.833	3.064	–	11.818	14.882
Бір жылғы пайда немесе зиян құрамында көрсетілген салық залалы/(кіріс)	124.728	239	113.331	238.298	139.432	(34)	34.990	174.388
Басқа да жиынтық кірістің құрамында көрсетілген жылғы салық кірісі	116	–	–	116	48	–	–	48
Тоқтатылған қызмет (5-ескертіле)	–	–	–	–	(72.271)	–	–	(72.271)
Мерзімі ұзартылған міндеттеме сальдосы 31 желтоқсанға, нетто	341.068	597	615.747	957.412	202.916	358	465.891	669.165

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**33. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ АШЫП КӨРСЕТУ****Байланысты тараптармен операциялардың талаптары**

Байланысты тараптармен мәмілелер тарифтердің негізінде ұсынылған кейбір реттелетін қызметтерді қоспағанда, нарықтық мөлшерлемелерге міндетті түрде сәйкес келмейтін тараптардың арасында келісілген талаптарда жүзеге асырылды. Кезең соңына өтелмеген қалдықтар негізінен қамтамасыз етілмеген және пайызсыз болып табылады, солар бойынша есеп айырысулар қолма-қол ақшамен жасалады. Топ байланысты тараптардан берешек бойынша КНЗ резервтерін үшінші тараптардың алдындағы берешек бойынша КНЗ айқындау үшін қолданылатын КНЗ қағидаттары мен саясатына сәйкес мойындайды.

Есеп айырысулар бойынша қалдықтар

Мына кесте байланысты тараптармен 2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша жасалған мәмілелердің жалпы сомасын көрсетеді:

<i>Миллион теңгемен</i>	31 желтоқсан	Байланысты тараптардың берешегі	Байланысты тараптарға берешек	Байланысты тараптардың ақшасы мен шоттарындағы депозиттер	Байланысты тараптарға берілген қарыздар бойынша берешек
Самұрық-Қазынаға кіретін компаниялар	2022 жылғы	38.476	168.368	–	413.691
	2021 жылғы	497.242	1.074	–	33.123
Қауымдасқан компаниялар	2022 жылғы	16.348	3.431	–	–
	2021 жылғы	12.249	3.009	–	–
Мемлекет бақылайтын басқа да тараптар	2022 жылғы	72.003	666	–	121.177
	2021 жылғы	2.349	638	86.481	153.381
Бірлескен кәсіпорындар	2022 жылғы	167.284	187.172	–	–
	2021 жылғы	166.721	170.911	–	–

Байланысты тараптардың/тараптарға берешегі***Самұрық-Қазынаға кіретін компаниялар***

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Самұрық-Қазына көрсеткен қаржылай көмек 91.175 миллион теңге мөлшеріндегі КРІ-дегі қатысу үлесінің 49,50% сатып алғаны үшін берешекпен (6-ескертіп), 816 миллион теңге мөлшерінде Силленодағы қатысу үлесінің 49,9% сатып алғаны үшін берешекпен және 424.587 миллион теңге мөлшерінде Опционды орындағаны үшін берешектің бір бөлігімен өзара есеп айырысу арқылы толығымен өтелді (6-ескертіп).

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Самұрық-Қазына алдындағы берешек, негізінен, 164.937 миллион теңге сомаға Опционды орындағаны үшін берешекпен білдірілген (6 және 30-ескертіпелер).

Мемлекет бақылайтын басқа да тараптар

2022 жыл ішінде Компания ҚР ҰБ қысқа мерзімді ноттарын жалпы сомасы 87.000 миллион теңгеге сатып алды, оның ішінде 17.000 миллион теңге сомаға ноттар кері сатып алынды.

Бірлескен кәсіпорындар

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бірлескен кәсіпорындардың берешегі негізінен 53.889 миллион теңге мөлшерінде (2021 жылғы 31 желтоқсан: 74.612 миллион теңге) ПҚОП және 63.622 миллион теңге (2021 жылғы 31 желтоқсан: 48.549 миллион теңге) мөлшерінде УГЛ берген қарыздармен көрсетілген (24-ескертіп).

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, бірлескен кәсіпорындар алдындағы берешек, негізінен, ТШО-ға 153.610 миллион теңге (2021 жылғы 31 желтоқсан: 130.786 миллион теңге) сомаға ішкі мұнайды жеткізгені үшін кредиторлық берешекпен білдірілген.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**33. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ АШЫП КӨРСЕТУ (жалғасы)**

Байланысты тараптарға берілген қарыздар бойынша берешек

Самұрық-Қазынаға кіретін компаниялар

2022 жылғы қыркүйекте Самұрық-Қазына Компания орналастырған облигацияларды 751.631 миллион теңгеге сатып алды. Облигациялардың әділ құны мен номиналды құны арасындағы 380.477 миллион теңге мөлшеріндегі айырмашылық капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте Самұрық-Қазынамен Операциялар ретінде танылды (26 және 27-ескертпелер).

Мемлекет бақылайтын басқа да тараптар

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша байланысты тараптарға төленуге жататын қарыздар АМӨЗ бен ПМХЗ ҚДБ-дан 121.177 миллион теңге жалпы сомаға алған қарыздармен білдірілген (2021 жылғы 31 желтоқсан: 153.381 миллион теңге) (27-ескертпе).

Мәмілелер бойынша айналымдар

Мына кестеде байланысты тараптармен 2021 және 2022 жылдардың ішінде жасалған мәмілелердің жалпы сомасы келтіріледі:

		Байланысты тараптарға сату	Байланысты тараптардан сатып алу	Байланысты тараптардан түскен сыйақы	Байланысты тараптарға берілген сыйақы
<i>Миллион теңгемен</i>					
Самұрық-Қазынаға кіретін компаниялар	2022 жыл	50.371	11.768	44.760	15.618
	2021 жыл	17.589	11.500	36.805	6.448
Қауымдасқан компаниялар	2022 жыл	18.705	67.615	235	–
	2021 жыл	53.754	33.549	–	–
Мемлекет бақылайтын басқа да тараптар	2022 жыл	9.631	18.228	577	15.501
	2021 жыл	32.810	16.788	315	21.529
Бірлескен кәсіпорындар	2022 жыл	305.922	2.119.070	12.469	4
	2021 жыл	267.824	1.689.050	30.626	1.109

Байланысты тараптарға сату / байланысты тараптардан сатып алу*Бірлескен кәсіпорындар*

2022 жылы бірлескен кәсіпорындарға сату, негізінен, ТШО-ға 20.204 миллион теңге (2021 жыл: 16.698 миллион теңге) сомада көлік-жүк қызмет көрсетумен, ММГ-ге 58.141 миллион теңге және тиісінше 116.223 миллион теңге сомаға (2021 жыл: 53.892 миллион теңге және тиісінше 85.094 миллион теңге) сомаға көрсетілген мұнайды тасымалдау және қызмет көрсету қызметтерімен білдірілген.

2021 жылы бірлескен кәсіпорындардан сатып алулар, негізінен, ТШО-дан 1.976.760 миллион теңге сомаға (2021 жыл: 1.234.019 миллион теңге) шнкі мұнайды сатып алумен байланысты болды.

Негізгі басқарушы персоналға төленетін сыйақы

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылғы жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте жалпы және әкімшілік шығыстарға қосылған негізгі басқарушы персоналға (Директорлар кеңесі мен Топ Басқармасының мүшелері) тиесілі жалпы сыйақы сомасы тиісінше 7.351 миллион теңгені және 7.953 миллион теңгені құрайды. Негізгі басқарушы персоналға тиесілі сыйақы келісімшарттарда белгіленген жалақы бойынша шығыстардан және қызметтің нәтижелері бойынша сыйлықақылардан тұрады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**34. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ**

Топтың негізгі қаржы құралдарына алынған және берілген қарыздар, қаржылық кепілдіктер, ақша қаражаты мен оның баламалары, банк салымдары, сондай-ақ дебиторлық және кредиторлық берешек жатады. Топтың қаржы құралдары бойынша туындайтын негізі тәуекелдер пайыздық мөлшерлемелердегі өзгерістер тәуекелі, валюталық тәуекел және неснелік тәуекел болып табылады. Сондай-ақ Топ оның барлық қаржы құралдары бойынша туындайтын нарықтық тәуекелді және өтімділік тәуекелін қадағалап отырады.

Нарықтық тәуекел

Топ пайыздық мөлшерлемелер, валюталар мен бағалы қағаздар бойынша ашық позицияларға байланысты туындайтын нарық конъюнктурасы тәуекелдерінің ықпалына ұшырағыш, әрі олар өз кезегінде, нарықтың жалпы және айрықша құбылуларына ұшырағыш келеді. Топ конъюнктураның қолайсыз өзгеруінің нәтижесінде туындауы мүмкін әлеуетті залалды мерзімді бағалау арқылы, сондай-ақ рентабельділікке және кепілмен қамсыздандыруға тиісті талаптарды орнату жолымен нарық конъюнктурасының тәуекелдерін басқарады. Келесі бөлімдердегі сезімталдылық талдауы 2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша келтірілген.

Валюталық тәуекел

АҚШ долларында көрсетілген қарыздардың едәуір сомалары мен кредиторлық берешектің нәтижесінде Топтың қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есебіне АҚШ долларының теңгеге қатысты айырбас бағамдарындағы өзгерістер айтарлықтай ықпалын тигізе алады. Топ сондай-ақ шетел валютасындағы мәмілелер бойынша тәуекелге ұшырағыш. Мұндай тәуекел АҚШ долларындағы кірістер бойынша туындайды. Топта АҚШ долларында білдірілген қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелерді салыстырумен байланысты АҚШ долларында валюталық тәуекелді басқару саясаты бар. Мына кестеде Топ пайдасының салық салынғанға дейінгі АҚШ долларының айырбас бағамындағы ықтимал өзгерістерге (активтер мен міндеттемелердің ақша ағындарындағы өзгерістердің салдарынан), барлық қалған өлшемдер тұрақты шама ретінде қабылданған жағдай талабымен сезімталдығы көрсетілген. Басқа валюта бағамдарының құбылуы Топ қызметінің шоғырландырылған нәтижелері үшін олардың маңызды еместігіне орай қаралмайды.

<i>Миллион теңгемен</i>	АҚШ долларының айырбас бағамының ұлғаюуы/(азаяуы)	Салық салынғанға дейін кіріске әсері
2022 жыл	+21% (21%)	(404.338) 404.338
2021 жыл	+13% (11%)	(252.147) 193.960

<i>Миллион теңгемен</i>	Рубльді айырбастау бағамындағы ұлғаюу/(кему)	Салық салынғанға дейін кіріске әсері
2022 жыл	+22% (22%)	(54.044) 54.044
2021 жыл	+13% (13%)	(28.757) 28.757

Пайыздық мөлшерлемелердегі өзгерістер тәуекелі

Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруімен байланысты тәуекел нарықтағы пайыздық мөлшерлеменің өзгеруі нәтижесінде қаржы құралы құнының ауытқу тәуекелін білдіреді. Топтың нарықтық пайыздық мөлшерлемелердегі өзгерістер тәуекеліне ұшырағыштығы негізінен Топтың құбылмалы пайыздық мөлшерлемесі бар ұзақ мерзімді қарыздарына жатады. Топ саясатында қарыздар бойынша тіркелген және ауыспалы пайыздық мөлшерлемелерді пайдалану арқылы пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелін басқару көзделген.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**34. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)****Нарықтық тәуекел (жалғасы)***Пайыздық мөлшерлемелердегі өзгерістер тәуекелі (жалғасы)*

Келесі кестеде Топтың салық салынғанға дейінгі пайдасының (құбылмалы пайыздық мөлшерлемесі бар қарыздардың болуы салдарынан) пайыздық мөлшерлемедегі ықтимал өзгерістерге деген сезімталдығының талдауы келтірілген, бұл ретте барлық басқа параметрлер тұрақты өлшемдермен қабылданған. Топтың капиталына айтарлықтай әсер ету жоқ.

<i>Миллион теңгемен</i>	Базистік тармақтардағы ұлғаю/азаяу	Салық салынғанға дейін кіріске әсері
2022 жыл		
LIBOR	+2,45	(12.989)
	-2,45	12.989
2021 жыл		
LIBOR	+1,25	(8.817)
	-0,25	1.763

Неснелік тәуекел

Топ мәмілелерді тек белгілі және неснені өтеуге қабілетті тараптармен жасайды. Топ саясатына сәйкес, коммерциялық несие шартына қарай саудалық операцияларын жасауды қалайтын барлық клиенттер, неснелік тексеру рәсімінен өтуге жатады. Сондай-ақ, Топқа берешекті қайтармау тәуекелін төмендетуде сенімділікті қамтамасыз ету үшін осындай сатып алушының дебиторлық берешегі үздіксіз мониторингке жатады. Тәуекелдің ең көп мөлшері *16-ескертпеде* ашылып көрсетілгендей ағымдағы құн болып табылады. Топтың неснелік тәуекелдің елеулі шоғырлануы жоқ.

Ақша қаражаты мен оның баламалары, банк салымдары, байланысты тараптардан қарыздар мен дебиторлық берешек және басқа да қаржы активтері кіретін Топтың басқа да қаржы активтерімен байланысты неснелік тәуекелге қатысты Топ тәуекелі контрагенттің дефолт болуы мүмкіндігімен байланысты, бұл ретте ең жоғары тәуекел осы құралдардың ағымдағы құнына тең болады.

Келесі кестеде Топтың «Fitch» неснелік рейтингтердің белгілерін пайдалана отырып, не олар болмағанда, «S&P» және «Moody's» рейтингтердегі баламаларын пайдалана отырып 2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша банктердегі ақша қаражаты, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді депозиттері бойынша профиль тәуекелі көрсетілген.

	2022 жылғы	
	31 желтоқсанға	2021 жыл
«AA-»-дан «A+»-ке дейін	15%	8%
«A»-дан «A-»-ке дейін	41%	34%
«BBB+»-тен «BBB-»-ке дейін	41%	54%
«BB+»-тен «BB-»-ке дейін	2%	1%
«B+»-тен «B-»-ке дейін	1%	3%

Өтімділік тәуекелі

Өтімділік тәуекелі Топ өзінің қаржылық міндеттемелерін орындау үшін қаражат тартқан кезде қиындықтарға кездесуі мүмкіндігіне байланысты. Өтімділік тәуекелі қаржы активін оның әділ құнына жақын құн бойынша жедел сатудың мүмкін еместігі нәтижесінде туындауы мүмкін.

Өтімділікке қойылатын талаптар ұдайы бақыланады және басшылық міндеттемелерді олардың туындауына қарай орындау үшін жеткілікті көлемде қаражаттың болуын қадағалайды.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**34. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)****Өтімділік тәуекелі (жалғасы)**

Келесі кестеде 2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Топтың қаржылық міндеттемелері бойынша осы міндеттемелерді өтеу мерзімі бөлігінде шарттық дисконтталмаған төлемдер туралы ақпарат берілген.

Миллион теңгемен	1 айдан артық емес	1 айдан артық, бірақ 3 айдан артық емес	3 айдан артық, бірақ 1 жылдан артық емес	1 жылдан астам, бірақ 5 жылдан артық емес	5 жылдан астам*	Жиыны
2022 жылғы 31 желтоқсанға						
Қарыздар*	45.216	2.028	506.344	1.868.569	4.977.920	7.400.077
Сауда кредиторлық берешек	105.697	297.109	162.100	–	–	564.906
Жалдау бойынша берешек	2.890	1.720	12.410	39.080	26.216	82.316
Басқа да қаржылық міндеттемелер	56.278	19.598	366.088	18.544	–	460.508
	210.081	320.455	1.046.942	1.926.193	5.004.136	8.507.807
2021 жылғы 31 желтоқсанға (қайта есептелген)						
Қарыздар*	268.383	92	379.336	1.432.280	4.283.944	6.364.035
Сауда кредиторлық берешек	250.553	262.982	7.778	–	–	521.313
Қаржылық кепілдіктер**	–	4	312	1.252	–	1.568
Жалдау бойынша берешек	1.896	1.229	6.595	12.763	22.879	45.362
Басқа да қаржылық міндеттемелер	38.906	17.673	15.932	16.979	–	89.490
	559.738	281.980	409.953	1.463.274	4.306.823	7.021.768

* Топ дисконтталмаған төлемдерден өтеу мерзімдерінің белгісіздігіне орай, бірлескен қаржыландыру туралы келісімдерге сәйкес жобалар бойынша серіктестерге өтелуі тиіс қарыздар бойынша берешекті алып тастайды. 2022 жылғы 31 желтоқсанға серіктестердің алдындағы қарыздар бойынша берешек 23,768 миллион теңгені құрады (2021 жылғы 31 желтоқсан: 12,355 миллион теңге).

** Топ қаржылық кепілдіктерді өтімділік кестесіне қосады, алайда, қаржылық кепілдіктер бойынша ақшаның кетуі белгілі бір оқиғаларға байланысты болады. Қаржылық кепілдік – бұл шарт, соған сай эмитент құралды ұстаушыға белгілі бір борышкердің төлемді борынның құралдың бастапқы немесе қайта қаралған талаптарына сәйкес жасауға қабілетті болмай қалуына орай шеккен шығынды өтеу мақсатында белгілі бір төлемдерді жасауға міндетті. 2022 және 2021 жылдары елеулі қаржылық кепілдіктерді пайдалану жағдайлары болған жоқ.

Капиталды басқару

Топтың капиталды басқаруға қатысты негізгі мақсаты акционерлік құнды барынша көбейту болып табылады. Берешек пен капиталдың балансын оңтайландыру арқылы мүдделі тараптар үшін кірістерді барынша ұлғайта отырып үздіксіз қызмет қағидатын қолдау үшін Топ өз капиталын басқарады.

Компания күрделі инвестициялар жоспарын жасау үшін капитал құрылымын жасауға және инвестициялық деңгейдің несиелік рейтингісін бүкіл цикл бойына қолдап отыруға ұмтылады. Қаржылық икемділікті қолдау индустрияның циклді болуына қарсы тұру үшін және органикалық әрі бейорганикалық инвестициялық шешімдерді жүзеге асыру үшін стратегиялық маңызды болып табылады. Компанияның күрделі шығындарды, жаңа жобаларды және қарыз алуларды келісудің кеңейтілген ішкі процесі бар.

Топ капиталының құрылымы берешектен тұрады, оған қарыздар (27-ескертпе), минус акша қаражаты мен оның баламалары (25-ескертпе), қысқа мерзімді банк депозиттері (20-ескертпе) мен шығарылған капитал кіретін капитал, қосымша төленген капитал, басқа да резервтер мен бөлінбеген пайда жатады (26-ескертпе).

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**34. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)****Капиталды басқару (жалғасы)**

Топ басшылығы капитал құрылымын үнемі талдап отырады. Бұл талдаудың бір бөлігі ретінде басшылық капиталдың құнын және капиталдың әр класымен байланысты тәуекелдерді қарастырады. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін капиталды басқару, өзгесінен басқа, капиталдың құрылымына катысты талаптарды айқындайтын пайыздық несиелер мен қарыздар бойынша барлық шарттық талаптардың орындалуын қамтамасыз етуі тиіс. 2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша пайыздық несиелер мен қарыздар бойынша шарттық талаптар бұзылған жоқ (27-ескертпе).

<i>Миллион теңгемен</i>	2022 жылғы 31 желтоқсан	2021 жылғы 31 желтоқсан (қайта есептелген)
Қарыздар	4.143.334	3.746.327
Минусы: ақша қаражаты мен оның баламалары, қысқа мерзімді банк депозиттері	2.000.184	1.762.603
Таза берешек	2.143.150	1.983.724
Капитал	9.873.450	10.016.906
Капитал және таза берешек	12.016.600	12.000.630

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған кезеңдер ішінде капиталды басқару стратегиясы, мақсаты, саясаты мен процедуралары өзгермеді.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**34. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)****Қаржы құралдарының әділ құны**

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Топтың қаржы құралдарының баланстық құнын, төменде ашылып көрсетілген қаржы құралдарын қоспағанда, шамамен олардың әділ құнына тең болады:

<i>Миллион теңгемен</i>	2022 жылғы 31 желтоқсан					2021 жылғы 31 желтоқсан (қайта есептелген)				
	Ағымдағы құны	Әділ құны	Бағалау деңгейлері бойынша әділ құны			Ағымдағы құны	Әділ құны	Бағалау деңгейлері бойынша әділ құны		
			1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей			1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей
Самұрық-Қазынадан алынатын облигациялар	19.595	20.138	–	20.138	–	18.373	16.925	–	16.925	–
ҚР ҰБ ноттары	70.192	70.192	–	70.192	–	–	–	–	–	–
Байланысты тараптарға амортизацияланған құны бойынша берілген қарыздар және бірлескен кәсіпорындардан алынуға жататын жалдау бойынша берешек	29.254	29.242	–	–	29.242	474.875	472.528	–	448.658	23.870
Сыйақының тіркелген мөлшерлемесі бар қарыздар	3.584.422	3.156.446	2.476.894	679.552	–	3.041.001	3.556.705	3.210.632	346.073	–
Сыйақының өзгермелі мөлшерлемесі бар қарыздар	558.912	558.912	–	558.912	–	705.326	755.347	–	755.347	–

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**34. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)****Қаржы құралдарының әділ құны (жалғасы)**

Самұрық-Қазынадан алынуға жататын облигациялардың әділ құны және басқа да борыштық құралдар нарықтық пайыздық мөлшерлемелер бойынша күтілетін келешек акша ағындарын дисконттау арқылы есептелген.

Соларға қатысты әділ құны танылатын немесе ашылып көрсетілетін барлық қаржы құралдары жалпы әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төмен деңгейдегі деректердің негізінде әділ құн иерархиясында былайша жіктеледі:

- 1-деңгей - ұқсас келетін активтер немесе міндеттемелер үшін белсенді нарықтарда бағасы белгіленетін (түзетілмеген) нарықтық бағалар;
- 2-деңгей – солар үшін әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төмен деңгейдегі бастапқы деректер тікелей немесе жанама байқалатын бағалау әдістері;
- 3-деңгей – солар үшін әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төмен деңгейдегі бастапқы деректер байқалмайтын бағалау әдістері.

Есепті кезең ішінде 1-деңгей мен 2-деңгей арасында ешқандай аударымдар болған жоқ, сондай-ақ 3-деңгейге немесе одан ауысулар жасалған жоқ.

Әділ құны бойынша тұрақты негізде танылатын активтер мен міндеттемелер үшін, Топ оларды әрбір есепті кезеңнің соңына санаттар бойынша қайта бағалау арқылы (жалпы әділ құны бойынша бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төмен деңгейдегі кіріс деректерінің негізінде) иерархияның деңгейлері арасында аудару болғанын айқындайды. Жыл ішінде Топты бағалау процестерінде, бағалау әдістері мен әділ құнды бағалау кезінде қолданылатын бастапқы деректердің типтерінде ешқандай өзгерістер болған жоқ.

Төменде әділ құн иерархиясының 3-ші деңгейіне жатқызылған әділ құнды бағалау үшін пайдаланылатын елеулі бақыланбайтын бастапқы деректер көрсетілген:

	Үлестік бағалау әдісі	Айтарлықтай бақыланбайтын бастапқы деректер	31 желтоқсанға диапазон	
			2022 жыл	2021 жыл
Байланысты тараптарға амортизацияланған құны бойынша берілген қарыздар, БК-дан алынуға жататын жалдау бойынша берешек	Ақша ағындарын дисконттау әдісі	Дисконттау мөлшерлемесі мен пайыздық мөлшерлеме	6,4-18,9%	4,1-11,5%
Шығарылған қаржылық кепілдіктер			-	4,5%

35. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР**Операциялық орта**

Қазақстанда экономикалық реформа және құқықтық, салықтық және әкімшілік инфрақұрылым жалғасуда, ол нарықтық экономиканың талаптарына жауап беретін еді. Болашақтағы Қазақстан экономикасының тұрақтылығы көбінесе осы реформалардың барысына, сондай-ақ экономика, қаржы және акша-кредит саясатының саласында Үкімет қабылдайтын шаралардың тиімділігіне байланысты болады.

Тауарларға арналған бағалардың өзгеру тәуекелі

Топ кірістерінің үлкен бөлігі тауарларды, негізінен, шикі мұнай мен мұнай өнімдерін сатудан жинақталады. Ертеден осы өнімдерге баға тұрақты болмаған және сұраныс пен ұсыныстағы өзгерістерге, нарықтық тұрлаусыздыққа, әлемдік және өңірлік экономика қызметіне және индустриялардағы циклдікке қатысты біршама өзгерді. Баға тарифтер және импорттық баждар салу, біржалық алыпсатарлық, мүмкіндікті арттыруды немесе Топтың өнімдерін негізгі нарықтарға артық жабдықтауды қоса алғанда, Үкімет әрекетінің әсеріне де бейімделген. Осындай сыртқы факторлар мен нарықтардағы өзгерістер келешек бағалардың бағалануын айтарлықтай қиындатады. Тауарларға бағалардың біршама немесе созылмалы төмендеуі Топтың қызметіне, қаржылық нәтижелерге және операциялардан болған акша ағындарына елеулі түрде және теріс әсер етуі мүмкін. Топ, негізінен, тауарларға бағалардың өзгеру тәуекеліне ұшырағыштығын хеджирлемейді.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**35. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)****Салық салу**

Қазақстандық салық заңнамасы мен нормативтік-құқықтық актілері үздіксіз өзгерістер мен түрлі түсіндірмелердің нысаны болып табылады. Жергілікті, өңірлік және республикалық салық органдарының арасындағы пікірлерде болатын келіспеушіліктер сирек емес, оған қоса ХҚЕС бойынша қаржылық есептілікте кірістерді, шығыстарды және басқа да баптарды мойындау тәсілдеріндегі алшақтықтар. Қазіргі кезде қолданып отырған. Қазақстанда қолданылатын заңдардың негізінде анықталған құқық бұзушылықтар үшін қарастырылған айыппұлдар мен өсімақылар жүйесі аса қатаң болып отыр. Қазақстандық салық салу жүйесінің екіұштылығына орай салықтардың, айыппұл санкциялары мен өсімпұлдардың нақты сомасы, егер олар болса, қазіргі уақытқа дейін шығыстарға жатқызылған және 2022 жылғы 31 желтоқсанға есептелген сомадан асып кетуі мүмкін. Басшылық 2022 жылғы 31 желтоқсанда қолданылатын заңнаманы түсіндіру сәйкес болады және резервтер осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте есептелген немесе ашылып көрсетілген жағдайлардан басқа, Топтың салықтар жөніндегі ұстанымы расталатын ықтималдық бар деп санайды.

Трансферттік баға белгілеу бойынша бақылау

Қазақстанда трансфертті баға белгілеу бойынша бақылау кең спектрге ие және байланысты мәмілелер тарапы болып табыла ма немесе жоқ па екеніне қарамастан, халықаралық мәмілелермен тікелей немесе жанама байланысты көптеген операцияларда қолданылады. «Трансферттік баға белгілеу туралы заң» (бұдан әрі - Заң) операцияларға қолданылатын барлық салықтар үшін талап етіледі, қол ұшын беру қағидаты бойынша белгіленген нарықтық бағалар негізінде есептеледі. Қазақстанда бұл Заң 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енді. Заң анық белгіленген болып табылмайды және оның кейбір ережелері аз қолданылу тәжірибесіне ие. Сонымен қатар, Заң оны операциялардың алуан түрлеріне қолдану бойынша егжей-тегжейлі нұсқаулықтарды бермейді, соның нәтижесінде салық органдарының позициясы Топ позициясынан ерекшеленуі мүмкін екендігінің тәуекелі бар, бұл қосымша салықтар, айыппұлдар мен өсімпұлдар сомаларына әкеп соқтыра алады. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Басшылық трансферттік баға белгілеу бойынша қолданылатын заңнамада оны түсіндіру сәйкестендірілген болып табылады және Топтың трансферттік баға белгілеу жөніндегі ұстанымы расталады деген ықтималдық бар деп санайды.

Топтың мұнай өңдеу зауыттарында кешенді салықтық тексерулер

Топтың барлық үш ірі мұнай өңдеу зауыты, АМӨЗ, ПМХЗ және ПКӨП 2020-2022 жылдары бірнеше жыл ішінде (2020 жылға дейін) кешенді салықтық тексеруден өтті. Тексеру нәтижелері бойынша ҚҚС бойынша қосымша есептеулердің жалпы сомасы 37.728 миллион теңгені, КТС бойынша 17.830 миллион теңгені, өзге салықтар бойынша 476 миллион теңгені, барлық қосымша есептеулер бойынша өсімпұлдарды қоса алғанда 8.959 миллион теңгені, сондай-ақ өтетін шығындарды азайту сомасы 119.871 миллион теңгені құрады. АМӨЗ, ПМХЗ және ПКӨП тексеру нәтижелерімен келіспеді және оларға ҚР Қаржы министрлігіне шағымданды. ҚР Қаржы министрлігінің апелляциялық шағымдарды қарауы мән-жайлар анықталғанға дейін тоқтатыла тұрады. Топ салықтарды қосымша есептеу тәуекелі төмен болып табылады деп есептейді және, тиісінше, 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша резервті мойындамады.

Заңды іс жүргізу және шағымдар**КМГИ-де азаматтық қараушылық**

Faber Invest & Trade Inc. (бұдан әрі – Faber), КМГИ еншілес компанияларында бақыланбайтын қатысу үлестерінің несі, 2020 жылы бірнеше алдыңғы азаматтық істер бойынша істердің қаралуын жаңғыртты, солардың бірі КМГИ еншілес компаниясы Rompetrol Rafinare Constanta-ның жарғылық капиталының 2003-2005 жылдары ұлғаюын даулады. Істің тыңдалуы мерзімді негізді болды, бірақ түпкі шешім шығарылмады. 2021 жылғы 13 шілдеде сот Faber-дің шағымын қараудан бас тартты. Алайда, Faber бұл шешімге шағымданды. 2021 жылғы желтоқсанда өткен тыңдаудың нәтижелері бойынша сот шағымды қанағаттандырып, істі қайта қарауға қайтарып берді.

Faber талаптарының көпшілігін Жоғарғы Сот 2022 жылдың мамыры мен қыркүйегінде қабылдамады, соның ішінде Faber корпоративті құжаттарына қарсы Faber корпоративті құжаттарына шағымданып, облигациялар шығаруды және ескіру мерзімінен кейін берілген тарихи бюджеттік қарыздарды өтеуді мақұлдады, сондықтан Rompetrol Rafinare Constanta пайдасына алғашқы сот шешімі түпкілікті болды. Faber дәл осындай шағым-талапты үшінші рет берді, бірақ қазір Констанца сотына. 2023 жылғы қаңтарда Faber берген шағымдар бойынша тыңдаулар өтті. Екі іс бойынша Faber өзінің талаптарын қайтарып алды, үшіншісі бойынша сот шешім қабылдауды кейінге қалдырды. Faber ісі бойынша келесі тыңдау 2023 жылдың наурызына жоспарланған.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**35. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)*****КМГИ-де азаматтық қараушылық (жалғасы)***

Топ оның Faber жаңа өтінішіне қатысты позициясы Топ пайдасына шешілген басқа да ұқсас сот істері сияқты шешіледі деп есептейді. Сәйкесінше, Топ 2022 жылғы 31 желтоқсанға бұл іс бойынша резервті мойындамады.

Ұлттық минералды ресурстар агенттігінің (NAMR) және Focsani кен орны бойынша КМГИ еншілес ұйымы Oilfield Exploration Business Solutions S. A (OEBS) азаматтық құқықтық дауы

2019 жылғы 17 желтоқсанда NAMR OEBS-ке Focsani кен орнына қатысты OEBS-тің Концессиялық келісімді болжамды бұзуына байланысты ICQ Paris-ке төрелік сұрау туралы хабарлады. Осы сәттен бастап OEBS NAMR-мен дауласады. 2022 жылғы 29 шілдеде сот OEBS-ке NAMR-дің 20 миллион АҚШ доллары көлеміндегі жалпы шағымынан 10,1 миллион АҚШ долларын төлеуге міндеттеу туралы шешім қабылдады. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ 10,1 миллион АҚШ доллары (баламасы 4.673 миллион теңге) резервті таныды (29-ескертіме).

Молдовадағы бәсекелестікті тергеу

2021 жылдың басынан бастап Молдовадағы КМГИ еншілес ұйымы Rompetrol Moldova (бұдан әрі - RPM) Молдова бәсекелестік кеңесі (бұдан әрі - МБК) бастамашылық еткен тергеуге және соған байланысты сот ісін жүргізуге тартылды. МБК RPM басқа сала мүшелерімен мұнай өнімдерінің бөлшек сауда бағасы туралы келіссөздер жүргізді деп санайды. RPM қолданыстағы ережелерге сәйкес бекіту үшін негіз болып табылатын МБК тергеу бөлімі дайындаған бәсекелестік туралы есепті даулайды. Аталған есепті қабылдамаудың бірнеше әрекеті сәтсіз аяқталды және есепті қабылдамау туралы RPM өтінішін қабылдамау туралы соңғы шешімді жергілікті сот 2022 жылдың 26 мамырында шығарды. RPM апелляциялық шағым берді. Істің алғашқы тыңдалуы 2023 жылғы 21 наурызға тағайындалды. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ 12 миллион АҚШ доллары (баламасы 5.552 миллион теңге) мөлшерінде резервті таныды (29-ескертіме).

«КазРосГаз» ЖШС, Компанияның бірлескен кәсіпорны, (бұдан әрі - КРГ) мен Қарашиғанақ Петролиум Оперейтинг Б. В. (бұдан әрі - КПО) арасындағы төрелік талқылау

2022 жылғы 23 тамызда Париждегі Халықаралық сауда палатасының Хатшылығы КРГ атына КПО тарапынан төрелік талқылаудың басталғаны туралы хабарлама ұсынды. КПО қолданыстағы қарашығанақ газын сатып алу-сату шарты бойынша газ сату бағасын ұлғайтуға ниетті. Егер газдың бағасы 2022 жылғы I қазаннан кешірек келісілсе, КРГ және КПО газ бағасын 2022 жылғы I қазаннан бастап бағаны келісу күніне дейінгі кезеңге қайта есептеуді жүргізеді. 2022 жылдың қазан айында ҚР энергетика бірінші вице-министрінің төрағалығымен КРГ мен КПО арасындағы төрелік процесс бойынша дауды бейбіт жолмен реттеу бойынша қазақстандық тараптың келіссөздік ұстанымын әзірлеу бойынша жұмыс тобы құрылды. Жұмыс тобының құрамына ҚР Энергетика министрлігінің, «QazaqGaz» ҰК» АҚ, ҚМГ және КРГ өкілдері кірді. ҚР ішкі нарығын газбен тұрақты талқылауды ету мақсатында ҚРГ және ҚР Энергетика министрлігі КПО мердігер компанияларына төрелік талқылауды 2024-2025 жылдарға дейін тоқтата тұру туралы ұсыныс хат жолдады. 2022 жылғы желтоқсанда КПО бағаларды қайта қарау процесін әлеуетті реттеуге қол жеткізу үшін одан әрі талқылаулар жүргізуге дайын екендігі туралы хабардар етті. 2023 жылғы қаңтарда КРГ КПО-ға төрелік талқылауды 3 ай мерзімге тоқтата тұру туралы келісім жасасу туралы ұсыныс жіберді, оның барысында тараптар дауды шешу үшін 2 айға созылатын «келіссөздер кезеңін» тағайындайды. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша және есептілікті шығару күніне тараптар дауды өзара тиімді шарттармен шешу жөнінде келіссөздер жүргізеді. Топ 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша осы істе жеңіліп қалу қаупі екіталай деп санайды.

ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің (бұдан әрі - ҚРБҚДА) Павлодар облысы бойынша департаментті қозғаған ПМХЗ әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс

2022 жылдың ақпан-шілде айларында Павлодар облысының прокуратурасы ҚРБҚДА-мен бірлесіп ПМХЗ қызметіне 2020-2021 жылдардағы мұнай және мұнай өнімдері айналымы, еңбек, салық және монополияға қарсы заңнама саласындағы ҚР заңнамасының сақталуына тексеру жүргізді. 2022 жылғы 16 наурызда ҚРБҚДА ПМХЗ мұнай өңдеу қызметтеріне монополиялық жоғары тариф белгілеу туралы қорытынды ұсынды. 2022 жылғы 25 шілдеде Павлодар облысы бойынша ҚРБҚДА ПМХЗ-ға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғады және Павлодар қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотына 2021 жылы мұнай өңдеу жөніндегі қызметтерге ПМХЗ монополиялық жоғары тариф белгілеу, 21.961 миллион теңге мөлшерінде кірісті тәркілеу және 6.226 миллион теңге мөлшерінде әкімшілік айыппұл салу туралы хаттама жолдады теңге. 2022 жылдың тамыз-қыркүйек айларында ПМХЗ хаттама мен қорытындыға бірнеше рет шағымданды. Алайда, ПМХЗ-ның барлық әкімшілік талаптары мен шағымдары қабылданбады. ПМХЗ жоғары тұрған инстанцияларда шағымдануды жалғастыруды жоспарлап отыр. 2022 жылдың қыркүйегінде алғашқы апелляциялар қабылданбағаннан кейін Топ 28.187 миллион теңге мөлшерінде резервті таныды (29-ескертіме).

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**35. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)***Атырау облысының прокуратурасын АМӨЗ-ге ҚРБҚДА тарта отырып тексеру*

2022 жылдың ақпан-қыркүйек айларында Атырау облысының прокуратурасы ҚРБҚДА-ны тарта отырып, АМӨЗ қызметіне тексеру жүргізді. 2022 жылғы 22 қыркүйекте Атырау облысының прокуратурасы 2020-2021 жылдары мұнай өңдеу қызметтеріне монополиялық жоғары тарифті АМӨЗ белгілеу туралы анықтама берді. АМӨЗ 2020 - 2021 жылдары мұнай өңдеу жөніндегі қызметтерге бекітілген тарифті негіздей отырып, ресми хат жолдады. Топ табысты тәркілеу және айыппұлды салу тәуекелі төмен болып табылады деп есептейді және, тиісінше, 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша резервтерді мойындамады.

Өтелетін шығындарды тексеру

Өнімді бөлу туралы келісімінің (бұдан әрі - «ӨБК») негізгі қағидаттарына сәйкес мемлекет жер қойнауын пайдалану ауданында қызметті өткізуге эксклюзивтік құқықтарды мердігерлерге берді. Бірақ жеке меншікке де, жалға да осы жер қойнауын пайдалану ауданына құқықты бермеді. Мұның салдарынан, шығарылған және қайта өңделген көмірсутектердің барлық көлемдері (яғни дайын өнім) мемлекеттің меншігі болып табылады. Жұмыстар өтемақы негізінде жүзеге асырылды. Бұл ретте, Үкімет мердігерлерге төлемдерді ақшалай емес түрде, дайын өнімнің бір бөлігі түрінде жасайды, осылайша мердігерлерге өз шығындарын өтеуге және пайда табуға мүмкіндік береді.

ӨБК-ге сәйкес мердігерлер көтерген шығындардың барлығы өтеле бермейді. Өтеуге арналған белгілі бір шығындарды Уәкілетті орган бекітуі қажет. Уәкілетті органдар өтелетін шығындарды тексеруде. 2022 жылғы 31 желтоқсанға дейін жүргізілген өтелетін шығындарды тексеру нәтижесінде белгілі бір шығындар өтелмейтін ретінде жіктелген. ӨБК тараптары бұл шығындарды өтеуге қатысты келіссөздер жүргізуде.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың дауланатын шығындардағы үлесі 2.595 миллион АҚШ долларын құрады (баламасы 1.200.386 миллион теңге) (2021 жыл: 2.269 миллион АҚШ доллары, баламасы 979.556 миллион теңге). Топ және оның ӨБК бойынша серіктестері Үкіметпен бұл шығындарды өтеуге қатысты келіссөздер жүргізуде.

Ішкі нарыққа жеткізу міндеттемелері

Үкімет ҚР-да шикі мұнайды өндірумен және мұнай өнімдерін сатумен айналысатын компаниялардан жыл сайынғы негізде ішкі нарықтың энергетикалық қажеттілікті қанағаттандыру үшін, негізінен, ішкі нарықта мұнай өнімдерін жеткізу теңгерімін қолдау үшін, көктемгі және күзгі егіс науқаны барысында ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерді қолдау үшін өнімнің бір бөлігін жеткізуді талап етеді.

Ішкі нарықтағы мұнайдың бағасы экспорттық бағалардан, тіпті тәуелсіз тараптар арасындағы мәмілелерде белгіленетін ішкі нарықтағы қарапайым бағадан да айтарлықтай төмен. Егер Үкімет қазіргі уақытта Топ жеткізетін көлемнен асатын шикі мұнайдың қосымша көлемін жеткізуге міндеттеген жағдайда, мұндай жеткізілімдер нарықтық бағалар бойынша жеткізілімдерден басым болады және шикі мұнайды сатудан түсетін түсімнен әлде қайда аз түсімді өндіретін болады, бұл өз кезегінде Топ қызметіне, перспективасына, қаржылық жағдайына және қызмет нәтижелеріне елеулі және теріс әсерін тигізуі мүмкін.

2022 жылы, өз міндеттемелеріне сәйкес, Топтың бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың ішкі нарыққа жеткізудегі үлесін қоса алғанда, Топ 7.951 тонна (2021 жылы: 7.114 тонна) шикі мұнайды жеткізді.

Жер қойнауын пайдалануға лицензиялар мен келісімшарттар бойынша міндеттемелер

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияның міндеттемелеріндегі үлесін қоса алғанда, Топтың лицензиялардың, өнімді бөлу туралы келісімдер мен Үкіметпен жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттардың талаптарына сәйкес ең аз жұмыс бағдарламаларын орындауға қатысты келесі міндеттемелері (ҚҚС сомасын ескерместен) болды:

<i>Миллион теңгемен</i>	Күрделі шығыстар	Операциялық шығыстар
Жыл		
2023	314.158	80.598
2024	223.085	14.328
2025	306.900	14.803
2026	339.652	14.927
2027.-2049	230.333	31.573
Жиыны	1.414.128	156.229

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**35. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)****Жер қойнауын пайдалануға лицензиялар мен келісімшарттар бойынша міндеттемелер (жалғасы)**

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың ең аз жұмыс бағдарламаларын орындауға қатысты келесі міндеттемелері (ҚҚС сомасын ескерместен) болды:

<i>Миллион теңгемен</i>	Күрделі шығыстар	Операциялық шығыстар
Жыл		
2022	284.247	57.135
2023	122.340	4.373
2024	119.282	4.383
2025	180.402	4.314
2026-2048	146.972	21.372
Жиыны	853.243	91.577

Шикі мұнайды жеткізу міндеттемелері

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша мұнайды жеткізу шарттары бойынша Қашаған міндеттемелері 6,6 миллион тонна болды (шамамен 262.325 миллион теңге) (2021 жылғы 31 желтоқсан: 8,6 миллион тонна (шамамен 281.550 миллион теңге)).

Басқа да келісімшарттық міндеттемелер

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың бірлескен кәсіпорындардың міндеттемелеріндегі үлесін қоса алғанда, Топтың жалпы сомасы ҚҚС сомасын ескерместен 240.794 миллион теңге (2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: ҚҚС сомасын ескерместен 149.833 миллион теңге) болатын ұзақ мерзімді активтерді сатып алу және салу бойынша басқа да шарттық міндеттемелері болды.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың ҚР Энергетика министрлігі мен ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитеті бекіткен және өндірістік объектілерді кеңейтуге бағытталған инвестициялық бағдарламалардың шеңберінде 152.824 миллион теңге (2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 184.455 миллион теңге) жалпы сомада міндеттемелері болды.

Қаржылық емес кепілдіктер

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанына Топтың үшінші тараптардың пайдасына шығарылған міндеттемелерді орындаудың ашық кепілдіктері болды, солар бойынша Топ табиғи газды сатып алу-сату, тасымалдау шарттары және басқа да шарттар бойынша оның бірлескен кәсіпорындары мен қауымдасқан тараптардың тарапынан міндеттемелер орындалмаған жағдайда кепілдік беруші ретінде болады.

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанына Топ басшылығы тараптардың шарттық міндеттемелерді орындамау жағдайлары болмады және тиісінше, қаржылық емес шартты міндеттемелер бойынша міндеттемелер мойындалмады деп есептейді.

36. СЕГМЕНТТІК ЕСЕПТІЛІК

Топтың операциялық сегменттері өндірілетін өнім мен көрсетілетін қызметтердің түрлеріне сәйкес келетін бөлек құрылымдар мен басқаруды қамтиды. Барлық сегменттер түрлі нарықтарда өнім мен қызметтердің әр түрлерін ұсынатын бизнестің стратегиялық бағыттарын білдіреді. Функциялар а) содан кірістер мен шығыстар болатын қызметті жүзеге асыратын; б) операциялық нәтижелерін ресурстардың бөлінуіне қатысты операциялық шешімдер қабылдайтын Топ басшылығы саралап отыратын операциялық сегменттер ретінде айқындалады.

Топ қызметі негізгі төрт операциялық сегментті қамтиды: мұнай мен газды барлау және өндіру, мұнайды тасымалдау және шикі мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу және өткізу. Топ Компанияның қызметін «Корпоративтік орталық» операциялық сегментке бөліп көрсетуде, өйткені Компания тек бас компанияның функцияларын ғана орындап қана қоймай, сондай-ақ операциялық қызметті де жүзеге асырады. Қалған операциялық сегменттер біріктіріліп, олардың елеусіз болуына орай басқалары ретінде көрсетілген.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**36. СЕГМЕНТТІК ЕСЕПТІЛІК (жалғасы)**

Тауарлар мен қызметтер түрлері бойынша түсімді бөлу амалы осы қаржылық есептіліктің *8-ескертілмеде* көрсетілген.

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанына түсім негізінен келесі операциялық сегменттер жүзеге асыратын үшінші тараптарға сағу мен қызметтерді білдіреді:

<i>Миллион теңгемен</i>	2022 жылғы 31 желтоқсан					
	Мұнай мен газды барлау және өндіру	Мұнайды тасымалдау	Шикі мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу және өткізу	Корпоративтік орталық	Басқалары	Жиыны
Шикі мұнай мен газды сату	668.270	–	3.925.701	–	–	4.593.971
Мұнай өнімдерін сату	4.334	–	2.577.156	775.804	12.566	3.369.860
Мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу қызметтері	–	–	204.390	–	–	204.390
Мұнайды тасымалдау қызметтері	–	184.042	1.493	1.810	188	187.533
Басқа да кірістер	25.318	46.324	115.787	1.451	141.750	330.630
Жиыны	697.922	230.366	6.824.527	779.065	154.504	8.686.384

<i>Миллион теңгемен</i>	2021 жылғы 31 желтоқсан					
	Мұнай мен газды барлау және өндіру	Мұнайды тасымалдау	Шикі мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу және өткізу	Корпоративтік орталық	Басқалары	Жиыны
Шикі мұнай мен газды сату	611.876	–	3.099.664	–	–	3.711.540
Мұнай өнімдерін сату	(3.184)	–	1.527.802	559.515	11.704	2.095.837
Мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу қызметтері	–	–	203.425	–	–	203.425
Мұнайды тасымалдау қызметтері	(630)	169.095	2.035	13	221	170.734
Басқа да кірістер	20.622	34.293	111.400	1.367	110.117	277.799
Жиыны	628.684	203.388	4.944.326	560.895	122.042	6.459.335

Сегмент қызметінің нәтижелері түсімнің, таза пайда мен EBITDA көрсеткішінің негізінде бағаланады, олар шоғырландырылған қаржылық есептіліктегідей дәл сондай негізде өлшенеді.

EBITDA көрсеткіші басшылық сегменттердің тиімділігін бағалау үшін пайдаланатын, ХҚЕС-пен реттелмейтін қосымша қаржылық көрсеткіш болып табылады және тозуды, таусылуды және амортизацияны, негізгі құралдардың, материалдық емес активтердің және барлау әрі бағалау бойынша активтердің, сатуға арналған деп жіктелген активтердің құнсыздануын, барлау шығыстарын, бірлескен кәсіпорын мен қауымдасқан компанияға инвестициялардың құнсыздануын, қаржылық кірістер мен шығыстарды және табыс салығы бойынша шығыстарды есептен шығарғанға дейінгі пайда ретінде айқындалады.

EBITDA жалпы EBITDA-ға қатысты белгілі бір сегменттің EBITDA-сы ретінде айқындалады.

Түзетулер мен элиминирлеу топшілік айналымдарды алып тастауды білдіреді. Сегментаралық операциялар сегменттер арасында келісілген талаптарда жасалды, әрі олар, байланысты және үшінші тараптарға қолжетімді болатын белгілі бір реттелетін қызметтерді қоспағанда, нарықтық мөлшерлемелер бойынша міндетті түрде сәйкес келе бермейді.

Географиялық ақпарат

Топтың негізгі құралдары (*17-ескертілме*) келесі елдерде орналасқан:

<i>Миллион теңгемен</i>	2022 жыл	2021 жыл (қайта есептелген)
Қазақстан	6.316.404	6.102.411
Басқа елдер	673.433	623.499
	6.989.837	6.725.910

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

36. СЕГМЕНТТІК ЕСЕПТІЛІК (жалғасы)

Географиялық ақпарат (жалғасы)

Төмендегі кестеде 2022 жылғы пайда немесе зиян туралы ақпарат, сондай-ақ Топтың операциялық сегменттері бойынша 2022 жылғы 31 желтоқсанға активтері мен міндеттемелері туралы ақпарат көрсетілген:

Миллион теңгемен	Мұнай мен газды барлау және өндіру	Мұнайды тасымалдау	Шикі мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу және өткізу	Корпоративтік орталық	Басқалары	Түзетулер және элиминациялар	Жиыны
Сыртқы клиенттерге сатудан түсім	697.922	230.366	6.824.527	779.065	154.504	–	8.686.384
Басқа сегменттерге сатудан түсім	1.569.854	151.266	154.147	82.486	125.585	(2.083.338)	–
Түсім жиыны	2.267.776	381.632	6.978.674	861.551	280.089	(2.083.338)	8.686.384
Сатып алынған мұнайдың, газдың, мұнай өнімдері мен басқа да материалдардың өзіндік құны	(39.249)	(18.645)	(6.001.281)	(471.008)	(38.972)	1.614.771	(4.954.384)
Өндірістік шығыстар	(470.203)	(211.538)	(431.781)	(189.323)	(218.212)	378.669	(1.142.388)
Табыс салығынан басқа салықтар	(534.565)	(17.376)	(15.242)	(100.782)	(9.840)	–	(677.805)
Тасымалдау және өткізу шығыстары	(166.841)	(15.212)	(78.543)	(9.415)	–	64.671	(205.340)
Жалпы және әкімшілік шығыстар	(32.854)	(17.123)	(51.220)	(30.453)	(30.682)	2.164	(160.168)
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың табысындағы үлес. нетто	819.011	136.499	57.587	–	(21.787)	–	991.310
ЕБИТДА	1.843.075	238.237	458.194	60.570	(39.404)	(23.063)	2.537.609
ЕБИТДА, %	73%	9%	18%	3%	(2%)	(1%)	
Тозу, тауысылу және амортизация	(308.695)	(44.760)	(141.047)	(2.820)	(9.263)	–	(506.585)
Қаржылық кіріс	556.187	4.212	19.731	137.177	16.776	(613.496)	120.587
Қаржылық шығындар	(28.673)	(6.908)	(126.660)	(717.341)	(5.972)	578.708	(306.846)
Негізгі құралдардың, материалдық емес активтер мен сатуға арналған деп жіктелген активтердің құнсыздануы	460	472	(2.586)	–	946	–	(708)
Барлау шығыстары	(12.113)	–	–	–	–	–	(12.113)
Пайда салығы бойынша шығыстар	(307.826)	(53.133)	(81.562)	(49.215)	(1.511)	–	(493.247)
Жалғасып отырған қызметтен болған бір жылғы пайда / (зиян)	1.474.001	42.027	41.236	(168.543)	(39.315)	(32.087)	1.317.319
Басқа да сегментті ақпарат							
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялар	4.179.880	582.862	102.569	–	82.092	–	4.947.403
Күрделі шығындар	321.014	68.276	111.664	17.678	16.283	–	534.915
Өтпейтін ТМҚ, сауда дебиторлық берешек, байланысты тараптардан қарыздар мен дебиторлық берешек, басқа да қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша күтілетін несиелік зиян резервтері және басқа да қысқа мерзімді қаржылық емес активтердің құнсыздану резерві	(6.197)	(10.966)	(47.786)	(28.912)	(9.066)	–	(102.927)
Сегмент активтері	11.637.703	1.373.621	2.998.805	1.445.989	386.151	(1.191.506)	16.650.763
Сегмент міндеттемелері	1.427.150	311.632	1.976.159	4.584.712	120.799	(1.643.139)	6.777.313

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

36. СЕГМЕНТТІК ЕСЕПТІЛІК (жалғасы)

Географиялық ақпарат (жалғасы)

Төмендегі кестеде 2021 жылғы пайда немесе зиян туралы ақпарат, сондай-ақ Топтың операциялық сегменттері бойынша 2021 жылғы 31 желтоқсанға активтері мен міндеттемелері туралы ақпарат көрсетілген:

Миллион теңгемен	Мұнай мен газды барлау және өндіру	Мұнайды тасымалдау	Шикі мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу және өткізу	Корпоративтік орталық	Басқалары	Түзетулер және элиминациялар	Жиыны
Сыртқы клиенттерге сатудан түсім*	628.684	203.388	4.944.326	560.895	122.042	–	6.459.335
Басқа сегменттерге сатудан түсім*	1.223.371	78.579	157.380	46.222	86.598	(1.592.150)	–
Түсімдердің жиыны*	1.852.055	281.967	5.101.706	607.117	208.640	(1.592.150)	6.459.335
Сатып алынған мұнайдың, газдың, мұнай өнімдері мен басқа да материалдардың өзіндік құны*	(40.862)	(14.477)	(4.508.909)	(265.594)	(33.494)	1.256.134	(3.607.202)
Өндірістік шығыстар*	(337.184)	(124.163)	(203.059)	(167.570)	(149.841)	260.760	(721.057)
Табыс салығынан басқа салықтар*	(378.861)	(14.105)	(14.998)	(45.855)	(7.425)	–	(461.244)
Тасымалдау және өткізу шығыстары*	(154.960)	(5.444)	(66.646)	(10.353)	–	53.964	(183.439)
Жалпы және әкімшілік шығыстар*	(28.244)	(18.312)	(36.366)	(46.296)	(25.044)	2.870	(151.392)
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың табысындағы үлес, нетто*	537.144	105.890	17.694	–	19.564	–	680.292
ЕБИТДА*	1.449.088	211.356	289.422	71.449	12.400	(18.422)	2.015.293
ЕБИТДА, %*	73%	10%	14%	3%	1%	(1%)	
Тозу, тауысылу және амортизация*	(327.355)	(41.694)	(140.870)	(3.034)	(10.091)	–	(523.044)
Қаржылық кіріс*	72.269	3.980	2.563	161.385	20.938	(175.909)	85.226
Қаржылық шығындар*	(33.124)	(6.426)	(93.290)	(212.693)	(4.919)	87.629	(262.823)
Негізгі құралдардың, материалдық емес активтер мен сатуға арналған деп жіктелген активтердің құнсыздануы*	(3.987)	(4.796)	(8.217)	(324)	(3.400)	–	(20.724)
Барлау шығыстары	(79.083)	–	–	–	–	–	(79.083)
Пайда салығы бойынша шығыстар*	(236.639)	(14.441)	(38.159)	(30.899)	(1.110)	–	(321.248)
Жалғасып отырған қызметтен болған бір жылғы пайда / (зиян)*	683.666	48.688	36.922	300.334	(33.986)	(101.562)	934.062
Басқа да сегменттік ақпарат							
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялар	3.499.747	523.747	47.395	–	74.757	–	4.145.646
Күрделі шығындар	212.037	92.061	83.020	6.013	26.290	52.398	471.819
Өтпейтін ТМҚ, сауда дебиторлық берешек, байланысты тараптардан қарыздар мен дебиторлық берешек, басқа да қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша күтілетін несиелік зиян резервтері және басқа да қысқа мерзімді қаржылық емес активтердің құнсыздану резерві	(4.854)	(9.686)	(40.898)	(28.518)	(9.023)	–	(92.979)
Сегмент активтері	10.811.248	1.213.613	3.000.106	1.580.623	322.008	(1.070.146)	15.857.452
Сегмент міндеттемелері	1.219.175	216.809	1.994.289	3.378.313	100.458	(1.068.498)	5.840.546

* Осы бағанда келтірілген кейбір сомалар 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сомаларға сәйкес келмейді, өйткені жасалған түзетулерді көрсетеді, олар туралы ақпарат б-ескертпеде келтірілген.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**37. УКРАИНАДАҒЫ СОҒЫСТЫН САЛДАРЫ**

2022 жылғы ақпаннан бастап Ресей Федерациясы мен Украина арасындағы шиеленістің салдарынан батыс елдерінің көпшілігі Ресей Федерациясына қарсы көптеген санкцияларды жариялады. Бұл санкциялар Ресей Федерациясына теріс экономикалық әсер етуге бағытталған.

2022 жылғы ақпаннан бастап геосаяси шиеленістің өсуіне орай бағалы қағаздар мен валюта нарықтары құбылмалылықтың едәуір өсімі, сондай-ақ АҚШ доллары мен еуроға қатысты теңге бағамының айтарлықтай төмендеуі байқалады. Сондай-ақ, жыл ішінде ҚР ҰБ негізгі мөлшерлемесі 9,75%-дан 16,75%-ға дейін айтарлықтай өсті.

Топ санкциялар мен пайыздық мөлшерлемелердің Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін бағалады және осы жоғары тәуекел аяларын маңызды өзгерістер мәніне бақылауды жалғастыруда.

Қарыздар

Топтың 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банк ВТБ (Ресей Банкі) ЖАҚ-та 2027 жылы өтеу мерзімі бар 37,5 млрд рубль (баламасы 225 млрд теңге) және «Ресей Федерациясының Орталық банкінің негізгі мөлшерлемесі (негізгі мөлшерлеме) + 2,25%» пайыздық мөлшерлемесімен қарызы бар. Жыл ішінде негізгі мөлшерлеменің 8,00%-дан 20,00%-ға дейін, содан кейін 7,50%-ға дейін айтарлықтай ауытқулар байқалды. Осы қарыз бойынша пайыздар мен негізгі соманы жоспарлы тоқсан сайынғы төлемдері 2022 жылы ресей рублінде эмиссиясыз жасалды.

Маңызды әсерді бағалау

«Қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар» 28 ХКЕС-ке (IAS) сәйкес Топ Ресей мен Украинаның құқықтық және операциялық ортасындағы өзгерістер Ресейдегі ҚМГ қауымдасқан компаниясы КТК-ға айтарлықтай әсер ету мүмкіндігіне әсер етпегенін бағалады және растады.

ҚМГ қауымдасқан кәсіпорнының ҚМК операциялық ортасы

2022 жылғы 23 наурызда ҚМК қара теңіз терминалында мұнайды жөнелтуді тоқтатты, бұл дауылдың салдарынан үш бір нүктелі аймақтың (ВПУ) екеуінің зақымдалуына байланысты болды. 2022 жылғы 24 сәуірде Новоросийск қаласындағы ҚМК желісіндегі ВОП үш жүйесінің екіншісіне мұнай жөнелту қайта басталды.

2022 жылғы 27 сәуірде Ресей Федерациясының соты (Краснодар өлкесінің Төрелік соты) ҚМК теңіз терминалында (2021 жылдың тамызында болған) мұнайдың төгілуінен ҚМК -дан 5,2 миллиард Ресей рублі мөлшерінде (баламасы 30 миллиард теңге) шығынды өндіріп алу туралы Росприроднадзордың талабын толығымен қанағаттандырды. ҚМК барлық сомаға резервті таныды. Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігінде резерв қауымдасқан компанияның 2022 жылғы пайдасындағы үлесінің құрамында көрсетілді.

2022 жылғы 6 шілдеде Ресей соты (Приморск аудандық соты) ҚМК қызметін 30 күнге тоқтата тұруға міндеттеді. Кейінірек бір айлық дисквалификация 200.000 рубль айыппұлмен ауыстырылды (баламасы 3.300 доллар). ҚМК бұл айыппұлды 2022 жылғы шілдеде бухгалтерлік есепте көрсетті. ҚМК қызметі көрсетілген кезеңде тоқтаған жоқ.

2022 жылғы 22 тамызда ВПУ-1 және ВПУ-2-де жоспарланған жұмыстарды орындау кезінде сүңгуірлер су асты шлангтарының қалқымалы бақтарға бекітпелерінде жарықтар тапты. 2022 жылғы 12 және 29 қарашада Новоросийскідегі ҚМК ВПУ-1 және ВПУ-2 желілері жұмысын қайта бастады.

2022 жыл ішінде болған барлық мәселелер бір жыл ішінде шешіледі, одан әрі даму жоқ.

Санкциялардың әсері

2022 жылғы 4 наурызда Еуропа Одағы 7 ресейлік банкті SWIFT-тен ажыратты. Топтың ресейлік компаниялармен мұнай тасымалдауға келісімшарттары бар. Есептеулер бойынша тәуекелдерді болдырмау үшін Топ контрагент-банктерді санкциялар салынбаған банктерге ауыстырды. Сонымен қатар, кейбір келісімшарттардың валютасы АҚШ долларынан Ресей рубліне өзгертілді. Валюталық есептеулер 2022 жылы эмиссиясыз жүргізілді.

2023 жылғы 5 ақпаннан бастап Еуропа Одағы ресейлік дизель отынын, авиакеросинді және теңіз арқылы тасымалданатын басқа да мұнай өнімдерін импорттауға тыйым салды. Бұл шара Топтың Қазақстандағы немесе халықаралық деңгейдегі қызметіне қолданылмайды.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

38. ЕСЕПТІ КЕЗЕҢНЕН KEЙІНГІ ОҚИҒАЛАР**Қысқа мерзімді ноттарды сатып алу**

2023 жылғы қаңтарда Компания ҚР ҰБ қысқа мерзімді ноттарын 38.019 миллион теңге жалпы сомаға сатып алды. сондай-ақ 2022 Компания 70.000 миллион теңге сомаға сатып алған ҚР ҰБ қысқа мерзімді ноттарды эмитент кері сатып алды.

Көмірсутектерді өндіруге арналған келісімшарт

2023 жылғы 27 ақпанда Компания ҚР Энергетика министрлігімен Каспий теңізінің қазақстандық секторында орналасқан Қаламқас-теңіз, Хазар және Әуезов жер қойнауы учаскелерінде көмірсутектерді өндіруге келісімшарт жасасты.

Заңнамадағы өзгерістер

2023 жылы «Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерінің өндірісі мен айналымын мемлекеттік реттесу туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 20 шілдедегі № 463-IV Заңына түзетулер күшіне енді. Осы түзетулерге сай, мұнай өңдеу зауыттары мұнай өнімдерін сатуға құқылы. Мұнай өңдеу зауыттарының мұнай өнімдерін өткізуі жұмыстың маркетингтік схемасына толық немесе ішінара көшкеннен кейін өз бетімен жүзеге асырылатын болады, бұл мұнайды өз бетінше сатып алуды және осы мұнайдан өндірілген мұнай өнімдерін өткізуді білдіреді. Топ заңнамадағы мұндай өзгерістердің өзінің операциялық қызметіне елеулі әсерін күтпейді.

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ

Жекелеген қаржылық есептілік

*2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін,
тәуелсіз аудитордың есебімен бірге*

МАЗМҰНЫ

Тәуелсіз аудитордың есебі

Жекелеген қаржылық есептілік

Жиынтық кіріс туралы жекелеген есеп	1-2
Қаржылық жағдай туралы жекелеген есеп.....	3-4
Ақша қаражатының қозғалысы туралы жекелеген есеп	5-6
Капиталдағы өзгерістер туралы жекелеген есеп	7-8
Жекелеген қаржылық есептілікке ескертпелер	6-63



«Эрнст энд Янг» ЖШС
Әл-Фараби д-лы, 77/7
«Есентай Тауэр» ғимараты
Алматы қ., 050060
Қазақстан Республикасы
Тел.: +7 727 258 5960
Факс: +7 727 258 5961
www.ey.com

ТОО «Эрнст энд Янг»
пр. Аль-Фараби, 77/7
здание «Есентай Тауэр»
г. Алматы, 050060
Республика Казахстан
Тел.: +7 727 258 5960
Факс: +7 727 258 5961

Ernst & Young LLP
Al-Farabi ave., 77/7
Esentai Tower
Almaty, 050060
Republic of Kazakhstan
Tel.: +7 727 258 5960
Fax: +7 727 258 5961

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамның Акционерлеріне, Директорлар кеңесі мен Басшылығына

Пікір

Біз «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамның (бұдан әрі «Компания») жекелеген қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік, әрі оған 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы жекелеген есеп, жиынтық кіріс туралы жекелеген есеп, көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін капиталдағы өзгерістер туралы жекелеген есеп және ақша қаражатының қозғалысы туралы жекелеген есеп, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелеріне қысқаша шолуды қоса алғанда, қаржылық есептілікке жасалған ескертпелер жатады.

Біздің пікірімізше, қоса беріліп отырған жекелеген қаржылық есептілік барлық елеулі қатынастарда 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражатының қозғалысы мен қаржылық нәтижелерін Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес дұрыс бейнелейді.

Пікірді білдіру негізі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз одан әрі біздің есебіміздің «Аудитордың жекелеген қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлігінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңес (БХЭСК) қабылдаған Кәсіпқой бухгалтерлер этикасының халықаралық кодексіне (БХЭСК Кодексі) (халықаралық тәуелсіздік стандарттарын қоса алғанда) және біздің жекелеген қаржылық есептіліктің аудитіне Қазақстан Республикасында қолданылатын этикалық талаптарға сәйкес Компанияға қатысты біз тәуелсізбіз және біз осы талаптар мен БХЭСК Кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттерді орындадық. Біз алынған аудиторлық дәлелдер өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылады деп пайымдаймыз.

Аудиттің шешуші мәселелері

Аудиттің шешуші мәселелері – біздің кәсіптік пайымдауымызға сай ағымдағы кезең үшін жекелеген қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болып табылған мәселелер. Бұл мәселелер жекелеген қаржылық есептілік аудитіміздің контекстінде және осы есептілік туралы пікірімізді қалыптастыру кезінде қарастырылған және біз бұл мәселелер жөнінде бөлек пікірімізді білдірмейміз. Төменде көрсетілген әрбір мәселеге қатысты тиісті мәселенің аудитіміздің барысында қалай қарастырылғанының сипаты осы контекстінде келтіріледі.

Біз есебіміздің «Аудитордың жекелеген қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған міндеттерді, оның ішінде осы мәселелерге де қатысты міндеттерді орындадық. Тиісінше, аудитімізге жекелеген қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін бағалауымызға жауап ретінде әзірленген рәсімдерді орындау жатады. Аудиторлық процедураларымыздың, соның ішінде төменде көрсетілген мәселелерді қарастыру барысында орындалған процедуралардың нәтижелері қоса беріліп отырған жекелеген қаржылық есептілік туралы аудиторлық пікірімізді білдірудің негізі болады.

Аудиттің шешуші мәселесі

Еншілес ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындарды сатып алу мәмілелерін есепке алу

2022 жылы Компания бірқатар ұйымдарды бақылауға және бірлесіп бақылауға алды.

Біз бұл мәселе жекелеген қаржылық есептілік үшін сатып алынған инвестициялардың маңыздылығына және осы операциялардың күрделілігіне байланысты біздің аудитіміз үшін ең маңызды мәселелердің бірі болып табылады деп санаймыз. Компания өзінің жекелеген қаржылық есептілігінде еншілес ұйымдарға, бірлескен кәсіпорындарға және қауымдасқан компанияларға инвестицияларды есепке алу үшін «*Қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар*» 28 ХҚЕС-те (IAS) сипатталған үлестік қатысу әдісін қолданады. Жалпы бақылаудағы тараптардан еншілес ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындарға инвестицияларды сатып алуға қатысты 28 ХҚЕС-те (IAS) нұсқаулардың болмауына байланысты Компания «*Бизнес бірлестіктері*» 3 ХҚЕС-те (IFRS) сипатталған жалпы бақылаудағы бизнес бірлестіктері үшін қамту аясынан ұқсас ерекшелікті қолданды және жекелеген қаржылық есептілікте жалпы бақылаудағы еншілес ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындарға инвестицияларды бастапқы тану кезінде алдыңғы кезеңдердің баланстық құнын пайдаланды.

Тиісті шешуші мәселе ретінде аудитіміздің барысында қарастырылды

Біз осы мәмілелерге қатысты сатып алу-сату шарттарын және басқа құжаттарды зерттеп, мәмілелердің негізгі шарттары, сипаты мен құрылымы туралы түсінік алдық.

Біз операциялардың сипаты туралы түсінік алу үшін және Компания басшылығы жекелеген қаржылық есептілікте жалпы бақылаудағы тараптардан еншілес ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындарға инвестицияларды сатып алуды есепке алуға қатысты әзірлеген есеп саясатын бағалау үшін корпоративтік мақұлдауларды, корпоративтік және акционерлік келісімдер мен басқа да заңды құжаттарды зерттедік.

Алдыңғы қаржылық есептіліктен алынған қаржылық ақпаратты пайдаланған жалпы бақылаудағы тараптардан еншілес ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындарға инвестицияларды сатып алу үшін біз жекелеген қаржылық есептілікке енгізілген ақпаратты алдыңғы меншік иелерінің есептілігіне енгізілген қол жетімді қаржылық ақпаратпен салыстырдық.

Біз Компания бухгалтерлік есепке сай төлеген өтемақы сомасын тиісті растайтын төлем құжаттарымен және келісімшарттық міндеттемелермен салыстырдық.

Сатып алулар туралы ақпарат жекелеген қаржылық есептілікке 3 және 6-ескертпелерге қосылған.

Ұзақ мерзімді активтердің құнсыздануы

Біз бұл мәселе, жекелеген қаржылық есептілікке қатысты еншілес ұйымдарға, бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға салынған инвестицияларды қоса алғанда, ұзақ мерзімді активтер қалдықтарының елеулілігіне, құнсыздану талдауының негізінде жатқан жорамалдар субъективтілігінің жоғары деңгейіне, сондай-ақ басшылық қабылдаған елеулі пайымдаулар мен бағалауларға орай аудитіміз үшін маңызды мәселелердің бірі болып табылады деп есептейміз.

Жорамалдар дисконттау мөлшерлемелерін, мұнай мен мұнай өнімдеріне болжамды бағаларды және инфляцияның болжамды мөлшерлемелері мен валюталарды айырбастау бағамдарын қамтыды. Елеулі бағалауға өндіру жоспары, келешек күрделі шығындар және барлау мен өндіруге қолжетімді мұнай және газ қорлары кіреді.

Ұзақ мерзімді активтер мен құнсыздануға орындалған тесттер туралы ақпарат жекелеген қаржылық есептілікке 4 және 15-ескертпелерінде келтірілген.

Жалпы бақылауда жүрмеген бірлескен кәсіпорынға инвестицияны сатып алу үшін біз басшылықтың сатып алынған активтер мен міндеттемелердегі үлестің әділ құнына қатысты бағалауын зерттедік.

Біз жалпы бақылаудағы тараптардан еншілес ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындарға инвестицияларды сатып алу туралы тиісті ақпараттың ашылып көрсетілуін және жекелеген қаржылық есептіліктегі тиісті есеп саясатын талдадық.

Біз ұзақ мерзімді активтердің құнсыздану белгілерінің бар-жоғына қатысты басшылықтың бағалауын қарастырдық және онда құнсыздану белгілері анықталды, біз құнсыздану талдауын тестілеу және басшылық дайындаған өтелетін құнды есептеу үшін біздің бағалау мәселелері жөніндегі мамандарымызды тарттық.

Біз басшылық жасаған болжамның негізінде жатқан жорамалдарды сараладық. Біз өтелетін құн есебінде пайдаланылған мұнай мен мұнай өнімдерінің ағасын қолжетімді нарықтық болжамдармен салыстырдық.

Біз дисконттау мөлшерлемелерін және ұзақ мерзімді өсім мөлшерлемелерін нарықтың жалпы көрсеткіштерімен және басқа да қолжетімді мәліметтермен салыстырып, дисконттау мөлшерлемесін есептеу барысында орындалған түзетулерді бағаладық.

Біз құнсыздану модельдерінің математикалық дәлдігін және жорамалдардың өзгеруіне құнсыздану тесті нәтижелерінің сезімталдылығына жасалған талдауды бағаладық.

Біз Компания мұнай мен газ қорларын бағалау үшін, сондай-ақ қолданылуына қарай құнсыздану модельдерін дайындау үшін тартқан сыртқы сарапшылардың құзырлығын, мүмкіндіктері мен объективтілігін бағалау процедураларын орындадық.

Біз жекелеген қаржылық есептілікте құнсыздану тесті туралы ақпараттың ашылып көрсетілуін сараладық.

Компанияның 2022 жылғы Жылдық есебіне қосылған басқа да ақпарат

Басқа да ақпаратқа Компанияның 2022 жылғы Жылдық есебінде қамтылған ақпарат жатады, бірақ жекелеген қаржылық есептілік пен сол туралы біздің аудиторлық есебіміз жатпайды. Басқа да ақпарат үшін жауапкершілікті басшылық көтереді.

Жекелеген қаржылық есептілік туралы пікіріміз басқа ақпаратқа таралмайды және біз бұл ақпаратқа қатысты қандай да бір нысанда сенімділікті білдіретін тұжырымды ұсынбаймыз.

Жекелеген қаржылық есептілікке аудитті жүргізуімізге орай біздің міндетіміз жоғарыда көрсетілген басқа ақпаратпен танысу және бұл ретте басқа да ақпарат пен жекелеген қаржылық есептіліктің немесе аудит барысында ие болған біліміміз арасында елеулі сәйкессіздіктердің болуы және басқа да ақпарат өзге елеулі бұрмалануларды қамтымайтындығы мәселесін қарастыру болып табылады. Егер басқа ақпаратпен жүргізілген жұмыстың негізінде біз мұндай басқа ақпарат елеулі бұрмалануды қамтиды деген тұжырымға келетін болсақ, біз бұл факт жөнінде хабарлауға міндеттіміз. Бұған қатысты айтарымыз жоқ.

Басшылықтың және Аудит жөніндегі комитеттің жекелеген қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі

Басшылық жекелеген қаржылық есептіліктің ХҚЕС-ке сәйкес жасалуы және шынайы ұсынылуы үшін әрі басшылық шынайы емес әрекеттердің немесе қатенің салдарынан маңызды бұрмалануы жоқ жекелеген қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапкершілік көтереді.

Жекелеген қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыра алу қабілетін бағалау үшін, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтердің ашылып көрсетілуі үшін және басшылық Компанияны таратқысы келген, басшылықтың қызметін тоқтатқысы келген жағдайларды немесе оның мұндай әрекеттерге іс жүзіндегі баламасы болмай қалған жағдайларды қоспағанда, есептіліктің қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалдың негізінде жасалуы үшін жауапкершілік көтереді.

Аудит жөніндегі комитет Компанияның қаржылық есептілігінің дайындалу процесін қадағалау үшін жауапкершілік көтереді.

Аудитордың жекелеген қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз жекелеген қаржылық есептілік бүтіндей адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық есепті шығаруда елеулі бұрмалануларды қамтымайды деген ақылға қонымды сенімдікке қол жеткізу болып табылады. Ақылға қонымды сенімділік сенімділіктің жоғары дәрежесін білдіреді, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит елеулі бұрмалану бола қалғанда оны әрдайым анықтайтындығының кепілдігі болып табылады. Бұрмаланулар адал емес әрекеттердің немесе қателердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке-жеке немесе жиынтығында осы жекелеген қаржылық есептіліктің негізінде қолданылатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізделген күйде пайымдауға болса, елеулі болып есептеледі.

Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудиттің шеңберінде біз кәсіпқой пайымдауды қолданып, бүкіл аудиттің бойына кәсіптік скептицизмді сақтап қаламыз. Сонымен бірге, біз келесіні орындаймыз:

- ▶ адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан болған жекелеген қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтап, бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық процедураларды жасаймыз; өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. Қателердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмауы тәуекеліне қарағанда, жоғарыдағы адал емес әрекеттердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмай қалу тәуекелі, өйткені адал емес әрекеттерге сөз байласу, алдау, қасақана жіберіп қою, ақпараттың дұрыс ұсынылмауы немесе ішкі бақылау жүйесін айнала жасалған амалдар кіруі мүмкін.
- ▶ Компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатында емес, жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық процедураларды әзірлеу мақсатында, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін түсінеміз.
- ▶ қолданылатын есеп саясатының лайықты сипатын және басшылық есептеген бағалау мәндерінің және ақпараттың тиісінше ашылып көрсетілу негізділігін бағалаймыз.
- ▶ басшылықтың қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалды қолдану заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз және түскен аудиторлық дәлелдердің негізінде Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінде айтарлықтай күмән туғыза алатын оқиғаларға немесе талаптарға орай елеулі белгісіздіктің бар екендігі туралы тұжырым жасаймыз. Егер де біз елеулі белгісіздіктің болуы туралы тұжырымға келетін болсақ, біз өзіміздің аудиторлық есебімізде жекелеген қаржылық есептілікте ақпараттың тиісінше ашылып көрсетілуіне назар аудартуымыз керек немесе егер ақпараттың осылайша ашылып көрсетілуі лайықты болып табылмаса, пікірімізді түрлендіру керек. Біздің тұжырымдар аудиторлық есебіміз жасалған күнге дейін түскен аудиторлық дәлелдерге негізделген. Дегенмен келешек оқиғалар немесе талаптар Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінен айырылып қалуына әкеп соқтыра алады.
- ▶ жекелеген қаржылық есептіліктің бүтіндей ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын бағалаймыз, оған қоса ақпаратты ашып көрсету, сондай-ақ жекелеген қаржылық есептіліктің оның негізінде болған операциялар мен оқиғаларды олардың шынайы ұсынылуын қамтамасыз ететіндей етіп ұсынылатындығын бағалаймыз.

Біз Аудит жөніндегі комитеттің назарына, өзгесінен басқа, аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер туралы, оның ішінде егер біз аудит процесінде ондайларды анықтасақ, ішкі бақылау жүйесінің едәуір кемшіліктері туралы ақпаратты жеткізе отырып, онымен ақпараттық өзара әрекеттесуді жүзеге асырамыз.

Сондай-ақ біз Аудит жөніндегі комитетке тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті этикалық талаптарды сақтағандығымыз туралы мәлімдеме жасадық және осы тұлғаларды барлық өзара қарым-қатынастар мен аудитордың тәуелсіздігіне әсер етеді деп негізделген түрде есептеуге болатын басқа да мәселелер туралы, ал қажетті жағдайларда - қауіп-қатерлерді жою үшін жасалған іс-қимылдар немесе қолға алынған сақтық шаралары туралы хабардар еттік.

Біз Аудит жөніндегі комитеттің назарына жеткізген мәселелерден біз ағымдағы кезең үшін жекелеген қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болған және тиісінше, аудиттің шешуші мәселелері болып табылатын мәселелерді айқындаймыз. Біз бұл мәселелерді аудиторлық есебімізде сипаттаймыз, тек бұл мәселелер туралы ақпаратты жария ету заңмен немесе нормативтік актімен тыйым салынған жағдайдан немесе қандай да бір мәселе туралы ақпарат біздің есебімізде хабарланбауы тиіс екендігі туралы тұжырымға келген сирек жағдайлардан басқа, өйткені мұндай ақпаратты хабарлаудың теріс салдары оның хабарлануынан қоғамдық маңызы бар пайдадан асады деп жорамал жасауға болады.

Соның нәтижелері бойынша тәуелсіз аудитордың осы аудиторлық есебі шығарылған, аудиттің жүргізілуіне жауапты Партнер - Қайрат Медетбаев.

„Эрнст энд Янг“ ЖШС



Қайрат Медетбаев
Аудит жөніндегі партнер

Аудитордың 2013 жылғы 8 ақпандағы
№ МФ-0000137 біліктілік күәлігі

050060, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.,
Әл-Фараби даңғылы, 77/7, «Есентай Тауэр» ғимараты

2023 жылғы 12 мамыр



Ольга Хегай
«Эрнст энд Янг» ЖШС-тің
Бас директорының м.а.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
2005 жылғы 15 шілдеде берген сериясы
МФЮ-2 № 0000003 болатын Қазақстан
Республикасының аумағында аудиторлық
қызметпен айналысуға арналған
мемлекеттік лицензия

ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЖЕКЕЛЕГЕН ЕСЕП

<i>Миллион теңгемен</i>	Ескерт.	31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін	
		2022 жылғы	2021 жылғы
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім	7	840.128	598.897
Өткізудің өзіндік құны	8	(728.919)	(460.171)
Жалпы кіріс		111.209	138.726
Жалпы және әкімшілік шығыстар	9	(34.279)	(50.625)
Тасымалдау және өткізу шығыстары	10	(18.836)	(19.659)
Еншілес ұйымдарға салынған инвестициялардың құнсыздануы бойынша шығыстар	15	(85.945)	(23.883)
Еншілес ұйымдарға салынған инвестициялардан басқа, инвестициялардың құнсыздануы бойынша шығыстар	16	-	(71)
Барлау шығыстары	14	(3.171)	(59.707)
Қаржылық кірістер	11	123.618	110.213
Қаржылық шығындар	11	(717.341)	(212.693)
Еншілес ұйымдардың пайдасы мен залалындағы үлес	12	1.160.486	887.752
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасы мен залалындағы үлес	13	888.901	568.847
Еншілес ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындардың есептен шығарылуынан болған (залал)/түскен кіріс		(1.040)	20.775
Теріс бағамдық айырма		(139.531)	(56.589)
Басқа да залал, нетто		(3.810)	(5.419)
Табыс салығы есепке алынғанға дейінгі пайда		1.280.261	1.297.667
Пайда салығы бойынша шығыстар	24	(162.546)	(65.889)
Бір жылғы таза пайда		1.117.715	1.231.778

9-63 бет аралығындағы есеп саясаты мен ескертпелер осы жекелеген қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЖЕКЕЛЕГЕН ЕСЕП (жалғасы)

Миллион теңгемен	Ескерт.	31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін	
		2022 жылғы	2021 жылғы
Басқа да жиынтық кіріс			
<i>Келесі кезеңдерде пайда немесе залал құрамында қайта жіктелуге жататын жыл үшін басқа да жиынтық кіріс/(залал)</i>			
Еншілес ұйымдарды хеджирлеу әсері	15	(11.872)	10.055
Шетелдік бөлімшелердің есептілігін қайта есептеуден болған бағамдық айырмалар	15, 16	572.548	195.227
Салық әсері	24	(36.525)	(11.818)
Табыс салығын шегере отырып, келесі кезеңдерде пайданың немесе залалдың құрамына қайта сыныптауға жататын жылғы басқа да жиынтық кіріс		524.151	193.464
<i>Келесі кезеңдерде пайда немесе залал құрамында қайта жіктелуге жататын жыл үшін басқа да жиынтық кіріс/(залал)</i>			
Белгіленген төлемдері бар жоспарлар бойынша актуарлық міндеттемелерді қайта бағалаудан болған еншілес ұйымдардың пайдасы	15	9.367	4.795
Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша қаржы активтері ретінде жіктелген үлестік құралдардың әділ құнын түзету бойынша еншілес ұйымның пайдасы	15, 16	3.157	5.861
Табыс салығын шегере отырып, бірлескен кәсіпорындардың белгіленген төлемдері бар зейнетақы жоспарлары бойынша қайта бағалаудан болған залал		(19)	(169)
Салық әсері		(105)	(43)
Табыс салығын шегере отырып, келесі кезеңдерде пайданың немесе залалдың құрамына қайта сыныптауға жатпайтын жылғы басқа да таза жиынтық кіріс		12.400	10.444
Табыс салығын шегере отырып, бір жылғы басқа да таза жиынтық кіріс		536.551	203.908
Табыс салығын шегере отырып, бір жылғы жиынтық кіріс жиыны		1.654.266	1.435.686

Басқарма Төрағасының орынбасары



(Д.А. Арысова)

Бас бухгалтер

(А.С. Есбергенова)

А.С. Есбергенова

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЖЕКЕЛЕГЕН ЕСЕП

Миллион теңгемен	Ескерт.	31 желтоқсанға	
		2022 жылғы	2021 жылғы
Активтер			
Ұзақ мерзімді активтер			
Барлау және бағалау бойынша активтер	14	25.284	12.795
Негізгі құралдар		21.336	18.718
Инвестициялық жылжымайтын мүлік		20.544	22.171
Материалдық емес активтер		12.885	8.943
Еншілес ұйымдарға инвестициялар	15	11.134.077	6.797.201
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялар	16	4.523.406	3.718.552
Басқа да ұзақ мерзімді қаржылық емес активтер		964	51
Байланысты тараптарға берілген қарыздар	25	151.844	138.132
Ұзақ мерзімді банк салымдары	17	731	1.255
		15.891.071	10.717.818
Қысқа мерзімді активтер			
Тауар-материалдық қорлар		21.340	14.273
Сауда дебиторлық берешек	18	87.228	84.546
Өтелуге жататын ҚҚС		6.457	786
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем		531	393
Басқа да қысқа мерзімді қаржылық емес активтер	18	24.952	39.293
Байланысты тараптарға берілген қарыздар	25	194.662	645.325
Еншілес ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындардан алынуға жататын дивидендтер	25	320	9.477
Басқа да қысқа мерзімді қаржы активтері	18	6.454	1.736
Қысқа мерзімді банк салымдары	17	723.669	368.580
Ақша қаражаты мен оның баламалары	19	146.787	284.904
		1.212.400	1.449.313
Сатуға арналған деп жіктелген активтер		–	41
Активтердің жиыны		17.103.471	12.167.172

9-63 бет аралығындағы есеп саясаты мен ескертпелер осы жекелеген қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЖЕКЕЛЕГЕН ЕСЕП (жалғасы)

Миллион теңгемен	Ескерт.	31 желтоқсанға	
		2022 жылғы	2021 жылғы
Капитал			
Жарғылық капитал	20	916.541	916.541
Қосымша төленген капитал		1.136	1.136
Капиталдың басқа да резервтері		(8.774)	(6.145)
Есептілік валютасын қайта есептеу резерві		4.602.317	4.066.294
Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің әділ құны бойынша резерв		12.686	9.529
Бөлінбеген пайда		6.379.096	3.346.888
Капитал жиыны		11.903.002	8.334.243
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Қарыздар мен облигациялар	21	3.236.701	3.197.942
Қаржылық кепілдіктер	22	–	25.158
Басқа да ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер		–	50.026
Кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелер	24	616.545	466.595
		3.853.246	3.739.721
Қысқа мерзімді міндеттемелер			
Сауда кредиторлық берешек	23	55.812	31.793
Қарыздар мен облигациялар	21	1.130.745	27.726
Қаржылық кепілдіктер	22	29.190	10.558
Басқа да қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер	23	111.968	11.793
Басқа да қысқа мерзімді қаржылық емес міндеттемелер	23	19.508	11.338
		1.347.223	93.208
Капитал мен міндеттемелер жиыны		17.103.471	12.167.172

Басқарма Төрағасының орынбасары



[Handwritten signature]
Д.А. Арисбаева

Бас бухгалтер

[Handwritten signature]

А.С. Есбергенова

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЖЕКЕЛЕГЕН ЕСЕП

Миллион теңгемен	Ескерт.	31 желтоқсанға	
		2022 жылғы	2021 жылғы
Операциялық қызметтен болған ақша ағындары			
Сатып алушылардан түсімдер		934.566	628.159
Еншілес ұйымдардан, бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивидендтер	15, 16	423.995	432.799
Байланысты тараптарға берілген қарыздар бойынша алынған пайыздар		6.163	5.580
Банк салымдары бойынша алынған пайыздар		13.240	5.443
Тауарлар мен қызметтер үшін өнім берушілерге төлемдер		(810.980)	(585.362)
Жалақы мен персоналға басқа да шығындар бойынша төлемдер		(8.776)	(7.767)
Төленген пайыздар	21	(155.074)	(171.150)
Табыс салығын төлеу		(500)	(1.153)
Басқа да салықтар және бюджетке төлемдер		(24.979)	(10.265)
Басқа да төлемдер		(3.077)	(1.163)
Операциялық қызметтен ақша қаражатының таза түсімі		374.578	295.121
Инвестициялық қызметтен болатын ақша ағындары			
Банк салымдарын орналастыру		(1.166.541)	(464.826)
Банк салымдарын қайтару		848.078	343.966
Негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді және барлау мен бағалау бойынша активтерді сатып алу		(16.159)	(11.743)
Еншілес ұйымдардың, бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың жарғылық капиталына қосымша салымдар	15, 16	(43.935)	(23.561)
Байланысты тараптарға берілген қарыздар		(124.378)	(128.797)
Еншілес ұйымды иемдену бойынша берешектің ішінара өтелуі		-	(35.644)
Байланысты тараптарға берілген қарыздарды өтеуден түскен түсімдер		115.158	91.163
Еншілес ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестицияларды сатудан түскен түсімдер		-	20.785
Еншілес ұйымдарға салынған инвестицияларды қайтарудан түскен түсімдер	15	59.500	67.047
Соопегатив KMG U.A.-ның жарғылық капиталына салынған салым*	6, 21	(751.631)	-
ҚР Ұлттық Банкінің ноттарын сатып алу	25	(87.000)	-
ҚР Ұлттық Банкінің ноттарын өтеу	25	17.000	-
Басқа да түсімдер		-	833
Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза есептен шығарылуы		(1.149.908)	(140.777)

9-63 бет аралығындағы есеп саясаты мен ескертпелер осы жекелеген қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЖЕКЕЛЕГЕН ЕСЕП (жалғасы)

Миллион теңгемен	Ескерт.	31 желтоқсанға	
		2022 жылғы	2021 жылғы
Қаржылық қызметтен болған ақша ағындары			
Қарыздар мен облигациялардың түсуі	21	826.357	105.031
Төленген дивидендтер	20	(199.997)	(49.999)
Басқа да төлемдер		(158)	–
Инвестициялық қызметте ақша қаражатының таза түсуі		626.202	55.032
Айырбастау бағамдарындағы өзгерістердің ақша қаражаты мен оның баламаларына әсері			
Күтілетін несиелік залал резервіндегі өзгеріс		10.880	3.447
Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза (азаяуы)/көбеюі		(138.117)	212.691
Жыл басындағы ақша қаражаты мен оның баламалары			
Жыл соңындағы ақша қаражаты мен оның баламалары		284.904	72.213
		146.787	284.904

* Cooperative KMG U.A. жарғылық капиталына салым 751.631 миллион теңгені құрады, кейіннен Компания Самұрық-Қазына алдындағы Cooperative KMG U.A. берешегін төлеу есебіне есептеді (6 және 15-ескертпелер).

Басқарма Төрағасының орынбасары



Д.А. Арысова

Бас бухгалтер

А.С. Есбергенова

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЖЕКЕЛЕГЕН ЕСЕП

<i>Миллион теңгемен</i>	Жарғылық капитал	Қосымша төленген капитал	Капиталдың басқа да резервтері	Есептілік валютасын қайта есептеу резерві	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің әділ құны бойынша резерв	Бөлінбеген пайда	Жиыны
2021 жылғы 1 қаңтарға	916.541	1.155	(20.783)	3.882.885	3.668	3.936.171	8.719.637
Бір жылғы таза пайда	-	-	-	-	-	1.231.778	1.231.778
Басқа да жиынтық кіріс	-	-	14.638	183.409	5.861	-	203.908
Жиынтық кіріс жиыны	-	-	14.638	183.409	5.861	1.231.778	1.435.686
Дивидендтер (20-ескертпе)	-	-	-	-	-	(49.999)	(49.999)
Самұрық-Қазынамен операциялар (20-ескертпе)	-	-	-	-	-	(5.222)	(5.222)
Самұрық-Қазынаға бөлу (20-ескертпе)	-	-	-	-	-	(85)	(85)
«ҚазТрансГаз» АҚ-ын Самұрық-Қазынаға беру (5-ескертпе)	-	(19)	-	-	-	(1.765.755)	(1.765.774)
2021 жылғы 31 желтоқсанға	916.541	1.136	(6.145)	4.066.294	9.529	3.346.888	8.334.243

9-63 бет аралығындағы есеп саясаты мен ескертпелер осы жекелеген қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЖЕКЕЛЕГЕН ЕСЕП (жалғасы)


Миллион теңгемен	Жарғылық капитал	Қосымша төленген капитал	Капиталдың басқа да резерві	Есептілік валютасын қайта есептеу резерві	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің әділ құны бойынша резерв	Бөлінбеген пайда	Жиыны
2022 жылдың 1 қаңтарына	916.541	1.136	(6.145)	4.066.294	9.529	3.346.888	8.334.243
Бір жылғы таза пайда	-	-	-	-	-	1.117.715	1.117.715
Басқа да жиынтық кіріс/(залал)	-	-	(2.629)	536.023	3.157	-	536.551
Жиынтық кіріс/ (залал) жиыны	-	-	(2.629)	536.023	3.157	1.117.715	1.654.266
Дивидендтер (20-ескертпе)	-	-	-	-	-	(199.997)	(199.997)
Самұрық-Қазынамен операциялар (15, 20-ескертпелер)	-	-	-	-	-	385.997	385.997
Самұрық-Қазынаға бөлу (20-ескертпе)	-	-	-	-	-	(10.199)	(10.199)
Қашағанды сатып алу (6-ескертпе)	-	-	-	-	-	1.777.076	1.777.076
Еншілес ұйымды сатып алу (6-ескертпе)	-	-	-	-	-	25.250	25.250
Бірлескен кәсіпорындарды сатып алу (6-ескертпе)	-	-	-	-	-	(63.634)	(63.634)
2022 жылғы 31 желтоқсанға	916.541	1.136	(8.774)	4.602.317	12.686	6.379.096	11.903.002

Басқарма Төрағасының орынбасары



 Д.А. Арысова

Бас бухгалтер


 А.С. Есбергенова

9-б3 бет аралығындағы есеп саясаты мен ескертпелер осы жекелеген қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін****1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ**

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы («Компания» немесе «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ») 2002 жылғы 27 ақпанда Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 20 ақпандағы № 811 Жарлығының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің («Үкімет») 2002 жылғы 25 ақпандағы № 248 қаулысының негізінде жабық акционерлік қоғам ретінде құрылған Қазақстан Республикасының («ҚР») мұнай-газ кәсіпорны болып табылады. Компания «Қазақойл» ұлттық мұнай-газ компаниясы» мен «Мұнай және газ көлігі» ұлттық компаниясы» жабық акционерлік қоғамдардың бірігуі нәтижесінде құрылды. Бірігудің нәтижесінде бұл компаниялардың барлық активтері мен міндеттемелері, оның ішінде олардың барлық кәсіпорындарға қатысу үлестерін қоса алғанда, Компанияға берілді. 2004 жылдың наурызында ҚР-дың заңнамасына сәйкес Компания акционерлік қоғам болып қайта тіркелді.

2006 жылғы 8 маусымнан бастап Компанияның жалғыз акционері «Самұрық» Мемлекеттік активтері басқару бойынша қазақстандық холдинг» акционерлік қоғамы болып табылды, әрі ол 2008 жылдың қазанында «Қазына» Тұрақты Даму Қоры» акционерлік қоғамымен бірігіп, осылайша «Самұрық-Қазына» Ұлттық Өл-ауқат Қоры» акционерлік қоғамын («Самұрық-Қазына») құрды. Үкімет Самұрық-Қазынаның жалғыз акционері болып табылады. 2015 жылғы 7 тамызда ҚР Ұлттық Банкі Самұрық-Қазынадан Компания үлесінің 9,58%-ын және бір акциясын сатып алды. 2022 жылғы 8 желтоқсаннан бастап Компания акцияларының 3.00%-ы Astana International Exchange және Қазақстан қор биржасы (бұдан әрі - «KASE») қор биржаларында еркін айналымда болады.

2022 жылғы 31 желтоқсанға Компанияның 59 операциялық компанияда (2021 жылғы 31 желтоқсанға: 60) қатысу үлестері бар.

Компанияның тіркелген кеңсежайы мына мекенжайда орналасқан: ҚР, Астана қаласы, Дінмұхамед Қонаев көшесі, 8.

Компания қызметінің негізгі бағыттарына өзгесінен басқа мыналар кіреді:

- мұнай-газ саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысу;
- келісімшарттарға үлестік қатысу арқылы жер қойнауын пайдалану келісімшарттарында мемлекеттік мүдделерді білдіру; және
- көмірсутектерді барлау, әзірлеу, өндіру, мұнай операцияларын жүргізу қызметтері, қайта өңдеу, мұнай химия, тасымалдау және өткізу, мұнай құбырлары мен газ құбырларын және мұнай-газ өндіру инфрақұрылымын жобалау, салу, пайдалану мәселелері бойынша корпоративтік басқару және мониторинг жасау.

Компанияның осы жекелеген қаржылық есептілігін Басқарма төрағасының орынбасары мен Бас бухгалтері 2023 жылғы 12 мамырда шығаруға бекітті.

Компанияның бұл жекелеген қаржылық есептілігі Компания мен ол бақылайтын еншілес ұйымдарының дәл осы есепті кезең үшін шоғырландырылған қаржылық есептілігіне қосымша шығарылды. Компанияның шоғырландырылған қаржылық есептілігін Компания Басқармасы төрағасының орынбасары мен Бас бухгалтері 2023 жылғы 6 наурызда шығаруға бекітті. Шоғырландырылған қаржылық есептілікті Компанияның ресми сайтынан немесе Компанияның офисінен алуға болады.

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ

Осы жекелеген қаржылық есептілік, есеп саясатында және осы жекелеген қаржылық есептіліктің ескертпелерінде ашылып көрсетілген операцияларды қоспағанда, бастапқы құн бойынша бағалау қағидатына сәйкес әзірленді. Осы жекелеген қаржылық есептіліктегі барлық мәндер, арнайы аталған жағдайларды қоспағанда, миллиондарға дейін дөңгелектенген.

Сәйкестік туралы мәлімдеме

Компанияның бұл жекелеген қаржылық есептілігі Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі Кеңес бекіткен редакцияда Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес әзірленді.

Жекелеген қаржылық есептілікті ХҚЕС-ке сәйкес дайындау белгілі бір маңызды есептік бағалауды қолдануды талап етеді, сондай-ақ басшылықтан есеп саясатын қолдану барысында жол берулер бойынша пікірлер қолдануды талап етеді. Жоғары күрделілік деңгейі мен жол берулерді қолдануды қамтитын қолданылу саласы, сондай-ақ бағалау мен жол берулерді қолдану Компанияның жекелеген қаржылық есептілігі үшін елеулі болып табылатын салалар *4-ескертпеде* ашылған.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)****Сәйкестік туралы мәлімдеме (жалғасы)**

Жекелеген қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық бірқатар белгісіздіктерді, оның ішінде Украинадағы соғыстың салдарынан болған белгісіздіктерді ескере отырып, әлемдегі ағымдағы экономикалық және геосаяси ахуалды назарға алды (*28-ескертпе*). Жекелеген қаржылық есептілік қызметтің үздіксіздігі қағидатына сәйкес дайындалды.

Үздіксіз қызмет қағидаты

Бұл жекелеген қаржылық есептілік Компания жақын болашақта қызметін жалғастырады деген жорамал негізінде дайындалды.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 134,823 миллион теңге мөлшеріндегі теріс айналым капиталы негізінен қарыздар, оның ішінде байланысты тараптардан алынған қарыздар есебінен қалыптасты.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қысқа мерзімді қарыздар сомасына Компанияның еншілес ұйымы «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ-дан 1,096,340 миллион теңге мөлшерінде алынған қарыз кіреді. (*21-ескертпе*). Бұл қарыздың өтелуі 2023 жылы Компанияның «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ ерікті түрде тарату туралы қабылданған шешіміне байланысты жоспарлануда.

Компания өзінің борыштық міндеттемелерін орындауда қиындықтар немесе шарттық міндеттемелерді бұзуды күтпейді. Бюджетте көзделген кірісті жоғалтумен және сөзсіз шығындарды қоса алғанда, ең қолайсыз сценарийде де Компания 2023 жылы қолда бар ақша қаражаттары, операциялық қызметті қолдау үшін қол жетімді банктік шоттардағы депозиттер және берілген қарыздар бойынша алынған сомалар есебінен келісілген төлемдер кестесіне сәйкес берешекті өтей алады.

Нәтижесінде, Басшылық Компания өз қызметін жақын болашақта үздіксіз қызмет қағидаты негізінде жалғастыра алады деп санайды.

Шетел валюталарын қайта есептеу*Функционалдық валюта және білдіру валютасы*

Осы жекелеген қаржылық есептілік Компанияның функционалдық валютасы мен оны білдіру валютасы болып табылатын теңгемен білдірілген.

Операциялар және шоттар сальдосы

Шетелдік валютадағы операциялар операциялар жүзеге асырылған күнгі валюта бағамы пайдаланыла отырып, функционалдық валютаға қайта есептеледі. Мұндай операциялар бойынша есептеулер нәтижесінде туындаған бағамдық айырмашылықтардан және есепті күнгі бағамдар бойынша шетел валютасында берілген монетарлық активтер мен міндеттемелерді қайта есептеуден түскен кірістер мен шығындар жиынтық кіріс туралы жекелеген есепте пайда немесе зиян құрамында танылады.

Тарихи құнның негізінде шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптар бастапқы мәмілелер жасалған күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі. Әділ құны бойынша шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптар әділ құн белгіленген күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі.

Валюталарды айырбастау бағамдары

KASE-де белгіленген орташа есептелген валютаны айырбастау бағамы ҚР ресми валюта айырбастау бағамы ретінде қолданылады.

KASE-нің 2022 жылғы 31 желтоқсандағы айырбастау бағамы 1 АҚШ доллары үшін 462,65 теңгені құрады. Бұл бағам 2022 жылғы 31 желтоқсанға АҚШ долларында көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелерді қайта есептеу үшін пайдаланылды (2021 жылғы 31 желтоқсанға: 1 АҚШ доллары үшін 431,80 теңге). ҚҚБ айырбастау бағамы 2023 жылғы 12 мамырда 1 АҚШ доллары үшін 445,99 теңгені құрады. 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы шетелдік валюталардың теңгеге қатысты бағамының тұрақсыздығына байланысты Компанияда 139,531 миллион теңге мөлшерінде нетто, теріс бағамдық айырма қалыптасты.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)****IBOR реформасы контексіндегі қарыз шарттарын қайта қарау**

IBOR реформасын жүзеге асыру шеңберінде кейбір қаржы құралдары IBOR-дан тәуекелсіз пайыздық мөлшерлемеге ауысу шамасына қарай өзгертілген немесе өзгертілетін болады. Қаржы құралының пайыздық мөлшерлемесінің өзгеруінен басқа, мұндай ауысу кезінде қаржы құралының шарттарына қосымша өзгерістер енгізілуі мүмкін. Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары жағдайында Компания бастапқыда практикалық сипаттағы мынадай жеңілдетулерді қолданады:

- Практикалық сипаттағы жеңілдетуді, соған сай реформамен тікелей талап етілетін шарттың өзгеруі немесе ақша ағындарының өзгеруі нарықтық пайыздық мөлшерлеменің өзгеруіне баламалы болатын құбылмалы пайыздық мөлшерлеменің өзгеруі ретінде қарастырылуы тиіс;
- Хеджирлеу ара қатынастарының анықтамасына және хеджирлеу ара қатынастарын тоқтатпастан хеджирлеу жөніндегі құжаттамаға IBOR реформасымен талап етілетін өзгерістерді енгізуге жол беріледі;
- Ұйымдарға тәуекелсіз мөлшерлемесі бар құрал ұйымның қарауына қарай хеджирлеу ара қатынастары шеңберінде тәуекелі бар құрамдас ретінде айқындалған жағдайларда бөлек сәйкестендірілетін құрамдастарға қатысты талаптарды сақтау қажеттілігінен уақытша босату беріледі.

Содан кейін практикалық сипаттағы жеңілдету қолданылмайтын кез-келген өзгерістерге қатысты Компания бұл өзгерістердің маңызды екенін бағалау үшін пайымдауды қолданады. Егер бұл өзгерістер елеулі болса, қаржы құралын тану тоқтатылады және жаңа қаржы құралы танылады. Егер өзгерістер елеулі болмаса, Компания қайта қаралған тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып дисконтталған практикалық сипаттағы жеңілдету қолданылмайтын өзгерістердің келтірілген құнына қаржы құралының жалпы баланстық құнын түзетеді.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ**Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер**

Жекелеген қаржылық есептілікті дайындау кезінде қабылданған есепке алу қағидаттары, 2022 жылдың 1 қаңтарына күшіне енген қабылданған жаңа стандарттар мен түсіндірмелерді қоспағанда, 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Компанияның жылдық жекелеген қаржылық есептілігін дайындау кезінде қолданылған қағидаттарға сәйкес келеді.

Компания шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген қандай да бір стандарттарды, түсіндірмелерді немесе түзетулерді мерзімінен бұрын қолданған жоқ.

Кейбір түзетулер мен түсіндірмелер алғаш рет 2022 жылы қолданылды, бірақ олар Компанияның жекелеген қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

Компания тек Компания үшін ғана жарамды және қолданылатын стандарттардың тізімін ұсынды.

«Ауыртпалық түсіретін шарттар - шартты орындау шығындары» 37 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер

Түзетулерде шарттың ауыртпалықты немесе залалды болып табылатындығын бағалау кезінде ұйым қосымша шығындарды да, шартты орындауға тікелей байланысты бөлінген шығындарды да қамтитын тауарларды немесе көрсетілетін қызметтерді ұсынуға арналған шартқа тікелей байланысты шығындарды ескеруге тиіс екендігі түсіндіріледі. Шартпен тікелей байланысты емес жалпы және әкімшілік шығындар оларды шарт бойынша контрагент ашық түрде өтеуге тиіс болған жағдайлардан басқа, ескерілмейді. Бұл түзетулер ауыртпалықты шарттардың жоқ болуына орай Компанияның жекелеген қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

3 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер - «Концептуалдық негіздерге сілтемелер»

Түзетулер «Бағалау міндеттемелері, шартты міндеттемелер мен шартты активтер» 37 ХҚЕС-тің (IAS) қолданылу аясына жататын міндеттемелер мен шартты міндеттемелер үшін «2 күннің» әлеуетті табысының немесе шығындарының пайда болуын болдырмас үшін «Бизнестерді біріктіру» 3 ХҚЕС-те (IFRS) мойындау қағидатынан ерекшелікті немесе егер олар жеке операциялардың шеңберінде туындаған болса, «Міндетті төлемдер» 21 КРМФО (IFRIC) Түсіндірмелерін қосты. Осы ерекшелікке сәйкес «Концептуалдық негіздердің» ережелерін қолданудың орнына ұйымдар сатып алу күніне міндеттеменің бар-жоғын анықтау үшін 37 ХҚЕС (IAS) критерийлерін немесе 21 ХҚЕС (IFRIC) түсіндірмелерін қолдануы тиіс. Осы түзетулер Компанияның жекелеген қаржылық есептілігіне әсер еткен жоқ, өйткені қаралып отырған кезең ішінде осы түзетулердің қолданылу аясына жататын шартты активтер, міндеттемелер және шартты міндеттемелер туындамады.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)

Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер (жалғасы)

16 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер – «Негізгі құралдар: мақсатына лайық пайдаланғанға дейінгі түсімдер»

Бұл түзетулерге сай ұйымдарға негізгі құрал объектісінің бастапқы құнынан бұл объектіні орналасқан жеріне дейін жеткізу және оны басшылықтың ниетіне сәйкес пайдалану үшін талап етілетін жай-күйге келтіру процесінде жасалған бұйымдарды сатудан түскен қандай да бір түсімдерді есептен шығаруға тыйым салынған. Осының орнына ұйым мұндай бұйымдарды сатудан түсетін түсімдерді, сондай-ақ бұл бұйымдарды шығару құнын пайданың немесе зиянның құрамында мойындайды. Бұл түзетулер Компанияның жекелеген қаржылық есептілігіне әсер еткен жоқ, өйткені қаржылық есептілікте ұсынылған кезеңнің ең ерте кезеңінің басталу күніне (немесе одан кейін) пайдалануға қолжетімді болатын негізгі құралдардың осындай объектілері өндіріс бұйымдарды сату болмаған.

«Қаржы құралдары» 9 ХҚЕС-ке (IFRS) түзету – қаржылық міндеттемелерді тануды тоқтату үшін «10% тестісін» жүргізу кезіндегі комиссиялық сыйақы

Түзетуде ұйым жаңа немесе түрлендірілген қаржылық міндеттеменің талаптары бастапқы қаржылық міндеттеменің талаптарынан айтарлықтай ерекшеленетіндігін бағалау кезінде ескеретін комиссиялық сыйақы сомалары түсіндіріледі. Мұндай сомаларға тек, кредитор немесе қарыз алушы басқа тараптың атынан төлеген немесе алған комиссиялық сыйақыны қоса алғанда, белгілі бір кредитор мен қарыз алушының арасында төленген немесе алынған комиссиялық сыйақылар ғана жатады. «Қаржы құралдары: тану және бағалау» 39 ХҚЕС (IAS) үшін ұқсас түзету көзделмеген. Бұл түзетулер Компанияның жекелеген қаржылық есептілігіне әсер еткен жоқ, өйткені қаралып отырған кезең ішінде Компанияның қаржы құралдарының түрлендірілуі болмады.

Стандарттар шығарылды, бірақ әлі күшіне енбеді.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша стандарттарға жаңа түзетулер жарияланды:

- *8 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер - «Бухгалтерлік бағалауды айқындау»;*
- *1 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер және «Есеп саясаты туралы ақпаратты ашып көрсету» 2 ХҚЕС жөніндегі іс жүзіндегі ұсынымдар;*
- *12 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер - «Бір операцияның нәтижесінде туындайтын активтер мен міндеттемелерге қатысты кейінге қалдырылған салық»;*
- *16 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер – «Сату және кері жалдау кезінде жалдау міндеттемесі»;*
- *1 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер - «Міндеттемелерді ағымдағы немесе ұзақ мерзімді ретінде жіктеу»;*
- *10 ХҚЕС-ке (IFRS) және 28 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер - «Инвестор мен оның қауымдасқан компаниясы немесе бірлескен кәсіпорны арасында активтерді сату немесе беру».*

Жоғарыдағы түзетулер мен түсіндірулер Компанияның жекелеген қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)****Бизнесі біріктіру және гудвил***Еншілес ұйымдарды жалпы бақылаудағы тараптардан сатып алу*

Еншілес ұйымдарды жалпы бақылаудағы тараптардан сатып алынуы үлестерді біріктіру әдісін пайдалана отырып ескеріледі.

Жалпы бақылауға берілетін еншілес ұйымның активтері мен міндеттемелері жекелеген қаржылық есептілікте беру күніне беретін ұйымның («Бастамашы») ағымдағы құны бойынша ескеріледі. Бастамашының гудвилін қоса алғанда, таза активтердің жалпы ағымдағы құны мен төленген сыйақы арасындағы айырма капиталды түзету ретінде жекелеген қаржылық есептілікте көрсетіледі.

Жалпы бақылаудағы тараптардан бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларды сатып алу

Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларды жалпы бақылаудағы тараптардан сатып алынуы үлестерді біріктіру әдісін пайдалана отырып ескеріледі.

Компанияның жалпы бақылауға берілетін бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың активтері мен міндеттемелеріндегі үлесі жекелеген қаржылық есептілікте беру күніне беретін ұйымның («Бастамашы») ағымдағы құны бойынша ескеріледі. Бастамашының гудвилін қоса алғанда, таза активтердің жалпы ағымдағы құнындағы Компанияның үлесі мен төленген сыйақы арасындағы айырма капиталды түзету ретінде жекелеген қаржылық есептілікте көрсетіледі.

Сегментті есептілік

Шоғырландырылған деңгейдегі операциялық сегменттер өндірілетін өнім және әртүрлі нарықтарда көрсетілетін қызметтер негізінде білдірілген. Басқару мақсатында Компания үш негізгі операциялық сегментті анықтады: «Мұнай мен газды барлау және өндіру», «Мұнайды тасымалдау», «Шикі мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу және өткізу». Компания Басқармасы негізгі операциялық шешімдерді қабылдайтын және ресурстарды бөлу және қызмет тиімділігін бағалау туралы шешімдер қабылдау мақсатында әрбір бизнес-бөлімше қызметінің нәтижелерін талдайтын орган болып табылады. Сегментті есептілік бойынша ашып көрсетулер 8 ХҚЕС (IFRS) сәйкес 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктің 36-ескертпесінде көрсетілген.

Еншілес ұйымдарға, қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар

Еншілес ұйымдарға, қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар үлестік қатысу әдісі бойынша ескеріледі. Үлестік қатысу әдісіне сәйкес еншілес ұйымға, бірлескен кәсіпорынға немесе қауымдасқан компанияға инвестициялар алдымен бастапқы құны бойынша танылады. Инвестициялардың баланстық құны сатып алғаннан кейін туындайтын еншілес ұйымның, бірлескен кәсіпорынның немесе қауымдасқан компанияның таза активтеріндегі өзгерістердегі Компанияның үлесі танылуы салдарынан не өседі немесе төмендейді. Еншілес ұйымға, бірлескен кәсіпорынға немесе қауымдасқан компанияға жататын гудвил инвестицияның баланстық құнына кіреді және амортизацияланбайды, сондай-ақ құнсыздану мәніне жеке тексеруге ұшырамайды.

Жиынтық кіріс туралы жекелеген есеп еншілес ұйым, бірлескен кәсіпорын немесе қауымдасқан компания қызметінің қаржы нәтижелеріндегі Компанияның үлесін көрсетеді. Мұндай инвестициялар нысандарының басқа да жиынтық кірісінің өзгеруі Компанияның басқа да жиынтық кірісінің құрамында ұсынылады. Сонымен бірге, егер еншілес ұйым, бірлескен кәсіпорын немесе қауымдасқан компания капиталында тікелей танылған өзгеріс орын алса, Компания осындай өзгерістегі өз үлесін таниды және бұл капиталдағы өзгерістер туралы жекелеген есепте қолданылса, осы фактіні ашады.

Еншілес ұйымдардың, қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындардың қаржылық есептілігі Компанияның есептілігі сияқты дәл сол есепті кезең үшін әзірленеді. Қажет болған жағдайда еншілес ұйымдардың, қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындардың есеп саясатын Компанияның есеп саясатына сәйкес келтіру мақсатында түзетулер енгізіледі.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)****Еншілес ұйымдарға, қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар (жалғасы)**

Үлестік қатысу әдісін қолданғаннан кейін Компания еншілес ұйымға, бірлескен кәсіпорынға немесе қауымдасқан компанияға өз инвестициялары бойынша құнсызданудан болған қосымша залалды тану қажеттілігін айқындайды. Компания әрбір есепті күнге еншілес ұйымға, бірлескен кәсіпорынға немесе қауымдасқан компанияға инвестициялар құнсыздануының объективті айғақтарының болуын анықтайды. Осындай дәлелдер болған жағдайда, Компания құнсыздану сомасын еншілес ұйымның, бірлескен кәсіпорынның немесе қауымдасқан компанияның өтелетін құны мен оның баланстық құны арасындағы айырма ретінде есептейді және бұл соманы жиынтық кіріс туралы жекелеген есепте құнсызданудан болған шығынды мойындайды.

Еншілес ұйымға бақылаудан, бірлескен кәсіпорынға бірлескен бақылаудан немесе қауымдасқан компанияға айтарлықтай ықпалдан айырылған жағдайда, Компания қалған инвестицияларды әділ құны бойынша бағалап, мойындайды. Айтарлықтай ықпалдан немесе бірлескен бақылаудан айырылу сәтіне еншілес ұйымға, бірлескен кәсіпорынға немесе қауымдасқан компанияға салынған инвестициялардың баланстық құны мен қалған инвестицияның әділ құны және шығудан болған түсімдер арасындағы айырма пайда немесе зиян құрамында бақылаудан айырылу орын алған кезеңде танылады.

Активтер мен міндеттемелерді қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді етіп жіктеу

Қаржылық жағдай туралы жекелеген есепте Компания активтер мен міндеттемелерді олардың қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді етіп жіктелуінің негізінде ұсынады. Актив қысқа мерзімді болып табылады, егер:

- оны сату болжанса немесе ол әдеттегі операциялық циклдің шеңберінде сатуға және тұтынуға арналса;
- ол негізінен сауда жасау мақсаттары үшін арналса;
- оны есепті кезең аяқталғаннан кейін 12 (он екі) айдың ішінде өткізу болжанса;
- немесе есепті кезең аяқталғаннан кейін кем дегенде 12 (он екі) айдың ішінде міндеттемелерді өтеу үшін пайдалануға немесе айырбастауға шектеулер болған жағдайларды қоспағанда, ол ақша қаражатын немесе оның баламаларын білдіреді.

Міндеттеме қысқа мерзімді болып табылады, егер:

- оны әдеттегі операциялық циклдің шеңберінде өтеу болжанса;
- ол негізінен сауда жасау мақсаттары үшін ұсталса;
- ол есепті кезең аяқталғаннан кейін 12 (он екі) айдың ішінде өтелуге тиіс болса;
- немесе Компанияның есепті кезең аяқталғаннан кейін кем дегенде 12 (он екі) айдың ішінде міндеттемелердің өтелу мерзімін ұзартуға сөзсіз құқығы болмаса.

Компания барлық басқа активтер мен міндеттемелерді ұзақ мерзімді ретінде жіктейді.

Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер мен міндеттемелер ұзақ мерзімділер ретінде жіктеледі.

Кен орындарын барлауға, бағалауға және әзірлеуге байланысты шығыстар

Жер қойнауын пайдалану құқықтарын (лицензияларды) иемденгенге дейін болған шығындар

Жер қойнауын пайдалану құқықтарын (лицензияларды) алғанға дейін болған шығындар келтірілген кезеңдегі шығындарға жатқызылады. Үкіметпен тиісті келісімге қол қойылғаннан кейін болған шығындар капиталдандырылады.

Лицензияларды сатып алу шығындары

Лицензияларды сатып алу шығындары капиталданады және материалдық емес активтер ретінде жіктеледі. Барлау бойынша әрбір объект жыл сайын бұрғылау жұмыстары жоспарланғанын және оның құнсызданбағанын растау мәніне қарастырылады. Егер келешек жұмыстар жоспарланбаса, барлауға арналған лицензияларды және тиісті объектілерді сатып алу шығындарының ағымдағы құны есептен шығарылады. Экономикалық негізделген шығарылатын қорлар («дәлелденген қорлар» немесе «коммерциялық қорлар») анықталған кезде және әзірлеуді ішкі бекіту кезінде барлауға арналған лицензияларды және тиісті объектілерді сатып алуға арналған шығындардың ағымдағы құны, кен орындардың бөлігінде, барлау және бағалау бойынша активтермен бірігіп, әзірлеу шығындары ретінде барлау және бағалау бойынша мұнай-газ активтеріне ауыстырылады.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)**Кен орындарын барлауға, бағалауға және әзірлеуге байланысты шығыстар (жалғасы)***Барлаумен және бағалаумен байланысты шығындар*

Барлауға арналған заңды құқық алынған сәттен бастап геологиялық және геофизикалық зерттеу шығындары мен барлау жасалатын ұңғымаға тікелей қатысты шығындар ұңғыманың бұрғылануы аяқталмайынша және мұндай бұрғылау нәтижелері бағаланбайынша шығындардың сипатына сәйкес барлау және бағалау бойынша материалдық емес немесе физикалық денесі бар ретінде капиталданады. Мұндай шығындарға қызметкерлерге төлемақы, пайдаланылған материалдар мен жанар май, бұрғылау мұнарасының құны және мердігерлерге арналған төлемдер кіреді. Егер күтілетін қорлар табылмаса, барлау бойынша актив құнсыздануға тестіленеді; егер шығарылатын көмірсутектер табылып, одан кейінгі бағалауға жататын болса, әрі оған коммерциялық әзірленуі ықтимал болатын басқа ұңғымаларда бұрғылау кіруі мүмкін болса, онда шығындар көмірсутектерді коммерциялық шығаруды бағалауда негізделген/үздіксіз прогреске қол жеткізілмейінше, материалдық емес актив немесе физикалық денесі бар ретінде ескерілуін жалғастырады.

Осы сияқты барлық шығындар техникалық, коммерциялық және басқарушылық тексеруге, сол сияқты әзірлеуді жалғастыру ниетін немесе кен орнынан пайда алудың қандай да бір басқа тәсілін растау үшін жылына кем дегенде бір рет құнсыздану мәніне тексеруге жатады. Мұндай ниеттер болмағанда активтер шығыстарға есепке жатқызылады.

Дәлелденген қорлар анықталғанда және әзірлеу туралы шешім қабылданғанда, барлаумен және бағалаумен байланысты тиісті шығындар құнсыздану тестісінен кейін мұнай-газ активтеріне ауыстырылады және қажет болғанда құнсыздану залалы танылады.

Мұндай ниет болмағанда, және келісімшарттық аумақты Үкіметке қайтарып беру шешімі қабылданғанда және жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты бұзу ниеті болғанда активтер шығыстарға есептен шығарылады.

Әзірлеу шығындары

Платформалар, мұнай құбырлары және әзірленетін ұңғымаларды бұрғылау сияқты инфрақұрылым объектілерін салу, орнату және аяқтау шығындары мұнай-газ мүлкінің құрамында, әзірлеу шығындары ретінде капиталданады.

Қарыздар бойынша шығындар

Барлау және бағалау бойынша активтерден болатын келешек экономикалық пайда ықтимал болып табылмағандықтан, Компания қарыздар бойынша шығындарды барлау және бағалау бойынша активтердің құнына капиталдандырмайды.

Материалдық емес активтер

Материалдық емес активтер жинақталған амортизацияны және құнсызданудан жинақталған шығындарды шегере отырып, бастапқы құны бойынша ескеріледі. Материалдық емес активтерге мұнай-газ ресурстарын барлауға арналған лицензияларды, компьютерлік бағдарламаларды сатып алу шығындары кіреді. Материалдық емес активтер бастапқыда сатып алу құны бойынша бағаланады. Бастапқы құны - бұл жиынтық төленген сома және активті сатып алу үшін берілген кез келген басқа сыйақының әділ құны.

Материалдық емес активтер, пайдалы қызмет етудің қалған есепті мерзімінің ішінде тік желілік әдіспен амортизацияланады. Активтердің күтілетін пайдалы қызмет етуінің мерзімі жыл сайынғы негізде қайта қарастырылып отырады және қажет болғанда мерзімдегі өзгерістер кейінгі кезеңдерде түзетіліп отырады. Компьютерлік бағдарламалық жасақтама мен лицензиялардың пайдалы қызмет ету мерзімі 3 жылдан 7 жылға дейін құрайды.

Материалдық емес активтердің ағымдағы құны оқиға немесе жағдаяттардағы өзгерістер активтің ағымдағы құны өтелмейтіндігін көрсеткен жағдайларда құнсыздануға талданады.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)****Негізгі құралдар**

Негізгі құралдар бастапқы құны бойынша танылады. Кейіннен, негізгі құралдар жинақталған амортизацияны (жерден және аяқталмаған өндірістен басқа) және құнсызданудан болатын зиянды, олар болған жағдайда, шегере отырып бастапқы құны бойынша ескеріледі. Мұндай құнға құрал-жабдықтардың бөлшектерін ауыстыру құны және егер оларды капиталдандыру критерийлері орындалса, ұзақ мерзімді құрылыс жобалары болған жағдайда қарыздар бойынша шығындар кіреді.

Белгілі бір уақыт аралығында негізгі құралдардың едәуір құрамдастарын ауыстыру қажет болғанда, Компания осы сияқты құрамдастарды оларға сәйкес болатын дербес пайдалы қызмет ету мерзімдерімен жеке активтер ретінде таниды және оларды тиісінше амортизациялайды. Сол сияқты, негізгі техникалық шөлып тексеруді жүргізген кезде сонымен байланысты шығындар, егер мойындаудың барлық критерийлері орындалса, құрал-жабдықты ауыстыру ретінде негізгі құралдардың баланстық құнында мойындалады. Жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге жұмсалатын барлық басқа шығындар олар болған сәтте пайда немесе зиян құрамында мойындалады.

Амортизация активтердің пайдалы қызметін бағалау мерзімінің ішінде желілік әдіспен былайша есептеледі:

	Жылдар
Үйлер мен ғимараттар	2-100
Машиналар мен құрал-жабдықтар	3-30
Басқалары	2-20
	Амортизацияланбай
Жер	ды

Бұрын танылған негізгі құралдарды немесе олардың маңызды құрауыштарын тануды доғару олар шығарылған кезде немесе егер келешекте осы активті пайдаланудан немесе шығарудан экономикалық тиімділік алу күтілмеген жағдайда болады. Активті мойындауды тоқтату нәтижесінде туындайтын кіріс немесе шығыс (шығарудан болған таза түсімдер мен активтің баланстық құнының арасындағы айырма ретінде есептелген) активтің мойындалуы тоқтатылған есепті жыл үшін пайда мен зияндарға қосылады.

Таратылу құны, активтерді пайдалы қолдану мерзімі және негізгі құралдардың өтелімі әдістері әрбір жылдық есепті кезеңнің аяғында талданады және қажетіне қарай перспективті негізде түзетіледі.

Инвестициялық жылжымайтын мүлік

Жеке меншіктегі инвестициялық жылжымайтын мүлік алғашында бастапқы құны бойынша бағаланады. Мәміле бойынша шығындар бастапқы құнға қосылады.

Бастапқы танылғаннан кейін инвестициялық жылжымайтын мүліктің объектілері бастапқы құн моделі бойынша ескеріледі.

Амортизацияны есептеу және инвестициялық жылжымайтын мүліктің құнсыздануына резервті құру тәртібі негізгі құралдарды есепке алу тәртібіне ұқсас келеді.

Компания жылжымайтын мүлік объектісін инвестициялық жылжымайтын мүлік санатына немесе санатынан оны пайдалану сипатында өзгеріс болғанда ғана аударады. Пайдалану сипатының өзгеруі дәлелдерінің мысалдары мыналар болуы мүмкін:

- Компания бұрын операциялық жалдауға берілген мүлікті немесе пайдалану мақсаты белгісіз мүлікті пайдалануды бастағанда, жеке мақсаттар үшін - инвестициялық жылжымайтын мүлік оның иесі алып отырған, негізгі құрал ретінде жіктелетін жылжымайтын мүлік құрамына аударылған жағдайлар үшін.
- Компания мүлікті одан әрі сату мақсаттары үшін оны қайта құруды бастағанда - инвестициялық жылжымайтын мүлік қорлардың құрамына аударылатын жағдайлар үшін.
- Жалға алушымен операциялық жалдау шартына қол қойылғанда – актив иесі алып отырған жылжымайтын мүлік санатынан инвестициялық жылжымайтын мүлік санатына аударылған жағдайлар үшін.

Активтерді «инвестициялық жылжымайтын мүлік», «иесі алып отырған жылжымайтын мүлік» және «қорлар» санатына аудару активтердің баланстық құнының өзгеруіне әкеп соқтырмайды.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)****Барлау және бағалау бойынша активтердің құнсыздануы**

Компания барлау және бағалау бойынша активтерді құнсыздану мәніне тексереді, әрі мұндай активтер әзірлеу бойынша физикалық денесі бар немесе материалдық емес мұнай-газ активтерінің құрамына немесе бұл активтердің құнсыздануына нұсқайтын фактілер мен жағдайлар болғанда аударылады.

Бір немесе одан да көп төмендегі фактілердің және жағдайлардың болуы Компания барлау әрі бағалау жөніндегі өз активтерін құнсыздану мәніне тексеруге міндетті екендігіне нұсқайды (тізбесі толық болып табылмайды):

- Соның ішінде Компания белгілі бір учаскені барлауға және бағалауға құқылы болған кезең өтіп кеткенде немесе таяу арада өтеді және оның ұзартылуы күтілмейді.
- Белгілі бір учаскеде көмірсутектер ресурстарын одан әрі барлауға және бағалауға едәуір шығыстар бюджетке қосылмаған және жоспарланбайды.
- Белгілі бір учаскеде көмірсутектер ресурстарын барлау және бағалау көмірсутектер ресурстарының коммерциялық тиімді көлемдерін анықтауға әкеліп соқтырмады және Компания белгілі бір учаскеде мұндай қызметті тоқтату шешімін қабылдады.
- Компанияның белгілі бір учаскені әзірлеу ықтималдылығына қарамастан барлау және бағалау жөніндегі активтің ағымдағы құны нәтижелі әзірлеудің немесе өткізудің нәтижесінде толық шамада өтелмейді деген жеткілікті деректері бар.

Сатуға арналған активтер және тоқтатылған қызмет

Сатуға арналған ретінде жіктелген активтер мен шығу топтары сатуға арналған шығындар шегеріліп тасталғанда, екі мәннің – баланстық құны мен әділ құнының азы бойынша бағаланады. Активтер және шығу топтары, егер олардың баланстық құны өтеуге жататын болса негізінен қолданудың жалғасуы нәтижесінде емес, сату жолымен сатуға арналған деп жіктеледі. Бұл шарт егер сату мүмкіндігі жоғары, ал актив немесе шығу тобы өзінің ағымдағы жағдайында жедел сатылуы мүмкін болса, сақталған болып саналады.

Басшылықтың оған қатысты жіктелген күннен бастап бір жыл ішінде аяқталған сату мәмілесі ретінде тану өлшемдеріне сәйкес күтілуге тиіс сатып алуды жасауға бекем ниеті бар.

Есепті кезең үшін жиынтық кіріс туралы жекелеген есепте, сондай-ақ өткен жылдың салыстырмалы кезеңі үшін тоқтатылған қызметтен пайда немесе зиян, тиісті корпоративтік табыс салығын шегере отырып, жалғасатын қызметтен болған кірістер мен шығыстардан бөлек көрсетіледі.

Сатуға арналған ретінде жіктелгеннен кейін негізгі құралдар мен материалдық емес активтер амортизациялауға жатпайды.

Тоқтатылған қызмет ұйымның есептен шығарылған, не болмаса сатуға арналған деп жіктелген құрамдасы болып табылады және а) қызметтің бөлек маңызды бағытын немесе операцияларды жүргізудің географиялық ауданын білдіреді; б) қызметтің бөлек маңызды бағытын немесе операцияларды жүргізудің географиялық ауданын есептен шығарудың бірыңғай үйлестірілген жоспарының бір бөлігі болып табылады; немесе; в) тек кейіннен қайта сату мақсатында ғана сатып алынған еншілес ұйым болып табылады және есептен шығаруға бақылаудан айырылу жатады.

Қаржы активтері***Бастапқы тану және бағалау***

Қаржы активтері алғаш рет танылғанда кейіннен амортизацияланған құны бойынша, басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша және пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктеледі.

Қаржы активтерінің бастапқыда танылған кездегі жіктелуі келісімшартта көзделген қаржы активі мен Компания бұл активтерді басқару үшін қолданатын бизнес-модель бойынша ақша ағындарының сипаттамаларына тәуелді болады. Қаржыландырудың едәуір компонентін қамтымайтын немесе соған қатысты Компания іс жүзіндегі сипаттың жеңілдетілуін қолданған сауда дебиторлық берешекті қоспағанда, Компания қаржы активтерін бастапқыда пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын қаржы активтері жағдайында мәміле бойынша шығындар сомасына ұлғайтылған әділ құны бойынша бағалайды. Қаржыландырудың едәуір компонентін қамтымайтын немесе соған қатысты Компания іс жүзіндегі сипаттың жеңілдетілуін қолданған сауда дебиторлық берешек 15 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес айқындалған мәміленің бағасы бойынша айқындалады.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)****Қаржы активтері (жалғасы)*****Бастапқы тану және бағалау (жалғасы)***

Қаржы активін амортизацияланған құны бойынша немесе басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша жіктеу және бағалау үшін осы активтің шарттық талаптары борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне «борыштың негізгі сомасы мен пайыздардың есебінен төлемдер ғана» болып табылатын ақша ағындарын алуды негіздеуі қажет. Мұндай бағалау SPPI-тест деп аталады және әрбір құралдың деңгейінде жасалады. Компания қаржы активтерін басқару үшін пайдаланатын бизнес-модель ақша ағындарын әкелу мақсатында Компания өзінің қаржы активтерін басқаратын тәсілді сипаттайды. Бизнес-модель ақша ағындарының шартта көзделген ақша ағындарын алудың, қаржы активтерін сатудың немесе екеуінің де салдары болатындығын айқындайды. Заңнамамен немесе белгілі бір нарықта (стандартты талаптарда жасалатын сауда-саттық) қабылданған қағидамен белгіленген мерзімде активтерді жеткізуді талап етуші қаржы активтерін сатып алу немесе сату бойынша барлық операциялар ол жасалған күнге, яғни Компания активті сатып алуға немесе сатуға өзіне міндеттеме қабылдаған күнге танылады.

Кейінгі бағалау

Кейіннен бағалау мақсаттары үшін қаржы активтері екі санатқа жіктеледі:

- амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (борыштық құралдар);
- пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері.

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (борыштық құралдар)

Бұл санат Компания үшін барынша орынды болып табылады. Компания қаржы активтерін амортизацияланған құны бойынша бағалайды, егер келесі талаптардың екеуі де орындалса:

- қаржы активі бизнес-модельдің шеңберінде ұсталады, оның мақсаты қаржы активтерін шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін ұстау болып табылады; және
- қаржы активінің шарттық талаптары көрсетілген күндерге борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне борыштың негізгі сомасы мен пайыздардың есебінен төлемдер ғана болып табылатын ақша ағындарын алуды негіздейді.

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып бағаланады және оларға құнсыздануға қатысты талаптар қолданылады. Пайда немесе зиян активтің мойындалуы тоқтаған, ол түрлендірілген немесе құнсызданған жағдайда пайданың немесе зиянның құрамында, сондай-ақ амортизация процесі арқылы мойындалады.

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің санатына Компания сауда және басқа да дебиторлық берешекті, байланысты тараптарға берілген қарыздар мен банк салымдарын жатқызады.

Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері

Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің санатына Компания байланысты тараптарға берген және әділ құны бойынша міндетті түрде бағаланатын басқа да қаржы активтерінің құрамына қосылған туынды қаржы құралдары мен купондық облигацияларды қамтитын кейбір қарыздар жатады. Солар бойынша ақша ағындары борыштың негізгі сомасының және пайыздардың есебінен тек төлемдер болып табылмайтын қаржы активтері пайдаланылатын бизнес-модельге қарамастан пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша жіктеледі және бағаланады.

Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері қаржылық жағдай туралы жекелеген есепте әділ құны бойынша ескеріледі, ал олардың әділ құнының таза өзгеруі пайда немесе зиян құрамында жиынтық кіріс туралы жекелеген есепте танылады.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)****Қаржы активтері (жалғасы)*****Мойындауды тоқтату***

Қаржы активі (қаржылық жағдай туралы жекелеген есептен алынып тасталады) мойындалуын тоқтатады, егер:

- активтен ақша ағындарын алу құқығының қолданылу мерзімі аяқталса; не болмаса
- Компания активтен ақша ағындарын алу құқығын ақша ағындарын толық көлемде және «транзиттік» келісім бойынша еш кешіктірмей алатын үшінші тарапқа төлеу бойынша өзіне міндеттеме алғанда; немесе (а) Компания барлық тәуекелдер мен активтен түсетін пайданы бергенде, не болмаса (б) Компания барлық тәуекелдер мен активтен түсетін пайданы бермегенде және сақтамаған, бірақ осы активтерді бақылау функциясын берген жағдайда.

Егер Компания өзінің активтен ақша ағынын алу барлық құқығын берсе не транзиттік келісім жасаса, ол меншік құқығына байланысты тәуекелдер мен табысты сақтап қала алған-алмағанын және, егер сақтап қала алған болса, онда қандай көлемде екендігін бағалайды. Егер Компания активтен болатын барлық тәуекелдер мен табысты іс жүзінде бермесе және өзінде сақтамаса, сондай-ақ активке бақылауды бермесе, ол берілген активке өзінің қатысуын жалғастыруы дәрежесінде тануын жалғастырады. Мұндай жағдайда Компания тиісті міндеттемені мойындайды. Берілген актив және тиісті міндеттеме Компания сақтаған құқықтар мен міндеттемелерді көрсететін негізде бағаланады.

Берілген актив бойынша кепілдік түрін қабылдайтын жалғасатын қатысу келесі өлшемдердің: активтің бастапқы баланстық құны немесе төленуін Компания талап етуі мүмкін өтемақының ең көп соманың ең азы бойынша бағаланады.

Қаржы активтерінің құнсыздануы

Компания пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын барлық борыштық қаржы активтеріне қатысты күтілетін несиелік зиянды бағалау резервін мойындайды.

Күтілетін несиелік зиян шартқа сәйкес Компанияға тиесілі болатын ақша ағындары мен Компания бұл актив бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемеге шамамен тең болатын мөлшерлемені пайдалана отырып дисконтталған алуды күтіп отырған барлық ақша ағындарының арасындағы айырма ретінде есептеледі.

Күтілетін ақша ағындарына ұсталатын қамтамасыз етуді сатудан немесе шарттық талаптардың ажырамас бөлігі болып табылатын несие сапасын арттырудың басқа тетіктерінен болатын ақша ағындары жатады.

Күтілетін несиелік зиян екі кезеңде танылады. Бастапқы танылған сәттен бастап несиелік тәуекел айтарлықтай ұлғаймаған қаржы құралдары бойынша келесі 12 айдың (12 айлық күтілетін несиелік зиян) ішінде мүмкін болатын дефолттардың салдарынан туындауы мүмкін несиелік зиянға қатысты залалға бағалау резерві құрылады. Солар бойынша бастапқы танылған сәттен бастап қаржы құралдары үшін несиелік тәуекел айтарлықтай ұлғайған дефолттың орын алу мерзімдеріне қарамастан (бүкіл мерзім үшін күтілетін несиелік зиян) осы қаржы құралының қалған қолданылу мерзімінің ішінде күтілетін несиелік зиянға қатысты залалға бағалау резерві құрылады.

Сауда және басқа да дебиторлық берешекке қатысты Компания күтілетін несиелік зиянды есептеу кезінде жеңілдетілген тәсілді қолданады. Тиісінше, Компания несиелік тәуекелдің өзгерістерін қадағаламайды, ал оның орнына әрбір есепті күнге бүкіл мерзім үшін күтілетін несиелік зиянға тең сомада залалдарға бағалау резервін мойындайды. Компания қарыз алушылар мен жалпы экономикалық талаптарға тән болатын болжамды факторларды ескере отырып түзетілген несиелік зиянның пайда болуының өткен тәжірибесіне сүйене отырып бағалау резервтерінің матрицасын пайдаланды.

Егер шартта көзделген төлемдердің мерзімі 90 күнге өтіп кетсе, Компания қаржы активі бойынша дефолт болды деп есептейді. Дегенмен, белгілі бір жағдайларда Компания, егер ішкі немесе сыртқы ақпарат Компания ұстап қалатын несие сапасын арттыру тетіктерін ескерместен, Компанияның шартта көзделген қалған төлемдердің барлық сомасын алатындығына нұсқаса, қаржы активі бойынша дефолт болды деген қорытындыға келе алады.

Егер Компанияның шартта көзделген ақша ағындарының өтелуіне қатысты негізделген үміттері болмаса, қаржы активі есептен шығарылады.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)**Тауар-материалдық қорлар**

Тауар-материалдық қорлар өзіндік құн және ФИФО әдісі бойынша өткізудің таза құны екі өлшемнің ең азы бойынша ескеріледі. Оның құнына қорларды тиісті жерге жеткізумен және оларды ағымдағы күйге келтірумен байланысты әдеттегі қызмет барысында болған барлық шығындар жатады. Шикі мұнай мен мұнай өнімдерінің құны, қалыпты өндіріс көлемінің негізінде тозу, таусылу және амортизация шығыстарының және үстеме шығыстардың тиісті бөлігін қоса алғанда, өндірудің өзіндік құны болып табылады.

Мұнай мен мұнай өнімдерін өткізудің таза құны, мұндай өткізумен байланысты шығыстарды шегере отырып, өткізудің болжамды бағасына негізделеді.

Қосылған құн салығы (ҚҚС)

Салық органдары нетто негізде сату мен сатып алу бойынша ҚҚС өтеуді жүргізуге мүмкіндік береді. Өтелуге жататын ҚҚС, ішкі нарықтағы сатулар бойынша ҚҚС-ты шегере отырып, ішкі нарықтағы сатып алулар бойынша ҚҚС-ты білдіреді. Экспортқа сатудың нөлдік мөлшерлемесі бар.

Ақша қаражаты мен оның баламалары

Ақша қаражаты мен оның баламаларына кассадағы қолма-қол ақша, талап еткенге дейінгі салымдарда орналасқан қаражат, бастапқы өтеу мерзімі үш айдан артық болмайтын басқа да қысқа мерзімді өтімділігі жоғары инвестициялар жатады.

Қаржылық міндеттемелер***Бастапқы тану және бағалау***

Қаржылық міндеттемелер бастапқы мойындау кезінде тиісінше пайда немесе шығын; несиелер мен қарыздар, кредиторлық берешек, қаржылық кепілдік шарттары немесе тиімді хеджирлеу кезінде хеджирлеу құралдары ретінде айқындалған туынды құралдар арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржылық міндеттемелер ретінде жіктеледі. Компания өзінің қаржылық міндеттемелерін оларды бастапқы мойындау кезінде жіктейді.

Барлық қаржылық міндеттемелер алдымен олармен тікелей байланысты мәміле бойынша шығындарды шегере отырып (несиелер, қарыздар мен кредиторлық берешек болған жағдайда), әділ құны бойынша танылады.

Компанияның қаржылық міндеттемелері сауда және басқа да кредиторлық берешекті, несиелер мен қарызды, қаржылық кепілдік шарттарын қамтиды.

Қаржылық міндеттемелерді кейіннен бағалау

Қаржылық міндеттемелерді кейінгі бағалау оларды былай жіктеуге байланысты:

Сауда және басқа да кредиторлық берешек

Бастапқы мойындалғаннан кейін сауда және басқа да кредиторлық берешек тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып амортизацияланған құн бойынша бағаланады. Мұндай қаржылық міндеттемелер бойынша кірістер мен шығыстар оларды тану доғарылғаннан кейін, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдана отырып амортизацияның есептелуіне қарай пайданың немесе зиянның құрамында танылады.

Несиелер мен қарыздар

Бастапқыда танылғаннан кейін пайыздық несиелер мен қарыздар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып амортизацияланған құн бойынша бағаланады. Мұндай қаржылық міндеттемелер бойынша кірістер мен шығыстар, оларды тануды тоқтатқанда, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалану арқылы амортизацияның есептелуіне қарай жиынтық кіріс туралы жекелеген есепте танылады. Амортизацияланған құн бастапқы мойындау кезіндегі дисконттарды немесе сыйлықақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажыратылмас бөлігі болып табылатын комиссиялық немесе шығындарды ескере отырып есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме амортизациясы жиынтық кіріс туралы жекелеген есепте қаржыландырудан болған шығындар құрамына енгізіледі.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)**Қаржылық міндеттемелер (жалғасы)*****Қаржылық міндеттемелерді кейіннен бағалау (жалғасы)******Қаржылық кепілдік шарттары***

Компания шығарған қаржылық кепілдік шарттары борыштық құралдың талаптарына сәйкес белгілі бір борышкердің уақтылы төлемді жүзеге асыру қабілетсіздігі салдарынан осы шарттың иесіне келтірілген шығындарды өтеуге төлемді жүзеге асыруды талап ететін шарттың өзін білдіреді. Қаржылық кепілдік шарттары бастапқыда кепілдіктің шығуымен тікелей байланысты мәміле бойынша шығындарды ескере отырып әділ құны бойынша міндеттеме ретінде танылады. Кейіннен міндеттеме келесі өлшемдердің ең үлкені бойынша бағаланады: пайда немесе зиян құрамында танылған, жинақталған амортизацияны шегере отырып, бастапқыда танылған сома және күтілетін несиелік зиянға бағалау резерві.

Қаржылық міндеттемелерді тануды тоқтату

Қаржылық жағдай туралы жекелеген есепте қаржылық міндеттеменің танылуы, егер міндеттеме өтелсе, күші жойылса, немесе оның әрекет ету мерзімі аяқталған жағдайда тоқтатылады. Егер қолданыстағы қаржылық міндеттеме дәл сол кредитордың алдында едәуір ерекшеленетін талаптарда басқа міндеттемеге ауыстырылса немесе егер қолданыстағы міндеттеменің талаптары едәуір өзгертілсе, мұндай ауыстыру немесе өзгеріс бастапқы міндеттеменің мойындалуын тоқтату ретінде және жаңа міндеттемені танудың басталуы ретінде ескеріледі, ал олардың баланстық құндағы айырмасы пайда немесе зиян құрамында жиынтық кіріс туралы жекелеген есепте пайда мен зиянда танылады.

Қаржы құралдарының өзара есепке алынуы

Қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер өзара есепке алынуы тиіс, ал нетто-сомасы қазіргі сәтте мойындалған сомаларды өзара есепке алуға, сондай-ақ нетто-негізде есеп айырысу ниетіне не болмаса активтерді өткізуге және осымен бірге міндеттемелерді өтеуге заңгерлік құқық болғанда ғана қаржылық жағдай туралы жекелеген есепте ұсынылуы тиіс.

Қаржы құралдарының әділ құны

Әрбір есепті күнге белсенді нарықтарда саудалануы жүзеге асырылып отырған қаржы құралдарының әділ құны мәміле бойынша шығасылар шегерілмей нарықтық баға белгілеулерге немесе дилерлердің баға белгілеулеріне сүйене отырып (ұзақ позицияларды сатып алуға арналған баға белгілеу және қысқа позицияларды сатуға арналған баға белгілеу) анықталады.

Олармен сауда белсенді нарықта жүзеге асырылмайтын қаржы құралдары үшін әділ құн тиісті бағалау әдістемелерін қолдану жолымен анықталады. Мұндай әдістемелерге таяу арада коммерциялық негізде жасалған мәмілелердің бағаларын пайдалану, сол сияқты құралдардың ағымдағы әділ құнын пайдалану; дисконтталған ақша ағындарын талдау не болмаса басқа да бағалау модельдері кіруі мүмкін.

Бағалау міндеттемелері

Компанияның өткен оқиғалардың нәтижесі ретінде туындайтын ағымдағы міндеттемелері (заңды немесе ерікті қабылданған) болғанда және бұл ретте міндеттемелерді орындау мақсатында экономикалық пайданы білдіретін ресурстардың ағып кетуінің жеткілікті ықтималдығы болғанда және мұндай міндеттемелердің сомасын шынайы етіп анықтау мүмкіндігі болғанда ғана бағалау міндеттемелері мойындалады. Егер Компания бағалау міндеттемелерінің бір бөлігінің немесе барлықтарының өтемақысын алуды болжап отырса, мысалы, сақтандыру шарты бойынша, өтемақы тек өтемақыны алуда күмән болмаған жағдайда ғана жекелеген актив ретінде танылады. Бағалау міндеттемелеріне қатысты шығыстар кез келген өтемақыны шегере отырып, жиынтық кіріс туралы жекелеген есепте көрсетілген.

Егер ақшаның уақытша құнының әсері елеулі болса, бағалау міндеттемелері келешекте күтілетін ақша ағындарын дисконттау арқылы ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағасын және бұл қолданылғанда, нақты міндеттемеге тән тәуекелдерді көрсететін салық салынғанға дейінгі мөлшерлеме бойынша айқындалады. Егер дисконттау қолданылса, бағалау міндеттемесінің ұлғаюы уақыт өтісімен қаржылық шығындар ретінде мойындалады.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)**Түсімді тану**

Компания уәде етілген тауарды немесе қызметті (яғни активті) сатып алушыға бере отырып, атқару бойынша міндеттемені орындаған кезде (немесе шамасына қарай) түсім мойындалады. Сатып алушы бұл активке бақылауды алғанда (немесе шамасына қарай) актив беріледі, бұл әдетте келісімшарттың бағасы белгіленген немесе айқындалатын болып табылуы, ал дебиторлық берешекті алу мүмкіндігі негізделген түрде қамтамасыз етілген деген талаппен меншік құқығын беру кезінде орын алады. Атап айтқанда, мұнай өнімдерін өткізуден түскен кірістер, әдетте, оларға меншік құқығы өткен кезде танылады. Экспортқа сату үшін меншік құқығы, әдетте, шекарада өтеді. Түсім кез келген сауда жеңілдіктерінің сомаларын, көлемі үшін жеңілдіктер мен өтелетін салықтарды ескере отырып, алынған немесе алынуға жататын сыйақының әділ құны бойынша бағаланады.

Сауда дебиторлық берешек

Дебиторлық берешек Компанияның шартсыз болып табылатын өтемақы сомасына құқығын білдіреді (яғни ақы төлеу мерзімінің орын алуы үшін тек уақыт қана қажет).

Шарт бойынша міндеттемелер

Шарт бойынша міндеттеме – Компания сатып алушыдан өтемақыны алған тауарларды немесе қызметтерді сатып алушыға беру міндеттемесі. Сатып алушы өтемақыны Компания тауарды немесе қызметті сатып алушыға беру сәтіне дейін төлеген жағдайда, Компания шарт бойынша міндеттемені төлемді жүзеге асыру сәтіне немесе төлем төленуге жататын болған сәтте (қайсысының бұрын орын алатындығына қарай) мойындайды. Компания шарт бойынша өз міндеттемелерін орындағанда шарт бойынша міндеттеме түсіммен мойындалады.

Шығыстарды тану

Шығыстар пайда болу сәтіне танылады және олар есептеу әдісінің негізіне жатқызылған сол кезеңде жекелеген қаржылық есептілікте көрсетіледі.

Пайыздық және ұқсас кірістер мен шығыстар

Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын барлық қаржы құралдары бойынша пайыздық кірістер мен шығыстар дисконттау кезіндегі пайыздың тиімді мөлшерлемесі бойынша бейнеленеді, ол бойынша қаржылық құралды пайдаланудың болжалды мерзімі ішінде немесе қолданылуына қарай қысқарақ мерзім ішінде күтілетін болашақ ақша төлемдері мен түсімдері дәлдікпен қаржы активінің немесе қаржылық міндеттеменің таза баланстық құнында келтіріледі. Пайыздық кіріс қаржылық кірістің құрамына, ал пайыздық шығыс жиынтық кіріс туралы жекелеген есепте қаржылық шығындар құрамына қосылады.

Табыс салығы

Бір жылғы табыс салығына ағымдағы корпоративтік табыс салығы, үстеме пайда салығы және кейінге қалдырылған салық кіреді.

Ағымдағы корпоративтік табыс салығы

Ағымдағы және алдыңғы кезеңдер үшін ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелер салық органдарына өтелетін немесе төлеуге жататын сома бойынша бағаланады. Осы соманы есептеу үшін қолданылатын салық мөлшерлемелері мен салық заңнамасы, – есепті күнге қабылданған немесе нақты қабылданған мөлшерлемелер мен заңдар. Тікелей капиталда мойындалған баптарға қатысты ағымдағы корпоративтік табыс салығы («КТС») жиынтық кіріс туралы жекелеген есепте емес, капиталдың құрамында танылады.

Кейінге қалдырылған салық

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелердің салық базасы мен олардың баланстық құны арасындағы есепті күнге қаржылық есептілік мақсаттары үшін уақытша айырмаларды айқындау арқылы міндеттемелер әдісі бойынша айқындалады.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)****Табыс салығы (жалғасы)***Кейінге қалдырылған салық (жалғасы)*

Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері мына жағдайлардан басқа, барлық салық салынатын уақыт айырмалары бойынша танылады:

- Кейінге қалдырылған салық міндеттемесі гудвилді не болмаса бизнесті біріктіру болып табылмайтын және оның жасау сәтіне бухгалтерлік, сол сияқты салық салынатын пайдаға немесе шығынға әсер етпейтін операция бойынша активті немесе міндеттемені бастапқыда мойындаудың нәтижесінде туындайды.
- Еншілес ұйымдарға, қауымдасқан компанияларға, сондай-ақ бірлескен қызметке қатысу үлестерімен инвестицияларға байланысты салық салынатын уақыт айырмаларына қатысты, егер уақыт айырмаларын қалпына келтіру уақытын бақылау мүмкін болса және уақыт айырмасы таяу болашақта азаймайтындығына елеулі мүмкіндік бар болса.

Кейінге қалдырылған салық активтері, мына жағдайлардан басқа, соған қарсы есептен шығарылатын уақыт айырмалары, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері мен пайдаланылмаған салық шығындары есепке алынуы мүмкін салық салынатын пайда болады деген едәуір ықтималдылық болатын дәрежеде барлық есептен шығарылатын уақыт айырмалары, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері және пайдаланылмаған салық шығындары бойынша мойындалады:

- Есептен шығарылатын уақыт айырмаларына қатысты кейінгі қалдырылған салық активтері бизнесті біріктіру болып табылмайтын және оны жасау сәтіне бухгалтерлік, сол сияқты салық салынатын пайдаға немесе зиянға әсер етпейтін мәміле бойынша активті немесе міндеттемені бастапқыда мойындаудың нәтижесінде туындағанда.
- Еншілес ұйымдарға, қауымдасқан компанияларға, сондай-ақ бірлескен қызметке қатысу үлесімен инвестицияларға байланысты шегерілетін уақыт айырмаларына қатысты кейінге қалдырылған салық бойынша активтер таяу болашақта уақыт айырмашылықтары қалпына келтірілуі және соған қарсы уақыт айырмаларын пайдалануға болатындай жеткілікті салық салынатын пайда болуы мүмкін екендігі елеулі бар дәреже ғана танылады.

Кейінге қалдырылған салық активтерінің баланстық құны әрбір есепті күнге қайта қаралады және егер кейінге қалдырылған салық бойынша активтердің барлығын немесе бір бөлігін пайдалануға мүмкіндік беретін жеткілікті салық салынатын табысқа қол жеткізу шамалы деп бағаланатын дәрежеде азаяды. Кейінге қалдырылған салық бойынша мойындалмаған активтер әрбір есепті күнге қайта қаралады және келешек салық салынатын пайда кейінге қалдырылған салық активтерін пайдалануға мүмкіндік береді деген едәуір ықтималдылық пайда болатын дәрежеде мойындалады.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелер есепті күнге қолданысқа енгізілген немесе есепті күнгі жағдай бойынша күшіне енген немесе нақты күшіне енген салық мөлшерлемелерінің (және салық заңнамасының) негізінде міндеттемелер өтеліп, актив өткізілгенде есепті жылда қолданады деп болжанып отырған салық мөлшерлемелері бойынша бағаланады.

Тікелей капиталда танылған баптарға қатысты кейінге қалдырылған салық жиынтық кіріс туралы жекелеген есепте емес, капиталдың құрамында танылады.

Кейінге қалдырылған салық активтері және кейінге қалдырылған салық міндеттемелері егер ағымдағы салық активтері ағымдағы салық міндеттемелеріне қарсы есепке алудың заңда бекітілген құқығы бар болса және кейінге қалдырылған салықтар сол бір салық салынатын компанияға және салық органына жататын болса, бір-біріне қарама-қарсы есепке алынады.

Басшылықтың елеулі пайымдаулары жоспарланатын деңгей мен кірістілікке қол жеткізу уақытының негізінде, сондай-ақ салықтық жоспарлау стратегиясының табысты қолданылуының негізінде танылуы мүмкін кейінге қалдырылған салық жөніндегі активтерді бағалау үшін талап етіледі.

Дивидендтер

Дивидендтер есепті мерзімге дейін жарияланған жағдайда ғана міндеттемелер ретінде танылады және есепті мерзімдегі капитал сомасынан шегеріледі. Дивидендтер туралы ақпарат, егер олар есепті күннен кейін, бірақ шығаруға арналған жекелеген қаржылық есептілікті бекіткен күнге дейін жарияланса, есептілікте ашып көрсетіледі.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)**Дивидендтер (жалғасы)***Акционерлерге өзге де бөлу*

Компания мен оның еншілес ұйымдары ҚР Президентінің Тапсырмасы бойынша Үкіметтің Қаулыларына немесе Самұрық-Қазынаның шешімдеріне немесе нұсқаулықтарына сәйкес шеккен шығындар капитал арқылы бөлу ретінде ескеріледі. Мұндай шығындарға Компанияның профильді емес қызметімен байланысты шығыстар және активтерді құру немесе Самұрық-Қазынаға беру үшін қызметтерді сатып алу мақсатында жасалатын шығыстар жатады (элеуметтік объектілерді салу немесе Самұрық-Қазынаның өзге шығыстарын өтеу).

Шартты міндеттемелер мен шартты активтер

Шартты міндеттемелер жекелеген қаржылық есептілікте мойындалмайды. Олар егер ресурстардың ағып кетуі және экономикалық пайда мүмкіндігі шамалы ықтимал болып табылмағанда ғана ашылады.

Шартты активтер жекелеген қаржылық есептілікте мойындалмайды. Олар экономикалық пайданың түсуі ықтимал болып табылғанда ашылып көрсетіледі.

Есепті күннен кейінгі оқиғалар

Есепті жыл аяқталғаннан кейін орын алған және қаржылық жағдай туралы есепті дайындау күніне болған шарттардың дәлелдерін білдіретін оқиғалар (түзетуші оқиғалар) жекелеген қаржылық есептілікте көрсетіледі. Есепті жыл аяқталғанда болған және түзетуші оқиғалар болып табылмайтын оқиғалар, егер олар мәнді болса, жекелеген қаржылық есептілікке арналған ескертпелерде ашылады.

4. МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІ БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР

Компанияның жекелеген қаржылық есептілігін дайындау оның басшылығынан есептілікте көрсетілетін түсімдер, шығыстар сомасына, активтерге және міндеттемелерге, сондай-ақ есепті күнге шартты міндеттемелер туралы ақпаратты ашуға әсер ететін бағалау мәндерін және болжауларды пайымдау мен анықтау енгізуді талап етеді. Алайда осы болжаулар мен бағалау мәндеріне қатысты айқынсыздық келешекте осындай болжаулар мен бағалау қолданылатын активтер мен міндеттемелердің ағымдағы құнын елеулі түзетуді талап етуі мүмкін.

Салық салу

Салық тәуекелдерін бағалау кезінде, басшылық Компания даулай алмайтын немесе есептей алмайтын салық заңнамасын сақтамауды мүмкін болатын саласы ретінде қарайды, ол егер қосымша салықтар салық органдарында есептелінетін болса табысты түрде шағымдана алады. Мұндай анықтау мәнді пайымдауларды шығаруды талап етеді және салық заңнамасы мен нормативтік құқықтық актілердегі өзгерістер, жер қойнауын пайдалануға Компанияның келісім-шарттарында салық салу талабына түзету, салық талқылауларынан өзі күтетін шешімдер бойынша күтілетін нәтижелерді және сәйкестікті тексеруге салық органдары жүзеге асыратын нәтиженің негізінде анықтау нәтижесінде өзгеруі мүмкін.

Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер

Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер соған қарсы кейінге қалдырылған салық активтері пайдаланылуы мүмкін салық салынатын пайда алынатындығының айтарлықтай ықтималдығы бар дәрежеде барлық резервтер мен ауыстырылған салық залалы бойынша танылады. Басшылықтың елеулі пайымдаулары жоспарланатын деңгей мен кірістілікті қамтамасыз ету уақытының негізінде, сондай-ақ салықтық жоспарлау стратегиясының табысты қолданылуының негізінде танылуы мүмкін кейінге қалдырылған салық жөніндегі активтерді бағалау үшін талап етіледі. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша кейінге қалдырылған салық бойынша танылмаған салық активтері 564.444 миллион теңгені (2021 жыл: 556.076 миллион теңге) құрайды (24-ескертпе).

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІ БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР (жалғасы)**Қаржы құралдарының әділ құны**

Қаржылық жағдай туралы жекелеген есепте танылған қаржы құралдарының және қаржы міндеттемелерінің әділ құны осы активті нарықтар негізінде анықталмайтын жағдайларда, ол дисконтталған ақша ағындарының моделін қоса алғанда, бағалау әдістерін пайдалана отырып, анықталады. Мүмкіндігіне қарай осы модельдер үшін бастапқы деректер ретінде алайда, бұл іс жүзінде жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайларда, бақылаушы нарықтардан түсетін ақпарат пайдаланылады, әділ құнды белгілеу үшін пікірдің белгілі бір үлесі талап етіледі. Пайымдаулар өтімділік тәуекелі, несиелік тәуекел және өзгермелілік сияқты бастапқы деректерді есепке алынуын қамтиды. Осы факторларға қатысты болжамдарға өзгерістер жекелеген қаржылық есептілікте көрсетілген қаржы құралдарының әділ құнына әсер етуі мүмкін. Әділ құн туралы толық ақпарат *26-ескертпеде* ашып көрсетілген.

Еншілес ұйымдарға, бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялардың өтелімділігі

Компания әрбір есепті күнге еншілес ұйымдарға, бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялардың құнсыздану белгілерінің болуын бағалайды. Егер мұндай индикатор бар болып шықса, өткізу шығыстарын және пайдалану құнын шегере отырып әділ құнынан барынша жоғары мән ретінде қарастырылатын өтелетін құнның лайықты бағалануы жүргізіледі. Бұл есептемелер мұнайдың ұзақ мерзімді бағасы, дисконт мөлшерлемелері, болашақтағы капитал қажеттілігі, тәуекел мен белгісіздікке ұшыраған операциялық қызмет (бұл өндіру және сату көлемдерін қамтиды) сияқты бағалаулар мен жол берулерді пайдалануды қамтиды. Егер инвестициялардың баланстық құны олардың өтелетін құнынан асатын болса, инвестициялар құнсызданған болып есептеледі, олардың баланстық құны өтелетін құнға дейін азаяды.

Өтелетін құнды бағалау кезінде келешекте күтілетін ақша ағындары активтер тобына тән болатын тәуекелдерге түзетіледі және ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағалауын және активке тән тәуекелдерді көрсететін дисконттау мөлшерлемесі бойынша келтірілген құнға дейін дисконтталады. Активтің сатылғаны үшін түскен немесе бағалау күніне нарық қатысушыларының арасындағы әдеттегі мәміленің барысында міндеттемелердің берілгені үшін төленген баға әділ құн болып табылады.

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Компания құнсыздану белгілерінің болуы салдарынан еншілес ұйымдарға, бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялардың құнсыздануына жыл сайынғы тесттерді өткізді. Еншілес ұйымдарға, бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялардың өтелетін құнның құнсыздануына жасалған талдаудың нәтижесінде 2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдар үшін жекелеген қаржылық есептілікте танылды (*15, 16-ескертпелер*).

Барлау және бағалау активтерінің құнсыздануы

Компания барлау және бағалау бойынша активтерді құнсыздану мәніне тексереді, әрі мұндай активтер материалдық және материалдық емес мұнай-газ активтерінің құрамына немесе бұл активтердің құнсыздануына нұсқайтын фактілер мен жағдайлар болғанда аударылады. Құнсызданудан болған шығын сол бойынша барлау және бағалау бойынша активтердің баланстық құны олардың өтелетін сомасынан асатын сомада танылады. Өтелетін сома екі өлшемнің ең үлкені ретінде айқындалады: бұл активтерді сату және пайдалану құны бойынша шығындарды шегере отырып барлау және бағалау бойынша активтердің әділ құны.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**5. ШЫҒУЛАР***«PSA» ЖШС («PSA»)*

2022 жылғы 20 желтоқсанда Компания «Samruk-Kazyna Trust» корпоративтік қорының пайдасына PSA-ға қатысу үлесінің 100% -ын 1 теңгеге берді. Нәтижесінде Компания PSA бақылауын жоғалтты. Беру кезінде PSA-ға салынған инвестициялардың баланстық құны нөлге тең болды.

«ҚазТрансГаз» («КТГ»)

2021 жылғы 11 наурызда Компания мен Самұрық-Қазына ҚТГ-ның жай акцияларының 100% қатысты сенімгерлік басқару шартына қол қойды. Бұл шартқа қол қойылғаннан кейін Компания ҚТГ-ға бақылау жасауын және оны үлестік қатысу әдісімен ескеруді жалғастырды. 2021 жылғы 9 қарашада Компания Самұрық-Қазынаға ҚТГ акцияларының 100%-ын 1 теңгеге берді және сенімгерлік басқару шартының қолданылуы тоқтатылды. Бұл күннен бастап Компания ҚТГ-ға бақылаудан айырылды және оны жекелеген қаржылық есептілікте тануын тоқтатты.

Есептен шығару күніне ҚТГ-ға салынған инвестициялардың баланстық құны 1.772.218 миллион теңгені құрды. 2021 жылғы 8 қарашада аяқталған кезеңдегі ҚТГ пайдасындағы үлес 350.579 миллион теңге болды.

ҚТГ-ның бірлескен кәсіпорны «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС-не («БШГ») берілген синдикатталған қарыздың шеңберіндегі Компанияның қаржылық кепілдік бойынша міндеттемесі ҚТГ пайдасына берілді және есептен шығару күніне 6.443 миллион теңгені құрады.

ҚТГ акцияларының берілуі Қазақстан Республикасы Мемлекет басшысының тапсырмасын және Акционердің шешімін орындау мақсатында жүзеге асырылды. Тиісінше, есептен шығару күніне 1.765.755 миллион теңге мөлшеріндегі сату бағасы, ҚТГ-ға салынған инвестициялардың баланстық құны мен Компанияның БШГ қаржылық кепілдігі бойынша міндеттемесі арасындағы айырма капиталдағы өзгерістер туралы жекелеген есептің бөлінбеген пайдасында көрсетілді.

6. САТЫП АЛУ**Еншілес компанияларды сатып алу***KMG Кашаган В. V.*

2015 жылғы 16 қазанда Компанияның еншілес ұйымы Cooperative KMG U.A. KMG Кашаган В. V-дегі («Кашаған») өз акцияларының 50%-ын 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап 2020 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде акциялардың барлық немесе ішінара пакетін сатып алуға арналған опцион құнымен («Опцион») Самұрық-Қазынаның пайдасына сатты. Кейінірек Опционды орындау кезеңі 2022 жылғы 31 желтоқсанға дейін ұзартылды.

2017 жылы Амстердам соты Самұрық-Қазынаға тиесілі Кашаған акцияларының 50%-на белгілі бір шектеулер («Шектеулер») қойды. Шектеулердің қолданылу кезеңінде Кашаған акциялары сатыла, беріле немесе кепілге қойыла алмады. 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Шектеулер күшінде қалды.

2022 жылғы 14 маусымда Амстердам соты Шектеулерді алып тастады.

2022 жылғы 14 қыркүйекте Cooperative KMG U.A. мен Самұрық-Қазына Опциондық келісімді өзгерту және опционды орындау туралы келісімге («Өзгерістері бар келісім») қол қойды, оған сәйкес Опционды орындағаны үшін өтемақы сомасы 3.781,7 миллион АҚШ долларын құрады (баламасы 1.777.076 миллион теңге).

Компания, Самұрық-Қазына және Cooperative KMG U.A. арасында 2022 жылғы 14 қыркүйектегі Өзгерістері бар келісімде және Борышты ауыстыру және өзара есеп айырысу туралы келісімде өтемақыны төлеудің мынадай тәртібі айқындалды:

- 566,7 миллион АҚШ доллары мөлшеріндегі сома Cooperative KMG U.A. тарапынан мәміле аяқталған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде төленуге тиіс (2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша төленген; төлем күніне бағам бойынша баламасы 271.032 миллион теңге);
- 375,1 миллион АҚШ доллары мөлшеріндегі сома Cooperative KMG U.A. тарапынан 2022 жылғы 31 желтоқсанға дейін төленуі тиіс (2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша төленді; төлем жасау күнгі бағам бойынша баламасы 175.654 миллион теңге) және 363,6 миллион АҚШ доллары мөлшеріндегі сома 2023 жылғы 30 маусымға дейін Cooperative KMG U.A. тарапынан төленуге тиіс (2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 168.239 миллион теңге);

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**6. САТЫП АЛУ (жалғасы)****Еншілес ұйымдарды сатып алу (жалғасы)***KMG Қашаған В.У. (жалғасы)*

- Самұрық-Қазына алдындағы Опционды орындағаны үшін өтемақы төлеу бойынша Cooperative KMG U.A. 2.476,25 миллион АҚШ доллары мөлшеріндегі (аударым күніндегі бағам бойынша баламасы 1.173.520 миллион теңге) берешегінің бір бөлігі Cooperative KMG U.A. жарғылық капиталына қосымша салым бойынша Компанияға қойылатын талаптарға қарсы есептелді.

- Осы мәміленің нәтижесінде Компанияның Самұрық-Қазына алдындағы 2.476,25 миллион АҚШ доллары мөлшеріндегі берешегі танылды. Кейіннен бұл берешек Самұрық-Қазына берген қаржылық көмекпен 424.587 миллион теңге (25-ескертпе) мөлшерінде (әділ құн өтеу күніндегі баланстық құнға шамамен тең) және Компанияның облигацияларын орналастыру нәтижесінде Компания алған 751.631 миллион теңге мөлшеріндегі ақшалай қаражатпен есепке жатқызу жолымен өтелді (21-ескертпе).

2022 жылғы 15 қыркүйекте Компания мен Cooperative KMG U.A. мәмілені аяқтайтын өзгерістермен Келісімнің бірқатар заңды шарттарын орындады, Опционды орындады және Қашаған акцияларының 50%-ы Cooperative KMG U.A. пайдасына қайта тіркелді.

Осылайша, Опционды орындау нәтижесінде Cooperative KMG U.A. Қашағанды бақылауға алып, оны еншілес ұйым ретінде таныды. Сатып алу еншілес ұйымды жалпы бақылаудағы тараптардан сатып алу ретінде көрсетілді және алдыңғы кітаптарда көрсетілген Қашаған активтері мен міндеттемелерінің баланстық құны бойынша үлестерді біріктіру әдісі бойынша ескерілді. Берілген өтемақы мен Қашағанның таза активтері арасындағы айырма капитал құрамында көрсетілді.

Мәміле аяқталған күннен бастап 2022 жылғы 31 желтоқсанға дейін өткен кезеңдегі Қашаған пайдасындағы үлес 31.103 миллион теңге болды (12-ескертпе).

«KLPE» ЖШС («KLPE»)

2022 жылғы 1 желтоқсанда Компания Самұрық-Қазына еншілес ұйымдарынан, «Samruk-Kazyna Ondeu» ЖШС («СҚО») және «Polimer Production» ЖШС-нен 2 теңгеге KLPE жарғылық капиталына 100% қатысу үлесін сатып алды. KLPE Қазақстанда алғашқы интеграцияланған газ-химия кешенін салумен айналысады.

Сатып алу нәтижесінде Компания KLPE-ні бақылауға алып, оны еншілес ұйым ретінде таныды. Сатып алу жалпы бақылаудағы тараптардан сатып алу ретінде көрсетілді және алдыңғы кітаптарда көрсетілген KLPE активтері мен міндеттемелерінің баланстық құны бойынша үлестерді біріктіру әдісі бойынша ескерілді. Сатып алу күніне таза активтердің баланстық құны 25.250 миллион теңге болды. Берілген өтемақы мен KLPE-нің таза активтері арасындағы айырма капитал құрамында көрсетілді.

Бірлескен кәсіпорындарды сатып алу*«Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС («КПИ»)*

2022 жылғы 13 маусымда Самұрық-Қазына Компанияға КПИ-дегі қатысу үлесінің 49,50%-ын берді. Сатып алу құны 91.175 миллион теңгені құрады және Компаниядан алынған қаржылық көмек бойынша Самұрық-Қазына берешегінің бір бөлігін өтеу есебіне есептелді (25-ескертпе). КПИ «Атырау облысында бірінші интеграцияланған газ-химия кешенін салу» инвестициялық жобаның іске асырылуымен айналысады.

КПИ-дегі қатысу үлесінің 49,50%-ы жалпы бақылаудағы тараптардан бірлескен кәсіпорынды сатып алу ретінде көрсетілді және бірлескен кәсіпорынның баланстық құны негізінде үлестерді біріктіру әдісі бойынша ескерілді.

СҚО мен Компания КПИ-ді бірлесіп бақылайды, КПИ қызметі туралы шешімдер бірауыздан қабылданады.

Сатып алу құны мен сатып алу күніндегі КПИ-дің 74.743 миллион теңге мөлшерінде сәйкестендірілетін активтері мен міндеттемелерінің баланстық құны арасындағы айырма Самұрық-Қазына пайдасына бөлу ретінде танылады және капиталдағы өзгерістер туралы жекелеген есепте «Бірлескен кәсіпорындарды сатып алу» жолы бойынша ұсынылған.

	Корпоративтік табыс салығы	Төлем көзінен ұсталатын салық	Жиыны	Корпоративтік табыс салығы	Төлем көзінен ұсталатын салық	Жиыны
<i>Миллион теңгемен</i>						
1 қаңтарға кейінге қалдырылған міндеттеме сальдосы, нетто						
Пайда немесе зиян құрамында көрсетілді	704	465.891	466.595	12.552	419.083	431.635
Басқа жиынтық кірістің құрамында көрсетілді	95	113.330	113.425	(11.848)	34.990	23.142
Басқа жиынтық кірістің құрамында көрсетілді	-	36.525	36.525	-	11.818	11.818
31 желтоқсанға кейінге қалдырылған міндеттеме сальдосы	799	615.746	616.545	704	465.891	466.595

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**24. ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР (жалғасы)**

Кейінге қалдырылған салық активі болашақта соған қатысты актив пайдаланылуы мүмкін салық салынатын пайданың болу ықтималдығы бар дәрежеде ғана танылады.

2022 жылғы 31 желтоқсанға Компания келісімшарттан тыс және келісімшарттық қызметтің нәтижелері бойынша 561.495 миллион теңге (2021 жыл: 553.735 миллион теңге) және 2.949 миллион теңге (2021 жыл: 2.341 миллион теңге) сомасында кейінге қалдырылған салық бойынша активтерді мойындамады, әрі олар келешек кезеңдерде салық салынатын пайдаға қарсы есепке алынуы мүмкін. Ауыстырылған салық шығындары кейінгі 10 (он) жылдың ішінде салық салынатын пайдаға қарсы есепке алынуы мүмкін. Бұл кейінге қалдырылған салық активтері бұл залалға қатысты танылмады, өйткені олар Компанияның басқа қызмет түрлерінен салық салынатын пайданы есепке алу үшін пайдаланыла алмайды. Компания талдау жасап, бұл активтердің өтелімділігі шалғай болып табылады деген тұжырымға келді. Компанияның кейінге қалдырылған салық активтерінің мойындалуын ішінара қолдай алатын салық салынатын уақыт айырмалары да, салықтық жоспарлаудың қолжетімді мүмкіндіктері де жоқ.

Ықтимал ауыстыру мерзімінің аяқталуына және ол соның есебіне есепке алына алатын салық салынатын кірістің жоқтығына орай Компания 30.536 миллион теңге мөлшерінде 2012 жылғы пайдаланылмаған залалды есептен шығарды. Сонымен бірге, Компания КТС бойынша декларацияны тапсыру нәтижелері бойынша кейінге қалдырылған салық бойынша танылмаған салық активтерін 1.810 миллион теңгеге азайту жағына қарай түзетті.

25. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ОПЕРАЦИЯЛАР

Келесі кестеде 2022 және 2021 жылдары байланысты тараптармен жасалған операциялардың жалпы сомасы және 2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша солармен есеп айырысулар бойынша тиісті сальдо көрсетілген:

<i>Миллион теңгемен</i>	2022 жыл	2021 жыл
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім	90.589	42.939
Еншілес ұйымдар	64.439	39.677
Бірлескен кәсіпорындар	2.866	2.723
Қауымдасқан компаниялар	295	257
Самұрық-Қазынаға кіретін компаниялар	22.989	282
Шикізатты, қызметтерді және негізгі құралдарды сатып алу	620.351	462.241
Еншілес ұйымдар	590.235	430.983
Бірлескен кәсіпорындар	26.619	5.092
Қауымдасқан компаниялар	2.013	2.939
Самұрық-Қазынаға кіретін компаниялар	1.484	23.227
Қаржы активтері бойынша есептелген пайыздар	83.885	67.667
Еншілес ұйымдар	33.061	26.965
Бірлескен кәсіпорындар	5.671	3.929
Самұрық-Қазына	43.391	36.639
Самұрық-Қазынаға кіретін компаниялар	1.368	134
Басқа да байланысты тараптар	394	–
Қаржылық міндеттемелер бойынша есептелген пайыздар	558.227	66.308
Еншілес ұйымдар	548.196	63.580
Самұрық-Қазына	10.031	–
Самұрық-Қазынаға кіретін компаниялар	–	2.728

Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім

2022 жылы еншілес ұйымдарға мұнай өнімдерін өткізу, негізінен, ҚМГ-Аэро, АМӨЗ, ӨМГ мен ПМХЗ-ге тиісінше 52.173 миллион теңге, 3.830 миллион теңге, 3.183 миллион теңге және 3.071 миллион теңге сомаға (2021 жыл: ҚМГ-Аэро, АМӨЗ, ӨМГ мен ПМХЗ тиісінше 28.314 миллион теңге, 4.085 миллион теңге, 3.015 миллион теңге және 2.028 миллион теңге) мұнай өнімдерін өткізуден тұрды.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**25. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ОПЕРАЦИЯЛАР (жалғасы)****Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім (жалғасы)**

2022 жылы Самұрық-Қазынаға кіретін Компанияларға мұнай өнімдерін сату негізінен 22.151 миллион теңге сомасына «Қазақстан Темір Жолы ҰК» АҚ дизель отынын сатудан тұрды (2021 жылы: нөл).

Шикізатты, қызметтерді және негізгі құралдарды сатып алу

Шикізатты, қызметтерді және негізгі құралдарды сатып алу, негізінен, Компанияның мұнайды қайта өңдеу бойынша қызметімен байланысты болды.

2022 жылы, Компания ҚМГ БӨ еншілес ұйымдарынан - ӨМГ мен «Эмбамұнайгаз» АҚ («ЭМГ»), сондай-ақ КТМ мен Урихтау Оперейтингтен 273.548 миллион теңге, 126.798 миллион теңге, 11.248 миллион теңге және тиісінше 3.843 миллион теңге сомасында шикі мұнайды сатып алды (2021 жылы: ӨМГ, ЭМГ, КТМ және Урихтау Оперейтинг тиісінше 159.512 миллион теңге, 90.898 миллион теңге, 9.382 миллион теңге және 3.319 миллион теңге сомаға).

2022 жылы, Компания АМӨЗ бен ПМХЗ-ден 100.130 миллион теңге және тиісінше 46.145 миллион теңге сомасында шикі мұнайды қайта өңдеу қызметтерін сатып алды (2021 жылы: АМӨЗ бен ПМХЗ тиісінше 119.144 миллион теңге және 35.290 миллион теңге сомаға).

2022 жылы Компания КАО-дан, Компанияның бірлескен кәсіпорны, 4.850 миллион теңге сомаға шикі мұнайды сатып алды (2021 жылы: нөл).

2022 жылы, Компания бірлескен кәсіпорын «ПетроКазахстан Ойл Продактс» ЖШС-тен («ПКОП») 21.626 миллион теңге сомаға (2021 жылы: 4.916 миллион теңге) шикі мұнайды қайта өңдеу қызметтерін сатып алды.

2021 жылы Компанияға Самұрық-Қазына компаниялар тобына кіретін ҚТГ жүзеге асыратын Компанияның бірлескен кәсіпорны КРГ-ға қатысу үлесінің 50%-ын сенімгерлік басқару қызметтері 21.428 миллион көлемінде көрсетілді (9-ескерпте).

Қаржылық міндеттемелер бойынша есептелген пайыздар

2022 жылы еншілес ұйымдарға қаржылық міндеттемелер бойынша есептелген пайыздар, негізінен, ҚМГ БӨ-ден алынған қарызға және ҚМГ БӨ-ден еншілес ұйымның жарғылық капиталына қатысу үлесінің 100%-ын және 543.520 миллион теңге жалпы сомаға бірлескен кәсіпорындағы қатысу үлесінің 50%-ын ҚМГ БӨ-ден сатып алғаны үшін кредиторлық берешекке қатысты жиынтық кіріс туралы жекелеген есепте қаржылық шығындардың құрамында танылған дисконт амортизациясымен білдірілген (21 және 23-ескерптелер).

2022 жылы Самұрық-Қазынаның қаржылық міндеттемелері бойынша есептелген пайыздар жылдық 3% купон мөлшерлемесімен және 2035 жылы өтеу мерзімімен 751.631 миллион теңге сомасына Самұрық-Қазына шығарған облигациялар бойынша есептелген пайыздық шығыстармен білдірілген (21-ескерпте).

<i>Миллион теңгемен</i>	2022 жыл	2021 жыл
Активтер		
Банк салымдары	-	86.481
Мемлекет бақылайтын ұйымдар	-	86.490
Минусы: күтілетін несиелік зиян резерві	-	(9)
Байланысты тараптарға берілген қарыздар	346.506	783.457
<i>Амортизацияланған құны бойынша ескерілетін алынуға жататын қарыздар</i>	292.617	708.845
Еншілес ұйымдар	175.085	218.979
Бірлескен кәсіпорындар	13.529	-
Қауымдасқан компаниялар	1.086	1.086
Самұрық-Қазынаға кіретін компаниялар	15.847	21.540
ҚР Ұлттық Банкінің ноттары	70.192	-
Самұрық-Қазынадан сатып алынған облигациялар	19.665	18.433
Самұрық-Қазынаға берілген қаржылық көмек	-	453.327
Минусы: күтілетін несиелік зиян резерві	(2.787)	(4.520)

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**25. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ОПЕРАЦИЯЛАР (жалғасы)****Қаржылық міндеттемелер бойынша есептелген пайыздар (жалғасы)**

<i>Миллион теңгемен</i>	2022 жыл	2021 жыл
<i>Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша ескерілетін алынуға жататын қарыздар</i>	53.889	74.612
Бірлескен кәсіпорындар (ПКОП)	53.889	74.612
Сауда дебиторлық берешек және басқа да қысқа мерзімді активтер	21.484	37.711
Еншілес ұйымдар	17.184	36.898
Бірлескен кәсіпорындар	1.472	752
Қауымдасқан компаниялар	1.505	128
Самұрық-Қазынаға кіретін компаниялар	1.347	34
Минусы: күтілетін несиелік зиян резерві	(24)	(101)
Еншілес ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындардан алынуға жататын дивидендтер	320	9.477
Міндеттемелер		
Сауда кредиторлық берешек және өзге де міндеттемелер	154.996	86.719
Еншілес ұйымдар	149.152	85.294
Бірлескен кәсіпорындар	3.983	726
Қауымдасқан компаниялар	1.535	294
Самұрық-Қазынаға кіретін компаниялар	326	405
Қаржылық кепілдіктер (22-ескертпе)	29.190	35.716
Еншілес ұйымдар мен олардың еншілес ұйымдары, бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялар	29.190	35.594
Самұрық-Қазынаға кіретін компаниялар	–	122
Алынған қарыздар мен облигациялар (21-ескертпе)	1.475.646	540.237
Еншілес ұйымдар	1.096.340	540.237
Самұрық-Қазына сатып алған Компанияның облигациялары	379.306	–

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**25. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ОПЕРАЦИЯЛАР (жалғасы)****Банк салымдары**

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша банк салымдарын орналастыру мерзімі аяқталды.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша банк салымдары Компания нарықтық мөлшерлеме бойынша 200 миллион АҚШ доллары (баламасы 86.360 миллион теңге) сомада орналастырған депозитпен білдірілген.

Байланысты тараптарға берілген қарыздар

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша байланысты тараптарға берілген қарыздар былайша көрсетілген:

<i>Миллион теңгемен</i>	Өтеу күні	Пайыздық мөлшерлеме, жылдық	2022 жыл	2021 жыл
Урихтау Оперейтинг	2027	7,00%	74.637	108.009
ҚР Ұлттық Банкінің ноттары	2023	16,71%	70.192	–
ПКОП	2024	12M Libor + 3,50%	53.889	74.612
АМӨЗ	2023.-2032	0,00%-дан 3,50%-ға дейін	51.234	43.745
KMG Drilling & Services	2023-2029	2,00%-дан 5,75%-ға дейін	29.893	40.517
Самұрық-Қазынаның облигациялары	2044	0,50%	19.665	18.433
ҚТГ	2024	0,01%	15.847	21.540
КПИ	2023	0,00%	13.529	–
ҚМТФ еншілес кәсіпорындары	2023	4,46%	11.930	18.941
КМК	2020	6,00%	1.086	1.086
Самұрық-Қазынаға берілген қаржылық көмек (6-ескертпе)	2022	0,00%	–	453.327
Басқалары			7.391	7.767
Минусы: күтілетін несиелік зиян резерві			(2.787)	(4.520)
			346.506	783.457
Минусы: қысқа мерзімді бөлік			(194.662)	(645.325)
Ұзақ мерзімді бөлік			151.844	138.132

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша байланысты тараптарға берілген барлық қарыздар келесі валюталарда берілді:

<i>Миллион теңгемен</i>	2022 жыл	2021 жыл
Теңге	265.009	668.585
АҚШ доллары	81.497	114.872
	346.506	783.457

2022 жылы Компания ҚР Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноттарын жалпы сомасы 87.000 миллион теңгеге сатып алды, оның ішінде 17.000 миллион теңге сомаға ноттарды эмитент кері сатып алды.

2022 жылы Компания КПИ-ға 14.550 миллион теңге сомаға пайызсыз қаржылай көмек берді. Бұл ретте, бұл қаржылай көмектің әділ құны мен оның номиналды құны арасындағы айырма ретінде есептелген 1.794 миллион теңге сомаға дисконт КПИ-ға инвестиция ретінде танылды (16-ескертпе).

2022 жылы Компания 91.175 миллион теңге мөлшеріндегі КПИ-дегі қатысу үлесінің 49,50% сатып алғаны үшін берешекпен (6-ескертпе), 816 миллион теңге мөлшерінде Силленодағы қатысу үлесінің 49,9% сатып алғаны үшін берешекпен (6-ескертпе) және Cooperative KMG U.A. 424.587 миллион теңге мөлшерінде Қашағандағы қатысу үлесінің 50 % сатып алғаны үшін Самұрық-Қазына алдындағы берешекпен өзара есеп айырысу арқылы Самұрық-Қазынаға берілген пайызсыз қаржылай көмекті толығымен өтеді (6-ескертпе).

2021 жылы Компания ҚТГ-ға нарықтық мөлшерлемеден төмен сыйақы мөлшерлемесімен 56 миллион АҚШ доллары сомасына (ақы төлеу күніне бағам бойынша баламасы 24.104 миллион теңге) қарыз берді. Бұл ретте, бұл қарыздың әділ құны мен оның номиналды құны арасындағы айырма ретінде есептелген 2.703 миллион теңге жалпы сомаға дисконт қаржылық шығындар құрамында танылды (11-ескертпе).

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

25. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ОПЕРАЦИЯЛАР (жалғасы)**Сауда дебиторлық берешек және басқа да қысқа мерзімді активтер**

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша еншілес ұйымдардан сауда дебиторлық берешек пен басқа да қысқа мерзімді активтер, негізінен, ӨМГ-нің 2.649 миллион теңге сомасында (2021 жыл: 2.241 миллион теңге) мұнай өнімдері және шикі мұнайды өткізу қызметтері үшін берешегімен және АМӨЗ-ге мұнайды қайта өңдеу шартының шеңберінде берген 11.111 миллион теңге сомасындағы (2021 жыл: 32.651 миллион теңге) аванспен білдірілген.

Сауда кредиторлық берешек және өзге де міндеттемелер

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша сауда кредиторлық берешек пен басқа да міндеттемелерге Компанияның ҚМГ БӨ алдында 89.004 миллион теңге жалпы сомада еншілес ұйым мен бірлескен кәсіпорынды сатып алу үшін берешегі, сондай-ақ ӨМГ мен ЭМГ алдында тиісінше 37.653 миллион теңге мен 15.099 миллион теңге сомасындағы сауда кредиторлық берешек жатады (2021 жыл: Компанияның ҚМГ БӨ алдында 50.026 миллион теңге жалпы сомада еншілес ұйымдар мен бірлескен кәсіпорынды сатып алу үшін берешегі, сондай-ақ ЭМГ мен ӨМГ алдында тиісінше 15.537 миллион теңге және 14.990 миллион теңге сомасындағы сауда кредиторлық берешек).

Негізгі басқарушы персоналға төленетін сыйақы

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша негізгі басқарушы персоналға 15 адам құрамында (2021 жыл: 13 адам) Компания Басқармасы мен Директорлар кеңесінің мүшелері кіреді. Негізгі басқарушы персоналдың жалпы сыйақы сомасы осы жекелеген қаржылық есептіліктің жалпы және әкімшілік шығыстарына қосылған және ол 2021 әрі тиісінше 2022 жылдары 861 миллион теңгені және 847 миллион теңгені құрайды. Негізгі басқарушы персоналдың сыйақысы Компания қызметінің операциялық нәтижелеріне негізделген келісімшарттар мен сыйақыларда белгіленген жалақыдан тұрады.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**26. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ**

Компанияның негізгі қаржылық міндеттемелеріне қарыздар, қаржылық кепілдіктер бойынша міндеттемелер, сауда кредиторлық берешек, еншілес ұйымдарда үлесті сатып алу міндеттемесі кіреді. Мұндай қаржылық міндеттемелердің негізгі мақсаты Компанияның инвестициялық қызметіне қаражатты тарту болып табылады. Компанияның қаржы активтерінің құрамына ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді банк салымдары, ақша қаражаты мен оның баламалары, оның операциялық қызметінің барысында тікелей туындайтын байланысты тараптарға берілген қарыздар кіреді.

Компания пайыздық мөлшерлемелермен байланысты тәуекелге, валюталық тәуекелге, несиелік тәуекелге және өтімділік тәуекеліне ұшырағыш келеді. Компания басшылығы мұндай тәуекелдерді басқару процесін бақылайды.

Пайыздық мөлшерлемелермен байланысты тәуекел

Пайыздық тәуекелмен байланысты тәуекел қаржы құралы бойынша әділ құн немесе келешек ақша ағындары нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруі салдарынан құбылып тұратындығының тәуекелін білдіреді. Компанияның нарықтық пайыздық мөлшерлемелердегі өзгерістер тәуекеліне ұшырағыштығы негізінен Компанияның құбылмалы пайыздық мөлшерлемесі бар ұзақ мерзімді қарыздарына жатады (21-ескертпе).

Компания саясатында қарыздар бойынша тіркелген және ауыспалы пайыздық мөлшерлемелерді пайдалану арқылы пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелін басқару көзделген.

Келесі кестеде Компанияның салық салынғанға дейінгі пайдасының (құбылмалы пайыздық мөлшерлемесі бар қарыздар мен облигациялардың болуы салдарынан) пайыздық мөлшерлемедегі ықтимал өзгерістерге деген сезімталдылық келтірілген, бұл ретте барлық басқа параметрлер тұрақты өлшемдермен қабылданған. Компанияның капиталына едәуір ықпалы жоқ.

<i>Миллион теңгемен</i>	Базистік тармақтардағы ұлғаю/ азаю	Табыс салығы есепке алынғанға дейінгі пайдаға әсері
2022 жыл	+2,45	739
Libor	-2,45	(739)
2021 жыл	+1,25	778
Libor	-0,25	(156)

Несиелік тәуекел

Несиелік тәуекел – Компания қаржылық шығындарды көтереді деген тәуекел, өйткені қарсы агенттер қаржы құралы немесе клиенттік шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамайды. Компания оның операциялық қызметімен (ең алдымен, сауда дебиторлық берешекке қатысты) және банктер мен қаржы ұйымдарындағы депозиттерді, валюталық операцияларды және басқа да қаржы құралдарын қоса алғанда, қаржылық қызметпен байланысты несиелік тәуекелге ұшырағыш келеді.

Компания саясаты танымал және несиені өтеуге қабілетті тараптармен бірге қаржы құралдарымен операциялар жасауды көздейді. Несиелік тәуекелге бейімділіктің ең жоғарғы шамасы әрбір қаржы активінің баланс құнына тең. Компания оның тәуекелінің ең үлкен көлемі байланысты тараптарға берілген қарыздардың сомасымен (25-ескертпе), ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді банк салымдарының (17-ескертпе), сауда дебиторлық берешектің (18-ескертпе) және есепті күнге көрсетілген күтілетін несиелік зиянды шегере отырып, ақша қаражаты мен оның баламаларының (19-ескертпе) сомасымен көрсетіледі деп есептейді.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**26. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)****Несиелік тәуекел (жалғасы)**

Келесі кестеде Компанияның «Fitch» несиелік рейтингтердің белгілерін пайдалана отырып, не олар болмағанда, «S&P» және «Moody's» рейтингтердегі баламаларын пайдалана отырып 2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша банктердегі ақша қаражаты, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді депозиттері бойынша профиль тәуекелі көрсетілген.

%	31 желтоқсанға	
	2022 жылғы	2021 жылғы
A+	25%	9%
A to A-	61%	51%
BBB to BBB-	13%	37%
BB+ to BB-	0%	0%
B+ to B-	0%	2%

Өтімділік тәуекелі

Өтімділік тәуекелі Компания өзінің қаржылық міндеттемелерін орындау үшін қаражатты тартқан кезде қиыншылықтарға тап болу мүмкіндігімен байланысты. Өтімділік тәуекелі оның әділ құнына жуық құны бойынша қаржы активін шұғыл өткізу мүмкіндігінің болмауы нәтижесінде пайда болуы мүмкін.

Өтімділікке қойылатын талаптар ұдайы бақыланады және басшылық міндеттемелерді олардың туындауына қарай орындау үшін жеткілікті көлемде қаражаттың болуын қадағалайды.

Төмендегі кестелерде 2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша оларды өтеу мерзімдері бөлінісінде қаржылық міндеттемелер бойынша дисконтталмаған шарттық төлемдер туралы ақпарат берілген.

Миллион теңгемен	1 айдан артық емес	1 айдан артық, бірақ 3 айдан астам емес	3 айдан артық, бірақ 1 жыл астам емес	1 жылдан астам, бірақ 5 жылдан артық емес	5 жылдан астам	Жиыны
Қарыздар мен облигациялар	–	–	176.236	1.354.019	4.828.833	6.359.088
Қаржылық кепілдіктер*	–	33.555	228.400	431.408	20.058	713.421
Сауда кредиторлық берешек	50.252	5.560	–	–	–	55.812
Басқа да қаржылық міндеттемелер	16.866	3.681	2.418	–	–	22.965
	67.118	42.796	407.054	1.785.427	4.848.891	7.151.286

Миллион теңгемен	1 айдан артық емес	1 айдан артық, бірақ 3 айдан астам емес	3 айдан артық, бірақ 1 жыл астам емес	1 жылдан астам, бірақ 5 жылдан артық емес	5 жылдан астам	Жиыны
Қарыздар мен облигациялар	–	–	143.439	772.363	5.219.401	6.135.203
Қаржылық кепілдіктер*	–	272.118	32.862	387.917	89.198	782.095
Сауда кредиторлық берешек	31.793	–	–	–	–	31.793
Басқа да қаржылық міндеттемелер	5.255	3.402	208	89.410	–	98.275
	37.048	275.520	176.509	1.249.690	5.308.599	7.047.366

Қаржылық кепілдік – бұл шарт, соған сай эмитент құралды ұстаушыға белгілі бір борышкердің төлемді борыштық құралдың бастапқы немесе қайта қаралған талаптарына сәйкес жасауға қабілетті болмай қалуына орай шеккен шығынды өтеу мақсатында белгілі бір төлемдерді жасауға міндетті. 7.B1 c (c) ХҚЕС-ке сәйкес, Компания ұсынған қаржылық кепілдік шарттары бойынша кепілдіктің максималды сомасы осы кепілдік талап етілуі мүмкін ең бірінші кезеңге жатады. Жоғарыдағы өтімділік кестесінде қаржылық кепілдік негізгі борыштық құралды өтеу мерзімдері бойынша ең жоғары сомамен ұсынылған. Қаржылық кепілдік шарттарына сәйкес, борышкер міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Компания белгілі бір уақыт ішінде негізгі борыш пен төленбеген пайыздың барлық сомасын сөзсіз төлеуге міндеттенеді. 2022 және 2021 жылдары қаржылық кепілдіктерді пайдалану жағдайлары болған жоқ.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**26. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)****Валюталық тәуекел**

Валюталық тәуекел – әділ құн немесе тәуекелге ұшырағыштықпен байланысты келешек ақша ағындары валюта бағамдарының өзгеруі салдарынан құбылып тұратындығының тәуекелі. Компанияның операциялары басымдықпен Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылады. Дегенмен, ақша қаражатының басым көпшілігінің түсімдері мен ағымдары АҚШ долларында берілген.

Келесі кестеде Компания пайдасының табыс салығы есепке алынғанға дейінгі АҚШ долларының айырбас бағамындағы ықтимал өзгерістерге барлық басқа өлшемдер тұрақты шама ретінде қабылданған жағдай талабымен сезімталдығы көрсетілген. Компанияның капиталына тікелей ықпалы жоқ.

<i>Миллион теңгемен</i>	АҚШ доллары бағамының ұлғаюуы / азаюуы	Табыс салығы есепке алынғанға дейінгі пайдаға әсері
2022 жыл	21,00% -21,00%	(420.177) 420.177
2021 жыл	13,00% -10,00%	(259.358) 199.506

Капиталды басқару

Компанияның капиталды басқаруға қатысты негізгі мақсаты акционерлік құнды барынша көбейту болып табылады. Берешек пен капиталдың балансын оңтайландыру арқылы мүдделі тараптар үшін кірістерді барынша ұлғайта отырып үздіксіз қызмет қағидатын қолдау үшін Компания өз капиталын басқарады.

Компания күрделі инвестициялар жоспарын жасау үшін капиталдың оңтайлы құрылымын қамтамасыз етуге және инвестициялық деңгейдің несиелік рейтингісін бүкіл цикл бойына қолдап отыруға ұмтылады. Қаржылық икемділікті қолдау индустрияның циклді болуына қарсы тұру үшін және инвестициялық шешімдерді жүзеге асыру үшін стратегиялық маңызды болып табылады. Компанияның күрделі шығындарды, жаңа жобаларды және қарыз алуларды келісудің кеңейтілген ішкі процесі бар.

Компанияның капиталы берешектен тұрады, оған қарыздар (21-ескертіне), минус ақша қаражаты мен оның баламалары, қысқа мерзімді банктік депозиттер мен жарғылық капитал кіретін меншікті капитал, қосымша төленген капитал, басқа да резервтер мен бөлінбеген пайда жатады (20-ескертіне).

Компания басшылығы капитал құрылымын үнемі талдап отырады. Бұл талдаудың бір бөлігі ретінде басшылық капиталдың құнын және капиталдың әр класымен байланысты тәуекелдерді қарастырады. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін капиталды басқару, өзгесінен басқа, капиталдың құрылымына қатысты талаптарды айқындайтын пайыздық несиелер мен қарыздар бойынша барлық белгіленген көрсеткіштердің орындалуын қамтамасыз етуі тиіс.

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша пайыздық несиелер мен қарыздар бойынша шектеу көрсеткіштері бұзылған жоқ (21-ескертіне).

<i>Миллион теңгемен</i>	2022 жыл	2021 жыл
Қарыздар мен облигациялар	4.367.446	3.225.668
Минусы: ақша қаражаты мен оның баламалары, қысқа мерзімді банк салымдары	(870.456)	(653.484)
Таза берешек	3.496.990	2.572.184
Меншікті капитал	11.903.002	8.334.243
Меншікті капитал және таза берешек жиыны	15.399.992	10.906.427

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған кезеңдер ішінде капиталды басқару стратегиясы, мақсаты, саясаты мен процедуралары өзгермеді.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**26. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)****Әділ құн**

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Компанияның қаржы құралдары мен инвестициялық жылжымайтын мүлігінің баланстық құны, төменде көрсетілген қаржы құралдарын қоспағанда, шамамен олардың әділ құнына тең болды:

Миллион теңгемен	2022 жылғы 31 желтоқсан				
	Баланстық құн	Әділ құны	Бағалау деңгейлері бойынша әділ құны		
			1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей
Амортизацияланған құны бойынша ескерілетін қаржы активтері					
Самұрық-Қазынадан алынатын облигациялар	19.599	20.138	-	20.138	-
ҚР Ұлттық Банкінің ноттары	70.188	70.188	70.188	-	-
Байланысты тараптарға берілген қарыздар	202.830	203.693	-	-	203.693
Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша ескерілетін қаржы активтері					
Байланысты тараптарға берілген қарыздар	53.889	53.889	-	-	53.889
Амортизацияланған құны бойынша ескерілетін қаржылық міндеттемелер					
Тіркелген сыйақы мөлшерлемесі бар алынған қарыздар	4.343.678	3.933.248	2.476.894	1.456.354	-
Қаржылық кепілдіктер					
Қаржылық кепілдіктер	29.190	27.865	-	-	27.865

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТІНЕЛЕР (жалғасы)**26. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)**

Әділ құны (жалғасы)

Миллион теңгемен	Баланстық құн	Әділ құны	2021 жылғы 31 желтоқсан		
			Бағалау деңгейлері бойынша әділ құны		
			1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей
Амортизацияланған құны бойынша ескерілетін қаржы активтері					
Самұрық-Қазынадан алынатын облигациялар	18.373	16.925	–	16.925	–
Байланысты тараптарға берілген қарыздар	690.472	694.210	–	448.658	245.552
Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша ескерілетін қаржы активтері					
Байланысты тараптарға берілген қарыздар	74.612	74.612	–	–	74.612
Амортизацияланған құны бойынша ескерілетін қаржылық міндеттемелер					
Тіркелген сыйақы мөлшерлемесі бар алынған қарыздар	3.213.313	3.750.869	3.210.632	540.237	–
Қаржылық кепілдіктер					
Қаржылық кепілдіктер	35.716	33.313	–	–	33.313

Төмендегі кестеде қаржылық активтер бойынша күтілетін несиелік зиянды бағалау деңгейлері бойынша бөлу көрсетілген:

Миллион теңгемен	2022 жылғы 31 желтоқсан			2021 жылғы 31 желтоқсан		
	Жалпы баланстық құн	Күтілетін несиелік зиян резерві	Күтілетін несиелік зиянды өтеу	Жалпы баланстық құн	Күтілетін несиелік зиян резерві	Күтілетін несиелік зиянды өтеу
1-деңгей	70.192	(4)	0,006%	–	–	–
2-деңгей	19.665	(66)	0,34%	471.760	(1.406)	0,30%
3-деңгей	259.436	(2.717)	1,05%	316.217	(3.114)	0,98%
	349.293	(2.787)	0,80%	787.977	(4.520)	0,57%

Самұрық-Қазынадан алынуға жататын облигациялардың және басқа да борыштық құралдардың әділ құны нарықтық пайыздық мөлшерлемелер бойынша күтілетін келешек ақша ағындарын дисконттау арқылы есептелген.

Соларға қатысты әділ құны танылатын немесе ашылып көрсетілетін барлық қаржы құралдары жалпы әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төмен деңгейдегі деректердің негізінде әділ құн иерархиясында былайша жіктеледі:

- 1-деңгей - ұқсас келетін активтер немесе міндеттемелер үшін белсенді нарықтарда бағасы белгіленетін (түзетілмеген) нарықтық бағалар;
- 2-деңгей – солар үшін әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төмен деңгейдегі бастапқы деректер тікелей немесе жанама байқалатын бағалау әдістері;
- 3-деңгей – солар үшін әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төмен деңгейдегі бастапқы деректер байқалмайтын бағалау әдістері.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**26. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)****Әділ құны (жалғасы)**

Есепті кезең ішінде 1-деңгей мен 2-деңгей арасында ешқандай аударымдар болған жоқ, сондай-ақ 3-деңгейге немесе одан ауысулар жасалған жоқ.

Әділ құны бойынша тұрақты негізде танылатын активтер мен міндеттемелер үшін, Компания оларды әрбір есепті кезеңнің соңына санаттар бойынша қайта бағалау арқылы (жалпы әділ құны бойынша бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төмен деңгейдегі кіріс деректерінің негізінде) иерархияның деңгейлері арасында аудару болғанын айқындайды. Жыл ішінде Компанияны бағалау процестерінде, бағалау әдістері мен әділ құнды бағалау кезінде қолданылатын бастапқы деректердің типтерінде ешқандай өзгерістер болған жоқ.

Төменде әділ құн иерархиясының 3-деңгейіне жатқызылған әділ құнды бағалау үшін пайдаланылатын елеулі бақыланбайтын бастапқы деректер көрсетілген:

	Үлестік бағалау әдісі	Айтарлықтай бақыланбайтын бастапқы деректер	31 желтоқсанға диапазон	
			2022 жылғы	2021 жылғы
Байланысты тараптарға берілген амортизацияланған құны қарыздар	Ақша ағындарын дисконттау әдісі	Дисконттау мөлшерлемесі мен пайыздық мөлшерлеме	6,3%-19,8%	4,1%-17,3%
Қаржылық кепілдіктер			6,3%-19,8%	4,6%-17,3%

27. ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР**Операциялық орта**

Қазақстанда экономикалық реформа және құқықтық, салықтық және әкімшілік инфрақұрылым жалғасуда, ол нарықтық экономиканың талаптарына жауап беретін еді. Болашақтағы Қазақстан экономикасының тұрақтылығы көбінесе осы реформалардың барысына, сондай-ақ экономика, қаржы және ақша-кредит саясатының саласында Үкімет қабылдайтын шаралардың тиімділігіне байланысты болады.

2020 жылғы наурыздан бастап әлемдік нарықтар мұнайға деген сұраныс пен бағалардың айтарлықтай құбылуда, атап айтқанда, COVID-19 пандемиясының нәтижесінде. Қазақстандық теңгенің құны негізгі әлемдік валюталарға қатысты едәуір төмендеді. Компания басшылығының пікірінше, бұл үрдістер Компанияның қаржылық жағдайының болашағына, қызмет нәтижелері мен бизнестің келешегіне айтарлықтай әсерін тигізбейді.

Сот процестері

Басшылықтың пікірінше, Компания қызметінің жекелеген қаржы нәтижелеріне немесе оның қаржылық жағдайына айтарлықтай теріс әсер етуі мүмкін және осы жекелеген қаржылық есептілікте ашылып көрсетілмеген немесе есептелмеген ағымдағы сот істері немесе шешімін таппаған шағым-талаптар жоқ.

Салық салу

Қазақстандық салық заңнамасы мен нормативтік-құқықтық актілері үздіксіз өзгерістер мен түрлі түсіндірмелердің нысаны болып табылады. Жергілікті, өңірлік және республикалық салық органдарының арасындағы пікірлерде болатын келіспеушіліктер сирек емес, оған қоса ХҚЕС бойынша қаржылық есептілікте кірістерді, шығыстарды және басқа да баптарды мойындау тәсілдеріндегі алшақтықтар. Қазіргі кезде қолданып отырған, Қазақстанда қолданылатын заңдардың негізінде анықталған құқық бұзушылықтар үшін қарастырылған айыппұлдар мен өсімақылар жүйесі аса қатаң болып отыр. Қазақстандық салық салу жүйесінің екіұштылығына орай салықтардың, айыппұл санкциялары мен өсімпұлдардың нақты сомасы, егер олар болса, қазіргі уақытқа дейін шығыстарға жатқызылған және 2022 жылғы 31 желтоқсанға есептелген сомадан асып кетуі мүмкін. Басшылық 2022 жылғы 31 желтоқсанда қолданылатын заңнаманы түсіндіру сәйкес болады және резервтер есептелген немесе осы жекелеген қаржылық есептілікте ашылған жағдайлардан басқа, Компанияның салық жөніндегі ұстанымы расталатын мүмкіндік бар деп санайды.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**27. ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)****Трансферттік баға белгілеуді бақылау**

Қазақстанда трансфертті баға белгілеу бойынша бақылау кең спектрге ие және байланысты мәмілелер тарапы болып табыла ма немесе жоқ па екеніне қарамастан, халықаралық мәмілелермен тікелей немесе жанама байланысты көптеген операцияларда қолданылады. Трансферттік баға белгілеу туралы заң («Заң») операцияларға қолданылатын барлық салықтар қол ұшын беру қағидаты бойынша айқындалған нарықтық бағалар негізінде есептелуін талап етеді. Қазақстанда бұл Заң 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енді. Заң анық белгіленген болып табылмайды және оның кейбір ережелері аз қолданылу тәжірибесіне ие. Сонымен қатар, Заң оны операциялардың алуан түрлеріне қолдану бойынша егжей-тегжейлі нұсқаулықтарды бермейді, соның нәтижесінде салық органдарының позициясы Компания позициясынан ерекшеленуі мүмкін екендігінің тәуекелі бар, бұл қосымша салықтар, айыппұлдар мен өсімпұлдар сомаларына әкеп соқтыра алады. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Басшылық трансферттік баға белгілеу бойынша қолданылатын заңнамада оны түсіндіру сәйкестендірілген болып табылады және Компанияның трансферттік баға белгілеу жөніндегі ұстанымы расталады деген ықтималдық бар деп санайды.

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша міндеттемелер

Компания Қазақстан Республикасының Үкіметімен жасаған жер қойнауын пайдалану келісімшарттарының талаптарына сай Компанияның тиісті мұнай-газ жобалары бойынша ең аз жұмыс бағдарламаларын орындау бойынша міндеттемелері бар.

Компания 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған өзінің бірқатар келісімшарттарының шеңберінде жұмыс бағдарламаларын толық көлемде орындамады. Компания басшылығы орындалмаған сомалар кейінгі жылдарға ауыстырылуы мүмкін және мұндай беру жер қойнауын пайдалану келісімшарттарының бұзылуына әкеп соқтырмайды деп есептейді.

28. УКРАИНАДАҒЫ СОҒЫСТЫҢ САЛДАРЫ

2022 жылғы ақпаннан бастап Ресей Федерациясы мен Украина арасындағы шиеленістің салдарынан батыс елдерінің көпшілігі Ресей Федерациясына қарсы көптеген санкцияларды жариялады. Бұл санкциялар Ресей Федерациясына теріс экономикалық әсер етуге бағытталған.

2022 жылғы ақпаннан бастап геосаяси шиеленістің өсуіне орай бағалы қағаздар мен валюта нарықтары құбылмалылықтың едәуір өсімі, сондай-ақ АҚШ доллары мен еуроға қатысты теңге бағамының айтарлықтай төмендеуі байқалады. Сондай-ақ, жыл ішінде ҚР Ұлттық Банкінің негізгі мөлшерлемесі 9,75%-дан 16,75%-ға дейін айтарлықтай өсті.

Маңызды әсерді бағалау

«Қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар» 28 ХҚЕС-ке (IAS) сәйкес Компания Ресей мен Украинаның құқықтық және операциялық ортасындағы өзгерістер Ресейдегі ҚМГ қауымдасқан компаниясы КТК-ға айтарлықтай әсер ету мүмкіндігіне әсер етпегенін бағалады және растады.

ҚМГ қауымдасқан кәсіпорнының КҚК операциялық ортасы

2022 жылғы 23 наурызда КҚК қара теңіз терминалында мұнайды жөнелтуді тоқтатты, бұл дауылдың салдарынан үш бір нүктелі айлақтың (ВПУ) екеуінің зақымдалуына байланысты болды. 2022 жылғы 24 сәуірде Новороссийск каласындағы КҚК желісіндегі ВОП үш жүйесінің екіншісіне мұнай жөнелту қайта басталды.

2022 жылғы 27 сәуірде Ресей Федерациясының соты (Краснодар өлкесінің Төрелік соты) КҚК теңіз терминалында (2021 жылдың тамызында болған) мұнайдың төгілуінен КҚК-дан 5,2 миллиард Ресей рублі мөлшерінде (баламасы 30 миллиард теңге) шығынды өндіріп алу туралы Росприроднадзордың талабын толығымен қанағаттандырды. КҚК барлық сомаға резервті таныды. Компанияның жекелеген қаржылық есептілігінде резерв қауымдасқан компанияның 2022 жылғы пайдасындағы үлесінің құрамында көрсетілді.

2022 жылғы 6 шілдеде Ресей соты (Приморск аудандық соты) КҚК қызметін 30 күнге тоқтата тұруға міндеттеді. Кейінірек бір айлық дисквалификация 200.000 рубль айыппұлмен ауыстырылды (баламасы 3.300 доллар). КҚК бұл айыппұлды 2022 жылғы шілдеде бухгалтерлік есепте көрсетті. КҚК қызметі көрсетілген кезеңде тоқтаған жоқ.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**28. УКРАИНАДАҒЫ СОҒЫСТЫҢ САЛДАРЫ (жалғасы)*****ҚМГ қауымдасқан кәсіпорнының КҚК операциялық ортасы (жалғасы)***

2022 жылғы 22 тамызда ВПУ-1 және ВПУ-2-де жоспарланған жұмыстарды орындау кезінде сүңгуірлер су асты шлангтарының қалқымалы бактарға бекітпелерінде жарықтар тапты. 2022 жылғы 12 және 29 қарашада Новороссийскідегі КҚК ВПУ-1 және ВПУ-2 желілері жұмысын қайта бастады.

2022 жыл ішінде болған барлық мәселелер бір жыл ішінде шешіледі, одан әрі даму жоқ.

Санкциялардың әсері

2023 жылғы 5 ақпаннан бастап Еуропа Одағы ресейлік дизель отынын, авиакеросинді және теңіз арқылы тасымалданатын басқа да мұнай өнімдерін импорттауға тыйым салды. Бұл шара Компанияның Қазақстандағы немесе халықаралық деңгейдегі қызметіне қолданылмайды.

29. ЕСЕПТІ КҮННЕН КЕЙІНГІ ОҚИҒАЛАР***Қысқа мерзімді ноттарды сатып алу***

2023 жылғы қаңтарда Компания ҚР Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноттарын 38.019 миллион теңге жалпы сомаға сатып алды, сондай-ақ 2022 Компания 108.019 миллион теңге сомаға сатып алған ҚР Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноттарын эмитент кері сатып алды.

2023 жылғы 19 сәуірде және 3 мамырда Компания ҚР Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноттарын жалпы сомасы 80.000 миллион теңге және 66.000 миллион теңгеге сатып алды.

Еншілес ұйымды құру

2023 жылғы 27 ақпанда Компания ҚР Энергетика министрлігімен Каспий теңізінің қазақстандық секторында орналасқан Қаламқас-теңіз, Хазар және Әуезов жер қойнауы учаскелерінде көмірсутектерді өндіруге келісімшарт жасасты.

Жарғылық капиталға қосымша салым

2023 жылғы 3 мамырда Компания ҚМТФ жарғылық капиталына 7.050 миллион теңге көлемінде ақшалай жарна енгізді.

Жарғылық капиталды қайтару

2023 жылғы ақпанда Компанияның еншілес ұйымы Cooperative KMG U.A. 9 миллион АҚШ доллары мөлшерінде (баламасы 4.097 миллион теңге) жарғылық капиталды қайтарды.

2023 жылғы наурызда TH N.V. 4,6 миллион АҚШ доллары мөлшерінде (баламасы 2.052 миллион теңге) жарғылық капиталды қайтарды.

Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу

2023 жылғы 26 сәуірде Компания мерзімінен бұрын өтеу бойынша сыйлықақы мен купондық сыйақыны қоса алғанда, 501 миллион АҚШ доллары (баламасы 227.520 миллион теңге) сомасында 4,75% мөлшерлеменен 2025 жылы өтеу мерзімі бар облигацияларды мерзімінен бұрын толық өтеуді жүзеге асырды.

Алынған дивидендтер

2023 жылдың сәуірде Компания PETROSUN, KGM және KOA бірлескен кәсіпорындарынан тиісінше 19.600 миллион теңге, 4.563 миллион теңге және 3.500 миллион теңге көлемінде дивидендтер алды.

2023 жылдың сәуірде Компания еншілес ұйымдары ҚМГ Қарашығанақ пен ПМХЗ-дан тиісінше 45.025 миллион теңге және 10.000 миллион теңге көлемінде дивидендтер алды.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

29. ЕСЕПТІ КҮННЕН КЕЙІНГІ ОҚИҒАЛАР (жалғасы)

Облигациялар бойынша пайыздарды төлеу

2023 жылдың сәуірде Компания 75.937 миллион теңге сомасында ЛҚБ орналастырылған облигациялар бойынша сыйақыны өтеді.

2023 жылдың 17 сәуірінде Компания «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ сатып алған 11.274 миллион теңге сомасында облигациялар бойынша сыйақыны өтеді.

Облигациялар шығару

2023 жылғы 27 сәуірде Компания 2033 жылы өтеу мерзімі 0,5% мөлшерлеменен 50.000 млн теңге сомасына облигациялар шығарды және осы шығарылымнан алынған қаражатты ««Астрахань-Маңғышлақ» магистральды су құбырын қайта жаңарту және кеңейту 1-кезеңі» жобасын қаржыландыру мақсатында «Магистральный Водовод» ЖШС-не осы ұқсас шартта несие берді.

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі**

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 2022 жылғы таза кірісін бөлу тәртібі
және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ бір жай акциясына есептегендегі
дивиденд мөлшері туралы**

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 44-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі – ҚМГ) Жарғысы 98-тармағының 5) тармақшасына сәйкес, ұсынылған материалдарды қарап, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы былай деп **ШЕШТІ:**

1. Мыналар:

- ҚМГ 2022 жылғы 1 289 118 000 000 (бір триллион екі жүз сексен тоғыз миллиард жүз он сегіз миллион) теңге мөлшеріндегі шоғырландырылған таза кірісін бөлудің келесі тәртібі (010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Дінмұхамед Қонаев көшесі, 8-ғимарат мекенжайында орналасқан, БСН 020240000555, «Қазақстанның Халық банкі» АҚ-тағы ЖСК KZ356010111000002033, SWIFT (БИК): HSBKZKX) бекітілсін:

- 300 001 855 903,03 (үш жүз миллиард бір миллион сегіз жүз елу бес мың тоғыз жүз үш) теңге 3 (үш) тиын мөлшеріндегі сома ҚМГ акционерлеріне дивидендтер төлеуге жіберілсін;

- 989 116 144 096, 97 (тоғыз жүз сексен тоғыз миллиард бір жүз он алты миллион бір жүз қырық төрт мың тоқсан алты) теңге 97 (тоқсан жеті) тиын мөлшерінде қалған сома ҚМГ иелігінде қалдырылсын;

- 2022 жылғы дивидендтің бір жай акцияға шаққандағы мөлшері 491,71 (төрт жүз тоқсан бір) теңге 71 (жетпіс бір) тиын болып белгіленсін.

2. 2023 жылғы 31 мамырда 00 сағат 00 минуттағы жағдай бойынша 2022 жылға дивидендтерді алуға құқығы бар ҚМГ акционерлерінің тізімі белгіленсін.

3. 2022 жылға жай акциялар бойынша дивидендтер төлеудің басталу күні 2023 жылғы 20 маусымға белгіленсін.

2022 жылға ҚМГ жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу оларды белгіленген тәртіппен ҚМГ акционерлерінің шотына дербес және «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ тұлғасындағы төлем агенті арқылы аудару жолымен жүргізілсін.

Төраға

К. Уолтон

Корпоративтік хатшы

Д. Шарипов

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
Акционерлерінің жалпы жиналысының
2023 жылғы 30 мамырдағы
№ ____ шешімнің жобасына қосымша

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 2022 жылғы таза кірісін бөлу тәртібі және
«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ бір жай акциясына есептегендегі дивидендтің
мөлшері туралы мәселе бойынша түсіндірме жазба**

Астана қ.

2023ж. « ____ » _____

1. Мақсаты мен міндеті.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі - ҚМГ) 2022 жылғы таза кірісін бөлу тәртібі және ҚМГ бір жай акциясына есептегендегі дивидендтің мөлшері туралы.

2. Экономикалық нәтиже

Экономикалық нәтижеге «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңының талабын және акционерлердің жалпы жиналысының (бұдан әрі – АЖЖ) шешімін орындау арқылы қол жеткізіледі.

3. Қысқаша сипаттамасы

«Самұрық-Қазына» АҚ (бұдан әрі – Қор) Басқармасының 27.10.2022 жылғы (№59/22 хаттама) шешімімен бекітілген ҚМГ дивидендтік саясатына (бұдан әрі – Саясат) сәйкес дивидендтердің мөлшері EBITDA-ға қатысты Таза борыштың көрсеткішімен айқындалатын қоғамның борыштық жүктемесіне қарай ҚМГ Бос ақша ағыны негізінде есептеледі.

2022 жылдың қорытындылары бойынша ҚМГ Қашаған Б.В. компаниясындағы 50% үлесті сатып алуға облигациялық қарыз түріндегі қаржыландыруды тартуға түзетуді ескере отырып, ҚМГ бос ақша ағыны 669 млрд. теңгені құрады.

2022 жылдың аяғында Таза борыш/EBITDA көрсеткіші 1,1 деңгейінде қалыптасты, бұл Бос ақша ағынының кемінде 40% бөлуге қойылатын талапқа сәйкес келеді.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, сондай-ақ Жекешелендірудің 2016-2020 жылдарға арналған кешенді жоспары шеңберінде ҚМГ активтерін сатудан түсетін түсімдерді бөлуді қамтитын қосымша түзетулерді назарға ала отырып, 2022 жылдың қорытындылары бойынша дивидендтер төлеуге 300 млрд. теңге жіберу ұсынылады.

Дивидендтерді бөлу ҚМГ бір жай акциясы есебінен жүргізіледі. ҚМГ-нің айналымдағы акцияларының саны – 610 119 493 дана. Дөңгелектеуді

ескергенде бір акцияға дивиденд мөлшері 491 теңге 71 тиынды құрайды, бөлінетін сома 300 001 855 903,03 теңгені құрайды.

ҚМГ-нің 2022 жылғы шоғырландырылған аудиттелген қаржылық есептілігіне сәйкес таза кіріс 1 289 118 000 000 теңгені құрады.

Осылайша, жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, 2022 жылғы таза кірісті келесі тәртіппен бөлу ұсынылады:

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 1141 қаулысымен бекітілген Жекешелендірудің 2016-2020 жылдарға арналған кешенді жоспары шеңберінде 2020 жылы ҚМГ активтерін сатудан түскен түскен 8 699 187 000 теңге мөлшерінде түсімдерді қамтитын 300 001 855 903,03 теңге мөлшеріндегі ҚМГ таза кірісінің бір бөлігін ҚМГ акционерлеріне дивидендтер төлеуге жіберу;

- ҚМГ акционерлеріне дивидендтер төлегеннен кейін қалған 2022 жылғы ҚМГ таза кірісінің бір бөлігін ҚМГ иелігінде қалдыру;

- бір жай акцияға есептегендегі 2022 жылға дивидендтің мөлшерін 491 теңге 71 тиын сомасында бекіту.

Бағалы қағаздар рыногы туралы Заңға сәйкес «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ (бұдан әрі – ОД) Қазақстан Республикасының аумағында бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жалғыз ұйым болып табылады. ОД ҚР аумағында бағалы қағаздарды ұстаушылар бойынша тізілім жүргізуге құқығы бар жалғыз ұйым болып табылатынын назарға ала отырып, миноритарлық акционерлер санының көп болуы, ҚМГ акциялары бойынша дивидендтер төлеу, соның ішінде төлем агенті арқылы жүзеге асыру орынды. Мәселен, Қор мен ҚР Ұлттық банкіне дивидендтер төлеуді ҚМГ тікелей, миноритарлық акционерлерге дивидендтер төлеуді төлем агенті арқылы жүзеге асыра алады.

4. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігі.

ҚР заңнамасы қолданылады, қарастырылып отырған мәселе оған сәйкес келеді.

5. Шешім қабылдаған немесе қабылдамаған жағдайда негізгі проблемалар, тәуекелдер, ықтимал салдар.

Осы мәселе бойынша шешім қабылдау тәуекелдерге әкеп соқтырмайды, ҚМГ мүдделеріне барынша сәйкес келеді және ҚМГ-ге зиянын не залалын тигізбейді.

Шешім қабылдамаған жағдайда «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңы және ҚМГ Жарғысы ережелерінің бұзылу қаупі бар.

Басқарма төрағасы

М. Мырзағалиев

ОТЫРЫС ХАТТАМАСЫНАН ҮЗІНДІ

Орган **«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесі**

Төраға, аты-жөні **Уолтон Кристофер Джон**

Отырыстың күні және нөмірі **№9/2023 2023 жылы 3 мамыр**

Мәселенің нөмірі және атауы **№21 ««ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 2022 жылғы таза кірісін бөлу тәртібі және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ бір жай акциясына есептегендегі дивиденд мөлшері туралы**

Отырыстың өтетін жері **Қазақстан Республикасы, Z05H9E8, Астана қаласы, Есіл ауданы, Дінмұхамед Қонаев, 8 ғимарат**

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 44-бабы 3-тармағының 3) тармақшасын назарға ала отырып, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Жарғысының 98-тармағының 5) тармақшасына сәйкес, ұсынылған материалдарды қарап, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесі былай деп **ШЕШТІ:**

1. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысына:

1) 2022 жылдың қорытындысы бойынша алынған 1 289 118 000 000 (бір триллион екі жүз сексен тоғыз миллиард жүз он сегіз миллион) теңге мөлшеріндегі ҚМГ таза кірісін мынадай тәртіппен бөлу:

- оның ішінде ҚМГ активтерін бәсекелестік ортаға беруден («Қазақстан-Британ техникалық университеті» АҚ сату) түскен 8 699 187 000 (сегіз миллиард алты жүз тоқсан тоғыз миллион жүз сексен жеті мың) теңге мөлшеріндегі қаражатпен бірге 300 001 855 903,03 (үш жүз миллиард бір миллион сегіз жүз елу бес мың тоғыз жүз үш) теңге 3 (үш) тиын мөлшеріндегі соманы ҚМГ акционерлеріне дивидендтер төлеуге жіберу;

- 989 116 144 096, 97 (тоғыз жүз сексен тоғыз миллиард жүз он алты миллион жүз он төрт мың тоқсан алты) теңге 97 (тоқсан жеті) тиын мөлшеріндегі соманы ҚМГ иелігінде қалдыру;

2) бір жай акцияға 2022 жылғы дивиденд мөлшері – 497 (төрт жүз тоқсан жеті) теңге 71 (жетпіс бір) тиын.

3) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ жай акциялары бойынша дивидендтерді белгіленген тәртіппен «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлерінің шотына дербес және «Бағалы қағаздар орталық депозитарийі» АҚ атынан төлем агенті арқылы аудару арқылы ақшамен төлеуді жүргізу ұсынылсын.

2. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысының қарауына «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың 2022 жылғы таза кірісін бөлу тәртібі және бір жай акцияға есептегендегі дивиденд мөлшері туралы мәселе енгізілсін.

3. Басқарма төрағасы М. Мырзағалиев белгіленген тәртіппен осы шешімді іске асыру бойынша қажетті шараларды қабылдасын.

Корпоративтік хатшы

Д. Шарипов

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
Акционерлерінің жалпы жиналысының шешімі**

**Акционерлердің 2022 жылы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ пен оның
лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне өтініштері және оларды қарау
қорытындылары туралы**

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы № 415-ІІ Заңының 35-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына, 44-бабы 3-тармағының 3-1) тармақшасына, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Жарғысының 72-тармағының 4) тармақшасына, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ барлық дауыс беретін акцияларына иелік ететін тұлғаның шешімімен бекітілген (2022 жылғы 2 желтоқсандағы № 66/22 хаттама) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереженің 16-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, ұсынылған материалдарды қарап, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы былай деп **ШЕШТІ:**

Осы шешімге қосымшаға сәйкес Акционерлердің 2022 жылы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ пен оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне өтініштері және оларды қарау қорытындылары туралы ақпарат назарға алынсын.

2023 жылғы 30 мамырдағы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының «Акционерлердің 2022 жылы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның лауазымды тұлғалардың іс-әрекеттеріне өтініштері мен оларды қарау қорытындылары туралы» мәселе бойынша түсіндірме жазба

Астана қ.

2023 жылғы «__» _____

1. Мақсаты мен міндеті

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысында (бұдан әрі – **ЖАЖЖ** және тиісінше **Қоғам**) акционерлерге ақпарат беру және заңнама талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында акционерлердің 2022 жылы Қоғамның және оның лауазымды тұлғалардың іс-әрекеттеріне өтініштері туралы ақпаратты қарау.

2. Экономикалық нәтиже

Қарастырылмаған.

3. Мәселенің қысқаша сипаттамасы

«Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы №415-ІІ Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – **АҚ туралы Заң**) 35-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына, Қоғамның барлық дауыс беретін акцияларын иеленетін тұлғаның (2022 жылғы 2 желтоқсандағы №66/22 хаттама) шешімімен бекітілген Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереженің 16-тармағының 3) тармақшасына сәйкес ЖАЖЖ-да акционерлердің Қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне өтініштері және оларды қарау қорытындылары туралы мәселе қарастырылады.

Қоғам Жарғысы 72-тармағының 4) тармақшасына сәйкес өзгесінен басқа, ЖАЖЖ қарауына шығарылатын АҚ туралы Заңы 35-бабының 2-тармағына сәйкес Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша материалдар акционерлердің Қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне өтініштері және оларды қарау қорытындылары туралы ақпаратты қамтуы тиіс.

2022 жылы Қоғам атына «Самұрық-Қазына» АҚ (бұдан әрі – **Қор**) және «Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі» РММ (бұдан әрі – **ҰБ**) атынан әртүрлі тақырыптағы 1292 хат, оның ішінде Қордан 1282 хат және ҰБ-дан 10 хат келіп түсті. Солардың ішінде – Қоғам мен оның лауазымды тұлғаларының әрекетіне Қордың 29 өтініші. ҰБ мен Қоғамның өзге де акционерлерінен осындай хаттар келіп түскен жоқ. Осылайша, 2022 жыл ішінде түскен Қоғам акционерлерінің және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне өтініштерінің жалпы саны – 29. Аталған барлық өтініштерді Қоғам қарады және олар бойынша белгіленген тәртіппен жауаптар берілді (осы мәселе бойынша ЖАЖЖ шешімінің жобасына қосымшаны қараңыз).

4. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігі

Акционерлердің 2022 жылы Қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне өтініштері және оларды қарау қорытындылары туралы ақпаратты ЖАЖЖ қарауы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келеді.

5. Шешім қабылдаған немесе қабылдамаған жағдайда негізгі проблемалар, тәуекелдер, ықтимал салдар

Аталған мәселе бойынша шешім қабылдау қандай да бір тәуекелдердің туындауына әкеп соқпайды.

Көрсетілген мәселе бойынша шешім қабылдамау АҚ туралы Заңның талаптарының орындалмау тәуекеліне алып келеді.

Директорлар кеңесінің төрағасы

Уолтон К. Д.

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның лауазымды тұлғаларының 2022 жылғы әрекеттеріне акционерлердің өтініштері және оларды қарау қорытындылары туралы» мәселесі бойынша
«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлері жалпы жиналысының 2023 жылғы 30 мамырдағы шешімінің жобасына қосымша**

2022 жылы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі – Қоғам) және оның лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне келіп түскен акционерлердің өтініштерінің саны туралы ақпарат

№	Акционер	2022 жылы Қоғамға жіберілген хаттар саны	2022 жылы Қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне келіп түскен өтініштер саны
1.	«Самұрық-Қазына» АҚ (бұдан әрі – Қор)	1282	29
2.	«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ	10	0
3.	Барлығы:	1292	29

2022 жылы қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне келіп түскен өтініштер

№	Өтініштің нөмірі мен күні	Өтініштің қысқаша мазмұны	Жауаптың нөмірі мен күні	Қарау нәтижесі
1	21.01.2022 жылғы №645	Ж.С. Қошқаровтың өтінішіне «Нұр Отан» партиясының 2022 жылғы 20 қаңтардағы хатына қарар.	04.02.2022 жылғы № 47/786	Ж.С. Қошқаров тарапынан шағымдардың және Қоғамның іс-қимылдарының барысы туралы ақпаратты толық ашып көрсете

2	01.02.2022 жылғы №645,2	Ж.С. Қошқаровтың өтінішіне Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 31 қаңтардағы хатына қарар.		отырып, Қордың 2022 жылғы 04 ақпандағы № 47/786 жауабы жолданды.
3	02.02.2022 жылғы №645,3	Ж.С. Қошқаровтың өтінішіне Қазақстан Республикасы Үкіметінің хатына қарар.		
4	03.02.2022 жылғы №645,4	Қошқаровтың өтінішіне Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 31 қаңтардағы № Ж-К-66,2 хатына қарар.		
5	03.03.2022 жылғы №645,5	Қошқаровтың өтінішіне Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңесінің 2022 жылғы 2 наурыздағы № 17-08/1207//22-63-17.30 хатына қарар.	25.03.2022 жылғы № 47/2112	
6	31.01.2022 жылғы №991	Ақтөбе облысы әкімдігінің «Ақтөбе мұнай жабдықтары зауыты» АҚ отандық өндірушісінің өтінішіне қатысты хатына (2022 жылғы 28 қаңтардағы № 06 10/526).	14.02.2022 жылғы № 25/981	Қорға, Қазақстан Республикасы Қаржы мониторингі агенттігінің Атырау облысы бойынша Экономикалық тергеу департаментіне жауап жіберілді.
7	01.02.2022 жылғы №1108	Ақтөбе облысы әкімдігінің «Ақтөбе мұнай жабдықтары зауыты» АҚ отандық өндірушісінің өтінішіне қатысты хатына (2022 жылғы 28 қаңтардағы № 06 10/526).	03.02.2022 жылғы № 34/736	Жауап Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне, Ақтөбе облысының әкімдігі және Қорға «Өзенмұнайгаз» АҚ-мен жасалған шарт шеңберінде сорғы штангаларын жеткізу мерзімдерін ұзарту мәселесі бойынша

				ақпаратты толық ашып көрсете отырып, жолданды.
8	28.02.2022 жылғы №2358,2	«Epsilon Group» ЖШС-нің 2022 жылғы 25 ақпандағы №2022-61 «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ және «Өзенмұнайгаз» АҚ кен орындарында тәжірибелік-өнеркәсіптік сынақтар жүргізу кезіндегі техникалық мәселелерге қатысты хатына.	03.03.2022 жылғы № 34/1538	«Epsilon Group» ЖШС-нің Қоғамның еншілес және тәуелді ұйымдарымен өзара іс-қимылы туралы түсініктемелер бере отырып, Қорға жауап жіберілді.
9	01.03.2022 жылғы №2567	Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің 2022 жылғы 28 ақпандағы № 22-63-17.30 құжаттарды рұқсатсыз көшіруге қатысты хатына қарар.	25.03.2022 жылғы № 47/2112	Қорға Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі мен Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңесінің құжаттарын бөгде адамдарға берудің, сондай-ақ оларды рұқсатсыз көшірудің жүзеге асырылмағаны туралы түсіндірме хат жолданды.
10	05.03.2022 жылғы №2848	Дизель отынына акциздерді көтеруге қатысты А.С. Новактің өтінішіне хат.	Қордың тапсырмаларына жауаптар eOtinish азаматтарының өтініштерін қабылдау мен өңдеудің бірыңғай платформасы арқылы жіберілді.	Қордың тапсырмаларына жауаптар eOtinish азаматтарының өтініштерін қабылдау мен өңдеудің бірыңғай платформасы арқылы жіберілді.

11	10.03.2022 жылғы №3015	А. Б. Балтабаеваның 2022 жылғы 01 наурыздағы №7 өтінішіне хат.	18.03.2022 жылғы № 12/Б-49/1	Астана қаласы Алматы ауданы № 2 аудандық сотының 2017 жылғы 21 ақпандағы үкімін өзгерту туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының 2022 жылғы 01 ақпандағы қаулысына қатысты Қоғамның ұстанымын білдіре отырып, А.Б. Балтабаева мен өкіл, заң консультанты – Е. Бекболатқа хат жолданды
12	14.03.2022 жылғы №3144	М.К. Тұрысбековтің «ҚМГ-Сервис Compass» ЖШС басшылығы тарапынан теріс пайдалану, алаяқтық актілеріне, сондай-ақ қаржылық, еңбек, көші-қон заңнамасын бұзу туралы өтінішіне Қордың Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің хатына (2022 жылғы 17 наурыздағы №07-15/1437-И) қарары.	24.03.2022 жылғы № 12/2107	Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігіне және Қорға М.К. Тұрысбеков тарапынан шағымдардың барысы туралы ақпаратты толық ашып көрсете отырып, жауап берілді
13	18.03.2022 жылғы №3144,3	М.К. Тұрысбековтің «ҚМГ-Сервис Compass» ЖШС басшылығы тарапынан теріс пайдалану, алаяқтық актілеріне, сондай-ақ қаржылық, еңбек, көші-қон заңнамасын бұзу туралы өтінішіне Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің хатына (2022 жылғы 17 тамыздағы №07-15/1437-И) қарары.	04.04.2022 жылғы № 22/2428	Қорға, Қазақстан Республикасы Қаржы мониторингі агенттігінің Атырау облысы бойынша Экономикалық тергеу департаментіне және М.К. Тұрысбековке М.К. Тұрысбековтің өтінішін қарау және Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігіне қарау

				нәтижелері бойынша ақпарат жіберу туралы жауап берілді.
14	12.08.2022 жылғы №3144,5	Қоғамның лауазымды тұлғаларының ұрлық және заңсыз әрекеттері туралы Қазақстан Республикасы Қаржы мониторингі агенттігінің Атырау облысы бойынша Экономикалық тергеу департаментінің 2022 жылғы 02 тамыздағы № (09-04, 0, 2)/ЖТ-Т-230 хатына қарар.	26.08.2022 жылғы № 12/6862	«Қазақстан Республикасы Қаржы мониторингі агенттігінің Атырау облысы бойынша Экономикалық тергеу департаменті» РММ және Қорға М.К. Тұрысбековтің өтінішін тексеру нәтижелерін ұсына отырып, хат жолданды.
15	28.12.2022 жылғы №3144,6	Бөкембаевтың өтініші бойынша Қазақстан Республикасы Қаржы мониторингі агенттігінің Атырау облысы бойынша Экономикалық тергеу департаментінің 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № (09-04, 0, 2)/ЖТ-Т-417 хатына қарар.	04.01.2023 жылғы № 12/4	Өтініш беруші М.К. Тұрысбековке, Қорға және Атырау облысының прокуратурасына өтініштің мәні бойынша түсініктеме бере отырып, хат жолданды.
16	06.04.2022 жылғы №4136	KPMG International N.V ақпараттық қауіпсіздік инциденті бойынша ақпарат беруге қатысты сұрау салу.	07.04.2022 жылғы № 30/2555	Қордың Мемлекеттік құпияларды қорғау және ақпараттық қауіпсіздік департаментінің директоры Т.Б. Торыбаевқа Қоғамның Корпоративтік қауіпсіздік департаментіне сұрау салуды жіберу туралы жауап жолданды.
17	04.05.2022 жылғы №4512,2	Ж.С. Қошқаровтың сыбайлас жемқорлық тәуекелдері және Қоғам қызметіндегі бұзушылықтар туралы өтініші бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022	04.05.2022 жылғы № 47/3412	Қорға Ж.С. Қошқаровтың өтініші назарға алынғаны туралы жауап жіберілді.

18	04.05.2022 жылғы №4512,3	жылғы 03 мамырдағы № 17-08/Ж-К-179//Ж-К-66,1 хатына қарар.		
19	19.05.2022 жылғы №4512,5	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 18 тамыздағы № 17-08/Ж-К-179//Ж-К-66,1 хатына қарар.	19.05.2022 жылғы № 47/3877	Қорға Ж.С. Қошқаровпен оның өтініші бойынша уақытша еңбекке жарамсыздығына байланысты кездесу өткізу 2022 жылғы 25 мамырға белгіленгені туралы хабарламасы бар хат жолданды.
20	22.04.2022 жылғы №5093	Қоғамның лауазымды тұлғаларына қатысты қызметтік тергеу жүргізуге қатысты.	Жауап беру қажет емес.	Жауап беру қажет емес.
21	07.07.2022 жылғы №8999	Ж.С. Қошқаровтың өтініші бойынша Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2022 жылғы 05 шілдедегі № КВ/Ж-К-456 хатына қарар.	15.07.2022 жылғы № 47/5661	Ж.С. Қошқаровқа және Қорға Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының қоғамның басқару органдары мен лауазымды тұлғаларының шешімдерін, сондай-ақ қоғамның және еншілес ұйымдардың қызметін тексеру нәтижелері туралы ақпаратты қамтитын жауап жіберілді.

22	02.08.2022 жылғы №10299	«ҚМГ-Retail» ЖШС бағалау мәселесіне қатысты.	02.09.2022 жылғы № 22/7046	Қазақстан Республикасы Қаржы мониторингі агенттігінің Нұр-Сұлтан қаласы бойынша Экономикалық тергеу департаментіне және Қорға мәселе бойынша түсіндірмелері бар хат жолданды.
23	02.08.2022 жылғы №10299,2	Көлік құралдарына техникалық паспорттар беруге қатысты Нұр-Сұлтан қаласы прокуратурасының 2022 жылғы 01 тамыздағы № 2-16 - 22-14822 хатына қарар.	03.08.2022 жылғы № 12/6200	Нұр-Сұлтан қаласы прокурорының орынбасары А.А. Ермахановқа және Қорға Қоғамның сұратылған құжаттарды ұсына алмауының себебін түсіндіре отырып, жауап жіберілді.
24	09.08.2022 жылғы №10641	Қазақстан Республикасы Қаржы мониторингі агенттігінің Нұр-Сұлтан қаласы бойынша Экономикалық тергеу департаментінің 2022 жылғы 04 тамыздағы № 04-ДЭ/ЖТ-Е-563 хатына қарар.	12.09.2022 жылғы № 42/7316	Қорға жауап жіберілді.
25	15.08.2022 жылғы №10885	Қоғамның компаниялар тобына кіретін активтерді сату жөніндегі мәмілелерге қатысты «Elge Qaitaru» қоғамдық қорының өтінішіне қатысты Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының 2022 жылғы 15 тамыздағы хатына қарар.	18.08.2022 жылғы № 18/6623	Өтініште көрсетілген әрбір факт бойынша түсініктемелер бере отырып, Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына және Қорға жауап жіберілді.
26	16.08.2022 жылғы №10885,2			
27	17.10.2022 жылғы № 14106	Қордың «Caspian Services Inc» компаниясының өтінішінде көрсетілген фактілерге тиісті және	20.10.2022 жылғы № 23/8644	Қаралып отырған мәселенің қысқаша тарихын сипаттай отырып, Қорға жауап жіберілді.

		толыққанды тексеру жүргізу қажеттілігі туралы тапсырмасы.		
28	30.11.2022 жылғы № 16429	Қордың Басқарма Төрағасының «Айсир» компаниясы бойынша қалыптасқан жағдайды талдауға қатысты тапсырмасын орындау мақсатындағы Қордың хаты.	02.12.2022 жылғы №18/719-ҚБПУ	Хатта сұралған аспектілердің қысқаша сипаттамасымен Қорға жауап жіберілді.
29	07.10.2022 жылғы № 13599	Қордың Басқарма Төрағасының жедел тапсырмаларын орындауға қатысты Қордың хаты.	17.10.2022 жылғы № 12/556-ҚБПУ	Қорға жауап жіберілді.

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
Акционерлерінің жалпы жиналысының шешімі**

**Жаңа редакциядағы «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы»
акционерлік қоғамының жарғысын бекіту туралы**

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібі мәселесін және ұсынылған материалдарды қарап, сондай-ақ «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Жарғысының 90-тармағының 1) тармақшасына, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысының 2022 жылғы 2 желтоқсандағы шешімімен, №66/22 хаттама, бекітілген Акционерлердің жалпы жиналысы туралы ереженің 32-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, ұсынылған материалдарды қарап, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы былай деп **ШЕШТІ:**

1. Осы шешімге қосымшаға сәйкес жаңа редакциядағы «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының жарғысы (бұдан әрі – Жарғы) бекітілсін.

2. Жарғы белгіленген тәртіппен тіркелген сәттен бастап «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ барлық дауыс беретін акцияларына иелік ететін тұлғаның шешімімен («Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2016 жылғы 22 сәуірдегі шешімі, № 13/16 хаттама) бекітілген «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы жарғысының күші жойылды деп танылсын.

3. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы М.М. Мырзағалиев осы шешімнен туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.



Төраға

К. Уолтон

Хатшы

Д. Шарипов

**«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының
Жарғысын жаңа редакциядағы бекіту туралы Акционерлердің Жалпы
жиналысы шешімінің жобасына келісу парағы**

Лауазымы	Қолы	Т. А. Ә.
Басқарма төрағасының орынбасары		Лавренов В.С.
Құқықтық қамтамасыз ету департаментінің директоры		Макашев Р.Б.


(Макашев Р.Б.)



ҚазМұнайГаз
NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ
Қазақстан Республикасы, Z05H9E8, Астана қ.,
Д. Қонаев көшесі, 8
«Зүбәржат орамы» БО, Б блогы
тел.: +7 (7172) 786 101
e-mail: Astana@kmg.kz

АО «Национальная компания «КазМұнайГаз»
Республика Казахстан, Z05H9E8, г. Астана,
ул. Д. Кунаева, 8
БЦ «Изумрудный квартал», блок Б
тел.: +7 (7172) 786 101
e-mail: Astana@kmg.kz

KazMunaiGas National Company JSC
Block B, Emerald Towers («Изумрудный квартал»)
8 D. Kunayev Street, Astana, Z05H9E8
Republic of Kazakhstan
tel.: +7 (7172) 786 101
e-mail: Astana@kmg.kz

20 23 жылғы « 16 » 05

№ 12/5444

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
Акционерлерінің жалпы жиналысының
2023 жылғы 30 мамырдағы
№ ___ шешім жобасына
қосымша**

**Жаңа редакциядағы «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік
қоғамының жарғысын бекіту туралы мәселе бойынша
түсіндірме жазба**

Астана қ.

2023 жылғы « ___ » _____

1. Мақсаты мен міндеті

Жаңа редакциядағы «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының жарғысын бекіту және жаңа редакциядағы Жарғы белгіленген тәртіппен тіркелген сәттен бастап «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ барлық дауыс беретін акцияларына иелік ететін тұлғаның шешімімен («Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2016 жылғы 22 сәуірдегі шешімі, № 13/16 хаттама) бекітілген «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының жарғысының күші жойылды деп тану.

2. Экономикалық әсері

Қарастырылмаған.

3. Мәселенің қысқаша сипаттамасы

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы № 415-II Заңының (бұдан әрі – АҚ туралы Заң) 36-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі – ҚМГ) Жарғысының 12-бабы 90-тармағының 1) тармақшасына, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысының 2022 жылғы 2 желтоқсандағы шешімімен, №66/22 хаттама, бекітілген «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереженің 32-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша

011723

құзыретіне Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту жатады.

ҚМГ-нің 2022 жылы IPO-ға шығуына және жаңа акционерлердің пайда болуына байланысты ҚМГ Жарғысының бірқатар ережелерін Қазақстан Республикасы заңнамасының кейбір талаптарына сәйкес келтіру бойынша жұмыс жүргізілді (АҚ туралы Заң, «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі № 461-II Қазақстан Республикасы заңы (бұдан әрі – БҚР туралы Заң) және т. б.).

Құқықтық қамтамасыз ету департаменті ҚМГ Жарғысының жобасын жаңа редакцияда әзірледі, атап айтқанда:

- редакциялық сипаттағы өзгерістер енгізілді, мысалы, Жарғының мәтіні бойынша «Қоғам» «ҚМГ»-ге ауыстырылды, «тіркеуші» «орталық депозитарий» болып өзгертілді;

- кейбір нормалар өзгертілді және (немесе) толықтырылды, мысалы, акционерлердің құқықтары АҚ туралы Заңның 14-бабына сәйкес баяндалды; Жарғының ақпаратты ашуға қатысты нормалары АҚ туралы Заңға, БҚР туралы Заңға сәйкес келтірілді.

Негізгі өзгерістерге және (немесе) толықтыруларға жеке назар аударамын:

- ҚМГ Акционерлерінің жалпы жиналысының құзыретінен Директорлар кеңесінің/Басқарманың құзыретіне берілді: *аудиторлық ұйымның қызметтеріне төленетін ақы мөлшерін айқындау, әкімшілік шығыстар нормативтерін (автомобилдер, іссапарлар, өкілдік шығыстар және т.б.),* бұл Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейді;

- ҚМГ Акционерлерінің жалпы жиналысының құзыреті Қор тобына кіретін ұйымдармен жасалуында мүдделілік бар ірі мәміле жасасу туралы шешім қабылдау туралы құзыретпен толықтырылды;

- Директорлар кеңесінің кейбір құзыреттері оңтайландырылды, Директорлар кеңесіне есеп беретін құрылымдық бөлімшелерінің ішкі рәсімдеріне стратегия және тәуекел мәселелері жөніндегі құжаттарға байланысты мәселелер біріктірілді;

- Директорлар кеңесінің құзыреттерінде мәмілелерді келісу Қор тобына кіретін ұйымдар арасында мәмілелер жасасу қағидаларына сәйкес келтірілді, ЕТҰ мәмілелері мен инвестициялық жобалары бойынша шек 200 000 000 (екі жүз миллион) АҚШ долларына дейін ұлғайтылды; ҚМГ компаниялар тобында ішкі нарықта жасалатын процессингтік мәмілелерді келісу қажеттілігі алынып тасталды;

- Басқарманың мәмілелер жөніндегі құзыреті Қордың тобына кіретін ұйымдар арасында мәмілелер жасасу қағидаларына сәйкес өзгертілді және жаңа редакцияда жазылды: «олар бойынша Жарғыға және (немесе) Заңнамаға сәйкес шешім қабылданатын жасалуында мүдделілік бар мәмілелерді және Қор туралы Заңға сәйкес Қордың Директорлар кеңесі белгілеген тәртіппен жасалатын тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу шеңберіндегі мәмілелерді қоспағанда, көзбе-көз тәртіппен өткізілетін отырыста Қор тобына кіретін ұйымдардың арасында жасалуында мүдделілік

бар мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдайды. Егер мұндай мәселе стратегиялық сипатта болса, Басқарма Қордың тобына кіретін ұйымдар арасында жасалуында мүдделілікбар мәміле жасасу туралы мәселені Директорлар кеңесінің қарауына шығаруға құқылы».

- Басқарманың құзыретінде ҚМГ басқа заңды тұлғалардың акцияларын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алу және иеліктен шығару туралы мәмілелер бойынша шегі 10%-ға дейін ұлғайтылды.

- Басқарма құзыретінен Басқарманың тиісті шешімінің (15.12.2020ж. №53 шешімнің 1-мәселе) күшінің жойылуына байланысты мәмілелер мен инвестициялық жобаларға арналған шекттер алынып тасталынды.

4. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігі

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Жарғысын жаңа редакцияда бекіту туралы және «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының «ҚазМұнайГаз» ҮК АҚ-ның барлық дауыс беретін акцияларына иелік ететін тұлғаның шешімімен бекітілген («Самұрық – Қазына» АҚ Басқармасының 2016 жылғы 22 сәуірдегі шешімі, №13/16 хаттама) жаңа редакциядағы Жарғы белгіленген тәртіппен тіркелген кезден бастап Жарғының күші жойылды деп тану туралы мәселе бойынша шешім қабылдау Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейді.

5. Шешім қабылданған немесе қабылданбаған жағдайдағы негізгі проблемалар, тәуекелдер, ықтимал салдары

Шығарылатын мәселе бойынша оң шешім қабылдау тәуекелдерге әкеп соқпайды, ҚМГ мүдделеріне барынша сәйкес келетін болады.

Шешім қабылдамау ҚМГ Жарғысының кейбір нормаларының Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмеуіне әкеп соғуы мүмкін.

Басқарма төрағасының м.а.

Қ. Құдайбергенов

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
Акционерлерінің жалпы жиналысының
2023 жылғы «_____» _____ шешімімен
(№ _____ хаттама)
БЕКІТІЛГЕН

**«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы»
акционерлік қоғамының**

Ж А Р Ғ Ы С Ы

Астана қ., 2023 жыл

1-БАП. ҚМГ ЗАҢДЫҚ МӘРТЕБЕСІ

1. «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – ҚМГ) Қазақстан Республикасы Президентінің «Ел экономикасының мұнай-газ секторындағы мемлекеттің мүдделерін одан әрі қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы» 2002 жылғы 20 ақпандағы №811 Жарлығына және «Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 20 ақпандағы № 811 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 ақпандағы №248 қаулысына сәйкес құрылды.

ҚМГ «Қазақойл» ұлттық мұнай-газ компаниясы», «Мұнай және газ тасымалдау» ұлттық компаниясы» жабық акционерлік қоғамдары мен «ҚазМұнайГаз – қайта өңдеу және маркетинг» акционерлік қоғамының құқықтық мирасқоры болып табылады.

2. ҚМГ Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылады және өз қызметін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне (бұдан әрі – Заңнама), сондай-ақ осы Жарғыға (бұдан әрі – Жарғы) және ҚМГ Корпоративтік басқару кодексіне, ҚМГ мен «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қор) өзге де нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

3. ҚМГ әділет органдарында мемлекеттік тіркелген сәттен бастап заңды тұлға мәртебесіне ие болады.

4. ҚМГ-нің қаржылық және өндірістік қызметі шаруашылық дербестігі негізінде жүзеге асырылады.

5. ҚМГ-нің дербес балансы, банктік шоттары, мемлекеттік және орыс тілдерінде толық фирмалық атауы көрсетілген мөрі бар.

6. ҚМГ-нің өз тауар белгісі бар және үлгілерін ҚМГ Басқармасы бекітетін және белгіленген тәртіппен тіркелетін өзге де символикасы, сондай-ақ мемлекеттік, орыс тілдеріндегі мөртабандары, фирмалық бланкілері және басқа да деректемелері болады.

2-БАП. ҚМГ АТАУЫ, ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ МЕРЗІМІ

7. ҚМГ атауы:

мемлекеттік тілдегі толық атауы – «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы, қысқартылған атауы – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ;

орыс тіліндегі толық атауы - акционерное общество «Национальная компания «КазМунайГаз», қысқартылған атауы - АО НК «КазМунайГаз»;

ағылшын тіліндегі толық атауы - Joint Stock Company "National company "KazMunayGas", қысқартылған атауы – JSC NC "KazMunayGas".

8. ҚМГ-нің (оның Басқармасының) орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Дінмұхамед Қонаев көшесі, 8-ғимарат.

9. ҚМГ қызметінің мерзімі - шектелмеген.

3-БАП. ҚМГ ҚҰРЫЛТАЙШЫСЫ

10. Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті ҚМГ құрылтайшысы болып табылады.

4-БАП. ҚМГ-нің ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРЫ

11. Осы Жарғы ҚМГ-нің құрылтай құжаты болып табылады.

12. Барлық мүдделі тұлғалар Жарғымен танысуға құқылы.

5-БАП. ҚМГ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТЫ МЕН МӘНІ

13. ҚМГ-нің мақсаты - дербес шаруашылық қызметті жүзеге асыру барысында таза кіріс алу.

14. Мыналар ҚМГ қызметінің нысанасы болып табылады:

1) мұнай-газ саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысу;

2) уәкілетті мемлекеттік органдардың тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасының мұнай-газ ресурстарын тиімді және ұтымды игеруді қамтамасыз ету;

3) мұнай және газ ресурстарын пайдалану, молықтыру және одан әрі ұлғайту стратегиясын әзірлеуге қатысу;

4) келісімшарттарға міндетті үлестік қатысу арқылы мұнай-газ операцияларын жүзеге асыратын мердігерлермен жасалатын келісімшарттарда Заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік мүдделерді білдіру;

5) Қазақстан Республикасының Үкіметіне мұнай операцияларын жүргізуге арналған тиісті келісімшарттардың орындалу барысы туралы жыл сайынғы есептерді дайындауға қатысу;

6) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша келісімшарттарға үлестік қатысу арқылы конкурс жеңімпаздарымен бірлесіп мұнай операцияларын жүргізу;

7) ҚМГ-ге тікелей келіссөздер негізінде берілген блоктарда мұнай операцияларын жүргізу;

8) Қазақстан Республикасының аумағында мұнай-газ операцияларына конкурстар ұйымдастыруға қатысу;

9) акцияларының пакеттері/қатысу үлестері тікелей немесе жанама түрде ҚМГ-ге тиесілі ұйымдардың мұнай операцияларын жүргізу, өңдеу, мұнай-химия, көмірсутектерді сату, тасымалдау, мұнай-газ құбырларын және мұнай-газ кәсіпшілігі инфрақұрылымын жобалау, салу, пайдалану үшін барлауды, игеруді,

өндіруді, қызметтерді жүзеге асыруы мәселелері бойынша корпоративтік басқару және мониторинг;

10) Заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының мұнай-газ операцияларын жүзеге асыру жөніндегі ішкі және халықаралық жобаларына қатысу;

11) өз қажеттіліктері үшін қысыммен жұмыс істейтін компрессорларды, қазандықтарды, құбырлар мен газ құбырларын пайдалану;

12) ҚМГ тұлғаларының тобындағы компанияларға тиесілі автожанармай құю станцияларын (АҚС), мұнай базаларын, газ толтыру станцияларын (ГТС), автомобильдік газ толтыру компрессорлық станцияларын (АГТКС), газ толтыру пункттерін (ГТП), баллондардың аралық қоймаларын (БАҚ), топтық резервуарлық қондырғыларды (ТРҚ), стационарлық және жылжымалы автогаз толтыру станцияларын (АГТС) күтіп-ұстау, пайдалану және жөндеу;

13) АҚС пен АГҚС-те ілеспе қызметтер көрсету;

14) ҚМГ тұлғаларының тобында мүлікті жалдау (қосалқы жалдау) бойынша қызметтер көрсету;

15) ҚМГ тұлғаларының тобында зияткерлік меншік объектілеріне құқықтар, оның ішінде айрықша құқықтар беру;

16) мұнай-газ саласында ақпараттық, талдау қызметтерін ұсыну;

17) көмірсутек шикізатының, оларды өңдеу өнімдерінің және өзге де тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) экспорты мен импорты бойынша операциялар жүргізу;

18) кен орындарын игерудің технологиялық мониторингін жүзеге асыру;

19) мұнай мен газды көліктің барлық түрлерімен тасымалдау бойынша көрсетілетін қызметтер;

20) ішкі және сыртқы нарықтарда көмірсутек шикізатын, көмірсутек шикізатын өңдеу өнімдерін және оларды өңдеу өнімдерін белгіленген тәртіппен өңдеу, көтерме және бөлшек саудасы және маркетингі;

21) өнеркәсіптік жарылыс-өрт қауіпті өндірістерді пайдалану;

22) өз қажеттіліктеріне арналған көлік-экспедиторлық қызметтер;

23) шығарылатын, сатылатын өнімнің сапасын растау шеңберінде мұнайды, газ конденсатын, өңдеу өнімдерін жылжымалы және стационарлық зертханалардың өңдеуі нәтижесінде алынатын өнімге сынақтар, оның ішінде өз қажеттіліктері үшін және бөгде адамдарға сертификаттық сынақтар жүргізу;

24) көмірсутек шикізатын тасымалдау жүзеге асырылатын Қазақстан Республикасының және шектес мемлекеттердің аумағында (сақтау, тиеу және көліктің басқа түрлеріне ауыстырып тиеу жөніндегі объектілерді қоса алғанда) мұнай-газ құбыры жүйесін жобалауды, қаржыландыруды, салуды жүзеге асыруға қатысу, иелік ету және пайдалану;

25) ҚМГ-нің қызметіне байланысты жобалардың қаржыландырылуын ұйымдастыру;

26) Қордың тобына кіретін ұйымдарға ақылылық, мерзімділік және қайтарымдылық шарттарында ақшалай нысанда кредиттер (қарыздар) беру;

27) белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының көмірсутек шикізатын тасымалдау жөніндегі барлық ішкі және халықаралық жобаларына қатысу;

28) мұнай-газ саласында жаңа технологияларды әзірлеу және енгізу;

29) елдің мұнай-газ секторы мен мұнай-химия саласындағы бағдарламалық құжаттарын әзірлеуге, іске асыруға және орындауға қатысу;

30) мұнай-газ өнеркәсібі саласында басшылықты және басқаруды жүзеге асыратын мемлекеттік органның тапсырмасы бойынша, оның жұмыс органының функцияларын орындау, сондай-ақ мұнай-газ саласында мемлекеттің мүдделерін білдіру және мүдделерін қорғау;

31) отандық кадрларды оқытуға, қайта даярлауға және олардың біліктілігін арттыруға бағытталған әр түрлі бағдарламаларды қолдау және оларға қатысу;

32) мұнай-газ және басқа да операциялар бойынша келіссөздер жүргізу және шарттар жасасу;

33) сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру;

34) мұнай-газ жобаларын дайындау және игеру бойынша консалтингтік және техникалық қызметтерді жүзеге асыру;

35) ҚМГ қызметіне байланысты жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін сараптауды жүзеге асыру және бекіту;

36) еншілес ұйымдарға шикі мұнайды және (немесе) газ конденсатын өңдеуге және мұнай өнімдерін сатуға байланысты консультациялық қызметтер көрсету;

37) Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған және Жарғыда көзделген қызметпен технологиялық байланысты, сондай-ақ Мемлекет басшысының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмалары бойынша өзге де қызмет түрлерін жүзеге асыру;

38) ҚМГ ұйымдарының мұнайын тасымалдау бойынша көлік-экспедиторлық қызметтерді жүзеге асыру;

39) мұнайды, газды және олардан өңделген өнімдерді экспортқа және ішкі нарыққа тасымалдауды, өңдеуді және сатуды ұйымдастыру мәселелерін қоса алғанда, ҚМГ ұйымдарына қатысты өзге де бас компаниялардың қызметін жүзеге асыру;

40) ҚМГ-нің еншілес ұйымдарына қатысты қаржыны басқару және бухгалтерлік есепті, салық есебі мен салықтық жоспарлауды ұйымдастыру мәселелері бойынша қызметті жүзеге асыру;

40-1) ҚМГ-ге тиесілі мұнай өнімдерін сату үшін көлік-экспедиторлық қызметтер көрсету.

Лицензияның немесе Заңнамада белгіленген тәртіппен алынуы қажет рұқсаттың өзге де түрінің болуын талап ететін қызмет түрлері тиісті лицензиялар немесе рұқсаттардың өзге де түрі алынғаннан кейін ғана жүзеге асырылады.

6-БАП. ҚМГ-нің ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

15. ҚМГ-нің Заңнамада көзделген барлық құқықтары бар және барлық міндеттерді атқарады.

16. ҚМГ өз акционерлерінің мүлкінен оқшауланған мүлікке ие. ҚМГ өз акционерлерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

17. ҚМГ акционерлері ҚМГ міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, оларға тиесілі акциялардың құны шегінде ҚМГ қызметіне байланысты шығындар тәуекелінде болады.

18. ҚМГ өз міндеттемелері бойынша өз мүлкі шегінде жауапты болады.

19. ҚМГ мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, ал мемлекет ҚМГ міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

20. ҚМГ өзінің атынан мәмілелер (шарттар, келісімшарттар) жасай алады, мүлдік және жеке мүлдік емес құқықтар мен міндеттерді сатып ала алады, сотта талапкер немесе жауапкер бола алады, сондай-ақ Заңнамаға қарама-қайшы келмейтін басқа да іс-әрекеттерді жүзеге асыра алады.

21. ҚМГ қорғау құжаттарына, технологияларға, «ноу-хауға» және басқа да ақпаратқа иелік ету және пайдалану құқығын сатып ала алады және бере алады.

22. ҚМГ Қазақстан Республикасында және шетелде өзінің филиалдары мен өкілдіктерін құра алады, оларға өз мүлкі есебінен негізгі және айналым қаражатын бере алады және Заңнамаға сәйкес олардың қызметінің тәртібін белгілей алады. Филиалдың немесе өкілдіктің мүлкі олардың жеке балансында және ҚМГ балансында тұтастай ескеріледі.

23. Филиалдардың немесе өкілдіктердің қызметіне басшылық етуді ҚМГ Басқармасының төрағасы тағайындайтын тұлғалар жүзеге асырады. Филиалдар мен өкілдіктердің басшылары ҚМГ берген сенімхаттың негізінде іс-әрекет етеді.

24. ҚМГ өндірістік қызметті жоспарлауға, қызметкерлерге еңбекақы төлеуге, материалдық-техникалық жабдықтауға, әлеуметтік дамытуға, кірісті бөлуге, кадрларды іріктеуге, орналастыруға және қайта даярлауға байланысты барлық мәселелерді дербес шешеді.

25. ҚМГ белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерде орналасқан банктерде және басқа да қаржы ұйымдарында ұлттық валютада, сонда-ақ шетел валютасында шоттар ашуға құқылы.

26. ҚМГ Заңнамаға сәйкес теңгемен және шетел валютасымен қарыздар алуға және кредиттерді пайдалануға құқылы.

27. ҚМГ ішкі нормативтік және техникалық құжаттаманы әзірлейді және бекітеді.

28. ҚМГ Басқармасының төрағасы ҚМГ Директорлар кеңесінің төрағасымен ҚМГ Басқармасы төрағасының шетелдік іссапарларын келіседі және Директорлар кеңесінің төрағасын ҚМГ Басқармасы мүшелерінің шетелдік іссапарлары туралы хабардар етеді.

29. ҚМГ-нің (компанияның) қайырымдылық (демеушілік) көмек көрсетуі «Самұрық-Қазына» АҚ тобының «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен бекітілетін қайырымдылық бағдарламасында көзделген жағдайларды қоспағанда, ҚМГ-нің (компания) қайырымдылық (демеушілік) көмек көрсетуге құқылығы жоқ.

30. ҚМГ Заңнамада және Жарғыда көзделген басқа да құқықтарға ие болуы және басқа да міндеттерді атқаруы мүмкін.

7-БАП. ҚМГ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

31. ҚМГ акционерлері:

1) Заңнамада және (немесе) Жарғыда көзделген тәртіппен ҚМГ-ні басқаруға қатысуға;

2) дербес немесе басқа акционерлермен жиынтықта ҚМГ-нің дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп процентіне иелік еткен жағдайда, Директорлар кеңесіне Заңға сәйкес Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелерді енгізуді ұсынуға;

3) дивидендтер алуға;

4) төмендегі ақпаратты қоспағанда, ҚМГ қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде Акционерлердің жалпы жиналысы немесе ҚМГ Жарғысында белгіленген тәртіппен ҚМГ қаржылық есептілігімен танысуға:

талап қойылған күні депозитарийдің интернет-ресурсында жарияланған қаржылық есептілік;

соңғы үш жылдың ішінде қайта сұратылған (акционер бұрын сұратқан ақпарат толық көлемде берілген жағдайда);

акционер өтініш берген күні орындалуы жүзеге асырылатын мәмілелер туралы ақпаратты қоспағанда, ҚМГ қызметінің өткен кезеңдеріне (акционердің өтініш берген күніне дейін үш жылдан астам) қатысты;

5) ҚМГ орталық депозитарийінен немесе номиналды ұстаушыдан олардың ҚМГ бағалы қағаздарына меншік құқығын растайтын үзінділер алуға;

6) Акционерлердің жалпы жиналысына ҚМГ Директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидатуралар ұсынуға;

7) ҚМГ органдары қабылдаған шешімдерге сот тәртібімен дау айтуға;

8) ҚМГ-ге оның қызметі туралы жазбаша сұраумен жүгінуге және белгіленген мерзімдерде дәлелді жауаптар алуға;

9) ҚМГ таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне;

10) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, ҚМГ акцияларын немесе оның акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарын Заңда белгіленген тәртіппен басымдықпен сатып алуға;

11) Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға бастамашылық жасауға;

12) Акционерлердің жалпы жиналысының ҚМГ акцияларының санын өзгерту немесе олардың түрін Заңда көзделген тәртіппен өзгерту туралы шешім қабылдауына қатысуға.

32. Дербес немесе басқа акционерлермен жиынтықта ҚМГ дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын иеленетін акционерлер бір мезгілде төмендегі көрсетілген шарттар болған кезде ҚМГ Директорлар кеңесінің және (немесе) Басқармасының жекелеген мүшесінің жыл қорытындылары бойынша сыйақы мөлшері туралы ақпарат алуға құқылы:

соттың ҚМГ Директорлар кеңесінің және (немесе) Басқармасының осы мүшесі не оның үлестес тұлғалары пайда (кіріс) алу мақсатында ҚМГ акционерлерін қасақана жаңылыстыратын фактісін анықтауы;

егер ҚМГ Директорлар кеңесінің және (немесе) Басқармасының осы мүшесінің жосықсыз әрекеттері және (немесе) әрекетсіздігі ҚМГ шығындарының туындауына әкеп соқтырғаны дәлелденсе.

33. Ірі акционердің, сондай-ақ мынадай құқықтары бар:

1) Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап етуге немесе Директорлар кеңесі Акционерлердің жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда шақыру туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге;

2) Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;

3) аудиторлық ұйымның өз есебінен ҚМГ аудитін жүргізуін талап етуге.

34. Осы бапта көзделген акционерлердің құқықтарынан басқа, ҚМГ Жарғысында акционерлердің қосымша құқықтары көзделуі мүмкін.

Заңның 14-бабының 1 және 2-тармақтарында белгіленген акционерлердің құқықтарын шектеуге жол берілмейді.

35. Осы Жарғының 31-тармағының 2) тармақшасында көзделген талапты орындау Акционерлердің жалпы жиналысын шақыратын орган немесе тұлғалар үшін міндетті.

36. ҚМГ акционерлері:

1) акцияларды төлеуге;

2) он жұмыс күні ішінде орталық депозитарийге және (немесе) осы акционерге тиесілі акциялардың номиналды ұстаушысына ҚМГ акцияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгергені туралы хабарлауға;

3) қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ҚМГ немесе оның қызметі туралы ақпаратты жария етпеуге;

4) Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілеріне сәйкес өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

37. ҚМГ, орталық депозитарий және (немесе) номиналды ұстаушы акционердің осы баптың 36-тармағының 2) тармақшасында белгіленген талапты орындамау салдары үшін жауапты болмайды.

8-БАП. ҚМГ АКЦИЯЛАРЫ МЕН БАСҚА ДА БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫ

38. ҚМГ акциялар мен басқа да бағалы қағаздар шығаруға құқылы. ҚМГ бағалы қағаздарын шығару, орналастыру, айналысқа жіберу және өтеу шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасында белгіленеді.

39. ҚМГ жай акцияларды ғана шығарады.

Жай акция акционерге дауыс беруге шығарылатын барлық мәселелерді шешу кезінде дауыс беру құқығымен Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығын, ҚМГ-де таза кіріс болған кезде дивидендтер, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ол таратылған кезде ҚМГ мүлкінің бір бөлігін алу құқығын береді.

40. ҚМГ акцияларын шығару құжаттамасыз нысанда жүзеге асырылады.

41. ҚМГ өз акцияларын олардың шығарылымы мемлекеттік тіркелгеннен кейін акциялардың жарияланған саны шегінде бір немесе бірнеше орналастыру арқылы орналастыруға құқылы.

42. Қазақстан Республикасының Заңында және өзге де заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, орналастырылатын акцияларға ақы төлеуге ақша, мүліктік құқықтар (оның ішінде зияткерлік меншік объектілеріне құқықтар) және өзге де мүлік енгізілуі мүмкін.

Ақшадан басқа өзге мүлікпен (бағалы қағаздарды қоспағанда) ақы төлеу Заңнамаға сәйкес берілген лицензияның негізінде іс-әрекет жасайтын бағалаушы белгілейтін баға бойынша жүзеге асырылады.

43. ҚМГ акцияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін тек орталық депозитарий жүзеге асыра алады.

ҚМГ акцияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу, сондай-ақ уәкілетті органға ол бойынша ақпарат беру тәртібі Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасында айқындалады.

ҚМГ орталық депозитариймен ҚМГ акцияларын шығаруды мемлекеттік тіркеу мақсатында құжаттарды уәкілетті органға ұсынғанға дейін ҚМГ акцияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөнінде қызметтер көрсету туралы шарт жасасуға міндетті.

Орналастырылатын акция толық төленгенге дейін ҚМГ осы акцияны сатып алушының жеке шотына ҚМГ акцияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде (номиналды ұстаушыны есепке алу жүйесінде) есепке алу туралы бұйрық беруге құқылы емес.

44. Егер:

- 1) кепілге берілетін бағалы қағаздар толық төленген болса;
- 2) ҚМГ кепілге берілетін және оның кепілінде тұрған акциялардың жалпы саны, ҚМГ сатып алған акцияларды қоспағанда, ҚМГ орналастырылған акцияларының жиырма бес процентінен аспайтын болса;
- 3) кепіл туралы шартты Директорлар кеңесі мақұлдаса ғана ҚМГ өзі орналастырған бағалы қағаздарды кепілге қабылдай алады.

9-БАП. ДИВИДЕНДТЕР

45. Акционерлердің өздеріне тиесілі акциялар бойынша ҚМГ Акционерлерінің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес ҚМГ төлейтін кірісі дивиденд болып табылады.

46. ҚМГ акциялары бойынша дивидендтер Акционерлердің жалпы жиналысында ҚМГ дауыс беретін акцияларының жай көпшілік даусымен дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданған жағдайда, ақшамен немесе ҚМГ қағаздарымен төленеді.

ҚМГ акциялары бойынша дивидендтерді оның бағалы қағаздарымен төлеуге, мұндай төлемді ҚМГ жарияланған акциялары және (немесе) ол шығарған облигациялар акционерлердің жазбаша келісімі болған жағдайда ғана жол беріледі.

47. Тоқсанның, жартыжылдықтың немесе жылдың қорытындылары бойынша ҚМГ жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу тиісті кезеңдегі ҚМГ қаржылық есептілігіне аудит жүргізілгеннен кейін және Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша ғана жүзеге асырылады. Акционерлердің жалпы жиналысының жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімінде бір жай акцияға дивиденд мөлшері көрсетіледі.

48. Жыл қорытындысы бойынша ҚМГ жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімді Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы қабылдайды.

49. ҚМГ Акционерлерінің жалпы жиналысы ҚМГ жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

50. Дивидендтерді төлеу Акционерлердің жалпы жиналысы ҚМГ жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі күннен бастап күнтізбелік тоқсан күннен кешіктірілмей жүзеге асырылуға тиіс.

ҚМГ-де немесе бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде немесе номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде акционердің өзекті деректемелері туралы мәліметтер болмаған жағдайда, ҚМГ-нің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу талап етілмеген ақшаны есепке алу үшін Орталық депозитарийде ашылған шотқа уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жүзеге асырылуға тиіс.

51. ҚМГ жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімде мынадай мәліметтер болуы тиіс:

- 1) ҚМГ-нің атауы, орналасқан жері, банктік және өзге де деректемелері;
- 2) дивидендтер төленетін кезең;
- 3) бір жай акцияға есептегендегі дивиденд мөлшері;
- 4) дивидендтер төлеудің басталу күні;
- 5) дивидендтерді төлеу тәртібі мен түрі;
- 6) төлем агентінің атауы (төлем агенті болған жағдайда).

52. Жарғының 53-тармағында көрсетілген негіздер бойынша дивиденд есептелмеген жағдайларды қоспағанда, акционерлер ҚМГ берешегінің пайда болу мерзіміне қарамастан алынбаған дивидендтерді төлеуді талап етуге құқылы.

Дивидендтер оларды төлеу үшін белгіленген мерзімде төленбеген жағдайда акционерлерге ақшалай міндеттеме орындалған күнге немесе оның тиісті бөлігіне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесін негізге ала отырып есептелетін дивидендтер мен өсімпұлдардың негізгі сомасы төленеді.

53. ҚМГ жай акциялары бойынша дивидендтерді есептеуге:

1) меншікті капиталдың теріс мөлшері кезінде немесе егер ҚМГ меншікті капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтерді есептеу нәтижесінде теріс болса;

2) егер ҚМГ Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне жауап берсе не көрсетілген белгілер ҚМГ-де оның акциялары бойынша дивидендтерді есептеу нәтижесінде пайда болса;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда жол берілмейді.

54. Дивидендтер ҚМГ өзі орналастырмаған немесе сатып алған акциялар бойынша, сондай-ақ егер сот немесе ҚМГ Акционерлерінің жалпы жиналысы оны тарату туралы шешім қабылдаса, есептелмейді және төленбейді.

10-БАП. ҚМГ ОРГАНДАРЫ

55. Мыналар ҚМГ органдары болып табылады:

- 1) жоғары орган – Акционерлердің жалпы жиналысы;
- 2) басқару органы – Директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы орган - Басқарма;

4) «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ҚМГ-нің және ҚМГ компаниялар тобының Қордың тобына кіретін өзге де ұйымдарының қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды, ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару, корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың орындалуы саласындағы бағалауды және олардың қызметін жетілдіру мақсатында консультация беруді жүзеге асыратын орган – орталықтандырылған Ішкі аудит қызметі (бұдан әрі – Ішкі аудит қызметі).

11-БАП. ҚМГ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

56. Акционерлердің жалпы жиналыстары жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді.

57. ҚМГ жыл сайын қаржы жылы аяқталғаннан кейін бес айдың ішінде Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын өткізуге міндетті. Есепті кезеңде ҚМГ қызметінің аудитін аяқтау мүмкін болмаған жағдайда көрсетілген мерзім үш айға дейін ұзартылды деп саналады. Акционерлердің өзге де жалпы жиналыстары кезектен тыс болып табылады.

ҚМГ Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысын ҚМГ Директорлар кеңесі шақырады.

58. ҚМГ Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы ҚМГ Директорлар кеңесінің немесе ҚМГ ірі акционерінің бастамасы бойынша шақырылуы мүмкін.

Ірі акционердің акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы талабы Директорлар кеңесіне ҚМГ Басқармасының орналасқан жері бойынша осындай жиналыстың күн тәртібін қамтуы тиіс тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы қойылады.

Директорлар кеңесі күн тәртібіндегі мәселелердің тұжырымына өзгерістер енгізуге және ірі акционердің талабы бойынша шақырылатын Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізудің ұсынылған тәртібін өзгертуге құқылы емес.

Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақырған кезде ұсынылған талапқа сәйкес Директорлар кеңесі жалпы жиналыстың күн тәртібін өз қалауы бойынша кез келген мәселелермен толықтыруға құқылы.

Егер Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы талап ірі акционерден (акционерлерден) келіп түскен жағдайда, онда осындай жиналысты шақыруды талап ететін акционерлердің (акционердің) есімдері (атаулары) және оған тиесілі акциялардың саны, түрі көрсетілуі тиіс.

Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы талапқа Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап ететін тұлға (тұлғалар) қол қояды.

Директорлар кеңесі көрсетілген талапты алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде шешім қабылдауға және осындай шешім қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей осы талапты қойған тұлғаға қабылданған шешім туралы Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы не оны шақырудан бас тарту туралы хабарлама жіберуге міндетті.

ҚМГ Директорлар кеңесінің ірі акционердің талабы бойынша Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақырудан бас тарту туралы шешімі, егер:

1) Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы талап қоюдың Заңда белгіленген тәртібі сақталмаса;

2) Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібіне енгізу үшін ұсынылған мәселелер Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмесе қабылдануы мүмкін.

ҚМГ Директорлар кеңесінің Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақырудан бас тарту туралы шешіміне сотта дау айтылуы мүмкін.

Егер Заңда белгіленген мерзім ішінде ҚМГ Директорлар кеңесі ұсынылған талап бойынша Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдамаған жағдайда, оны шақыруды талап ететін адам ҚМГ-ға Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізуді міндеттеуді талап ете отырып, сотқа жүгінуге құқылы.

59. ҚМГ Акционерлерінің жалпы жиналысын дайындауды және өткізуді:

1) ҚМГ Басқармасы;

2) ҚМГ-мен жасалған шартқа сәйкес орталық депозитарий;

3) ҚМГ Директорлар кеңесі;

4) ҚМГ тарату комиссиясы жүзеге асырады.

60. Заңнамада Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын міндетті түрде шақыру жағдайлары көзделуі мүмкін.

61. Акционерлердің жалпы жиналысының қарауына Заңның 35-бабының 2-тармағына сәйкес оның құзыретіне жатқызылған мәселелерді шығаруды Директорлар кеңесі бастамашылық етеді.

62. Заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда, Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру, дайындау және өткізу жөніндегі шығыстарды ҚМГ көтереді.

63. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу күні мен уақыты жиналысқа қатысуға құқығы бар адамдардың ең көп саны қатыса алатындай етіп белгіленуге тиіс.

Шешімдері сырттай дауыс беру арқылы қабылданатын Акционерлердің жалпы жиналысын қоспағанда, Акционерлердің жалпы жиналыстары ҚМГ Басқармасы орналасқан елді мекенде өткізіледі.

Жиналысқа қатысушыларды тіркеудің басталу уақыты мен жиналысты өткізу уақыты ҚМГ есеп комиссиясына тіркеуді жүргізу, жиналысқа қатысушылар санын есептеу және оның кворумының болуын айқындау үшін жеткілікті уақытты қамтамасыз етуге тиіс.

ҚМГ акционерлері ҚМГ ішкі құжаттарында айқындалған ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, күндізгі тәртіппен, қашықтықтан өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысының отырысына қатысуға құқылы.

64. Акционерлерге алдағы уақытта акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, ал өткізу кезінде бір немесе одан да көп акционерлерге хабарлау үшін пошта байланысы құралдары не өзге де коммуникация құралдары пайдаланылатын сырттай немесе аралас дауыс беру жағдайында – жиналыс өткізілетін күнге дейін күнтізбелік қырық бес күннен кешіктірмей хабарлануға тиіс.

65. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жариялануға тиіс.

66. Шешімдері көзбе-көз немесе аралас дауыс беру арқылы қабылданатын ҚМГ Акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламада:

1) ҚМГ Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;

2) ҚМГ Акционерлерінің жалпы жиналысын шақыру бастамашысы туралы мәліметтер;

3) ҚМГ Акционерлерінің жалпы жиналысы өткізілетін күнді, уақытты және орынды, жиналысқа қатысушыларды тіркеу басталатын уақытты, сондай-ақ, егер бірінші жиналыс өткізілмесе, өткізілуі тиіс ҚМГ Акционерлерінің жалпы жиналысы қайта өткізілетін күн мен уақыт;

4) ҚМГ Акционерлерінің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімі жасалған күн;

5) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;

6) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер жөніндегі материалдармен акционерлердің танысу тәртібі;

7) жиналысты өткізу тәртібі;

8) сырттай дауыс беруді өткізу тәртібі және сырттай дауыс беруге арналған рәсім;

9) оларға сәйкес жиналыс өткізілетін Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінің нормалары.

67. Аралас дауыс беру кезінде ҚМГ Акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламада 66-тармақта көзделген ақпаратқа қосымша бюллетеньдерді ұсынудың соңғы күні көрсетіледі.

68. Шешімдері сырттай дауыс беру арқылы қабылданатын ҚМГ Акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламада:

1) ҚМГ Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;

2) ҚМГ Акционерлерінің жалпы жиналысын шақырудың бастамашысы туралы мәліметтер;

3) ҚМГ Акционерлерінің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімінің жасалған күні;

4) сырттай дауыс беру нәтижелерін есептеу үшін бюллетеньдер берудің басталу және аяқталу күндері;

5) сырттай дауыс беру нәтижелерін есептеу күні;

6) ҚМГ Акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібі;

7) ҚМГ акционерлерін Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдармен таныстыру тәртібі;

8) дауыс беруді өткізу тәртібі;

9) ҚМГ Акционерлерінің жалпы жиналысы өткізілетін Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінің нормалары.

69. Миноритарлық акционер Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде көрсетілген мәселелер бойынша шешімдер қабылдау кезінде басқа акционерлермен бірігу мақсатында орталық депозитарийге жүгінуге құқылы.

70. Акционерлердің қайталама жалпы жиналысын өткізу акционерлердің бастапқы (өткізілмеген) жалпы жиналысын өткізудің белгіленген күнінен кейінгі күннен ерте тағайындалмауы мүмкін.

71. Акционерлердің қайталама жалпы жиналысы акционерлердің өткізілмеген жалпы жиналысы өткізілетін жерде өткізіледі.

72. Акционерлердің қайталама жалпы жиналысының күн тәртібі акционерлердің өткізілмеген жалпы жиналысының күн тәртібінен ерекшеленбеуі тиіс.

73. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін Директорлар кеңесі қалыптастырады және талқылауға шығарылатын нақты тұжырымдалған мәселелердің толық тізбесін қамтуға тиіс.

Күн тәртібінде «әртүрлі», «өзге», «басқа» және оларға ұқсас тұжырымдарды қоса алғанда, кең түсінікпен тұжырымдарды қолдануға тыйым салынады.

Акционерлердің күндізгі тәртіппен өткізілетін жалпы жиналысының күн тәртібіне мыналар енгізілуі мүмкін:

1) өз бетінше немесе басқа акционерлермен жиынтығында ҚМГ дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын иеленетін акционерлер немесе ҚМГ акционерлеріне мұндай толықтырулар туралы жалпы жиналыс өткізілетін күнге дейін он бес күннен кешіктірмей хабарланған жағдайда, Директорлар кеңесі ұсынған толықтырулар;

2) егер оларды енгізуге Акционерлердің жалпы жиналысына қатысатын және жиынтығында ҚМГ дауыс беретін акцияларының кемінде тоқсан бес пайызын иеленетін акционерлердің (немесе олардың өкілдерінің) көпшілігі дауыс берсе, өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізіледі.

74. Көзбе-көз тәртіпте өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысын ашқан кезде Директорлар кеңесі күн тәртібін өзгерту жөнінде алған ұсыныстары туралы баяндауға міндетті.

75. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту жиналыста ұсынылған ҚМГ дауыс беретін акцияларының жалпы санының көпшілік даусымен жүзеге асырылады.

76. Акционерлердің жалпы жиналысы сырттай және (немесе) аралас дауыс беру арқылы шешім қабылдаған кезде акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін өзгертуге және (немесе) толықтыруға болмайды.

77. Акционерлердің жалпы жиналысы оның күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді қарауға және олар бойынша шешімдер қабылдауға құқылы емес.

78. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар осы мәселелер бойынша негізделген шешімдер қабылдау үшін қажетті көлемде ақпаратты қамтуға тиіс. Корпоративтік хатшы акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

79. ҚМГ органдарын сайлау мәселелері бойынша материалдар ұсынылатын кандидаттар туралы мынадай ақпаратты қамтуы тиіс:

- 1) тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша-әкесінің аты;
- 2) білім туралы мәліметтер;
- 3) ҚМГ-ға үлестестігі туралы мәліметтер;
- 4) соңғы үш жылдағы жұмыс орындары мен атқаратын лауазымдары туралы мәліметтер;
- 5) кандидаттардың біліктілігін, жұмыс тәжірибесін растайтын өзге де ақпаратты қамтиды.

11) қызметкерлердің жалпы саны шегінде штат кестесін (Корпоративтік хатшы қызметінің, комплаенс қызметінің, омбудсмен қызметінің және ҚМГ ішкі аудит қызметінің штат кестесін қоспағанда) бекітеді, сондай-ақ филиалдар мен өкілдіктердің жалпы санын, құрылымын және штат кестесін бекітеді;

12) Қор саясатын және ҚМГ әкімшілік және басқарушы қызметкерлерінің (ҚМГ Басқарма басшысы мен мүшелерін, Ішкі аудит қызметін, Корпоративтік хатшы қызметін, Комплаенс қызметін және Омбудсмен қызметін қоспағанда), лауазымдық айлықақыларының схемасын ескере отырып еңбекақы төлеу қағидаларын, ҚМГ қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету қағидаларын бекітеді;

13) ҚМГ барлық қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті шешімдер шығарады және нұсқаулар береді;

14) ҚМГ қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын, ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысы және директорлар кеңесі бекітетін құжаттарға жатпайтын құжаттарды бекітеді;

15) Қордың корпоративтік стандарттарымен регламенттелмеген мәселелер бойынша ҚМГ және дауыс беретін акциялар немесе қатысу үлестері ҚМГ-ға тікелей немесе жанама тиесілі ұйымдар үшін бірыңғай саясаттар мен стандарттарды не Қордың корпоративтік стандарттары мен саясаттарына сәйкес келетін Қордың қосымша егжей-тегжейлі саясаттары мен корпоративтік стандарттарын бекітеді;

16) еншілес және тәуелді ұйымдар үшін үлгілік құжаттарды бекітеді;

17) ҚМГ ішкі қызметінің өндірістік мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды;

18) «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен бекітілетін «Самұрық-Қазына» АҚ тобының қайырымдылық бағдарламасына сәйкес ҚМГ-нің (компанияның) қайырымдылық (демеушілік) көмек көрсетуі туралы шешімдер қабылдау;

19) ҚМГ акционердің (қатысушының) құқықтарын жүзеге асыру кезінде құрылымдық бөлімшелердің өзара іс-қимыл жасау тәртібін айқындайды;

20) ҚМГ даму стратегиясының, шоғырландырылған даму жоспарының жобаларын әзірлейді, мақұлдайды және директорлар Кеңесіне ұсынады;

21) ҚМГ даму стратегиясын, шоғырландырылған даму жоспарын іске асыруды жүзеге асырады, олардың орындалуына жауапты болады, сондай-ақ жыл сайын Директорлар кеңесіне ҚМГ Даму стратегиясы мен шоғырландырылған даму жоспарын іске асыру туралы есептерді ұсынады;

22) ҚМГ бизнес-жоспарын, ҚМГ бюджетін, түзетілген ҚМГ бизнес-жоспарын және ҚМГ бюджетін бекітеді, ҚМГ бюджетінің қаражатын қайта бөледі (ҚМГ ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес), сондай-ақ олардың орындалуына жауапты болады;

23) ҚМГ дивидендтік саясатына, есепті қаржы жылындағы ҚМГ таза кірісін бөлу тәртібіне, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеуге және ҚМГ-ның бір жай акциясына есептегенде дивиденд мөлшерін айқындауға қатысты ұсынымдар

әзірлеу жөнінде ұсыныстарды қарайды, мақұлдайды және ҚМГ Директорлар кеңесіне ұсынады;

24) ҚМГ-ге меншік құқығында тиесілі басқа заңды тұлғалардың акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он процентінен азын сенімгерлік басқаруға беру туралы шешім қабылдайды;

25) өз құзыреті шеңберінде мүдделер қақтығысы мен корпоративтік қақтығыстарды реттеуге мониторингті жүзеге асырады және қатысады;

26) ҚМГ-де бухгалтерлік есепті ұйымдастырады, амортизация нормаларын белгілейді;

27) Қорға жоспарланатын жылдың алдындағы жылдың жиырмамыншы наурызына дейін ҚМГ акциялары бойынша дивидендтер мөлшерінің болжамды көрсеткіштерін ұсынады;

28) ҚМГ қызметінің қорытындылары туралы жылдық есепті және орнықты даму саласындағы есепті бекіту үшін ҚМГ Директорлар кеңесіне дайындауды және ұсынуды жүзеге асырады;

29) ҚМГ-ның жартыжылдық есебін (ҚМГ бағалы қағаздары айналысқа түсетін қор биржалары қағидаларының талаптарына сәйкес) бекітеді;

30) ҚМГ компаниялар тобының корпоративтік есеп саясатының, ҚМГ есеп саясатының директорлар кеңесін әзірлеуді және бекітуге ұсынуды қамтамасыз етеді;

30) ҚМГ салық есепке алу саясатын және ҚМГ компаниялар тобының корпоративтік салық есепке алу саясатын бекітеді;

31) ҚМГ Директорлар кеңесі бекітетін ішкі құжаттарды қоспағанда, тәуекелдерді басқару жөніндегі ішкі құжаттарды бекітеді;

32) тәуекел-шың деңгейінің сақталуына және ҚМГ-де тәуекелдерді ішкі бақылау мен басқару жүйелерінің тиімді жұмыс істеуіне жауапты болады;

33) Директорлар кеңесін ҚМГ негізгі тәуекелдерінің жай-күйі туралы уақтылы хабардар етеді;

34) ҚМГ Директорлар кеңесінің, Акционерлерінің жалпы жиналысының шешімдерінің, ҚМГ жылдық қаржылық есептілігінің аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның ұсынымдарының, сондай-ақ ішкі аудит қызметінің ұсынымдарының орындалуына мониторингті жүзеге асырады;

35) ҚМГ меншігіне қатысты заңсыз әрекеттерді туғызатын себептер мен жағдайларды анықтау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

36) ҚМГ Жарғысында белгіленген тәртіппен Акционерлерге ҚМГ қызметі туралы ақпарат береді;

37) Акционерлердің жалпы жиналысының қарауы үшін, олар бойынша шешім қабылдау оның құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша құжаттарды дайындайды;

38) қажет болған жағдайда ҚМГ Басқармасы жанынан бизнес-бағыттар бойынша комитеттер құрады және таратады және олар туралы ережелерді бекітеді;

39) бекітілуі ҚМГ Директорлар кеңесінің және ҚМГ Акционерлерінің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған ішкі құжаттарды алдын ала мақұлдайды;

40) ҚМГ Басқармасы мүшелерінің басқа ұйымдарда қоса атқаратын жұмысын алдын ала мақұлдайды;

41) ҚМГ қызметінің Заңнамаға сәйкестігін қамтамасыз етеді;

42) Директорлар кеңесіне ҚМГ қызметкерлерінің жалпы саны бойынша ұсыныстар енгізеді;

43) ҚМГ еншілес ұйымдарының, тәуелді қоғамдары мен бірлескен кәсіпорындарының бизнес-жоспарларын қалыптастыру, бекіту, түзету және мониторингі және ҚМГ Даму жоспарын шоғырландыру тәртібін бекітеді; Акционерлердің жалпы жиналысы бекіткеннен кейін ҚМГ-нің жекелеген жылдық қаржылық есебін бекітеді;

44) шоғырландырылған бюджетті және ҚМГ еншілес ұйымдарының, тәуелді қоғамдарының, бірлескен кәсіпорындарының бюджеттерін қалыптастыру, бекіту, түзету және мониторингі тәртібін бекітеді;

45) қызметтік жеңіл автомобильдер тиістілігінің нормативтерін және ҚМГ әкімшілік аппаратын орналастыру үшін алаңдардың нормаларын айқындайды;

46) ҚМГ қызметтік іссапарларға жіберілетін қызметкерлеріне шығыстар нормативтерін айқындайды;

47) қызметкерлерге мобильді байланысты пайдалану құқығын беру кезінде ҚМГ қаражаты есебінен өтелетін шығыстардың лимиттерін, өкілдік шығыстардың лимиттерін айқындайды;

48) ҚМГ Акционерлерінің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатпайтын ҚМГ қызметін қамтамасыз етудің өзге де мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды.

124. ҚМГ Басқармасы Директорлар кеңесінің мүшелеріне өздеріне жүктелген функцияларды орындау кезінде Директорлар кеңесі белгілеген тәртіппен және сұрауды алған күннен бастап он жұмыс күнінен кеш емес мерзімде ҚМГ қызметі туралы, оның ішінде құпия сипаттағы ақпаратты уақтылы ұсынуды қамтамасыз етеді.

125. ҚМГ Басқарма мүшесінің дауыс беру құқығын өзге тұлғаға, оның ішінде ҚМГ Басқармасының басқа мүшесіне беруіне жол берілмейді.

ҚМГ Басқармасының бастамасы бойынша Директорлар кеңесінің және Акционерлердің жалпы жиналысының қарауына шығарылатын барлық мәселелерді ҚМГ Басқармасы алдын ала қарауға және мақұлдауға тиіс.

ҚМГ Басқармасы Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

ҚМГ, егер мәміле жасалған сәтте тараптар осындай шектеулер туралы білгенін дәлелдесе, ҚМГ Басқармасы ҚМГ белгілеген шектеулерді бұзып жасаған мәміленің жарамдылығына дау айтуға құқылы.

126. ҚМГ Басқармасының жұмысын ұйымдастыру, оның отырыстарын шақыру және өткізу тәртібі, сондай-ақ ҚМГ Басқармасының өзге де өкілеттіктері Директорлар кеңесі бекітетін ҚМГ Басқармасы туралы ережеде айқындалады.

127. ҚМГ Басқарма мүшелері акционерлер (акционерлердің өкілдері) және ҚМГ акционерлері болып табылмайтын ҚМГ қызметкерлері бола алады. ҚМГ Басқарма мүшесінің тиісті жұмыс тәжірибесі, білімі, біліктілігі, іскерлік беделі болуы тиіс.

Басқарма төрағасын қоспағанда, ҚМГ Басқарма мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған және Директорлар кеңесі Басқарманың жаңа мүшесін сайлаған (тағайындаған) жағдайда, соңғысының өкілеттігі жалпы ҚМГ Басқармасы өкілеттігінің мерзімі біткен кезде бір мезгілде аяқталады.

ҚМГ Басқарма мүшесі Директорлар кеңесінің келісімімен ғана басқа ұйымдарда қосымша жұмыс істеуге құқылы.

ҚМГ Басқарма төрағасының атқарушы орган басшысының немесе басқа заңды тұлғаның атқарушы органының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаның лауазымын атқаруға немесе қызметінің нысанасы қаржылық қызметтер көрсету болып табылатын шетелдік заңды тұлға филиалының басшысы лауазымын атқаруға құқығы жоқ.

ҚМГ Басқарма мүшесінің функциялары, құқықтары мен міндеттері Заңмен, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерімен, Жарғымен, сондай-ақ аталған адам ҚМГ-мен жасасатын еңбек шартымен айқындалады. ҚМГ атынан ҚМГ Басқарма төрағасымен еңбек шартына Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Акционерлердің жалпы жиналысы немесе Директорлар кеңесі уәкілеттік берген тұлға қол қояды. ҚМГ Басқармасының қалған мүшелерімен еңбек шартына ҚМГ Басқарма төрағасы қол қояды.

128. ҚМГ Басқармасы кемінде 5 (бес) адамнан тұрады.

129. ҚМГ Басқарма төрағасы мен Басқарма мүшелері үш жылға дейінгі мерзімге сайланады. ҚМГ Басқарма төрағасы мен мүшелерінің өкілеттік мерзімі жалпы ҚМГ Басқармасының өкілеттік мерзімімен сәйкес келеді.

130. Егер отырысқа ҚМГ Басқарма мүшелерінің кемінде жартысы, оның ішінде отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша жазбаша түрде дауыс берген ҚМГ Басқармасының жоқ мүшелері қатысса, отырыс өтті деп саналады.

ҚМГ Басқарма мүшесі ҚМГ Басқарма төрағасын ҚМГ Басқарма отырысына қатысудың мүмкін еместігі туралы алдын ала хабардар етуге міндетті. Отырыста болмаған ҚМГ Басқарма мүшесі жазбаша хабарлама арқылы ҚМГ Басқарма отырысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беруге құқылы.

Көрсетілген жазбаша хабарламаның мазмұны, оны ұсыну және ол білдірген дауысты есепке алу тәртібі ҚМГ Басқармасы туралы ережеде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

ҚМГ Басқармасының сырттай отырыстарын өткізуге ерекше жағдайларда және Жарғының 123-тармағының 3) тармақшасына сәйкес қабылданатын шешімдерден басқа, тек қана ҚМГ Басқарма төрағасының не оның орнындағы адамның шешімі бойынша пікірталассыз сипаттағы мәселелер бойынша жол беріледі.

ҚМГ Басқармасының кем дегенде бір мүшесінің мәселені сырттай отырыста қарауға қарсылығы болған жағдайда, мәселе кезекті көзбе-көз отырыстың күн тәртібіне енгізіледі.

131. ҚМГ Басқармасының шешімдері отырысқа қатысқан немесе жазбаша хабарламалар ұсынған ҚМГ Басқарма мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда ҚМГ Басқарма төрағасы дауыс берген шешім қабылданады.

ҚМГ Басқармасының шешімдері хаттамамен ресімделеді, оған отырысқа қатысып отырған ҚМГ Басқармасының барлық мүшелері қол қоюға және әрбір

мәселе бойынша ҚМГ Басқармасының әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижесін көрсете отырып, олар бойынша дауыс беруге қойылған мәселелерді, дауыс беру қорытындыларын қамтуға тиіс.

132. Тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша шешімдерді жедел қабылдау мақсатында ҚМГ-де ҚМГ Басқармасы жанынан Тәуекелдер жөніндегі комитет құрылуы мүмкін. Тәуекелдер жөніндегі комитетті қалыптастыру және оның жұмыс тәртібі, сондай-ақ оның сандық құрамы ҚМГ Басқармасы бекітетін ҚМГ ішкі құжатымен белгіленеді.

ҚМГ Басқармасы ҚМГ Басқармасы жанынан өзге комитеттер (комиссиялар) құруға құқылы.

133. ҚМГ Басқарма төрағасы:

1) ҚМГ Басқармасын басқарады;

2) ҚМГ Акционерлерінің жалпы жиналысы, Директорлар кеңесі және Басқармасы шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

3) шарттарға, кепілдіктерге қол қоюды қоса алғанда, ҚМГ атынан үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста сенімхатсыз әрекет етеді;

4) Жарғының осы тармағының 5) тармақшасында көрсетілген мәмілелер жасау бойынша құқықтарды қоса алғанда, ҚМГ-нің үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарында оны ұсыну құқығына сенімхаттар береді;

5) осындай мәмілелерді жасасу ҚМГ өзге де органдарының құзыретне жататын жағдайларды қоспағанда, мүліктік емес сипаттағы мәмілелер мен нәтижесінде ҚМГ құны ҚМГ активтері құнының жалпы мөлшерінің бір және одан аз пайызын құрайтын мүлікті сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәмілені немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығын жасасады;

6) Заңнамадмен және Жарғымен өзге органдардың құзыретіне жатқызылған құқықтарды қоспағанда, акциялар пакеттері немесе қатысу үлестері ҚМГ-ге тиесілі заңды тұлғалардың акционерінің (оның ішінде ірі акционердің), қатысушысының құқықтарын жүзеге асырады;

7) Корпоративтік хатшы қызметінің қызметкерлерін, ҚМГ Басқармасының құрамына кіретін қызметкерлерді, Комплаенс қызметінің қызметкерлерін, омбудсменді және Ішкі аудит қызметінің қызметкерлерін қоспағанда, Заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда, ҚМГ қызметкерлерін қабылдауды, ауыстыруды, орнын ауыстыруды және жұмыстан шығаруды жүзеге асырады, оларға көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жаза қолданады, ҚМГ штат кестесіне сәйкес ҚМГ қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін белгілейді, ҚМГ қызметкерлерінің сыйлықақыларының мөлшерін айқындайды;

8) өзі болмаған жағдайда бұйрық негізінде міндеттерін орындауды ҚМГ Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді;

9) ҚМГ Басқарма мүшелері арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттіктер мен жауапкершілік салаларын бөледі;

10) ҚМГ жұмыс режимін белгілейді;

11) ҚМГ-нің ағымдағы және перспективалық жоспарлары мен жұмыс бағдарламаларының орындалуын қамтамасыз етеді;

- 12) ҚМГ Директорлар кеңесі мен Акционерлердің жалпы жиналысы алдындағы жұмысына жауапты болады;
 - 13) ҚМГ банктік және басқа да шоттарын ашады;
 - 14) құзыреті аясында бұйрықтар шығарады, өкімдер береді;
 - 15) ҚМГ Басқарма отырыстарын шақырады және Басқарма мүшелеріне отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша қажетті материалдарды ұсынуды ұйымдастырады;
 - 16) ҚМГ Басқармасы белгілейтін тәртіппен ішкі нормативтік құжаттарды бекітеді;
 - 17) құрылымдық бөлімшелер туралы ережелерді бекітеді;
 - 18) ҚМГ атынан аудиторлық ұйыммен жыл сайынғы аудит жүргізуге шарт жасасады;
 - 19) ҚМГ-нің қаржылық, инвестициялық, өндірістік-шаруашылық, ғылыми-техникалық және өзге де саясатын іске асыруды қоса алғанда, ҚМГ-нің операциялық қызметі бойынша жұмысты ұйымдастырады;
 - 20) директорлар кеңесін ҚМГ қызметіндегі барлық маңызды оқиғалар туралы хабардар етеді;
 - 21) ҚМГ-нің кадр саясатын іске асырады, оның ішінде еңбек тәртіптемесі қағидаларын бекітеді;
 - 22) ҚМГ міндеттерін орындау үшін қажетті ҚМГ-нің ағымдағы қызметіне қатысты және Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне, сондай-ақ ҚМГ Басқармасының құзыретіне жатпайтын барлық басқа мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.
134. ҚМГ Басқарма төрағасының шешімі бойынша ҚМГ Басқарма мүшелеріне белгіленген тәртіппен ҚМГ Басқарма төрағасының қандай да бір өкілеттігі берілуі мүмкін.

15-БАП. ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

135. ҚМГ мен ҚМГ компаниялар тобының, бұл ретте, «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қордың тобына кіретін өзге де ұйымдарының (бұдан әрі осы баптың мақсаттары үшін – Ұйымдар) қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыру үшін ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару саласындағы бағалау, ҚМГ мен Ұйымдардың қызметін жетілдіру мақсатында корпоративтік басқару және консультация беру саласындағы құжаттарды орындау үшін ҚМГ-де орталықтандырылған Ішкі аудит қызметі құрылады.

Ұйымның тексеру комиссиясының мүшелері (тексерушісі) белгіленген тәртіппен сайлаған (тағайындаған) жағдайларды қоспағанда, Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері ҚМГ Директорлар кеңесінің және Басқармасының құрамына, сондай-ақ Ұйымдардың органдарына сайлана алмайды.

136. Ішкі аудит қызметі тікелей Директорлар кеңесіне тікелей бағынады және оның алдында өз жұмысы туралы есеп береді. Ішкі аудит қызметіне жетекшілік етуді ҚМГ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті жүзеге асырады. Ішкі аудит қызметінің міндеттері мен функциялары, оның құқықтары

мен жауапкершілігі, оның қызметінің тәртібі Директорлар кеңесі бекітетін ҚМГ Ішкі аудит қызметі туралы ережеде белгіленеді.

137. Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесі белгілеген тәртіппен:

1) Директорлар кеңесіне ҚМГ мен Ұйымдардың қызметі туралы тәуелсіз объективті ақпарат береді;

2) жүйелі және дәйекті тәсілді қолдана отырып, тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару процестерін бағалауды жүргізеді және жетілдіруге ықпал етеді, Директорлар кеңесін ҚМГ мен Ұйымдардағы тәуекелдерді басқару жүйесіндегі елеулі кемшіліктер туралы хабардар етеді;

3) Ішкі аудит қызметі туралы ережеге сәйкес өз құзыретіне кіретін өзге де функцияларды жүзеге асырады.

138. ҚМГ мен Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің арасындағы еңбек қатынастары Заңнамамен және Жарғымен реттеледі.

16-БАП. ҚМГ ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАЛАРЫ

139. ҚМГ лауазымды тұлғалары (ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшелері, ҚМГ Басқарма мүшелері):

1) өздеріне жүктелген міндеттерді адал орындайды және ҚМГ мен оның акционерлерінің мүдделерін барынша көрсететін басқару тәсілдерін пайдаланады;

2) ҚМГ мүлкін ҚМГ Жарғысына, ҚМГ Акционерлерінің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы келетіндей пайдаланбауға немесе пайдаланылуына жол бермеуге, сондай-ақ өзінің үлестес тұлғаларымен мәмілелер жасау кезінде өзінің жағдайын жеке мақсаттар үшін және теріс пайдаланбауға тиіс;

3) тәуелсіз аудит жүргізуді қоса алғанда, бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік жүйелерінің тұтастығын қамтамасыз етуге міндетті;

4) Заңнаманың талаптарына сәйкес ҚМГ қызметі туралы ақпараттың ашылуын және ұсынылуын бақылайды;

5) егер ҚМГ ішкі құжаттарында өзгеше белгіленбесе, ҚМГ қызметі туралы, оның ішінде ҚМГ жұмысы тоқтатылған сәттен бастап үш жыл ішінде ақпараттың құпиялылығын сақтауға міндетті.

ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшелері:

1) Заңнаманың, Жарғының, Корпоративтік басқару кодексінің және ҚМГ-ның ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес ҚМГ мен оның акционерлерінің мүддесі үшін ақпараттандыру, ашықтық негізінде әрекет етуге;

2) барлық акционерлерге әділ қарауға, корпоративтік мәселелер бойынша объективті тәуелсіз үкім шығаруға тиіс.

ҚМГ Басқарма мүшелері залалдың алдын алу, ҚМГ Басқарма отырысын шақыруға бастамашылық жасау, ҚМГ Басқарма төрағасын хабардар ету жолымен немесе өзге де қолжетімді тәсілмен ҚМГ қызметін оңтайландыру үшін қажетті шараларды қабылдауға міндетті.

ҚМГ Басқарма мүшелері өздері жетекшілік ететін мәселелер аясындағы істердің жай-күйі туралы ҚМГ Басқарма төрағасын хабардар етеді.

140. ҚМГ лауазымды тұлғалары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген ҚМГ мен акционерлердің алдында олардың әрекеттерінен және (немесе) әрекетсіздігінен келтірілген зиян үшін және ҚМГ шеккен залалдар үшін Заңнамаға сәйкес жауапты болады.

17-БАП. ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІ ЖӘНЕ АУДИТ

141. ҚМГ-нің қаржы жылы күнтізбелік жыл (1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейін) болып табылады.

ҚМГ-нің бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржы есептілігін жасау тәртібі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржы есептілігі туралы заңнамасында және халықаралық қаржы есептілігінің стандарттарында белгіленеді.

142. ҚМГ Басқармасы жыл сайын Акционерлердің жалпы жиналысына талқылау және бекіту үшін Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес аудиті жүргізілген өткен жылғы жылдық қаржы есептілігін ұсынады. Қаржы есептілігінен басқа, ҚМГ Басқармасы аудитордың ұсынымдарын (басшылыққа хатты) қоса алғанда, Акционерлердің жалпы жиналысына аудиторлық есеп береді.

143. Жылдық қаржылық есептілікті Директорлар кеңесі Акционерлердің жалпы жиналысының қарауына шығару күніне дейін отыз күннен кешіктірмей, алдын ала бекітуі тиіс.

Акционерлердің жалпы жиналысы ҚМГ-нің жылдық қаржы есептілігін түпкілікті бекітеді.

144. ҚМГ жыл сайын қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында заңнамада белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жылдық қаржылық есептілікті жариялауға міндетті.

Жасалуында мүдделілік бар ірі мәміле және (немесе) мәміле туралы ақпарат халықаралық қаржы есептілігінің стандарттарына сәйкес жылдық қаржы есептілігіне түсіндірме жазбада ашылады, сондай-ақ Заңның 79-бабының талаптарына сәйкес акционерлер мен инвесторлардың назарына жеткізіледі. Нәтижесінде ҚМГ активтері мөлшерінің он және одан да көп проценті сомасына мүлік сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын мәміле туралы ақпаратта мәміленің тараптары, сатып алынған немесе иеліктен шығарылатын активтер, мәміленің мерзімдері мен талаптары, тартылған тұлғалардың қатысу үлестерінің сипаты мен көлемі туралы мәліметтер, сондай-ақ мәміле туралы өзге де мәліметтер қамтылуы тиіс.

145. ҚМГ жылдық қаржы есептілігіне аудит жүргізуге міндетті.

146. ҚМГ аудиті ҚМГ есебінен ҚМГ Директорлар кеңесінің, Басқармасының бастамасы бойынша немесе ҚМГ акционерлерінің кез келгенінің талабы бойынша оның есебінен жүргізілуі мүмкін, бұл ретте акционерлер аудиторлық ұйымды дербес айқындауға құқылы. Аудит кез келген акционердің талап етуі бойынша жүргізілген жағдайда, ҚМГ аудиторлық ұйым сұратқан барлық қажетті құжаттаманы (материалдарды) беруге міндетті.

Егер ҚМГ Басқармасы ҚМГ аудитін жүргізуден жалтарса, аудит кез келген мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша сот шешімімен тағайындалуы мүмкін.

18-БАП. ҚМГ АҚПАРАТЫН АШУ. ҚМГ ҚҰЖАТТАРЫ

147. ҚМГ қаржы есептілігі депозитарийінің интернет-ресурсында және қор биржасының интернет-ресурсында қолданыстағы Заңнамада және ҚМГ бағалы қағаздары айналысқа түсетін қор биржаларының листингтік қағидаларында белгіленген тәртіппен ақпаратты ашуды жүзеге асырады.

Сондай-ақ, ҚМГ Заңнамада белгіленген тәртіппен өз қызметі туралы ақпаратты ҚМГ интернет-ресурсында (www.kmg.kz) және (немесе) бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға құқылы.

ҚМГ заңнамада белгіленген корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты ашуды жүзеге асырады.

ҚМГ қызметтік немесе коммерциялық құпияны құрайтын ақпараты бар ҚМГ қызметкерлерінің тізімін жүргізуді қамтамасыз етеді.

Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын адамдардың тізімін жүргізу, жаңартып отыру, сондай-ақ оларды тізімнен шығару тәртібі ҚМГ-нің ішкі құжаттарында белгіленеді.

148. ҚМГ қызметі туралы ақпарат беру Заңнамаға, Жарғыға, ҚМГ мен Қордың ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

ҚМГ Заңнамада, Жарғыда, Қордың және ҚМГ ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде Қорға ҚМГ қызметі туралы есептер мен ақпаратты ұсынады.

149. ҚМГ қызметіне қатысты құжаттары ҚМГ Басқармасының орналасқан жері бойынша немесе ҚМГ архивінде оның қызметінің бүкіл мерзімі ішінде электрондық нысанда және (немесе) қағаз тасығышта сақталуға тиіс.

Заңның 80-бабында көрсетілген құжаттар сақталуы тиіс.

150. Өзге құжаттар, оның ішінде ҚМГ-ның қаржылық есептілігі Заңнамаға сәйкес белгіленген мерзім ішінде сақталады.

ҚМГ сондай-ақ тиісті қор биржасы талап ететін мерзім ішінде ҚМГ бағалы қағаздары айналысқа түсетін қор биржасының листингтік қағидаларында көрсетілген құжаттарды сақтайды.

151. Акционердің жазбаша талабы бойынша, бірақ мұндай талап ҚМГ-ге келіп түскен күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей ҚМГ Заңнамада көзделген құжаттардың көшірмелерін ұсынады, бұл ретте қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны, құпия ақпаратты құрайтын ақпаратты беруге шектеулер енгізуге жол беріледі.

Құжаттардың көшірмелерін ұсынғаны үшін төлемақы мөлшерін ҚМГ белгілейді және құжаттардың көшірмелерін дайындауға және акционерге құжаттарды жеткізуге байланысты шығыстарды төлеуге арналған шығыстардың құнынан аспауы тиіс.

Қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты қамтитын ҚМГ бағалы қағаздарын шығарудың, орналастырудың, айналыстың және айырбастаудың жекелеген мәселелерін регламенттейтін құжаттар акционерлерге олардың талабы бойынша танысу үшін ұсынылуға тиіс.

ҚМГ осы тармақта көрсетілген акционердің талабы ҚМГ-ге келіп түскен күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей мынадай шарттардың кем дегенде біреуі болған кезде құжаттардың көшірмесін беруден бас тартуға құқылы:

1) акционер талап қойған күні сұрау салынатын құжаттың электрондық нұсқасы Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар нарығы туралы және Акционерлік қоғамдар туралы заңнамасында көзделген тәртіппен қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында орналастырылғанда;

2) акционердің оны беру туралы алғашқы талабын ҚМГ толық көлемде орындаған жағдайда, құжат соңғы үш жыл ішінде қайта сұратылады;

3) акционердің талаппен жүгінген күнінде орындалуы жүзеге асырылатын мәмілелер бойынша құжаттарды қоспағанда, құжат ҚМГ қызметінің өткен кезеңдеріне (талаппен жүгінген күнге дейін үш жылдан астам) жатады;

4) орындалуы тұлғаның ҚМГ акцияларын иелену кезеңінде жүзеге асырылатын мәмілелер бойынша құжаттарды қоспағанда, құжат ҚМГ қызметінің өткен кезеңдеріне (тұлға ҚМГ акцияларын сатып алған күнге дейін он екі айдан астам) жатады (бұл норма ҚМГ акционерлері болған тұлғаларға ҚМГ-ге өтініш жасалған күнге дейін он екі айдан ерте емес қолданылады).

Қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты, құпия ақпаратты ашу Заңнамада және ҚМГ ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен және мерзімдерде жүзеге асырылады.

Акционерлерге Жарғының осы тармағында көзделмеген және қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын өзге де ақпаратты беру ҚМГ Директорлар кеңесінің шешімі бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарын қоспағанда, қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны, ҚМГ немесе оның қызметі туралы акционерлерге белгілі болған құпия ақпаратты құрайтын ақпарат, заңнамада көзделген жағдайларда олардың құзыреті мәселелері бойынша жазбаша немесе өзге нысанда үшінші тұлғаларға берілмейді. Акционердің өзге тұлғаларға құпия ақпаратты ашуы ҚМГ Директорлар кеңесінің келісімі бойынша ғана мүмкін болады.

ҚМГ Директорлар кеңесі қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты, сондай-ақ құпия ақпаратты беруге шектеулер енгізуі мүмкін.

152. ҚМГ осы тұлғалар ұсынатын мәліметтердің негізінде өзінің үлестес тұлғаларының есебін жүргізеді.

ҚМГ қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында Заңнаманың талаптарына сәйкес ҚМГ үлестес тұлғалары туралы мәліметтерді орналастыруды қамтамасыз етеді.

153. ҚМГ акционерлері мен лауазымды тұлғалары үлестес болған күннен бастап жеті күннің ішінде ҚМГ-ге өздерінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтерді ұсынады.

Бұрын ҚМГ акционері немесе лауазымды тұлғасы үлестес ретінде көрсетілген тұлға мұндай болуды тоқтатқан жағдайда, ҚМГ акционері немесе лауазымды тұлғасы бұл туралы ҚМГ-ге бес күннің ішінде хабарлайды.

Үлестес тұлғалар туралы ақпаратты ҚМГ уәкілетті мемлекеттік органдардың тиісті талаптарын орындауға мүмкіндік беретін көлемде ұсынады.

Заңнамада, Жарғыда, сондай-ақ ҚМГ талабы бойынша ҚМГ акционерлері және / немесе лауазымды адамдары ҚМГ-ге өзінің үлестес тұлғалары туралы ақпаратты, соның ішінде:

жеке тұлғалар бойынша: тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), туған күні, жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН), үлестестігін тану үшін негіздер, үлестестіктің пайда болған күні, резиденттік, сондай-ақ осындай тұлғаларға қатысты ҚМГ-ге қажетті өзге де мәліметтерді;

заңды тұлғалар бойынша: заңды тұлғаның толық атауы, заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелген күні мен нөмірі, бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН), пошталық мекенжайы және заңды тұлғаның нақты орналасқан жері, үлестестігін тану үшін негіздер, үлестестіктің пайда болған күні, резиденттік, сондай-ақ осындай тұлғаларға қатысты ҚМГ-ге қажетті өзге де мәліметтерді беруге міндетті.

Заңға сәйкес ҚМГ мәміле жасауға мүдделі деп танылған үлестес тұлғалар ҚМГ атына тиісті хабарлама жіберу арқылы Директорлар кеңесінің назарына мынадай ақпаратты жеткізуге міндетті:

1) 3 (үш) жұмыс күні ішінде олар мәміленің тарабы болып табылатыны немесе оған өкіл немесе делдал ретінде қатысатындығы туралы;

2) олар үлестес заңды тұлғалар туралы, оның ішінде дербес немесе өздерінің үлестес тұлғаларымен жиынтығында дауыс беретін акциялардың (үлестердің, пайлардың) 10 (он) және одан да көп процентін иеленетін заңды тұлғалар туралы және органдарында лауазымдарды атқаратын заңды тұлғалар туралы;

3) оларға мәлім онда олар мүдделі тұлғалар деп танылуы мүмкін жасалатын немесе болжанатын мәмілелер туралы.

Егер ҚМГ акционерінің және/немесе лауазымды адамының өзінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтерді ұсынбауы ҚМГ-ге залал келтіруге әкеп соқтырса немесе әсер етсе, ҚМГ мәліметтерді ұсынбаған адамнан мұндай залалды толық көлемде өтеуді талап етуге құқылы.

19-БАП. ҚМГ МЕНШІГІН ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУ

154. ҚМГ меншігі мен оған тиесілі құқықтарды құқықтық қорғау заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

20-БАП. ҚМГ-ні ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

155. ҚМГ Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де негіздер бойынша қайта ұйымдастырылуы және таратылуы мүмкін.

ҚМГ-ні қайта ұйымдастыру және тарату тәртібі Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

21-БАП. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

156. Егер Жарғының ережелерінің бірі жарамсыз болса, онда бұл қалған ережелердің жарамдылығына әсер етпейді. Жарамсыз ереже мағынасы бойынша жақын және құқықтық тұрғыда жол берілетін ережемен ауыстырылады.

157. Жарғы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген сәттен бастап күшіне енеді.

Басқарма төрағасы

М. Мырзағалиев

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
Акционерлерінің жалпы жиналысының шешімі**

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесі туралы
ережені жаңа редакцияда бекіту туралы**

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы № 415-ІІ Заңының 36-бабы 1-тармағының 18) тармақшасына «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Жарғысының 12-бабы 90-тармағының 10) тармақшасына, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ барлық дауыс беретін акцияларына иелік ететін тұлғаның шешімімен («Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасы отырысының 2022 жылғы 2 желтоқсандағы № 66/22 хаттамасы) бекітілген «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереженің 32-тармағының 22) тармақшасына сәйкес, ұсынылған материалдарды қарап, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы былай деп **ШЕШТІ:**

Осы шешімге қосымшаға сәйкес «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесі туралы ереже жаңа редакцияда бекітілсін.

**2023 жылғы 30 мамырдағы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысында жаңа редакциядағы
«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесі туралы ережені бекіту
туралы» мәселе бойынша түсіндірме жазба**

Астана қ.

2023 жылғы «__» _____

1. Мақсаты мен міндеті

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі – Қоғам) Директорлар кеңесі туралы ережені жаңа редакцияда бекіту.

2. Экономикалық нәтиже

Қарастырылмаған.

3. Мәселенің қысқаша сипаттамасы

«Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы №415-ІІ Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – АҚ туралы Заң) 36-бабы 1-тармағының 18) тармақшасына, сондай-ақ Қоғам Жарғысының 12-бабы 90-тармағының 10) тармақшасына, Қоғамның барлық дауыс беретін акцияларын иеленетін тұлғаның («Самұрық-Қазына» АҚ (бұдан әрі - Қор) Басқармасы отырысының 2022 жылғы 2 желтоқсандағы №66/22 хаттамасы) шешімімен бекітілген Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереженің 32-тармағының 22) тармақшасына сәйкес Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережені (бұдан әрі – Ереже және тиісінше ДК) бекіту Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысының құзыретіне жатады.

Қолданыстағы Ереже Қоғамның Жалғыз акционерінің (Қор) 05.08.2011 шешімімен (№69-ө бұйрық) бекітілді, бұл ретте Ережеге өзгерістер Қор Басқармасының 29.04.2013 №22/13 шешімімен енгізілген. Қазіргі уақытта Қоғамға қолданылатын реттеуші орта белгілі бір өзгерістерге ұшырады, бұдан басқа, Қоғамның IPO жүзеге асырылды. Осыған байланысты Ережені актуалдандыру қажеттілігі туындады.

Жаңа редакцияда Ережені әзірлеу кезінде онда тәуелсіз консультант - «PricewaterhouseCoopers» ЖШС 2017 мен 2021 жылдары жүргізген Қоғамның корпоративтік басқару кодексінің, Қоғам Жарғысының ережелері, Қоғамның корпоративтік басқару диагностикасының нәтижелері және ағымдағы практикалары көрініс тапты.

Сондай-ақ жаңа редакциядағы Ереже мынадай тәуекелдерді мейлінше азайтуға арналған:

1) ДК отырыстарына материалдарды дайындау бөлігінде жоспарлаудың кемшіліктері, соның салдарынан:

- А) материалдарды уақтылы дайындамау және оларды ДК мүшелеріне беру,
- Б) материалдарды ауыстыру,
- В) ДК мүшелеріне қосымша материалдар жіберу,
- Г) ДК мен комитеттердің жұмыс жоспарларын сақтамау,

Д) мажоритарлық акционермен мәселелерді пысықтаудың не тиісінше пысықтамаудың болмауы.

Осының салдарынан:

– Қоғамның корпоративтік хатшысының қауырт кезеңдерде шамадан тыс жүктелуі (күн тәртібін қалыптастыру және ДК мүшелеріне материалдарды ұсыну),

- Қоғамның ДК отырыстарына материалдарды сараптауды жүзеге асыратын Қордың құрылымдық бөлімшелерінің шамадан тыс жүктелуі,

- күн тәртібін қалыптастыру кезінде ДК төрағасы үшін қиындықтар, қарама-қайшы жағдайлар – мәселе шұғыл және маңызды, бірақ материалдардың толық пакеті әлі дайын болмаған кезде - ДК төрағасы, Қоғамның Басқарма төрағасы, Қоғамның корпоративтік хатшысы үшін осындай жағдайлардың жоғары жанжалды әлеуеті, сондай-ақ ұсынылып отырған шешімдердің пысықталмағандығына байланысты ДК мүшелері мен Қоғам үшін тәуекелдер (реттеуші ортаның талаптарына, оның ішінде Қордың құжаттарына немесе позициясына және т.б. сәйкес келмейтін заңсыз шешімдер деп тану тәуекелі).

2) ДК отырыстарын өткізудің ерекшелігі – ДК мүшелері мен менеджмент арасындағы сенімнің жоғары деңгейі, консенсус арқылы шешімдер қабылдау (яғни, әдетте, шешім ДК барлық мүшелері оны қолдағанда қабылданады, әдетте, ешкім «қарсы» немесе «қалыс қалды» деп дауыс бермейді).

Осының салдарынан – қабылданатын шешімдерді, оның ішінде оларға қосымшалар бөлігінде мұқият айту қажеттілігінің болмауы және ДК мүшелері арасындағы ықтимал келіспеушіліктер не Қоғамның Корпоративтік хатшысына және/немесе ДК төрағасына қабылданған шешімдердің тұжырымдарына қатысты кінәрат-талаптар тәуекелі.

3) Корпоративтік хатшыға жазбаша түрде ДК күн тәртібінің мәселелерін қарау барысында ДК күн тәртібі мәселелері бойынша Қордың құрылымдық бөлімшелеріне түсініктеме беру практикасының болмауы.

Осының салдарынан Қордың сараптамалық позициясы туралы толық хабардар етпеу ықтималдығы және соның салдарынан – отырыстың шығарылған қорытындыларының Қордың талаптарына сәйкес келмеу тәуекелі (оның ішінде, әсіресе – ДК шешімдеріне қосымшалар бөлігінде).

Жоғарыда аталған мәселелерді реттеу мақсатында Қоғамның ДК туралы ережесінің жобасына ДК жұмысының практикасын мынадай бөлікте қайта қарауға мүмкіндік беретін тармақтар енгізілді:

1) Қоғам Жарғысының талаптарына сәйкес ДК төрағасының ДК отырысының күн тәртібін бекіту бөлігінде белгіленген талаптарды сақтауы;

2) ДК отырыстарына материалдарды ұсыну мерзімдері бөлігінде белгіленген талаптардың нақты сақталуы;

3) ДК мүшелерінің пысықтауды немесе өзгерістерді талап ететін тармақтар бойынша пікірлерін айта отырып, әрбір мәселе бойынша дауыс беру қорытындыларын шығару;

4) Қордың құрылымдық бөлімшелерінен алынған ұсынымдарға сәйкес, әсіресе ДК қарастырып отырған шешімдеріне өзгерістер бөлігінде оның өкілдерінің Қордың ұстанымын нақты айтуы;

5) ДК мүшелерінің ДК шешіміне осындай тапсырмаларды енгізе отырып, ДК отырысында берілген тапсырмаларды нақты айтуы.

Жоғарыда аталғанды ескере отырып, Қоғам акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының қарауына Ережені жаңа редакцияда бекіту туралы мәселе енгізіледі.

4. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігі

Қоғамның ДК туралы ережесін жаңа редакцияда бекіту туралы мәселе бойынша шешім қабылдау Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейді.

5. Шешім қабылдаған немесе қабылдамаған жағдайда негізгі проблемалар, тәуекелдер, ықтимал салдар

Аталған мәселе бойынша шешім қабылдау қандай да бір тәуекелдердің туындауына әкеп соқпайды.

Аталған мәселе бойынша шешім қабылдау Ереже нормаларының маңызды еместігі, ДК жұмыс тәжірибесінде тәуекел факторларын сақтау тәуекеліне әкеп соғады.

Директорлар кеңесінің төрағасы

Уолтон К.Д.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
Акционерлерінің жалпы
жиналысының
№ _____ шешімімен
БЕКІТІЛДІ

«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ-ның
Директорлар кеңесі туралы
Ереже

1. Жалпы ережелер

1.1. «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ-ның Директорлар кеңесі туралы осы ереже (бұдан әрі – **ДК / Директорлар кеңесі / Қоғам және Ереже**) Директорлар кеңесін құру тәртібін, мәртебесін, құрамын, Директорлар кеңесі мүшелерінің қуқықтарын, міндеттерін, жауапкершілігін айкындайды, Директорлар кеңесі қызметінің, Директорлар кеңесің отырыстарын шақыру және өткізу, оның шешімдерін қабылдау және рәсімдеу тәртібін белгілейді.

1.2. Осы Ереже Қоғамның барлық лауазымды тулғалары мен қызметкерлеріне қолданылады.

1.3. Директорлар кеңесі Қоғам қызметінің жалпы басшылықты және Қоғам Басқармасының (бұдан әрі - **Басқарма**) қызметін бақылауды қамтамасыз ететін, Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына (бұдан әрі - **АЖЖ**) есеп беретін Қоғамның басқару органы болып табылады. Директорлар кеңесінің шешімдері Қазақстан Республикасының (бұдан әрі – **ҚР**) заңнамасында, Қоғамның Жарғысында, Қоғамның корпоративтік басқару кодексінде және осы Ережеде белгіленген тәртіппен қабылданады.

1.4. Директорлар кеңесі өз қызметінде ҚР заңнамасын, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңды (бұдан әрі – **Заң**), «Ұлттық әлауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңды (бұдан әрі – **Қор**), Қоғамның Жарғысын, осы Ережені, Қоғамның Корпоративтік басқару кодексін және ҚМГ басқа да Қоғамның ішкі құжаттарын, сондай-ақ Қоғамға қатысты Қордың құжаттарын басшылыққа алады.

1.5. Директорлар кеңесі Қоғам қызметінің жалпы басшылықты жүзеге асыру үшін АЖЖ-ның алдында жауапты болады. Өз құзыреті шегінде қабылданған АЖЖ-ның шешімдері Директорлар кеңесі үшін міндетті болып табылады. Директорлар кеңесі жыл сайын өткен жылдың қорытындысы бойынша орындалу барысы туралы есеп беру арқылы АЖЖ алдында өз қызметі туралы есеп береді.

1.6. Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасы ынтымақтастық рухында өзара іс-қимыл жасауы, Қоғам мүддесінде іс-қимыл жасауы және тұрақты даму қағидалары мен барлық акционерлерге әділ қарым-қатынас негізінде шешімдер қабылдауы тиіс.

1.7. Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасы Қоғамның ұзақ мерзімді құның өсуін және Қоғамның тұрақты дамуын қамтамасыз етуі тиіс.

1.8. Директорлар кеңесінің қызметі кәсібилік, парасаттылық, сақтық, адалдық, тиімділік, объективтілік және жауапкершілік қағидаттарына негізделеді.

2. Мақсаттары, міндеттері және функциялары

2.1. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне ҚР-ның заңнамасында, Қоғам Жарғысында және осы Ережеде көзделген мәселелер жатады.

2.2. Директорлар кеңесіне Қоғамды басқару және Қоғам Басқармасының қызметін бақылау үшін жеткілікті өкілеттіктер берілуі тиіс.

2.3. Директорлар кеңесі өз функцияларын Қоғам Жарғысына сәйкес орындайды және келесі мәселелерге ерекше көңіл бөледі:

- 1) Қоғамның даму стратегиясын анықтау (бағыттары мен нәтижелері);
- 2) Қоғамның даму жоспары (бизнес-жоспар) қызметінің негізгі көрсеткіштерін қою және оларға мониторинг жүргізу;
- 3) Қоғамның тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімді жұмыс істеуін ұйымдастыру және қадағалау;
- 4) Директорлар кеңесінің құзыреті шеңберінде ірі инвестициялық жобаларды және Қоғамның басқа да негізгі стратегиялық жобаларын тиімді іске асыруды бекіту және оларға мониторинг жүргізу;
- 5) Басқарма Төрағасы мен мүшелерін сайлау, сыйақы беру, мирасқорлықты жоспарлау және қызметін қадағалау;
- 6) корпоративтік басқару және этика;
- 7) трансформация;
- 8) Қоғамда тұрақты даму компоненттерін енгізу.

2.4. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер Қоғам Басқармасына шешу үшін берілмейді.

2.5. Директорлар кеңесі ҚР-ның заңнамасына және Қоғамның Жарғысына сәйкес АЖЖ-ның немесе Қоғам Басқармасының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ АЖЖ-ның шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

2.6. Егер Қоғамның Жарғысында өзгеше белгіленбесе, АЖЖ Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

3. Құрылымы және құрамы

3.1. Директорлар кеңесінің құрамы

3.1.1. Директорлар кеңесінің мүшелері Қоғамның директорлар кеңесін тарта отырып, үміткерлердің құзыреттерін, дағдыларын, жетістіктерін, іскерлік беделі мен кәсіби тәжірибесін ескере отырып, анық және айқын рәсімдер негізінде АЖЖ-ның шешімімен сайланады. Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелерін немесе оның толық құрамын жаңа мерзімге қайта сайлаған кезде олардың Директорлар кеңесінің қызметінің тиімділігіне қосқан үлесі назарға алынады.

3.1.2. Директорлар кеңесінің мүшелерін және Директорлар кеңесінің төрағасын сайлау процесі Заңда, Қоғамның Жарғысында және Ережеде белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің құрамын, қажетті дағдылары мен құзыреттерін және Директорлар кеңесінің құрамына үміткерлерді анықтауға Қоғамның Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитетін тарту ұсынылады, комитет туралы ережеге сәйкес өз құзыреті шегінде.

3.1.3. Үміткерлерді іздеу және сайлау объективті өлшемшарттар бойынша және ДК құрамының әр түрлі болуы қажеттілігін ескере отырып жүргізіледі. Іздеу және іріктеу процесі Директорлар кеңесінің барлық құрамының өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін жүргізілуі тиіс.

3.1.4. Директорлар кеңесінің барлық құрамын немесе жекелеген мүшелерін сайлау туралы мәселеге Қоғамның ірі акционері немесе Қоғамның Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитетін белгіленген тәртіппен бастамашылық жасауы мүмкін.

3.1.5. Директорлар кеңесінің мен оның комитеттерінде Қоғам мүддесінде және барлық акционерлерге әділ қарым-қатынасты және тұрақты даму қағидаттарын ескере отырып, тәуелсіз, объективті және тиімді шешімдер қабылдауды қамтамасыз ететін дағдылар, тәжірибе мен білім теңгерімі сақталуы тиіс

3.1.6. Жеке тұлға ғана Директорлар кеңесінің мүшесі бола алады.

3.1.7. Директорлар кеңесінің мүшелері мыналардың қатарынан сайланады:

- 1) акционерлер – жеке тұлғалар;
- 2) Директорлар кеңесіне акционерлердің өкілдері ретінде сайлауға ұсынылған (кеңес берілген) тұлғалар;
- 3) Қоғамның акционері болып табылмайтын және акционердің өкілі ретінде Директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылмаған (кеңес берілмеген) жеке тұлғалар.

3.1.8. Директорлар кеңесінің құрамына Директорлар кеңесінің өз функцияларын орындауы және ұзақ мерзімді құнның өсуін және ұйымның тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін қажетті білімі, дағдылары мен тәжірибесі бар, сондай-ақ мінсіз іскерлік және жеке беделі бар тұлғалар кіруі тиіс.

3.1.9. Директорлар кеңесінің құрамында тәжірибе, жеке мінездемелер және гендерлік құрам бойынша әртүрлілікті қамтамасыз ету қажет

3.1.10. Директорлар кеңесінің құрамына үміткерлерді іріктеу кезінде назарға алынады:

- 1) жетекшілік лауазымдарда жұмыс тәжірибесі;
- 2) Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде жұмыс тәжірибесі;
- 3) жұмыс өтілі;
- 4) білімі, мамандығы, халықаралық сертификаттардың болуын қоса алғанда;
- 5) Қоғам қызметінің бағыты бойынша құзыреттердің болуы;
- 6) іскерлік бедел;
- 7) Директорлар кеңесінің құрамына сайланған жағдайда тікелей немесе әлеуетті мүдделер қақтығысының болуы.

3.1.11. Қоғам Басқармасының Төрағасынан басқа, Қоғам Басқармасының мүшелері Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Қоғам Басқармасының

Төрағасы Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайлана алмайды.

3.1.12. ҚР-ның Үкіметі мүшелерінің, мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларының Директорлар кеңесінің құрамына қатысуына жол берілмейді.

3.1.13. Директорлар кеңесінің сандық құрамы Қоғамның Жарғысымен анықталады. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде жеті адамды құрайды. Директорлар кеңесі мүшелерінің кемінде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуға тиіс.

Директорлар кеңесінің төрағасы Қоғам атынан тәуелсіз директорлармен осы Ережеге №1 қосымшада көзделген редакцияда шарт жасасады.

3.1.14. Тәуелсіз директор болып жеке акционерлердің, Басқарманың және өзге де мүдделі тараптардың ықпалынан бос тәуелсіз және объективті шешімдер қабылдау үшін жеткілікті кәсіпқойлық пен дербестікке ие тұлға танылады.

3.1.15. Тәуелсіз директорларға қойылатын талаптар ҚР-ның заңнамасына және Қоғамның Жарғысына сәйкес белгіленеді.

3.1.16. Тәуелсіз директор тәуелсіздік мәртебесінің ықтимал жоғалуын қадағалауы және осындай жағдайлар болған жағдайда ДК-нің Төрағасын алдын ала жазбаша хабардар етуі тиіс. Директорлар кеңесі мүшесінің тәуелсіздігіне әсер ететін мән-жайлар болған жағдайда, ДК-нің Төрағасы осы ақпаратты тиісті шешім қабылдау үшін акционерлердің назарына дереу жеткізеді.

3.1.17. Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімі бүкіл ДК өкілеттік мерзімімен сәйкес келеді және АЖЖ Директорлар кеңесінің жаңа құрамын сайлау жөнінде шешім қабылдаған күні аяқталады. Директорлар кеңесінің өкілеттігі Директорлар кеңесінің жаңа құрамын сайлау өтетін АЖЖ-ның өткізілген күннен ерте емес тоқтатылады.

3.1.18. Директорлар кеңесінің мүшелері 3 (үш) жылға дейінгі мерзімге сайланады, кейіннен қызмет нәтижелері қанағаттанарлық болған жағдайда тағы да 3 (үш) жылға дейінгі мерзімге қайта сайлануы мүмкін. Бұл ретте жекелеген директорлардың өкілеттік мерзімінің ұзағырақ болуы және олардың әр жылдары Директорлар кеңесінің құрамынан шығуы Қоғамның корпоративтік жадының сабақтастығын және оның стратегиясын жүзеге асырудағы жүйелілігін қамтамасыз етеді.

3.1.19. Директорлар кеңесінің құрамына қатарынан 6 (алты) жылдан астам мерзімге (мысалы, 3 жылдық екі мерзім) сайланудың кез келген мерзімі Директорлар кеңесінің құрамын сапалық жағынан жаңарту қажеттілігі ескеріле отырып, ерекше қаралуға тиіс

3.1.20. Тәуелсіз директор Директорлар кеңесіне 9 (тоғыз) жылдан астам қатарынан сайлана алмайды. Айрықша жағдайларда 9 (тоғыз) жылдан астам мерзімге сайлануға жол беріледі, мұндай жағдайларда Директорлар кеңесіне тәуелсіз директорды сайлау Директорлар кеңесінің осы мүшесін сайлау қажеттігі және осы фактордың шешім қабылдау тәуелсіздігіне әсері егжей-тегжейлі түсіндіріле отырып, жыл сайын өткізілуі тиіс.

3.1.21. Директорлар кеңесінің өкілеттіктерін тоқтату және мүшелерін сайлау туралы шешім Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі комитеттерінің және Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің қызметін жыл сайынғы бағалау нәтижелері бойынша қабылдануы мүмкін.

3.1.22. Директорлар кеңесінің мүшесінің бетпе-бет/сырттай отырыстардың кемінде 75%-ға қатысуы оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға негіз болып табылады. Бұл ретте Директорлар кеңесінің отырыстарына қатыспаған жағдайда ДК мүшелері өзінің отырыста болмау себептерін жазбаша негіздеуі тиіс.

Директорлар кеңесі АЖЖ-ға есепті жыл ішінде отырыстарының 50%-дан азына қатысқан ДК мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуды ұсынуға міндетті.

3.1.23. Бірде-бір адам өзін тағайындауға, сайлауға және қайта сайлауға байланысты шешім қабылдауға қатыспауы тиіс.

3.1.24. Директорлар кеңесі мүшелері Директорлар кеңесі айқындаған нысан бойынша Қоғамның құпия ақпаратын жарияламау туралы міндеттемеге қол қояды.

3.1.25. Қоғам қызметінің үздіксіздігін қолдау және Директорлар кеңесінің құрамын прогрессивті жаңарту үшін Директорлар кеңесі мүшелерінің мирасқорлық жоспарларының болуын қамтамасыз етуі қажет.

3.1.26. Директорлар кеңесі жаңадан сайланған мүшелері үшін лауазымға енгізу бағдарламасын және Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі үшін кәсіби даму бағдарламасын бекітеді. Корпоративтік хатшы осы бағдарламалардың іске асырылуын қамтамасыз етеді.

3.1.27. Бірінші рет сайланған Директорлар кеңесінің мүшелері лауазымға тағайындалғаннан кейін лауазымға енгізу бағдарламасын өтеді. Лауазымға енгізу барысында Директорлар кеңесінің мүшелері өзінің құқықтары мен міндеттерімен, Қоғам қызметінің негізгі аспектілерімен және құжаттарымен, оның ішінде ең үлкен тәуекелдермен байланысты құжаттармен танысады.

3.2. Директорлар кеңесінің төрағасы

3.2.1. Директорлар кеңесі төрағасы АЖЖ-да сайланады.

3.2.2. Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда, оның ішінде ол Директорлар кеңесінің құрамынан шыққан немесе оның өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайды қосқанда, бірақ онымен шектелмей, оның функцияларын Директорлар кеңесінің отырысқа қатысушы мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданатын шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

3.2.3. Директорлар кеңесінің төрағасы мінсіз іскерлік беделі мен басшы лауазымдарда тәжірибесі бар, акционерлер мен басқарма мүшелерінің сеніміне ие, адалдық пен адалдық сияқты қасиеттерге ие адам бола алады.

3.2.4. Директорлар кеңесі төрағасы:

- 1) Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;
- 2) Директорлар кеңесінің отырысын жүргізеді;
- 3) Директорлар кеңесінің отырыстарын шақырады және оларға төрағалық етеді;
- 4) Қоғам атынан Басқарма төрағасымен еңбек шартын жасасады және ҚР-ның еңбек заңнамасында көзделген өзге де әрекеттерді жүзеге асырады;
- 5) Директорлар кеңесінің отырысын жоспарлайды және Директорлар

кеңесінің басқа мүшелерінің ұсыныстарын және Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талаптарды ескере отырып, күн тәртібін қалыптастырады;

6) стратегиялық мәселелер бойынша шешімдер қабылдау кезінде ірі акционерлермен консультациялар ұйымдастыруды қоса алғанда, тұрақты коммуникацияны және акционерлермен өзара іс-қимылды қолдайды;

7) Директорлар кеңесі мүшелерінің шешім қабылдау үшін толық және өзекті ақпаратты уақтылы алуын қамтамасыз етеді;

8) Директорлар кеңесінің назарын стратегиялық мәселелерді қарауға және Директорлар кеңесінің қарауына жататын ағымдағы (операциялық) сипаттағы мәселелерді барынша азайтуға шоғырландыруды қамтамасыз етеді;

9) талқылау, күн тәртібіндегі мәселелерді жан-жақты және терең қарау, ашық талқылауларды ынталандыру, келісілген шешімдерге қол жеткізу үшін жеткілікті уақыт бөлу арқылы Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізудің барынша нәтижелілігін қамтамасыз етеді;

10) Директорлар кеңесі мен АЖЖ қабылдаған шешімдердің тиісінше орындалуына мониторинг жүргізуді және қадағалауды қамтамасыз етеді;

11) корпоративтік жанжалдар туындаған жағдайда оларды шешу және олардың Қоғам қызметіне теріс әсерін азайту жөнінде шаралар қабылдауды және осындай жағдайларды өз күшімен шешу мүмкін болмаған жағдайда ірі акционерлерді уақтылы хабардар етуді қамтамасыз етеді;

12) ҚР-ның заңнамасында және Қоғам Жарғысында және осы Ережеде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

3.2.5. Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесі жалпы басшылық жасауға жауап береді, Директорлар кеңесінің негізгі функцияларын толық және тиімді іске асыруын және Директорлар кеңесінің мүшелері, акционерлер және Басқарма арасында сындарлы диалог құруды қамтамасыз етеді.

3.2.6. Директорлар кеңесінің төрағасы ұзақ мерзімді құнның өсуіне және ұйымның тұрақты дамуына бағытталған, ішкі және сыртқы шақыруларға уақтылы және тиісті кәсіби деңгейде жауап бере алатын кәсіби мамандардың бірыңғай тобын құруға ұмтылуы тиіс.

3.2.7. Директорлар кеңесі төрағасының рөлін орындау үшін кәсіби біліктілігі мен тәжірибесінен басқа, көшбасшылық, уәждемелеу, әртүрлі көзқарастар мен тәсілдерді түсіну, даулы жағдайларды шешу дағдысы сияқты арнайы дағдылардың болуы қажет.

3.3. Директорлар кеңесінің комитеттері

3.3.1. Директорлар кеңесінің комитеттерін құру

3.3.1.1. Директорлар кеңесінің отырысында қаралғанға дейін неғұрлым маңызды мәселелер шеңбері бойынша егжей-тегжейлі талдау жүргізу және ұсыныстар әзірлеу үшін Директорлар кеңесінің келесі комитеттері (бұдан әрі және жоғары - **Комитеттер**) құрылады:

1) стратегиялық жоспарлау;

- 2) тағайындаулар мен сыйақылар;
- 3) ішкі аудит;
- 4) әлеуметтік мәселелер;
- 5) Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген өзге мәселелер.

3.3.1.2. Барлық Комитеттердің қызметі Комитет мүшелерінің құрамы, құзыреті, оларды сайлау тәртібі, Комитеттер жұмысының тәртібі туралы, сондай-ақ олардың мүшелерінің құқықтары мен міндеттері туралы ережені қамтитын ДК бекітетін ішкі құжаттармен реттеледі.

3.3.1.3. Отырыстардың күн тәртібін оңтайландыру және ең маңызды мәселелерге назар аудару мақсатында Директорлар кеңесі ДК үшін ұсыныстарды және/немесе шешімдердің жобаларын әзірлеу арқылы мәселелердің жекелеген санаттарын мәні бойынша қарауды Комитеттерге тапсыра алады.

3.3.2. Директорлар кеңесі комитеттерінің құрамы және жұмыс тәртібі

3.3.2.1. Комитеттер Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерінен және қажет болған жағдайда нақты комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі бар сарапшылардан тұрады.

3.3.2.2. Комитетті Қоғам Басқармасының Төрағасы болып табылмайтын Директорлар кеңесінің мүшесі басқарады.

3.3.2.3. Осы Ереженің 3.3.1.1.-тармағының 1)-4) тармақшаларында көрсетілген Комитеттерінің төрағалары тәуелсіз директорлар болып табылады.

3.3.2.4. Осы Ереженің 3.3.1.1. тармағының 3) тармақшасында көрсетілген Аудит жөніндегі комитет тек тәуелсіз директорлардан тұрады.

3.3.2.5. Осы Ереженің 3.3.1.1-тармағының 1), 2), 4) тармақшаларында көрсетілген Комитеттерінің құрамдарында көпшілігін тәуелсіз директорлар құрайды.

3.3.2.6. Комитеттердің функциялары, өкілеттіктері, құрамы және қызметін ұйымдастыру процесі тиісті ережелерде регламенттелген және оларды Директорлар кеңесі бекітеді.

3.3.2.7. Комитеттердің төрағалары Комитеттің қызметі туралы есеп дайындайды және жеке отырыста Директорлар кеңесінің алдында жыл ішіндегі қызметінің қорытындылары туралы есеп береді, сондай-ақ Директорлар кеңесінің әрбір отырысында (сырттайды қоспағанда), егер оның алдында Комитеттердің отырыстары өткен болса, алдын-ала Комитеттер қараған мәселелер бойынша есеп береді.

3.3.2.8. Директорлар кеңесінің Төрағасы жыл барысында Комитеттерден олардың қызметі туралы ақпарат беруді талап етуге құқылы.

3.4. Корпоративтік хатшы

3.4.1. Директорлар кеңесінің қызметін тиімді ұйымдастыру және Директорлар кеңесінің, Қоғам Басқармасының акционерлермен, Директорлар кеңесімен өзара іс-қимыл жасау мақсатында Корпоративтік хатшы тағайындалады. Корпоративтік хатшыға басқа да міндеттерді жүктеу корпоративтік хатшының ағымдағы жүктемесін ескере отырып жүзеге асырылуы тиіс. Жаңа міндеттерді тағайындау Қоғамның Корпоративтік басқару

кодексында және Ережеде белгіленген функциялардың нашар орындалуына, оның ішінде ресурстардың жеткіліксіз болуына әкеп соқпауға тиіс. Жаңа функциялар Қоғамның басқа құрылымдық бөлімшелері мен лауазымды тұлғаларының функцияларын қайталамауға тиіс. Қайталану жағдайында мұндай функцияларды орындаушыны қайта қарау қажет

3.4.2. Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесіне есеп береді және Қоғам Басқармасынан тәуелсіз.

3.4.3. Директорлар кеңесі Корпоративтік хатшыны тағайындау туралы шешім қабылдайды, оның өкілеттік мерзімін, функциялары мен қызмет тәртібін, лауазымдық жалақысының мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындайды, Корпоративтік хатшы қызметін құру туралы шешім қабылдайды.

3.4.4. Корпоративтік хатшы өз қызметін Директорлар кеңесі бекітетін Ереже негізінде жүзеге асырады, онда оның функциялары, құқықтары мен міндеттері, Қоғам органдарымен өзара іс-қимыл тәртібі, біліктілік талаптары және басқа да ақпарат көрсетіледі.

3.5. Сарапшыларды тарту

3.5.1. Директорлар кеңесі, егер қаралатын мәселе сыртқы кәсіби және тәуелсіз сараптаманы талап еткен жағдайда, Директорлар кеңесі мен Директорлар кеңесі комитеттері құзыретінің жекелеген мәселелері бойынша консультациялар үшін сыртқы консультанттар мен сарапшыларды тарту туралы көпшілік дауыспен шешім қабылдайды.

Сарапшылар мен консультанттарға сыйақы мөлшерін бекітілген бюджет шегінде ДК белгілейді.

3.5.2. Басқарма Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің сыртқы консультанттар мен сарапшыларды тартуына Қоғамның бюджетінде қаражат көздеуі тиіс.

4. Құқықтар

4.1. Директорлар кеңесі мүшелерінің құқықтары

4.1.1. Директорлар кеңесінің мүшесі мына құқықтарға ие:

1) егер аталған ақпарат Директорлар кеңесі мүшесінің функцияларын жүзеге асыру үшін қажет болған жағдайда, осы Ережеде және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен Қоғам Басқармасынан Қоғамға қатысты кез келген ақпаратты (құжаттарды, материалдарды) сұрату;

2) АЖЖ-да белгіленген тәртіпте өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақы және (немесе) тәуелсіз директордың міндеттерін атқарумен байланысты шығыстарға өтемақы алу;

3) АЖЖ-ның шешімдерімен, Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамаларымен және шешімдерімен, Басқарма және Комитеттер отырыстарының хаттамаларымен, аудиторлық қорытындылармен танысу

4) Директорлар кеңесінің кезектен тыс отырысын шақыруға бастамашылық жасау, сондай-ақ Директорлар кеңесінің жұмыс жоспарын қалыптастыру немесе өзгерту бойынша ұсыныстар енгізу;

5) Директорлар кеңесінің төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан

жағдайда Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талаппен Қоғам Басқармасына жүгінуге;

6) Директорлар кеңесінің жұмыс жоспарын қалыптастыру немесе өзгерту туралы ұсыныстар енгізуге;

7) Директорлар кеңесі қарастыратын күн тәртібінің мәселелері бойынша өз пікірін білдіруге (Директорлар кеңесі қабылдаған шешіммен келіспеген жағдайда Директорлар кеңесінің мүшесі өзінің көзқарасын (ерекше пікірін) жазбаша нысанда баяндауға құқылы);

8) Директорлар кеңесінің, сондай-ақ өзі мүшесі болып табылатын оның Комитеттерінің отырыстарына, оның ішінде осындай отырыстарда қаралған мәселелерді талқылауға және дауыс беруге қатысуға;

9) өзі мүшесі болып табылмайтын тиісті Комитет төрағасының шақыруы бойынша дауыс беру құқығынсыз осындай Комитеттің отырыстарына қатысуға және осындай отырыстарда қаралатын мәселелерді талқылауға қатысуға;

10) өз бастамасы бойынша – өзі мүшесі болып табылмайтын Комитеттердің отырыстарына қатысуға, бірақ мұндай отырыстарда қаралған мәселелерді талқылауға және дауыс беруге қатыспауға;

11) Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіне мәселелер енгізу

12) Директорлар кеңесі белгілеген тәртіпке сәйкес және Қоғам бюджетінде көзделген қаражат шеңберінде Директорлар кеңесінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша сарапшыларды тартуды талап етуге;

13) лауазымға түсу бағдарламасын алуға;

14) күн тәртібінің мәселелері бойынша ерекше пікірді Директорлар кеңесі отырысының хаттамасына енгізілуін талап етуге;

15) Директорлар кеңесінің шешіміне Қоғамның Басқармасына және (немесе) лауазымды тұлғаларына тапсырмалар енгізуді талап етуге;

16) ҚР заңнамасында, Қоғам Жарғысында, сондай-ақ Қоғамның басқа да ішкі құжаттарымен көзделген өзге де құқықтарына құқығы бар.

4.2. Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақысы және (немесе) шығыстарын өтеу

4.2.1. ҚР заңнамасында белгіленген тәртіпте Директорлар кеңесінің мүшелеріне, олар өздерінің міндеттерін атқару кезеңінде, сыйақы төленуі және (немесе) олардың Директорлар кеңесі мүшелерінің функцияларын атқаруына байланысты шығыстар өтелуі мүмкін.

4.2.2. Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақы деңгейі Қоғамды табысты басқару үшін талап етілетін осындай деңгейдегі Директорлар кеңесінің әрбір мүшесін тарту, ұстап қалу және уәждеу үшін жеткілікті болуы тиіс.

4.2.4. Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы беру қағидалары Қор әдіснамасы негізінде әзірленеді және АЖЖ-ның шешімімен бекітіледі.

4.2.5. Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақыларын және (немесе) шығыстарының өтемақысын төлеу тәртібі мен мөлшері АЖЖ-ның шешімімен белгіленеді.

4.2.6. Сыйақы Директорлар кеңесі мүшесінің бүкіл Директорлар кеңесінің және Қоғам қызметінің тиімділігін арттыруға болжамды үлесін әділ көрсетуі

тиіс.

4.2.6. Сыйақы мөлшерін белгілеу кезінде Директорлар кеңесі мүшелерінің міндеттері, Қоғам қызметінің ауқымы, даму стратегиясымен айқындалатын ұзақ мерзімді мақсаттар мен міндеттер, Директорлар кеңесі қарайтын мәселелердің күрделілігі, ұқсас компаниялардағы сыйақы деңгейі (бенчмаркинг, сыйақыларды шолу) назарға алынады.

4.2.7. Директорлар кеңесінің мүшелеріне, әдетте, бекітілген жылдық сыйақы, сондай-ақ Директорлар кеңесі төрағалық еткені, Директорлар кеңесінің Комитеттеріне қатысуы және төрағалық еткені үшін қосымша сыйақы төленеді.

4.2.8. Директорлар кеңесі мүшесінің сыйақысында Қоғам қызметінің нәтижелеріне байланысты опциондар немесе басқа элементтер қамтылмауы тиіс

4.2.9. Директорлар кеңесі төрағасы мен мүшелеріне, басқалармен қатар, ұсынылған растайтын құжаттар негізінде Директорлар кеңесі бекітетін бағдарламаларға немесе қайта даярлау жоспарларына сәйкес біліктілікті арттыруға / білім алуға жұмсалған нақты шығындар үшін бекітілген бюджет шегінде өтемақы төленеді.

5. Жауапкершілік

5.1. Директорлар кеңесі мүшелерінің жауапкершілігі

5.1.1. Директорлар кеңесінің мүшелері акционерлер алдындағы фидуциарлық міндеттерді және қабылданатын шешімдерді, өз қызметінің тиімділігін, іс-әрекетті және / немесе әрекетсіздікті қоса алғанда, мыналар нәтижесінде келтірілген шығындармен шектелмей, ҚР-ның заңнамасында белгіленген Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін орындауға дербес жауапты болады:

- 1) адастыратын ақпарат немесе көрінеу жалған ақпарат беру;
- 2) ҚР-ның заңнамасымен және Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленген ақпаратты ұсыну тәртібін бұзу;
- 3) ірі мәмілелерді және (немесе) жасалуына мүдделілік бар мәмілелерді жасасу туралы ұсыныс жасау және (немесе) шешімдер қабылдау, оның ішінде олардың не олардың үлестес тұлғаларының Қоғаммен осындай мәмілелер жасасу нәтижесінде пайда (табыс) алуы мақсатында олардың жосықсыз әрекеттерінің және (немесе) әрекетсіздігінің нәтижесінде Қоғам шығындарының туындауына әкеп соққан ұсыныстар енгізу.
- 4) Директорлар кеңесінің мүшелері өздерінің кінәлі әрекеттерімен (әрекетсіздігімен) Қоғамға келтірілген залал мен залалдар үшін Қоғам алдында жауапты болады.

5.1.2. Қоғам Директорлар кеңесі мүшелерінің жауапкершілігін Қоғамның өз қаражаты есебінен сақтандыруға міндетті.

5.1.3. ҚР-ның заңнамасында және (немесе) Қоғамның Жарғысында көзделген жағдайларда АЖЖ-ның ірі мәміле және (немесе) жасалуына мүдделілік бар мәмілелер жасасу туралы шешім қабылдауы оларды жасасуға ұсынған Директорлар кеңесінің мүшесін немесе Директорлар кеңесінің отырысында жосықсыз әрекет және (немесе) әрекетсіздік Директорлар кеңесінің

мүшесін, оның ішінде оның не оның үлестес тұлғаларының пайда (табыс) алуы мақсатында, егер оларды орындау нәтижесінде Қоғамға залал келтірілсе, жауапкершіліктен босатпайды.

5.1.4. Қоғамның лауазымды адамына талап қойып сотқа жүгіну тәртібі мен негіздері ҚР-ның заңдарымен белгіленеді.

5.2. Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттері

5.2.1. Директорлар кеңесінің мүшесі міндетті:

1) ҚР-ның заңнамасының талаптарына, Қоғамның Жарғысына, Корпоративтік басқару кодексіне және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес ақпараттылық, ашықтық негізінде, Қоғам мен оның акционерлерінің мүддесінде әрекет етуге;

2) оған жүктелген міндеттерді адал орындауға және Қоғам мен акционерлердің мүдделерін көп дәрежеде көрсететін тәсілдерді пайдалануға;

3) өз құқықтары мен өкілеттіктері шегінде әрекет етуге;

4) Директорлар Кеңесінің, оның Комитеттерінің отырыстарына қатысуға және оларға дайындалу үшін жеткілікті уақыт бөлуге;

5) Қоғамның Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі Комитеттерінің отырыстарына тиесілі түрде дайындалуға, атап айтқанда: отырыстарға байланысты материалдармен алдын ала танысуға, қажетті ақпаратты жинау мен талдауды жүзеге асыруға, негізделген шешім қабылдау үшін өз қорытындыларын, тұжырымдарын, ұсынымдарын дайындауға;

6) негізделген шешімдер қабылдауға, ол үшін қажетті ақпаратты (құжаттарды, материалдарды) толық көлемде зерделеуге;

7) Директорлар кеңесінің бетпе-бет отырыстарына қатысуға, ал жеке қатысу мүмкіндігі болмаған жағдайда – Ережеге сәйкес аудиовизуалды немесе аудиоконференция арқылы қатысуға.;

8) Директорлар кеңесіне сырттай тәртіппен өткізілетін Директорлар кеңесінің отырыстарында қаралатын мәселелер бойынша қол қойылған сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді ұсынуға және ескертулер мен қарсылықтар болған кезде белгіленген мерзімде өзінің жазбаша пікірлерін ұсынуға;

9) Қоғамның ішкі құжаттарына немесе Директорлар кеңесінің шешімдеріне сәйкес өз біліктілігін арттыруға;

10) іскерлік этиканың жоғары стандарттарын қолдауға;

11) шешім қабылдау кезінде тәуекелдерді және қолайсыз салдарды бағалауға;

12) АЖЖ-ның шешімдерін, Қоғамның Директорлар кеңесінің және оның төрағасының шешімдерін, егер мұндай шешімдер ҚР-ның заңнамасына, Қоғамның Жарғысына сәйкес келсе және Директорлар кеңесі мүшесінің пікірі бойынша акционерлердің және / немесе қоғамның мүдделеріне қайшы келмесе орындауға;

13) үлестесу туындаған күннен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде Қоғамға өзінің үлестес тұлғалары және олардың үлестесуінің туындау негіздерінің өзгерістері туралы мәліметтерді жазбаша хабарлауға;

14) оның (немесе онымен үлестес тұлғалардың) мүдделері мен Қоғамның мүдделері арасында даудың туындауына алып келетін немесе ықтимал әкелетін іс-әрекеттерден тартынуға және ондай жағдайларға жол бермеуге, ал мұндай дау туындаған жағдайда мүдделер қақтығысының болуы туралы Директорлар кеңесіне дереу хабарлауға;

15) жасалуына мүдделі деп танылуы мүмкін болжамды мәмілелер туралы ақпаратты Директорлар кеңесінің назарына жазбаша түрде жеткізуге;

16) шешім қабылдауға мүдделі мәселелер бойынша дауыс беруден бас тартуға. Бұл ретте, Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесіне осындай мүдделілік фактісін және оның туындау негіздерін дереу ашуы тиіс;

17) Қоғамның құжаттарында белгіленген мерзімде өзінің үлестес тұлғалары туралы ақпаратты жүйелі түрде ұсынуға;

18) Қоғамның мүдделер қақтығысын реттеу туралы ережелердің және Іскерлік этика кодексінің және Қоғам комплаенсының нормаларын сақтауға;

19) жеке немесе заңды тұлғалардан Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде өзі қабылдаған немесе жасаған шешімдер немесе іс-әрекеттер үшін сыйақы ретінде білдіретін немесе қаралуы мүмкін сыйлықтар, қызметтер немесе қандай да бір артықшылықтар алмауға;

20) АЖЖ-ның, Қоғамның Директорлар кеңесі төрағасының талабы бойынша Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыретіне кіретін мәселелер шегінде, жеке және құпия ақпараттан басқа кез келген ақпаратты ұсынуға;

21) Мына ақпаратты Қоғамның назарына жазбаша жеткізуге:

- негізгі жұмыс орны туралы (заңды тұлғаның атауын, заңды мекенжайын толық көрсете отырып) және атқаратын лауазымы, басқа да қоса атқаратын лауазымдары туралы, сондай-ақ негізгі жұмыс орны бойынша өзгерістер туралы;

- паспорттық деректер (құжаттың сериясы, нөмірі, кім және қашан берген), азаматтығы, сәйкестендіру нөмірі туралы;

- пошта мекенжайы, электрондық пошта жәшігі, байланыс телефоны туралы;

- саны мен санаттарын көрсете отырып, оған тиесілі басқа заңды тұлғалардың акциялары (үлестері, пайлары) туралы, сондай-ақ оларды сату және (немесе) сатып алу туралы;

- басқа заңды тұлғалардың директорлар кеңестерінің және бақылау кеңестерінің құрамына мүшелігі туралы.

22) Директорлар кеңесін және Қоғамның Басқарма төрағасын басқа ұйымдарда Директорлар кеңесінің мүшелерін лауазымға ұсыну және сайлау туралы жазбаша хабардар етуге, сондай-ақ оны басқа заңды тұлға органдарына сайлау немесе Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамына сайланғаннан кейін туындаған басқа ұйымға жұмысқа қабылдау мүмкіндігі туралы алдын ала Директорлар кеңесінің келісімін алуға;

23) басқа ұйымдардағы (коммерциялық және коммерциялық емес) қызметтер мен лауазымдарды қоса атқару жөнінде келіп түскен жаңа ұсыныстар туралы Директорлар кеңесінің төрағасын алдын ала хабардар етуге;

24) басқа ұйымдардың 4-тен (төрт) артық Директорлар кеңесіне кірмеуге және бірден артық ұйымда қоса атқарушылық бойынша жұмыс жасамауға;

25) Қоғамның бәсекелес компанияларында жұмыс істемеуге және лауазым иеленбеуге;

26) Қоғамның бәсекелес компанияларында қаржылық мүдделілік иеленбеуге;

27) лауазымды тұлғалар мен акционерлер деңгейінде ықтимал мүдделер қақтығысын, оның ішінде Қоғамның меншігін заңсыз пайдалануды және мүдделілік бар мәмілелерді жасау кезінде теріс пайдалануды қадағалауға және мүмкіндігінше жоюға;

28) Қоғамдағы корпоративтік басқару практикасының тиімділігін бақылауды жүзеге асыруға;

29) Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ақпаратты және Қоғамдағы істің жай-күйін талдауға және қажет болған жағдайда осындай талдаудың нәтижелерін Директорлар кеңесіне /АЖЖ-на ұсынуға;

30) Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін атқаруына байланысты оған белгілі болған құпия, инсайдерлік және өзге де ақпаратты осындай ақпаратқа рұқсаты жоқ тұлғаларға жария етпеуге, сондай-ақ оны Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін орындау кезеңінде де, өз өкілеттіктерінің мерзімі аяқталғаннан кейін 5 (бес) жыл ішінде де, сондай-ақ егер Қоғамның құжаттарында (ақпаратта) неғұрлым ұзақ мерзім көзделмесе, белгілі болған құжаттарда (ақпаратта) белгіленген мерзім ішінде өз мүддесі немесе үшінші тұлғалар мүддесі үшін пайдаланбауға;

31) Қоғам үй-жайларында жұмыс істеу кезінде Қоғамның ішкі құжаттарында қарастырылған және қауіпсіздік режиміне байланысты және Қоғамның құпия ақпаратымен жұмыс істеу ережелері мен рәсімдерін сақтауға;

32) ҚР-ның заңнамасында белгіленген тәртіпте өз қалауы бойынша өз өкілеттіктерін дереу мерзімінен бұрын тоқтату туралы Директорлар кеңесіне жазбаша хабарлауға;

33) тәуелсіз аудитті жүргізуді қоса алғанда, бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік жүйелерінің тұтастығын қамтамасыз етуге;

34) өкілеттік мерзімі аяқталғаннан кейін, оның ішінде оның өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде қабылдау-беру актісі бойынша Қоғам белгілеген тұлғаға, егер олар міндеттерді орындауға байланысты берілген болса, Қоғамның барлық құжаттарын, мүлкін, қызметтік үй-жайды және оның кілттерін беруге;

35) Директорлар кеңесінің күн тәртібіне мәселелерді енгізу туралы ұсыныстарды Директорлар кеңесінің төрағасына уақтылы жолдауға;

36) Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіндегі мәселе бойынша «қалыс қалды» деп дауыс берген жағдайда, отырыс хаттамасына енгізу үшін тиісті түсініктемелер беруге;

37) ҚР-ның заңнамасында, Жарғыда, Корпоративтік басқару кодексінде, Қоғамның өзге де ішкі актілерінде және осы Ережеде көзделген өзге де міндеттерді орындауға.

5.3. Директорлар кеңесінің қызметін бағалау

5.3.1 Директорлар кеңесі, Директорлар кеңесінің Комитеттері мен мүшелері Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен құрылымдық процесс шеңберінде жыл сайынғы негізде бағалануы тиіс.

5.3.2 Бұл ретте бағалау үш жылда кемінде бір рет тәуелсіз кәсіби ұйымды тарта отырып жүргізіледі.

5.3.3 Бағалау Директорлар кеңесінің және оның әрбір мүшесінің Қоғамның ұзақ мерзімді құнының өсуіне және тұрақты дамуына қосқан үлесін анықтауға, сондай-ақ жақсарту үшін бағыттарды анықтауға және шаралар ұсынуға мүмкіндік беруі тиіс.

5.3.4 Бағалау нәтижелері Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттігін қайта сайлау немесе мерзімінен бұрын тоқтату кезінде назарға алынады.

5.3.5 Бағалау тәуелсіз директорлар үшін де, акционерлердің өкілдері үшін де міндетті.

5.3.6 Бағалауды жүргізу жүйелілік, кешенділік, үздіксіздік, шынайылық, құпиялылық сияқты өлшемшарттарға сәйкес келуі тиіс.

5.3.7 Бағалау келесі мәселелерді қарастыруды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:

1) Қоғам алдында тұрған міндеттер мәнінде Директорлар кеңесі құрамының оңтайлылығы (дағдылар, тәжірибе теңгерімі, құрамның әртүрлілігі, объективтілігі);

2) Қоғамның пайымын, стратегиясын, негізгі міндеттерін, проблемалары мен құндылықтарын түсінудің айқындығы;

3) мирасқорлық және даму жоспарлары;

4) Директорлар кеңесінің бірыңғай орган ретінде жұмыс істеуі, Директорлар кеңесінің және Қоғамның Басқарма төрағасының рөлдері;

5) Директорлар кеңесіндегі, Директорлар кеңесінің Қоғамның органдарымен және лауазымды тұлғаларымен өзара іс-қимылының тиімділігі;

6) Директорлар кеңесі мүшелерінің әрқайсысының тиімділігі;

7) Директорлар кеңесі Комитеттері қызметінің тиімділігі және олардың Директорлар кеңесімен, Қоғам Басқармасының мүшелерімен өзара іс-қимылы;

8) Директорлар кеңесіне ұсынылатын ақпарат пен құжаттардың сапасы;

9) Директорлар кеңесінің, оның Комитеттердің отырыстарында талқылаулардың сапасы;

10) Корпоративтік хатшы қызметінің тиімділігі;

11) үрдістер мен құзыреттіліктерді түсінудегі айқындық;

12) тәуекелдерді анықтау және бағалау процесі;

13) акционерлермен және өзге де мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасау.

5.3.8. Директорлар кеңесінің төрағасы бағалау жүргізудің барлық процесіне және оның нәтижелері бойынша шаралар қабылдауға жауапты болады. Бағалау процесіндегі негізгі рөлдер былайша бөлінеді:

1) Директорлар кеңесінің төрағасы бағалау процесіне басшылық жасайды, Директорлар кеңесінің барлық құрамына және оның әр мүшесіне кері байланыс береді, АЖЖ-сын бағалау нәтижелері туралы хабардар етеді және жақсарту жөніндегі шараларды талқылайды, сондай-ақ бағалау қорытындылары

бойынша іс-қимылдар жоспарының орындалуын бақылайды;

2) Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеттің төрағасы Директорлар кеңесінің төрағасын бағалау процесін қамтамасыз етеді;

3) Комитет төрағалары өздері басқаратын Комитеттер жұмысының тиімділігін бағалау процесін қамтамасыз етеді;

4) тәуелсіз кеңесші (тартылған жағдайда) модератор және әдіскер рөлін атқарады, бағалау процесін ұйымдастырады және үйлестіреді;

5) Директорлар кеңесінің мүшелері белсенді қатысуды, ашықтықты, адалдықты және іске қатысуды қамтамасыз етеді

5.3.9. Бағалау нәтижелері Директорлар кеңесінің барлық құрамын немесе оның жекелеген мүшесін қайта сайлау, Директорлар кеңесінің құрамын және Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы мөлшерін қайта қарау үшін негіз бола алады.

5.3.10. Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелері қызметінің нәтижелерінде елеулі кемшіліктер болған жағдайда, Директорлар кеңесінің төрағасы Қоғамның ірі акционерлерімен консультациялар жүргізуі тиіс.

5.3.11. Директорлар кеңесі жыл сайынғы жылдық есепте Директорлар кеңесіне бағалау және нәтижелер бойынша қабылданған шаралар қалай жүргізілгенін көрсетеді. Тәуелсіз консультантты тартқан жағдайда соңғы үш жыл ішінде оның Қоғамға өзге де консультациялық қызметтерді көрсеткені не көрсетпегені көрсетіледі.

5.3.12. АЖЖ-сы Директорлар кеңесіне өзіндік бағалауды дербес немесе тәуелсіз консультантты тарта отырып жүргізе алады. Директорлар кеңесі өз бетінше жүргізген бағалау нәтижелері, Қоғам қызметінің нәтижелері, акционерлердің үміттерін орындау және өзге де факторлар назарға алынады.

6. Директорлар кеңесі отырыстарының регламенті

6.1. Директорлар кеңесі отырыстарын жоспарлы тәртіппен өткізу

6.1.1. Директорлар кеңесі жыл сайын ДК мен Қоғамның қызметін мұқият жоспарлау, ұтымдылық, тиімділік және жүйелілік қағидаттарына сүйене отырып, өз жұмысының жоспарын және отырыстар кестесін қалыптастырады және бекітеді.

6.1.2. ДК жылдық жұмыс жоспарын қалыптастыруды акционерлердің, ДК мүшелерінің, Басқарманың ұсыныстарын және ДК есеп беретін қызметтерді ескере отырып, корпоративтік хатшы жүзеге асырады.

6.1.3. Директорлар кеңесінің жылдық жұмыс жоспарының қалыптасуы мен орындалуын бақылауды Директорлар кеңесінің төрағасы жүзеге асырады. Қоғамның Директорлар кеңесінің жұмыс жоспарын қайта қарау 1-ші жартыжылдық аяқталғаннан кейін жылына бір реттен жиі емес жүзеге асырылады.

6.1.4. Директорлар кеңесінің отырыстары жұмыс жоспарына және отырыстар кестесіне сәйкес жүйелі түрде, бірақ жылына кемінде 8 (сегіз) рет өткізілуі тиіс.

6.1.5. Директорлар кеңесінің отырысы жоспарлы және кезектен тыс болуы мүмкін, бұл ретте кезектен тыс отырыстар тиісті мәселелерді қарауды алдын ала жоспарлау немесе болжау мүмкін болмаған және мұндай мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің шешімін қабылдау Директорлар кеңесінің кезекті жоспарлы отырысына дейін кейінге қалдыруға болмайтын ерекше жағдайларда өткізіледі.

6.1.6. Директорлар кеңесі қажет болған жағдайда Директорлар кеңесінің жұмыс жоспарына енгізілмеген мәселелерді қарауға құқылы.

6.1.7. Директорлар Кеңесінің отырыстары бетпе-бет немесе сырттай болуы мүмкін. бұл ретте сырттай отырыстарың саны барынша аз болуы тиіс.

6.1.8. Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесінің немесе оның Комитеттерінің отырысына бейнеконференцбайланыс (интерактивті аудиовизуалды байланыс), конференц-байланыс («телефондық отырыс» режимінде Директорлар кеңесі мүшелерінің бір мезгілде сөйлесуі), пікір алмасуға, дауыс беруді растауға және оны нақты уақыт режимінде қорытындылауға мүмкіндік беретін басқа интерактивті байланыс құралдары (бұдан әрі – **конференц-байланыс**) арқылы қатыса алады.

6.1.9. Директорлар кеңесінің мүшесі Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы мен Корпоративтік хатшысына өзінің Директорлар кеңесінің отырысына қатысу мүмкін еместігі туралы алдын ала хабарлауға міндетті. Ерекше жағдайларда Директорлар кеңесінің отырысының екі нысанын біріктіруге мүмкіндік бар. Бұл Директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше мүшесінің (30%-дан аспайтын) Директорлар кеңесінің отырысына жеке өзі немесе конференц-байланыс арқылы қатыса алмайтын жағдайға қатысты. Директорлар кеңесінің мұндай отырысы бетпе-бет болып табылады. Бұл ретте Директорлар кеңесінің отырысы басталар алдында Корпоративтік хатшыны алдын ала осындай отырыстың күн тәртібіндегі барлық мәселелер бойынша өзінің дауыс беру нәтижелерімен және жазбаша пікірімен (бұдан әрі - **жазбаша пікір**) ұсынса отырыста жоқ Директорлар кеңесінің мүшесі қатыстырылған болып есептеледі. Бұл ретте жазбаша пікірлерді алуды Корпоративтік хатшы әрбір жазбаша пікірді алған күні мен уақытын көрсете отырып, тіркейді. Мұндай отырыстың күн тәртібін өзгертуге жол берілмейді.

6.1.10. Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің 30 %-дан астамы Директорлар кеңесінің отырысына жеке өзі немесе конференц-байланыс арқылы қатыса алмаса, онда Директорлар кеңесінің бетпе-бет отырысы өткізілмейді.

6.1.11. Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесінің отырысына жеке өзі немесе конференц-байланыс арқылы қатыса алмаса, ол отырыс басталғанға дейін осындай отырыстың күн тәртібіндегі барлық мәселелер бойынша жазбаша пікірін беруге міндетті. Олай болмаған жағдайда, Директорлар кеңесінің мүшесі отырысқа қатыспаған болып есептеледі.

6.1.12. Отырысқа жеке өзі, конференц-байланыс немесе жазбаша пікір білдіру арқылы Директорлар кеңесінің отырысына қатысқан Директорлар кеңесінің мүшелері отырысқа қатысты деп есептеледі (бұдан әрі – **Қатысушылар**).

6.1.13. Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесінің отырысына

конференц-байланыс арқылы қатысуды жоспарласа, Директорлар кеңесінің отырысын өткізуде және Директорлар кеңесінің күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беруде жіберілген кемшіліктерге байланысты үзілістерді болдырмау мақсатында, отырыс басталғанға дейін осындай отырыстың күн тәртібіндегі барлық мәселелер бойынша жазбаша пікірін беру ұсынылады.

6.1.14. Егер жазбаша пікірді ұсынғаннан кейін Директорлар кеңесі мүшесінің Директорлар кеңесінің отырысына жеке өзі немесе конференц-байланыс арқылы қатысу мүмкіндігі болса, онда мұндай мүшенің Директорлар кеңесінің отырысында берілген пікірі ескеріледі, ал жазбаша пікір есепке алынбайды.

6.1.15. Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесінің отырысына конференц-байланыс арқылы қатысса және отырыс басталғанға дейін жазбаша пікірін білдірсе, бірақ күн тәртібіндегі кейбір мәселелер бойынша оның нәтижелерін анықтау мүмкін болмаса конференц-байланыстан өтпегендіктен немесе Директорлар кеңесі мүшесінің дауыс беруге қатыса алмауына байланысты, және отырыс барысында оның дауысын алу мүмкін болмағандықтан, Директорлар кеңесінің мүшесінің дауыс беруі туралы осындай мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің мүшесінің пікірі, одан кейін осындай мәселелер бойынша дауыс беру қорытындыларын шығару кезінде Директорлар кеңесінің осындай мүшесінің бұрын берген жазбаша пікірі ескеріледі.

6.1.16. Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесінің отырысына конференц-байланыс арқылы қатысса және жазбаша пікір ұсынбаса және күн тәртібіндегі кейбір мәселелер бойынша дауыс беру нәтижелерін анықтау мүмкін болмаса, Директорлар кеңесінің мұндай мүшесі конференц-байланыстан өтпегендіктен немесе Директорлар кеңесі мүшесінің дауыс беруге қатыса алмауынан, отырыс барысында оның мұндай мәселе бойынша пікірін алу мүмкін болмағандықтан Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінен мәселелер туындаса, ол мұндай мәселелер бойынша дауыс беруге және кворумды анықтауға қатыспаған болып есептеледі. Бұл ретте Директорлар кеңесінің отырысында мұндай мәселе кез келген Қатысушылардың бастамасы бойынша қараудан алынып тасталуы мүмкін

6.1.17. Ереженің 3.1.22-тармағының мақсаттары үшін Директорлар кеңесінің мүшесі, егер ол күн тәртібіндегі мәселелердің кемінде 75%-ын қарауға қатысқан болса, Директорлар кеңесінің отырысына қатысқан болып саналады (оның ішінде жазбаша пікір беру арқылы).

6.1.18. Директорлар кеңесінің отырыстарының бетпе-бет нысаны ең тиімдісі ретінде мәселелерді қарау және Қоғам қызметінің ерекше маңызды, негізгі, стратегиялық мәселелері бойынша шешімдер қабылдау кезінде мақсатқа сай болып табылады.

6.1.19. Директорлар кеңесінің жұмыс жоспарын дайындау кезінде сырттай отырыстардың саны барынша аз болуы тиіс.

6.2. Директорлар кеңесінің отырыстарын шақыру

6.2.1. Директорлар кеңесінің отырысы Директорлар кеңесі Төрағасының немесе Басқармасының бастамасы бойынша не келесілердің талап етуі бойынша

шақырылуы мүмкін:

- 1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
- 2) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;
- 3) ірі акционердің;
- 4) Қоғамның Ішкі аудит қызметінің.

6.2.2. Директорлар кеңесінің жоспарлы отырыстары Директорлар кеңесінің жыл сайынғы жұмыс жоспарына сәйкес Директорлар кеңесінің төрағасымен шақырылады, кезектен тыс отырыстар ҚР-ның заңнамасына, Жарғыға және Ережеге сәйкес шақырылады.

6.2.3. Корпоративтік хатшы белгіленген тәртіппен ұсынылатын материалдар пакеті негізінде Директорлар кеңесінің жоспарлы отырысын шақыру туралы талабын (бұдан әрі - **шақыру туралы талап**) қалыптастырады.

6.2.4. Директорлар кеңесінің жоспарлы отырысын шақыру туралы талапқа Басқарма төрағасының немесе оны алмастыратын тұлғаның немесе Директорлар кеңесінің мүшесінің Директорлар кеңесінің отырысын өткізудің белгіленген күніне дейін күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей қол қоюы тиіс. Шақыру туралы талап Директорлар кеңесінің ұсынылып отырған күн тәртібіне материалдардың толық пакеті тиісті түрде қалыптастырылған және корпоративтік хатшыға ұсынылған мәселелерді ғана қамтиды. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдардың толық пакеті шақыру туралы талапқа қоса беріледі. Белгіленген мерзімнен кешіктірілген материалдарды корпоративтік хатшы Директорлар кеңесінің келесі отырысын шақыру туралы талапқа қосады.

6.2.5. Қоғамның Жарғысында айқындалған мәселелердің кейбір санаттары бойынша Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібін қалыптастыру және Директорлар кеңесінің мүшелерін хабардар ету процесі Ережеде көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

6.2.6. Мәселенің бастамашысы белгіленген тәртіппен қалыптастырылған материалдар пакеті негізінде Директорлар кеңесінің кезектен тыс отырысын шақыру туралы талапты қалыптастырады. Тиісті материалдарды қоса бере отырып, Директорлар кеңесінің кезектен тыс отырысын шақыру туралы талапқа Басқарма төрағасының немесе оны алмастыратын тұлғаның қолы қойылады және Директорлар кеңесінің төрағасына мен Корпоративтік хатшыға Директорлар кеңесінің отырысын өткізудің белгіленген күніне дейін күнтізбелік 7 (жеті) күннен кешіктірмей жіберіледі.

6.2.7. Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесінің отырысын шақыру (немесе шақырудан бас тарту) туралы шешім қабылдауға және мұндай сұрау салуды алған күннен бастап 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде тиісті сұрау салуды берген тұлғаға хабарлауға міндетті.

6.2.8. Директорлар кеңесінің төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда бастамашы Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті Қоғам Басқармасына жүгінуге құқылы.

6.2.9. Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Басқарма шақыру туралы талап алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірмей шақыруға тиіс.

6.2.10. Директорлар кеңесінің отырысы шақыру туралы талап берген

тұлғаның міндетті түрде шақырылуымен өткізіледі.

6.2.11. Директорлар кеңесінің төрағасы және Басқарма мына жағдайларды қоспағанда, Қоғам Директорлар кеңесінің отырысын шақырудан бас тартуға құқылы емес:

1) отырысты шақыру туралы талап ҚР-ның заңнамасына, Жарғыға және Ережеге сәйкес келмегенде;

2) талапты ұсынған тұлға Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап ету құқығына ие болмағанда;

3) егер Директорлар кеңесінің қарауына ұсынылған барлық мәселелерді шешу Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатпайтын болса.

6.3. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру және өткізу туралы Директорлар кеңесі мүшелеріне хабарлау

6.3.1 Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарламаға Директорлар кеңесінің Төрағасы, ал ол отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда – Қоғам Басқармасының Төрағасы қол қояды.

6.3.2 Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарламада отырыстың өткізілетін күні, уақыты және орны, оның күн тәртібі туралы мәліметтер болуы тиіс. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы Директорлар кеңесінің мүшелеріне хабарлама жіберу тәртібін Директорлар кеңесі айқындайды.

6.3.3 Отырысты өткізу туралы хабарламаны, сондай-ақ оған қоса берілетін қажетті материалдарды Қоғамның Корпоративтік хатшысы Қоғамның Жарғысында көзделген жағдайларды қоспағанда, Директорлар кеңесінің мүшелеріне жазбаша нысанда немесе Директорлар кеңесі мүшелерінің келісімі бойынша оларға ыңғайлы өзге де тәсілмен (оның ішінде пошта, факсимильді, электрондық немесе өзге де байланысты пайдалану арқылы) отырысты өткізу күніне дейін 7 (жеті) күнтізбелік күнінен кешіктірмей (ал сырттай дауыс беру кезінде - сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді қабылдау күніне дейін) жібереді.

6.3.4. Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілетін Директорлар кеңесінің отырысына материалдар мыналарды қамтиды:

1) баяндамашылар көрсетілген отырыстың күн тәртібі;

2) Директорлар кеңесі бекіткен жеке ішкі құжатта белгіленген сәйкес дайындалған Директорлар кеңесі мүшелерінің атына түсіндірме жазбалар;

3) Директорлар кеңесі шешімдерінің жобалары;

4) құжаттардың жобалары;

5) Басқарма шешімдерінен үзінділер;

6) бар болған жағдайда басқа да қосымша құжаттар (презентациялар, мемлекеттік органдарының, АЖЖ-ның, Директорлар кеңесінің шешімдерінің көшірмелері), көрсетілген мәселелерді күн тәртібіне енгізуді негіздейтін анықтамалық материалдар және т.б.

Ақпаратқа ұсынылған мәселелер бойынша материалдарға Директорлар кеңесі бекітетін жеке ішкі құжатта белгіленген өзге де талаптар қойылады.

6.3.5. Директорлар кеңесінің отырысына арналған материалдар Директорлар

кеңесімен негізделген шешімдерді, оның ішінде мәселенің қысқаша сипаттамасымен, Қоғам үшін оның экономикалық (қаржылық) маңызының ашылуымен түсіндірме жазбаны қабылдау үшін қажетті күн тәртібінің мәселелері бойынша барлық ақпаратты, сондай-ақ ұсынылатын шешімнің орындаушылығы, орындылығы, тиімділігі және заңдылығын растай отырып, шешімдерді қабылдаған немесе қабылдамаған жағдайда болуы мүмкін пайдаларды (шығындарды) қамтуға тиіс.

6.3.6. Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінің сұрағының түсіндірме жазбасына Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге құқығы бар тұлға қол қоюға, ал шешімнің жобасына жоғарыда аталған тұлға мақұлдауға тиіс.

Егер мәселені қараудың бастамашысы Басқарма болған жағдайда Басқарма төрағасы күн тәртібіндегі мәселе бойынша түсіндірме жазбаға қол қояды, ал шешімнің жобасын мақұлдайды.

6.3.7. Директорлар кеңесіне ұсынылатын нормативтік (рәсімдік) және тұрақты есеп беруді қоспағанда, Директорлар кеңесі деңгейінде шешімдер қабылданатын барлық мәселелер және Директорлар кеңесі айқындайтын басқа да мәселелер Қоғамның Комплаенс қызметі алдын ала қаралуы тиіс. Дәлірек айтқанда, мәселелердің мұндай санаттары Директорлар кеңесі бекітетін Қоғамның ішкі құжатында анықталуы мүмкін.

6.3.8. Егер Директорлар кеңесінің мүшесі мемлекеттік немесе орыс тілдерін білмейтін шетел азаматы болса, материалдардың барлық пакеті ағылшын тіліне аударылуы және құжаттарды аударған Қоғамның құрылымдық бөлімшесінің қызметкері растауы тиіс.

6.3.9. Директорлар кеңесінің отырысына материалдарды дайындау тәртібін, оның ішінде материалдардың сапасына, олардың пішіміне қойылатын талаптарды, дайындау, бекіту және корпоративтік хатшыға ұсыну мерзімдерін және Директорлар кеңесінің отырысына материалдарды дайындауға қатысты басқа да мәселелерді Директорлар кеңесі бекіткен жеке ішкі құжатында анықталады.

6.3.10. Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесінің мүшелеріне күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдардың уақтылы ұсынылуын қамтамасыз етеді.

6.3.11. Қоғамның не оның еншілес және тәуелді ұйымдарының лауазымды тұлғаларын сайлау мәселелері жөніндегі материалдарда ұсынылатын үміткерлер туралы мынадай ақпарат болуы тиіс:

- 1) тегі, аты, әкесінің аты;
- 2) білімі туралы мәліметтер;
- 3) Қоғамға үлестестігі туралы мәліметтер;
- 4) соңғы үш жылдағы жұмыс орындары және атқаратын лауазымдары туралы мәліметтер;
- 5) Қоғамның комплаенс қызметінің қорытындысы;
- 6) үміткерлердің біліктілігін, жұмыс тәжірибесін растайтын өзге де ақпарат.

6.3.12. Басқарма мүшелерін сайлау мәселелері бойынша материалдар 6.3.11-тармақта көрсетілген мәліметтерден басқа, кандидаттың тиісті лауазымды атқаруға жазбаша келісімін қамтиды. Жазбаша келісімі болмаған жағдайда

кандидат директорлар кеңесінің отырысына өзі қатысады және тиісті лауазымды атқаруға ауызша келісімін береді.

6.3.13. Ірі мәмілені және (немесе) жасалуына мүдделілік бар мәмілені жасасу туралы шешім қабылдау туралы мәселе қаралған жағдайда, мәміле туралы ақпарат сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын активтер (егер қолданылатын болса), мәміленің мерзімдері мен шарттары, тартылған тұлғалардың қатысу үлестерінің сипаты мен көлемі туралы мәліметтерді, бағалаушының есебін (егер мәміле нәтижесінде Қоғам активтерінің баланстық құнының 10% (он пайызы) және одан да көп пайызы сомасына мүлік сатып алынған не иеліктен шығарылған жағдайда), сондай-ақ бар болған жағдайда мәміле туралы өзге де мәліметтерді қамтуы тиіс.

6.3.14. Директорлар кеңесінің отырыстарына материалдарды түпкілікті қалыптастыруды Қоғамның Корпоративтік хатшысы қызметі жүзеге асырады.

6.3.15. Қоғамның Ережесінде, Жарғысында және ішкі құжаттарында көрсетілген мерзімде қажетті материалдар ұсынылмаған және (немесе) олар тиісті түрде ұсынылмаған жағдайда, мәселе отырыстың күн тәртібіне енгізілмейді. Егер Директорлар кеңесінің мүшесіне Директорлар кеңесінің қарауына енгізілген мәселелерді қарау барысында шешім қабылдау үшін қосымша ақпарат немесе материалдар қажет болса, Корпоративтік хатшы оларды мүдделі құрылымдық бөлімшелердің Басқарманың және Қоғамның ішкі аудит қызметі ұсынуы бойынша шаралар қабылдайды.

Директорлар кеңесінің Төрағасы мен Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесінің мүшелеріне Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша негізделген шешім қабылдауға мүмкіндік беретін көлемде ақпаратпен қамтамасыз етуге жауапты.

6.4 Директорлар кеңесінің отырысын өткізу орны мен уақытын өзгерту

6.4.1. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу мүмкін емес немесе қиындататын жағдайлар туындаған кезде Директорлар кеңесінің мүшелері хабардар етілген жерде немесе уақытта жоспарланған күн тәртібі бойынша отырыс өзге жерде және (немесе) өзге уақытта өткізілуі мүмкін.

6.4.2. Директорлар кеңесі отырысының орны мен уақыты өзгергені туралы Директорлар кеңесінің барлық мүшелерін Қоғамның Корпоративтік хатшысы отырысқа келу үшін немесе қашықтан қатысу жеткілікті уақыт қалуы үшін алдын ала жазбаша хабардар етуі тиіс.

6.4.3. Өзгерістер туралы хабарлама Директорлар кеңесінің мүшелеріне Директорлар кеңесінің хабарлама алуына кепілдік бере отырып, кез келген нысанда жіберілді.

6.5 Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібі

6.5.1. Директорлар кеңесінің отырысында шешімдер осы отырыстың күн тәртібіне енгізілген мәселелер бойынша қабылданады.

6.5.2. Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібін Корпоративтік хатшы қалыптастырады және оны Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар

кеңесінің жылдық жұмыс жоспары, Директорлар кеңесі төрағасының немесе Басқарма бастамалары негізінде үйлетсіреді, немесе ҚР-ның заңнамасына және Қоғамның Жарғысына сәйкес осындай құқығы бар органдардың (тұлғалардың) талабы (ұсынысы, хабарламасы) бойынша жүзеге асырылады. Бұл ретте корпоративтік хатшы Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінің жобасын жасау кезінде Директорлар кеңесінің тиісті жылға бекітілген жұмыс жоспарында мәселенің бар немесе жоқтығын көрсетуге міндетті. Егер мәселе Басқарманың тиісті жылға арналған жұмыс жоспарында қарастырылған болса, бірақ материалдар ұсынылмаса және мәселе Басқарманың тиісті отырысының күн тәртібіне енгізілмесе, корпоративтік хатшы жауапты тұлғалардан оның себебін сұрайды және оны Директорлар кеңесі мен Басқарманың тиісті шаралар қабылдауы үшін Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінде көрсетеді.

6.5.3. Күн тәртібі отырысқа қатысқан Директорлар кеңесі мүшелерінің көпшілік дауысымен бекітіледі.

Директорлар кеңесі сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдаған кезде күн тәртібін өзгертуге және (немесе) толықтыруға болмайды.

6.5.4. Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы құрамының 2/3 (үштен екісі) қатысқан Директорлар кеңесінің кез келген отырысы барысында күн тәртібіне, егер оларды күн тәртібіне қосу үшін Директорлар кеңесінің қатысқан барлық мүшелері дауыс берген жағдайда, күн тәртібіне қосымша мәселелер енгізілуі және қаралуы мүмкін. Ереженің 6.5-тармағының 6.5.5 және 6.5.6 тармақшаларында көрсетілген өзгерістерді қоспағанда, Директорлар кеңесінің отырысы туралы Директорлар кеңесінің мүшелері хабардар етілгеннен кейін Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібі өзгертілмейді.

6.5.5. Күн тәртібіне мәселе қоюдың бастамашысы шешім қабылданғанға дейін кез келген уақытта өз мәселесін күн тәртібінен алып тастай алады, бұл міндетті түрде хаттамамен ресімделеді.

6.5.6. Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының 2/3 (үштен екісі) қатысу немесе конференц-байланыс арқылы қатысатын Директорлар кеңесінің кез келген отырысында егер директорлар кеңесінің барлық қатысқан мүшелері оларды күн тәртібіне енгізу үшін дауыс берген жағдайда бірақ Директорлар кеңесінің жеке немесе конференц-байланыс арқылы қатыспаған мүшелерінің жазбаша пікірлерін пайдалана отырып өткізілетін жағдайды қоспағанда қосымша мәселелер енгізілуі және қаралуы мүмкін.

6.5.7. Мерзімдері бұзылған мәселелер күн тәртібіне енгізілген жағдайда, ДК төрағасына Басқарма төрағасының не оның орнындағы адамның қолы қойылған, осы қажеттіліктің толық негіздемелері бар ДК-нің алдағы отырысының күн тәртібіне қосымша мәселені енгізу туралы өтінішхат беріледі. Бұл процесс ДК бекіткен қоғамның ішкі құжатында толығырақ сипатталуы мүмкін.

6.6 Директорлар кеңесі отырыстарының регламенті

6.6.1. Директорлар кеңесінің отырысы кворум болған кезде хабарламада көрсетілген уақытта басталады және оны Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе оның міндетін атқарушы Директорлар кеңесінің мүшесі ашады.

6.6.2. ДК отырысын өткізуге арналған Кворум ДК мүшелері санының

кемінде жартысын құрайды және Қатысушылар ескеріле отырып айқындалады.

6.6.2.1. Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Директорлар кеңесі кезектен тыс АЖЖ-ның қарауына Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау (тағайындау) мәселесін шығаруға міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері осындай мәселені Акционерлердің осындай кезектен тыс жалпы жиналысының қарауына шығару туралы ғана шешім қабылдауға құқылы.

6.6.2.2. Қоғам Жарғысының 98-тармағының 1), 5), 6), 8-15), 22-34), 43), 49), 50), 52), 53) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің отырысын өткізуге арналған кворум Директорлар кеңесі мүшелерінің үштен екісін құрайды, бұл ретте Директорлар кеңесінің отырысына тәуелсіз директорлардың көпшілігі қатысуы тиіс.

6.6.2.3. Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны осы тармақтың алдындағы абзацта белгіленген кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, көрсетілген мәселелерді қарау Директорлар кеңесінің келесі отырысына ауыстырылады. Осы тармақтың алдындағы абзацта көрсетілген мәселелерді қайта қараған кезде кворумға және тәуелсіз директорлар санына қойылатын талаптар қолданылмайды.

6.6.3. Кворумның болуын отырыс басталар алдында Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе оның міндетін атқарушы Директорлар кеңесінің мүшесі айқындайды.

6.6.4. Кворум болмаған жағдайда Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе оның міндетін атқарушы Директорлар кеңесінің мүшесі отырыстың 14 (он төрт) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімге ауыстырылғаны туралы хабарлайды.

6.6.5. Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе оның міндетін атқарушы Директорлар кеңесінің мүшесі Қатысушыларға Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін кворумның бар екендігі туралы хабарлайды және Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібін жариялайды.

6.6.6. Если в ходе заседания СД член СД предлагает дать Правлению и (или) должностным лицам Общества поручение, его формулировка должна быть четкой, с указанием сроков, ответственных лиц и должна быть включена в решение СД по рассматриваемому вопросу повестки дня, а если поручение предлагается безотносительно вопроса повестки, то такое поручение должно быть поддержано большинством членов СД, участвовавшими в заседании СД путем личного присутствия или Конференц-связи и отражено в протоколе заседания СД. Егер Директорлар кеңесінің отырысында Директорлар кеңесінің мүшесі Қоғамның Басқармасына және (немесе) лауазымды тұлғаларына бұйрық беруді ұсынса, оның тұжырымы анық болуы, орындау мерзімдері, жауапты тұлғалары көрсетіліп, шартқа енгізілуі тиіс, ал егер бұйрық күн тәртібіндегі мәселеге қарамастан ұсынылса, мұндай нұсқауды Директорлар кеңесінің отырысына жеке немесе конференц-байланысы арқылы қатысқан Директорлар кеңесі мүшелерінің көпшілігі қолдауға тиіс және ол Директорлар кеңесі отырысының хаттамасында көрсетілуге тиіс.

6.6.7. Директорлар кеңесінің отырысы келесі кезеңдерден тұрады:

1) отырыстың күн тәртібін бекіту;

2) Директорлар кеңесі мүшесінің немесе шақырылған тұлғаның күн тәртібінің мәселесі бойынша баяндамамен сөз сөйлеуі;

3) күн тәртібіндегі мәселені талқылау;

4) күн тәртібінің мәселесі бойынша шешімді тұжырымдау бойынша ұсыныстар оның ішінде директорлар кеңесі мүшелерінің ескертулері мен нұсқауларының егжей-тегжейлі айтылуы;

5) дауыстарды санау және дауыс беру қорытындыларын шығару;

б) дауыс беру қорытындыларын жариялау, ал қаралатын мәселе бойынша материалдарда қамтылған шешім жобасына өзгерістер енгізілген жағдайда, өзгертілген шешімнің редакциясын егжей-тегжейлі айту; бұл ретте хаттамада Директорлар кеңесінің отырысына қатысқан Директорлар кеңесінің мүшелерінің жазбаша пікір арқылы ғана бастапқы ұсынылған шешім жобасын жақтап дауыс бергені және осыны ескере отырып, дауыс беру нәтижелері қорытындыланады.

6.6.8. Директорлар кеңесі жабық отырыс өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы, оған тек Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алады.

6.6.9. Директорлар кеңесінің отырысына Қоғамның аудитін жүргізген аудиторлық ұйымның өкілдері, Қоғамның ішкі аудит қызметінің қызметкерлері, Қоғам Басқармасының мүшелері, Қоғам қызметкерлері, сондай-ақ өзге де тұлғалар шақырылуы мүмкін.

6.7. Директорлар кеңесінің бетпе-бет отырысында дауыс беру

6.7.1. Директорлар кеңесі шешім қабылдаған кезде Қатысушылар күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беру жолымен өз пікірін білдіруге құқылы

6.7.2. Ереженің 6.1.9-тармағында көрсетілген ерекшеліктерді ескере отырып, бетпе-бет нысаны Директорлар кеңесі мүшелерінің отырыстарға жеке қатысуы, сондай-ақ конференц-байланыс арқылы жүзеге асырылады. Осылайша Директорлар кеңесінің отырысына Қатысушы Жарғыға сәйкес дауыс беруге және кворумда есепке алынуға құқылы.

6.7.3. Егер Директорлар кеңесінің мүшесі отырысқа өзі жеке немесе конференц-байланыс арқылы қатыса алмаса, ол күн тәртібіндегі мәселелер бойынша өз Жазбаша пікірін білдіруге құқылы. Бұл құқық Ереженің 6.1.9-тармағында көзделген шектеулерді ескере отырып жүзеге асырылады.

6.7.4. Жазбаша пікірде мыналар болуы керек:

1) Директорлар кеңесінің отырысының нөмірі мен күні;

2) Директорлар кеңесінің жоқ мүшесінің пікірі Жазбаша пікір жіберу арқылы білдірілетін күн тәртібі;

3) дауыс берудің үш нұсқасының бірін таңдау арқылы күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша нақты көрсетілген ұстаным: «жақтап» / «қарсы» / «қалыс қалды»;

4) күні және Директорлар кеңесі мүшесінің қолы;

5) Директорлар кеңесі мүшесінің қарауы бойынша күн тәртібіне қатысты басқа да ақпарат.

6.7.5. Директорлар кеңесі мүшесінің Жазбаша пікірі Директорлар

кеңесінің төрағасына және Корпоративтік хатшыға осындай Жазбаша пікірді алуға кепілдік беретін және алу күні мен уақытын айқындайтын кез келген нысанда жіберілуі мүмкін.

6.7.6. Директорлар кеңесінің мүшесі ұсынған Жазбаша пікір кворум мен дауыс беру қорытындыларын есептеу кезінде ескеріледі және отырыс хаттамасымен ресімделеді.

6.7.7. Жазбаша пікірді Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесінің отырысы басталғанға дейін ұсынуы тиіс..

6.7.8. Директорлар кеңесінің Төрағасы не оның міндетін атқарушы Директорлар кеңесінің мүшесі пікірлер ұсынылған күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беру басталғанға дейін Директорлар кеңесінің отырысында жоқ Директорлар кеңесі мүшелерінің ұсынылған Жазбаша пікірлерін жария етуге міндетті.

Егер күн тәртібі бойынша бұрын Жазбаша пікір ұсынған Директорлар кеңесінің мүшесі аралас дауыс беру пайдаланылатын Директорлар кеңесінің отырысына қатысу және дауыс беру үшін келсе, онда мұндай дауыс беру рәсімі Ереженің 6.1.14, 6.1.15 және 6.1.16-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.

6.7.9. Директорлар кеңесінің отырысында мәселелерді шешу кезінде Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие болады

6.7.10. Директорлар кеңесі мүшесінің дауыс беру құқығын өзге тұлғаға, оның ішінде Директорлар кеңесінің басқа мүшесіне беруге жол берілмейді.

6.7.11. Директорлар кеңесі жасалуына Қоғамның мүдделілігі бар мәміле бойынша шешім қабылдауы тиіс болған жағдайда, Директорлар кеңесінің мәжілісін өкілетті өткізу үшін қажетті кворум осындай мәмілеге мүдделі емес (немесе мүдделі емес деп есептелетін) Директорлар кеңесінің кемінде 2 (екі) мүшесін құрауы тиіс. Қоғамның мұндай мәмілені жасауы туралы шешім оның жасалуына мүдделі емес Қатысушылардың қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады. Егер тәуелсіз директорларды қоспағанда, Директорлар кеңесінің барлық мүшелері мұндай мәмілені жасауға мүдделі болса, шешім тәуелсіз директорлардың жай көпшілік дауысымен қабылданады.

6.7.12. Қоғамның жасалуына мүдделілік бар мәмілені жасасуы туралы шешімді мына жағдайларда АЖЖ-сы қабылдайды:

1) егер Директорлар кеңесінің барлық мүшелері мүдделі тұлғалар болып табылса;

2) шешім қабылдау үшін қажетті дауыстар санының болмауына байланысты Директорлар кеңесінің осындай мәмілені жасасуы туралы шешім қабылдауы мүмкін болмаған жағдайда.

6.8. Директорлар кеңесінің шешім қабылдауы

6.8.1. Директорлар кеңесі отырысының белгіленген тәртіпте бекітілген күн тәртібіндегі мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің шешімдері келесі тәсілдермен қабылданады:

1) бетпе-бет дауыс беру арқылы;

2) сырттай дауыс беру арқылы.

6.8.2. Директорлар кеңесінің шешімдері, егер ҚР-ның заңнамасында

өзгеше көзделмесе, отырысқа қатысып отырған, немесе Жазбаша пікір білдірген, немесе сырттай дауыс беруге қатысатын Директорлар кеңесі мүшелерінің (Қоғамның Жарғысында көзделген жағдайларды қоспағанда) жай көпшілік даусымен қабылданады

6.8.3. Дауыстар тең болған кезде Директорлар кеңесі төрағасының немесе оның міндетін атқарушы Директорлар кеңесі мүшесінің дауысы шешуші болып табылады.

6.8.4. Директорлар кеңесінің тиімді және уақтылы шешімдер қабылдауы үшін мынадай факторлардың сақталуын қамтамасыз ету қажет:

1) Директорлар кеңесіне ұсынылатын материалдардың, ақпараттың, құжаттардың жоғары сапасы, оның ішінде қажет болған жағдайда ағылшын тіліне аудармасы;

2) қажет болған жағдайда сарапшылардың (ішкі және сыртқы) пікірін алу (сарапшыларды тарту қабылданған шешім үшін Директорлар кеңесін жауапкершіліктен босатпайтындығын ескеру қажет);

3) Директорлар кеңесінің отырысында, әсіресе маңызды және күрделі мәселелер үшін, талқылауға бөлінетін уақыт;

4) мәселелерді уақытында қарау;

5) шешімдерде одан әрі іс-қимыл жоспары, мерзімі және жауапты тұлғалар бекітілуі тиіс.

6.8.5. Келесі факторлар Директорлар кеңесі шешімдерінің сапасына теріс әсер етуі мүмкін:

1) отырыста бір немесе бірнеше директорлардың үстемдігі, бұл басқа директорлардың талқылауға толыққанды қатысуын шектеуі мүмкін;

2) тәуекелдерге формальды қарау;

3) жеке мүдделерді ойлау және төмен этикалық стандарттар;

4) Директорлар кеңесінің отырысында нақты және белсенді талқылаусыз формальды шешім қабылдау;

5) ымырасыз позиция (икемділіктің болмауы) немесе дамуға ұмтылудың болмауы (ағымдағы жағдаймен қанағаттану);

6) әлсіз ұйымдастыру мәдениеті;

7) ақпараттың және/немесе талдаудың жеткіліксіздігі

8) шешімдердің анық емес тұжырымдары, дауыс берудің қорытындыларын және әрбір мәселе бойынша қабылданған шешімдерді, оның ішінде Директорлар кеңесінің тапсырмалары бөлігінде, жеткіліксіз егжей-тегжейлі жариялау,

9) отырыстың күн тәртібіндегі мәселелердің айтарлықтай саны (20-дан астам);

10) Директорлар кеңесінің отырыстарына материалдардың уақтылы ұсынылмауы және соның салдарынан күн тәртібіндегі мәселелердің дұрыс зерттелуіне уақыттың жеткіліксіздігі, әсіресе күн тәртібіндегі мәселелердің саны 20-дан астам болған жағдайда.

6.9. Директорлар кеңесі бетпе-бет отырысының хаттамасы

6.9.1. Бетпе-бет тәртіпте өткізілген отырыста қабылданған Директорлар кеңесінің шешімдері хаттамамен ресімделеді. Директорлар кеңесінің

отырысының хаттамасы Қоғам Жарғысына, Ережеге және Қоғамның басқа да қолданыстағы ішкі құжаттарына сәйкес ресімделеді.

6.9.2. Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын Қоғамның Корпоративтік хатшысы жүргізеді.

6.9.3. Директорлар кеңесі отырысының хаттамасы ол өткізілгеннен кейін 3 (үш) күннен кешіктірілмей жасалады Директорлар кеңесі отырысының хаттамасына Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе оның міндетін атқарушы Директорлар кеңесінің мүшесі және Корпоративтік хатшы қол қояды.

6.9.4. Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын корпоративтік хатшы жасайды және отырысқа төрағалық етуші тұлға мен корпоративтік хатшы отырыс өткізілгеннен кейін 7 (жеті) күннен кешіктірмей қол қояды.

6.9.5. Отырыс хаттамасында мыналар көрсетіледі:

- 1) Қоғам Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) отырысты өткізу күні, уақыты және орны;
- 3) отырысқа қатысқан адамдар туралы мәліметтер;
- 4) отырыстың күн тәртібі;
- 5) дауыс беруге қойылған мәселелер және Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижесін көрсете отырып, олар бойынша дауыс беру қорытындылары;

6) Директорлар кеңесі мүшелерінің ерекше пікірлері (бар болса);

7) қабылданған шешімдер;

8) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтер

6.9.5. Директорлар кеңесінің шешімімен келіспеген жағдайда Директорлар кеңесінің мүшесі отырыстың хаттамасында өзінің келіспеуін тіркеуді талап етуге құқылы.

6.9.6. Егер Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселе бойынша «қалыс қалды» деген жағдай болса, Директорлар кеңесі отырысының хаттамасында (сырттай дауыс берудің шешімінде) осындай дауыс берудің тиісті себебі көрсетіледі.

6.9.7. Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселе бойынша мүдделілігі бар Директорлар кеңесінің мүшесі аталған мәселе бойынша талқылауға және дауыс беруге қатыспайды, бұл жөнінде Директорлар кеңесі отырысының хаттамасында тиісті жазба жасалады.

6.9.8. Директорлар кеңесі отырысының хаттамасына Директорлар кеңесінің төрағасы немесе оның міндетін атқарушы Директорлар кеңесінің мүшесі және Корпоративтік хатшы қол қояды.

6.9.9. Директорлар кеңесінің отырысына қатысқан тұлғалардың сөйлеген сөздерін қамтитын Директорлар кеңесі отырысының аудио және / немесе бейне жазбасы қол қойылған хаттамаға қоса берілуі мүмкін.

6.9.10. Қоғам отырыстардың хаттамаларын және Директорлар кеңесінің бетпе-бет және сырттай дауыс беру жолымен қабылданған шешімдерін Қоғамның мұрағатында сақтауға міндетті.

Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары мен оларға материалдардың тиісінше сақталуын, оның ішінде тиісті құпиялылық

режимін қамтамасыз етуді ескере отырып, белгіленген тәртіпте құжаттарды уақтылы дайындауды және Қоғамның мұрағатына тапсыруды қамтамасыз етеді.

6.9.11. Қоғамның Корпоративтік хатшысы Директорлар кеңесі мүшесінің жазбаша талабы бойынша осындай талапты алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде оған танысу үшін Директорлар кеңесі (Директорлар кеңесі Комитеттері) отырысының хаттамасын және (немесе) оған Қоғамның Корпоративтік хатшысының қолымен және Директорлар кеңесі мөрінің бедерімен расталған хаттама мен шешімнің үзінділерін беруге міндетті. Корпоративтік хатшы Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің жазбаша сұрау салуы бойынша, тиісті құпиялылық режимін қамтамасыз ету шартымен, 10 (он) жұмыс күні ішінде құжаттардың түпнұсқаларын, сондай-ақ Корпоративтік хатшының қолымен және Қоғам Директорлар кеңесінің мөрімен расталған жиналыс хаттамасынан (шешімдерден) үзінді көшірмелерді танысуға ұсынады.

6.9.12. Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесінің төрағасы бекіткен отырыс хаттамасынан үзінді көшірмелерді қалыптастырады. Директорлар кеңесі отырысының хаттамасынан үзінді көшірмелер мен үзінді көшірмелерді жасауды, тіркеуді және кейіннен беруді (сұраныс бойынша) Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен Қоғамның ішкі құжатында белгіленген тәртіппен Корпоративтік хатшы қызметі жүзеге асырады.

6.9.13. Директорлар кеңесінің отырысына қатыспаған немесе ҚР-ның заңнамасында және Қоғамның Жарғысында белгіленген тәртіпті бұза отырып, Директорлар кеңесі қабылдаған шешімге қарсы дауыс берген Директорлар кеңесінің мүшесі оған сот тәртібімен дау айтуға құқылы.

6.10. Директорлар кеңесінің сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдауы

6.10.1. Директорлар кеңесі төрағасының қалауы бойынша Директорлар кеңесінің қарауына енгізілген мәселелер бойынша шешім қабылдау сырттай дауыс беру арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Сырттай дауыс беру күн тәртібіндегі мәселелер бойынша талқылауды және интерактивті пікір алмасуды көздемейді. Бұл ретте оның нәтижелері Директорлар кеңесі отырысының хаттамасымен ресімделеді. Қоғамның Жарғысымен сырттай дауыс беру жүргізілмейтін мәселелер шеңбері анықталады

6.10.2. ҚМГ Жарғысы 98-тармағының 1), 5), 7), 9-16), 19, 21-26), 30-33), 37-40), 42), 43), 45), 50), 52), 56-58) тармақшаларында белгіленген мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы шешімдер қабылданбайды.

6.10.3. Сырттай дауыс беру қажет болған жағдайда корпоративтік хатшы корпоративтік хатшыға белгіленген тәртіппен ұсынылған материалдар топтамасы негізінде сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдау қажеттілігі туралы өтінішті (бұдан әрі – **Өтініш**) қалыптастырады. Бұл ретте материалдардың мұндай топтамасы сырттай дауыс беру арқылы Директорлар кеңесінің шешімін қабылдау үшін қажетті негіздемелер (соның ішінде мәселелердің өзектілігі, оларды талқылау қажеттілігінің жоқтығы және басқа да түсіндірмелер) болуы тиіс, сондай-ақ шешімдер қабылдаудың ұсынылған мерзімі көрсетілуі керек. Өтініште сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдау

ұсынылатын мәселелердің тізбесі көрсетіледі, сондай-ақ мұндай мәселелер бойынша материалдардың толық пакеті Өтінішке қоса беріледі.

6.10.4. Өтініш оның алынуына кепілдік беретін тәртіппен Директорлар кеңесінің төрағасына жіберіледі. Директорлар кеңесінің төрағасы Өтінішті мақұлдағаннан кейін корпоративтік хатшы Өтінішті алуды қамтамасыз ететіндей түрде Директорлар кеңесінің мүшелеріне жібереді.

6.10.5. Корпоративтік хатшы Өтінішті жібергеннен кейін 3 (үш) күн ішінде Директорлар кеңесінің мүшелері Өтініште ұсынылған кейбір немесе барлық мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдауға қарсылықтарын корпоративтік хатшыға жібере алады.

6.10.6. Директорлар кеңесі мүшесінің сырттай дауыс беруге қойылған мәселелер бойынша құжаттарға және / немесе шешімдер жобаларының редакциясына ескертулері (ұсыныстары, толықтырулары) болған жағдайда немесе Директорлар кеңесі мүшесінің пікірі бойынша ұсынылған мәселе Директорлар кеңесінің жеке отырысында қаралуы тиіс болған жағдайда, Директорлар кеңесінің мұндай мүшесі оның қарсылығын алуына кепілдік беретін тәртіппен корпоративтік хатшыға қарсылық жолдауы мүмкін. Егер Директорлар кеңесінің кем дегенде бір мүшесі мәселені сырттай дауыс беру арқылы қарауға қарсылық білдірсе, мәселе келесі жеке отырыстың күн тәртібіне енгізіледі. Бұл ретте, егер Өтініште сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдауға ұсынылатын бірнеше мәселелер қамтылса, олар бойынша шешімдер Директорлар кеңесінің мүшелерінен келіп түскен қарсылықтар ескеріле отырып қабылданады.

6.10.7. Отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша сырттай дауыс беру үшін бюллетеньдер пайдаланылады. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньді Қоғамның Корпоративтік хатшысы Директорлар кеңесінің мүшелеріне сырттай дауыс беруге арналған дауыстарды санау күніне дейін 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірмей, оны өткізу туралы хабарлай отырып жіберуі тиіс.

6.10.8. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетень және өзге де ақпарат (материалдар) Директорлар кеңесінің мүшелеріне пошта / электрондық немесе өзге байланыс арқылы жіберілуі немесе жеке табыс етілуі тиіс. Дауыс беру бюллетенінде бюллетеньдерді алудың басталуы мен аяқталу күні мен уақыты көрсетіледі.

6.10.9. Сырттай дауыс беру арқылы шешім белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерге сәйкес кворум болған жағдайда қабылданды деп танылады.

6.10.10. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді қабылдау аяқталған күннен бастап 7 (жеті) күнінен кешіктірілмейтін мерзімде сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешім жазбаша түрде ресімделуі және оған Директорлар кеңесінің төрағасы мен Қоғамның Корпоративтік хатшысы қол қоюы және ол мыналарды қамтуы тиіс:

- 1) Қоғам Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) Директорлар кеңесінің отырысының күні мен нысаны;
- 3) бюллетеньдері мерзімінде алынған адамдар туралы мәліметтер;
- 4) отырыстың күн тәртібі;

5) дауыс беруге қойылған мәселелер және әрбір мәселе бойынша шешімдердің тұжырымдамасы және Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижесін көрсете отырып, олар бойынша дауыс беру қорытындылары;

6) Директорлар кеңесі мүшелерінің ерекше пікірлері (бар болса);

7) қабылданған шешімдер.

6.10.11. Директорлар кеңесі сырттай дауыс беру арқылы қабылдаған шешімдерді және сырттай дауыс беру қорытындыларын Қоғамның Корпоративтік хатшысы Директорлар кеңесінің мүшелеріне осы шешім негізінде қабылданған бюллетеньдерді қоса бере отырып, шешімге қол қойылған сәттен бастап 20 (жиырма) күнтізбелік күннен кешіктірілмейтін мерзімде жіберуі тиіс.

6.10.12. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетень Директорлар кеңесінің мүшесімен қол қойылуы тиіс. Қол қойылмаған бюллетень жарамсыз деп есептеледі.

6.10.13. Дауыстарды есептеу кезінде Директорлар кеңесінің мүшесі бюллетеньде белгіленген дауыс беру тәртібін сақтаған және дауыс берудің тек бір ғана ықтимал нұсқасы қойылған мәселелер бойынша дауыстар есептеледі.

6.11. Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын бақылау

6.11.1. Директорлар кеңесі Басқарманың, Директорлар кеңесі Комитеттері төрағаларының, Ішкі аудит қызметінің, Корпоративтік хатшының Директорлар кеңесі басқа мерзім белгілемесе, Директорлар кеңесінің әрбір отырысына ұсынылатын Директорлар кеңесінің шешімдерінің орындалуы және (немесе) орындалу барысы туралы есептерін қарау арқылы өз шешімдерінің орындалуына бақылауды жүзеге асырады.

6.11.2. Корпоративтік хатшы қабылданған шешімдерді мен тиісті тапсырмаларды Басқарманың, Директорлар кеңесіне есеп беретін қызметтері мен жауапты құрылымдық бөлімшелердің назарына жеткізеді және Директорлар кеңесі шешімдерінің орындауын бақылау мерзімдері Директорлар кеңесін хабардар етеді.

6.11.3. Ұсынылған есептерді қарау қорытындылары бойынша Директорлар кеңесі өз өкілеттіктері шегінде тиісті тапсырмаларды беруге құқылы.

7. Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

7.1. Ереженің нормалары мен ҚР-ның заңнамасының, Қоғам Жарғысының, Қоғамның Корпоративтік басқару кодексінің ережелері арасында қайшылықтар болған жағдайда, Ереже ҚР-ның заңнамасының, Қоғам Жарғысының, Қоғамның Корпоративтік басқару кодексінің ережелеріне қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады.

7.2. Ережемен реттелмеген бөлігінде Қоғам Жарғысының ережелері қолданылады.

7.3. Ереже ҚР-ның заңнамасында және Қоғамның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен АЖЖ-сы бекіткен күннен бастап күшіне енеді.

7.4. Ережеге өзгерістер және (немесе) толықтырулар ҚР-ның заңнамасында және Қоғамның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен АЖЖ-ның шешімімен енгізіледі.

**«ҚазМұнайГаз» ҰҚ АҚ Директорлар кеңесінің мүшесімен
КЕЛІСІМШАРТ**

Астана

№ _____

« __ » _____ 20__

«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» Акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам), Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының негізінде және Қоғамның барлық дауыс беретін акцияларына иелік ететін тұлғаның шешіміне сәйкес (_____ хаттама) әрекет ететін Қоғам Директорлар кеңесінің төрағасы _____ тұлғасында, бір тараптан, және Қоғамның барлық дауыс беретін акцияларына иелік ететін тұлғаның шешіміне сәйкес (_____ хаттама) Қоғамның тәуелсіз директоры болып сайланған _____ мырза, _____ азаматы, _____ берілген паспорт № _____, (бұдан әрі –Директор), екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп Тараптар деп аталатындар, төмендегілер туралы осы келесімшартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты:

1. Шарттың мәні

1. Осы Шарт бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына (бұдан әрі - заңнама), Қоғам Жарғысына, Корпоративтік басқару кодексіне және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес директордың құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ Қоғамның директорға сыйақы төлеу және осы шарт бойынша және Қоғамның барлық дауыс беретін акцияларына иелік ететін тұлғаның шешімдеріне сәйкес міндеттерді орындауға байланысты шығыстарды өтеу міндеті белгіленеді.

2. Тараптар өзіне алған міндеттемелерді орындау кезінде заңнаманы, осы Шартты, Қоғам Жарғысын және ішкі құжаттарды басшылыққа алады

2. Директордың құқықтары

3. Директордың мынадай құқығы бар:

1) заңнаманың талаптарын ескере отырып, өзінің функцияларын орындау үшін қажетті кез келген ақпаратты Қоғамның лауазымды тұлғаларынан және органдарынан сұратуға және / немесе уақтылы алуға;

2) Шартта, Қоғам Жарғысында және ішкі құжаттарында көзделген функцияларды орындау үшін Қоғам ұсынатын қызметтік үй-жайларды, байланыс құралдарын, және басқа да мүлігін қолдануға;

3) Директорлар кеңесінің/Директорлар кеңесінің комитеттерінің отырыстарында қаралатын мәселелер бойынша өз пікірін немесе жеке қатысу

мүмкін болмаған жағдайда жазбаша пікір білдіру, Қоғам Жарғысында және ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібі мәселелері бойынша дауыс беруге;

4) Қоғам Жарғысында, Қоғамның барлық дауыс беретін акцияларына иелік ететін тұлғаның/ Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдерінде, Қоғамның басқа да ішкі құжаттарында және Шартта көзделген тәртіппен Қоғамнан сыйақы және Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін орындауға байланысты шығыстарға өтемақы алуға;

5) Қоғамның Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелері үшін қызметке кірісу бағдарламасынан және біліктілігін арттырудан өтуге;

6) акционерлердің жалпы жиналысының/ қоғамның барлық дауыс беретін акцияларына иелік ететін тұлғаның шешімдерімен, Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамаларымен және шешімдерімен, Директорлар кеңесі комитеттері отырыстарының хаттамаларымен, заңға сәйкес мемлекеттік құпия болып табылатын мәліметтерді қоспағанда аудиторлық есептермен танысуға,

7) Қоғамның Директорлар кеңесінің кезектен тыс отырысын шақыруға бастамашылық ету, сондай-ақ Қоғамның Директорлар кеңесінің жұмыс жоспарын қалыптастыру немесе өзгерту жөнінде ұсыныстар енгізу;

8) Қоғамның Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіне мәселелер енгізу;

9) Қазақстан республикасының заңнамасында, ҚМГ Жарғысында, Корпоративтік басқару кодексінде және Қоғамның басқа да ішкі құжаттарында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға.

3. Директордың міндеттері

4. Директор өз құқықтарын жүзеге асыру және өз міндеттерін орындау кезінде Қоғамның және оның акционерлерінің мүдделері үшін адал, негізді және әділ, тиянақтылықпен әрекет етуге және Қоғамның мүдделері үшін, Қазақстан Республикасының заңнамасы, Қоғам жарғысы, Корпоративтік басқару кодексі және Қоғамның ішкі құжаттар талаптары, қоғамның моральдық принциптері, сондай-ақ іскерлік этика нормалары қамтылғандарды сақтай отырып, объективті шешім қабылдауға міндетті.

5. Директор қызметінің негізгі принциптері кәсібилік, парасаттылық, сақтық, адалдық және объективтілік болып табылады.

6. Директор міндетті:

1) заңнаманың, Қоғам Жарғысының, Корпоративтік басқару кодексінің және ішкі құжаттарының талаптарын ескере отырып, өз міндеттерін орындауға;

2) Қоғам Жарғысында және басқа ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен, оның ішінде техникалық құралдар арқылы (телефон, бейнеконференция және т.б.), Директорлар кеңесінің, өзі мүшесі болып табылатын Директорлар кеңесі комитеттерінің жеке отырыстарына қатысуға; себептерін көрсете отырып, Директорлар кеңесінің және/немесе оның комитетінің отырысына қатысу мүмкін еместігі туралы алдын ала хабарлауға;

3) Белгіленген мерзімде сыртқы тәртіппен өткізілетін Директорлар кеңесінің отырыстарында қаралатын мәселелер бойынша сырттай дауыс беруге арналып қол қойылған бюллетеньдерді Директорлар кеңесіне беруге және ескертпелер мен қарсылықтар болған кезде белгіленген мерзімде өзінің жазбаша пікірлерін білдіруге;

4) Аталған шешімдер заңнамаға, жарғыға сәйкес және Директорлар кеңесі мүшесінің пікірі бойынша Қоғамның / акционерлердің және / немесе Қоғамның барлық дауыс беретін акцияларына иелік ететін тұлғаның мүдделеріне қайшы келмейтін жағдайда, Қоғамның барлық дауыс беретін акцияларына иелік ететін тұлғаның / Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысының шешімдерін, Қоғамның директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға,

5) Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ақпаратты және Қоғамдағы істің жай-күйін талдау, қажет болған жағдайда мұндай талдаудың нәтижелерін Қоғамның Директорлар кеңесіне / Акционерлердің жалпы жиналысына ұсыну;

6) Қоғам Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі комитеттерінің отырыстарына тиісті түрде дайындалуға, атап айтқанда: отырыстарға байланысты материалдармен күні бұрын танысуға, қажетті ақпаратты жинау мен талдауды жүзеге асыруға, негізделген шешім қабылдау үшін өз қорытындыларын, тұжырымдарын, ұсынымдарын дайындауға;

7) Директордың өкілеттіктер мерзімі аяқталғаннан, оның ішінде оның өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылғаннан кейін, осы Шарттың қолданылуын тоқтатқаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде, егер мұндайлар оған берілген болса, Қоғамға кеңсе кеңістігі және оның кілттерін, барлық құжаттар және өзге де мүлікті Қоғам айқындаған тұлғаға қабылдау-беру актісі бойынша беруге;

8) Қоғамның барлық дауыс беретін акцияларына иелік ететін тұлғаның/ Акционерлердің жалпы жиналысының/ Директорлар кеңесінің төрағасының талап етуі бойынша жеке және құпиядан басқа, Қоғам Директорлар кеңесінің құзыретіне кіретін мәселелер шегінде кез келген ақпаратты ұсынуға;

9) тұтастай алғанда Директорлар кеңесіне жүктелген міндеттерге және тікелей Директорға жүктелген функцияларды орындауға жеткілікті уақыт бөлу

10) Директорлар кеңесінің отырысында дауыс беру кезінде айтылған пікірге байланысты, заңнамада белгіленген тәртіппен Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыретіне жататын мәселелер шегінде Қоғамды тиімді басқару үшін Қоғамның Директорлар кеңесінің барлық мүшелерімен жауапкершілікті бөлісуге;

11) Қоғамның бәсекелес компанияларында жұмыс істемеуге және лауазым иеленбеуге;

12) Қоғамның бәсекелес компанияларында қаржылық мүдделілік иеленбеуге;

13) басқа ұйымдардағы (коммерциялық және коммерциялық емес) қызметтер мен лауазымдарды қоса атқару жөнінде келіп түскен жаңа ұсыныстар туралы Директорлар кеңесінің төрағасын алдын ала хабардар етуге;

14) басқа ұйымдардың 4-тен (төрт) артық Директорлар кеңесіне кірмеуге және бірден артық ұйымда қоса атқарушылық бойынша жұмыс жасамауға;

15) келесі ережелер мен талаптарды орындауға:

өзіне (немесе өзіне қатысты адамдарға) немесе басқаларға қатысты мүдделер қақтығысы туындауы мүмкін жағдайды болдырмайтындай әрекет етуге;

мүдделер қақтығысына әкеп соғуы мүмкін әрекеттерден бас тартуға;

мүдделер қайшылығы бар мәселелер бойынша шешім қабылдаудан бас тартуға;

Қоғамның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен Қоғаммен байланысты нақты немесе ықтимал мәмілелердегі, келісімшарттардағы, жобалардағы кез келген жеке коммерциялық немесе өзге де (тікелей немесе жанама) мүдделер туралы Қоғамның Директорлар кеңесін дереу хабардар етуге;

Директорлар кеңесін уақтылы хабардар етуге және Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіндегі мәселе(лер) бойынша шешіміне мүдделілігі бар мәселені талқылауға және дауыс беруге қатыспауға;

Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде Директор қабылдаған немесе жасаған шешімдері немесе әрекеттері үшін сыйақыны құрайтын немесе қарастырылуы мүмкін сыйлықтарды, қызметтерді немесе жеке немесе заңды тұлғалардан кез келген артықшылықтарды алмауға;

Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін атқаруына байланысты Директорға белгілі болған құпия, инсайдерлік және өзге де ақпаратты осындай ақпаратқа рұқсаты жоқ тұлғаларға жария етпеуге, сондай-ақ оны Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін орындау кезеңінде де, өз өкілеттіктерінің мерзімі аяқталғаннан кейін 5 (бес) жыл ішінде де, сондай-ақ егер Қоғамның құжаттарында (ақпаратта) неғұрлым ұзақ мерзім көзделмесе, белгілі болған құжаттарда (ақпаратта) белгіленген мерзім ішінде өз мүддесі немесе үшінші тұлғалар мүддесі үшін пайдаланбауға;

Қоғам үй-жайларында жұмыс істеу кезінде Қоғамның ішкі құжаттарында қарастырылған және қауіпсіздік режиміне байланысты және Қоғамның құпия ақпаратымен жұмыс істеу ережелері мен рәсімдерін сақтауға;

Қоғамның құжаттарында белгіленген мерзімде өзінің үлестес тұлғалары туралы ақпаратты жүйелі түрде ұсынуға;

Қоғамның мүдделер қақтығысын реттеу туралы ережелердің және Іскерлік этика кодексінің нормаларын сақтауға

16) Директорлар кеңесіне заңнамада белгіленген тәртіппен өз өтініші бойынша осы Шартты дереу мерзімінен бұрын бұзу туралы жазбаша хабарлауға.

17) Қазақстан Республикасының заңнамасында, Жарғыда, Қоғамның өзге де ішкі құжаттарында және осы Шартта көзделген өзге де міндеттерді орындауға.

7. Директор Қоғамға оның деректерін (электрондық, қағаз және (немесе) басқа да материалдық жеткізгіштерде жазылған Директорға қатысты мәліметтер) жинауға және өңдеуге, оның ішінде Қоғамның жазбаша нысанда немесе электрондық құжат нысанында немесе заңға қайшы келмейтін қорғау

әрекеттерінің элементтерін пайдалана отырып, барлық дауыс беретін акцияларды иеленетін тұлғаға деректерді беруге келісім береді.

4. Қоғам құқықтары

8. Қоғам:

1) Директордан заңнамада, Жарғыда, Қоғамның басқа да ішкі құжаттарында және осы Шартта көзделген Директордың міндеттерін тиісінше орындауды талап етуге;

2) Қоғамның барлық дауыс беретін акцияларына иеленетін тұлға / Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның Директорлар кеңесінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдаған жағдайда, Келісімшартты бұзу кезінде төленбеген барлық шығындар мен өтемақылар Директордың жұмыс уақытына пропорционалды түрде төленетінін ескере отырып, осы Шартты кез келген уақытта мерзімінен бұрын бұзуға;

3) өкілеттік шегінде деректерді жинау және өңдеуге (Директорға қатысты электрондық, қағаз және (немесе) басқа да материалдық жеткізгіштерде жазылған мәліметтер), оның ішінде жазбаша немесе электрондық құжат нысанында немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін қорғаныс әрекеттерінің элементтерін пайдалана отырып, акционерге / акционерлерге деректерді беруге;

4) заңнамада, Жарғыда, Қоғамның өзге де ішкі құжаттарында және осы Шартта көзделген өзге де құқықтарды пайдалануға құқылы.

5. Қоғам міндеттері

9. Қоғам:

1) Директорға осы Шартта көзделген сыйақыны уақтылы әрі толық көлемде төлеуге, сондай-ақ осы Шарттың талаптары және басқа да Қоғамның барлық дауыс беретін акцияларына иеленетін тұлғаның / Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысының шешімдері бойынша Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде оның міндеттерін орындауға байланысты шығыстарды өтеуге

2) Заңнаманың, Жарғының, Қоғамның өзге де ішкі құжаттарының талаптарын ескере отырып, Директорға оның міндеттерін тиісті орындау үшін қажетті және толық ақпаратты, материалдар мен құжаттарды уақтылы ұсынуға;

3) қажет болған жағдайда Директорға Қоғам Директорлар кеңесінің ішкі отырысына қатысу кезінде оның міндеттерін орындау үшін аудармашының қызметін, үй-жай, байланыс құралдарын және өзге де қажетті техникалық көмекті көрсетуге;

4) Директордың жауапкершілігін тиісті сақтандыру шартының талаптарына сәйкес сайланған күннен бастап және Қоғамның немесе Қоғамның барлық дауыс беретін акцияларына иеленетін тұлғаның қаражаты есебінен сақтандыруға, сондай-ақ Заңнамада, Қоғамның жарғысы және басқа да ішкі құжаттарында көзделген өзге де міндеттерді орындауға;

5) Заңнамада, Қоғамның жарғысы және басқа да ішкі құжаттарында көзделген өзге де міндеттерді орындауға.

6. Директорға төленетін сыйақы және өтемақы

10. Директорға Қоғамның барлық дауыс беретін акцияларына иеленетін акционердің шешімі негізінде _____ мөлшерінде заңнамада белгіленген салықтар мен басқа да міндетті шегерімдерден кейін жыл сайынғы тұрақты сыйақы төленеді.

Жыл сайынғы тұрақты сыйақыны Қоғам сыйақыны төлеу үшін есепті кезеңнен кейінгі ай ішінде Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесінің комитеттеріндегі мүшелік мерзіміне пропорционалды түрде төлейді. Сыйақыны төлеу бойынша есепті кезең тиісті күнтізбелік жылдың тоқсаны болып табылады.

Директор науқасқа байланысты ішкі отырыстарға қатыспауды қоспағанда, есепті кезеңде Директорлар кеңесінің барлық ішкі және сырттай отырыстарының жартысынан азына қатысса, тұрақты сыйақы төленбейді.

Сыйақыға Қазақстан Республикасының салық заңнамасының талаптарына сәйкес Қоғамның қаражаты есебінен салық салынуға жатады.

11. Қоғам Директорға Директорлар кеңесі комитеттерінің/ Директорлар кеңесінің отырыстарына және Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы және/немесе «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ Басқарма төрағасының бастамасымен Директордың тұрақты тұрғылықты жерінен тыс жерде өтетін отырыстарға баруға байланысты шығыстарды өтейді:

1) жол жүру (бизнес-кластағы әуе билеттерінің құнынан аспайтын мөлшерде), оның ішінде трансфер (такси);

2) тұру (нақты шығындарға сәйкес, бірақ брондау шығындарын қоса алғанда, стандартты бір орындық бөлменің құнынан аспауы керек);

3) күнделікті жәрдемақы (Қоғамның ішкі құжатында белгіленген Қоғам Басқарма төрағасының іссапар шығындарын өтеу шегінде);

5 сканерлеу, көшіру, факс, басып шығару, құжаттарды басып шығару, Қазақстан Республикасында Интернетке кіру қызметтері;

б) курьерлік және пошталық қызметтері.

Тұру, жол жүру, оның ішінде трансфер (такси), сканерлеу, көшіру, факс, басып шығару, құжаттарды басып шығару, Қазақстан Республикасында Интернетке кіру, курьерлік және пошта қызметтері бойынша шығындарды Қоғам нақты шығындар бойынша растайтын құжаттарды ұсынған кезде өтейді.

Қоғам шығындарды өтеуді Директор растайтын құжаттарды ұсынған кезде жүзеге асырады.

12. Шарттың 11-тармағында көрсетілген іс жүзінде жүргізілген барлық шығындардың орнын толтыру Қоғам төлеуге міндетті кез келген салықтарға жататын болса, барлық жұмсалған шығыстардың сомасы осындай сомалар ұсталған соң, салықтар алынбаса, бұл мұндай салықтар алынбаған сияқты нақты жұмсалған шығындардың сомасы болардай сомалармен түзетіледі.

13. Директордың өкілеттігі есепті кезеңнің соңына дейін (оның ішінде мерзімінен бұрын) тоқтатылған жағдайда, Директорға сыйақы және Қоғамның Директорлар кеңесіне нақты мүше болған кезеңі үшін өтемақы, өкілеттік

мерзімінің аяқталуы не Қоғамның барлық дауыс беретін акцияларына иеленетін тұлғаның тиісті шешім қабылдауы не Директорлар кеңесі мүшесінің өз өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы өтініш беруінен кейін бір айдан кешіктірмей төленеді.

14. Директордың немқұрайлылығы, оны тағайындау және осы Шарттың талаптарын бұзуы немесе оның Қоғамды немесе Қоғамның барлық дауыс беретін акцияларына иеленетін тұлғаны қасақана жаңылыстыру (алдау) немесе оның міндеттеріне қасақана немқұрайлылық танытқанын фактісін дәлелдейтін актінің болуы салдарынан, оның өкілеттігі тоқтатылған жағдайда, Директор оқиға болғанға дейінгі жұмыс уақыты үшін (осы факті туралы белгілі болған кезде) және/ немесе өкілеттіктерінің тоқтатылған мерзіміне дейін төлемдерді алады.

15. Директорға сыйақы және өтемақы банктік карточкасына немесе есеп айырысу шотына аударылады. Карточканың қызмет көрсетуі бойынша банкке сыйақыны директор төлейді.

7. Тараптардың жауапкершілігі

16. Директор Қоғам алдында Қоғамға директордың айыпты әрекеті (әрекетсіздігімен) келтірілген залалы үшін, егер жауапкершіліктің өзгеде негіздері мен мөлшері Қазақстан Республикасы заңдарымен немесе сот органдарымен белгіленбеген болса, тәуелсіз директор Шарттың 6-тармағының 15) тармақшасы талаптарын бұзған кезде жауапкершілік алады.

17. Директор егер ол Қоғамға залал келтірген шешімге қарсы дауыс берсе немесе осындай дауыс беруге қатыспаса, жауапты болмайды.

18. Директордың жауапкершілік негіздемелерін немесе мөлшерін анықтау кезінде іскерлік айналымның әдеттегі шарттары және іс үшін маңызы бар өзге мәнжайлар назарға алынуға тиіс.

8. Шарттың қолданылу мерзімі және оны бұзу шарттары

19. Шарт Қоғамның барлық дауыс беретін акцияларына ие тұлға Директорды сайлау туралы шешім қабылдаған күннен бастап күшіне енеді және Директордың өкілеттігі тоқтатылған күнге дейін қолданылады.

20. Қоғамның барлық дауыс беретін акцияларына иелік ететін тұлғаның/Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес Қоғам Директормен шартты кез келген уақытта негіздер бойынша немесе негізсіз мерзімінен бұрын бұзуға құқылы.

21. Директор Қоғамның Директорлар кеңесін белгіленген тәртіппен жазбаша хабардар ете отырып, өз бастамасы бойынша Шартты мерзімінен бұрын бұзуға құқылы.

22. Осы Шартты бұзу күні келесі күндердің ең ертесі болып табылады: (1) Қоғамның барлық дауыс беретін акцияларына ие тұлғаның / Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы шешіміне сәйкес Қоғамның Директорлар

кеңесінің өкілеттіктерін тоқтату күні (2) директордың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы мәселе бойынша шешім қабылданған күн (немесе Қоғамның барлық дауыс беретін акцияларына ие тұлғаның / Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешімінде көрсетілген күн), немесе 3) Қоғамның барлық дауыс беретін акцияларына иелік ететін тұлғаның және Қоғамның Директорлар кеңесінің директордан өз өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы хабарламаны алған күні (немесе хабарламада көрсетілген күн) бастама.

23. Шарт Тараптардың өзара келісімі бойынша өзгертілуі және/немесе толықтырылуы мүмкін.

24. Шартқа енгізілген барлық өзгерістер мен толықтырулар жазбаша нысанда жасалуы, Тараптар қол қоюы және Шарттың ажырамас бөлігі болуы тиіс.

9. Қорытынды ережелер

25. Осы Шарт Тараптардың әрқайсысы үшін бірдей заңды күші бар алты данада, мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде екі данадан жасалған.

26. Қарама-қайшылықтар туындаған жағдайда орыс тіліндегі мәтін басым заңды күшке ие болады.

27. Қоғам директоры Директорлар кеңесінің мүшесі болып қайта сайлаған жағдайда, Қоғам онымен жаңа шарт жасасады.

28. Осы Шартта реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамада, Қоғам Жарғысында және өзге де ішкі құжаттарында реттеледі.

10. Тараптардың деректемелері және қолдары

«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ:

Қазақстан Республикасы,

010000, Астана қ.,

Д. Қонаев көшесі, 8

БСН _____

ЖСК _____

БСК/SWIFT _____

КБе __

Директор:

Мекенжайы: _____

Туған күні: _____

Паспорт № _____

Берілген _____

Банк: _____

Шот кімнің атында: _____

Шот №: _____

SWIFT коды: _____

Ұялы телефон: _____

**Қоғамның Директорлар кеңесінің
Төрағасы**

Директор

Кристофер Джон Уолтон

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
Акционерлерінің жалпы жиналысының шешімі**

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 2022-2024 жылдардағы қаржылық есептілік аудитін жүргізетін аудиторлық ұйымды және оның қызметтеріне төленетін ақы мөлшерін белгілеу туралы» мәселе бойынша «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ барлық дауыс беретін акцияларына иелік ететін тұлғаның 2022 жылғы 20 қаңтардағы шешіміне (№05/22 хаттама) өзгеріс енгізу туралы

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысының ««ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 2022-2024 жылдардағы қаржылық есептілік аудитін жүргізетін аудиторлық ұйымды және оның қызметтеріне төленетін ақы мөлшерін белгілеу туралы» мәселе бойынша шешімі «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ барлық дауыс беретін акцияларына иелік ететін тұлғаның шешімі түрінде («Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2022 жылғы 20 қаңтардағы №05/22 шешімі арқылы) қабылданғанын назарға ала отырып, «Эрнст энд Янг» ЖШС-ның «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың «Petrosun» ЖШС-дағы 49% қатысу үлесін сатып алуына байланысты аудиторлық қызметтерге төленетін ақы мөлшерін ұлғайту туралы сұрауымен 2022 жылғы 19 желтоқсандағы №17317 хатын ескере отырып,

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Жарғысының 12-бабы 90-тармағының 9) тармақшасына сәйкес,

ұсынылған материалдарды қарап, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы былай деп **ШЕШТІ**:

1. ««ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 2022-2024 жылдардағы қаржылық есептілік аудитін жүргізетін аудиторлық ұйымды және оның қызметтеріне төленетін ақы мөлшерін белгілеу туралы» мәселе бойынша «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың барлық дауыс беретін акцияларына иелік ететін тұлғаның) шешіміне («Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2022 жылғы 20 қаңтардағы (№05/22 хаттамасы)мынадай өзгеріс енгізілсін:


1-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) «Эрнст энд Янг» ЖШС 2022-2024 жылдардағы қызметтеріне төленетін ақы мөлшері ҚҚС есептемегенде 1 486 978 610 теңгеден (бір миллиард төрт жүз сексен алты миллион тоғыз жүз жетпіс сегіз мың алты жүз он теңге) аспайтын сомада».

2. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы М.М. Мырзағалиев осы шешімнен туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

Төраға

Хатшы



Д. Шарипов

Акционерлердің жалпы жиналысы шешімінің жобасына келісу парағы:

Лауазымы	Қолы	Аты-жөні
Басқарма төрағасының орынбасары	11.05.2023ж. №27/5716-СЗ	Арысова Д.А.
Басқарма төрағасының орынбасары	11.05.2023ж. №27/5716-СЗ	Абдулғафаров Д.Е.
Басқарма төрағасының орынбасары	11.05.2023ж. №27/5716-СЗ	Лавренов В.С.

орынд. Батырбай Д.Ж.
тел 78-64-36

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 2022-2024 жылдардағы қаржылық есептілік аудитін жүргізетін аудиторлық ұйымды және оның қызметтеріне төленетін ақы мөлшерін белгілеу туралы» мәселе бойынша «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ барлық дауыс беретін акцияларына иелік ететін тұлғаның 2022 жылғы 20 қаңтардағы шешіміне (№05/22 хаттама) өзгеріс енгізу туралы» мәселе бойынша Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының 2023 жылғы 30 мамырдағы отырысына түсіндірме жазба

Астана қ.

2023 жылғы «__» _____

1. Мақсаты мен міндеті

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ аудиторлық ұйымы «Эрнст энд Янг» ЖШС-ның 2022-2024 жылдардағы қызметтеріне төленетін ақы мөлшерін ұлғайту.

2. Экономикалық әсері

Көзделмеген.

3. Мәселенің қысқаша сипаттамасы

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі - **ҚМГ**) Жарғысының 12-бабы 90-тармағының 9) тармақшасына сәйкес ҚМГ Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының қарауына ««ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 2022-2024 жылдардағы қаржылық есептілік аудитін жүргізетін аудиторлық ұйымды және оның қызметтеріне төленетін ақы мөлшерін белгілеу туралы» мәселе бойынша ҚМГ барлық дауыс беретін акцияларына иелік ететін тұлғаның 2022 жылғы 20 қаңтардағы (№05/22 хаттама) шешіміне (бұдан әрі – **Шешім**) өзгеріс енгізу туралы мәселе шығарылады.

ҚМГ Акционерлерінің жалпы жиналысының Шешім түрінде қабылданған шешіміне сәйкес ҚМГ-нің 2022-2024 жылдарға сыртқы аудиторы ретінде қызметтерінің төлемі ҚҚС-ны есептемегенде 1 456 914 000 теңге мөлшеріндегі соманы құрайтын «Эрнст энд Янг» ЖШС аудиторлық ұйымы (бұдан әрі – **Аудитор**) белгіленді.

Алайда, 2021 жылы ҚМГ компаниялар тобынан «QazaqGaz» ҰК АҚ компаниялар тобының шығуына байланысты Аудитор қызметтерінің құны төмендеу жағына қарай өзгертіліп, қаржылық есептілік аудиті бойынша қызметтер көрсетуге арналған шарт ҚҚС есептемегенде 1 444 960 524 теңге сомасына жасалды.

Аудитор көрсететін қызметтерге ҚМГ компаниялар тобына кіретін маңызды ұйымдардың қаржылық ақпаратын шолу рәсімдерін қамтитын әрбір есепті 2022-2024 жылдардың 3 және 9 айындағы ҚМГ шоғырландырылған қаржылық есептілігін шолу бойынша аудиторлық рәсімдерді жүргізу кіреді.

2022 жылы ҚМГ «Petrosun» ЖШС 49% қатысу үлесін сатып алды. Аудитор жүргізген талдауға сәйкес «Petrosun» ЖШС ҚМГ-нің аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігі мақсаттары үшін маңызды ұйым болып табылады. Тиісінше, Аудитор 2023-2024 жылдардың 1 қаңтары мен 31 наурызы кезеңі және 2023-2024 жылдардың 1 қаңтары мен 30 қыркүйегі кезеңі үшін «Petrosun» ЖШС-ға қатысты шолып тексеру бойынша қосымша аудиторлық рәсімдерді жүргізуі қажет.

Осы қосымша аудиторлық қызметтердің құны ҚҚС-ны есептемегенде 42 018 086 теңгені құрайды.

Осылайша, Аудитордың 2022-2024 жылдарға қызметтерінің құнын ҚҚС-ны есептемегенде 1 486 978 610 теңгені (ҚҚС-ны есептегенде 1 665 416 043 теңге) құрайтындай етіп ұлғайту ұсынылады.

Төменде теңгемен аудит құнын ұсынылып отырған ұлғайту туралы ақпарат берілген:

Есептік кезең	ҚМГ қаржылық есептілік аудитінің құны (ҚҚС есептемегенде)		
	жасалған шартқа сәйкес	ұлғайту	бекітуге ұсынылған
2022 жыл	462 885 979	-	462 885 979
2023 жыл	481 408 517	20 597 100	502 005 617
2024 жыл	500 666 028	21 420 986	522 087 014
Жиыны	1 444 960 524	42 018 086	1 486 978 610

Бұл мәселені ҚМГ Директорлар кеңесі 2023 жылғы 15 мамырда (хаттама №10/2023) алдын ала мақұлдады.

4. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігі

Шығарылып отырған мәселе бойынша оң шешім қабылдау Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейді.

5. Шешім қабылданған немесе қабылданбаған жағдайдағы негізгі проблемалар, тәуекелдер, ықтимал салдары

Акционерлердің жалпы жиналысы осы мәселе бойынша оң шешім қабылдамаған жағдайда Аудитордың ҚМГ-нің шоғырландырылған қаржылық есептілігі Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес барлық маңызды аспектілерде дұрыс дайындалғанына қатысты аудиторлық қорытынды беру үшін жеткілікті аудиторлық рәсімдердің көлеміндегі шектеуді көрсететін **ескертпемен** аудиторлық қорытынды беру қаупі бар. Аудиторлық рәсімдер көлеміндегі шектеу, қаржылық есептіліктің құрамдас бөлігіне, атап айтқанда «Petrosun» ЖШС-ға қатысты аудиторлық рәсімдердің өткізілмеуіне байланысты туындайды. Ескертпемен аудиторлық қорытынды беру қаржылық есептілікті пайдаланушыларды аудиторға берілген ақпараттың толық еместігі туралы хабардар етеді және қаржылық есептіліктің дұрыстығы тұрғысынан күмән туғызады.

Басқарма төрағасы

М. Мырзағалиев

Акционерлердің жалпы жиналысының түсіндірме жазбасына келісу парағы:

Лауазымы	Қолы	Аты-жөні
Басқарма төрағасының орынбасары	11.05.2023ж. №27/5716-СЗ	Арысова Д.А.
Басқарма төрағасының орынбасары	11.05.2023ж. №27/5716-СЗ	Абдулғафаров Д.Е.
Басқарма төрағасының орынбасары	11.05.2023ж. №27/5716-СЗ	Лавренов В.С.

орынд. Батырбай Д.Ж.
тел 78-64-36

**«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік
қоғамы Басқармасының көзбе-көз отырысы
ХАТТАМАСЫНАН ҮЗІНДІ**

Нұр-Сұлтан қ.

№205122

2022 жылғы 20 қаңтар

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл - ауқат қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қор, «Самұрық-Қазына» АҚ) (оның Басқармасының) орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ., Сығанақ к-сі, 17/10 үй.

Қор Басқармасының (бұдан әрі – Басқарма) отырысын өткізу орны: Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ., Сығанақ к-сі, 17/10 үй, 25-қабат, бейнеконференцбайланыс.

Басқарма отырысы сағат 9.00 мин. ашылды.

Шешімдер қабылдау үшін кворум бар.

Отырыстың күн тәртібі:

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 2022-2024 жылдарға арналған қаржылық есептілігіне аудит жүргізетін аудиторлық ұйымды және оның қызметтеріне төленетін ақы мөлшерін белгілеу туралы.

Күн тәртібінің **екінші** мәселесі бойынша:

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының б) тармақшасына, «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 3-тармағына, «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2009 жылғы 1 маусымдағы шешімімен (№ Q 59/09 хаттама) бекітілген Қазақстан Республикасының заңнамасына және (немесе) Жарғыға сәйкес «Самұрық-Қазына» АҚ оған қатысты акционер, қатысушы болып табылатын немесе мүліктегі үлеске құқығы бар немесе олар бойынша шешімді «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасы немесе Басқарма төрағасы қабылдайтын компанияның немесе өзге заңды тұлғаның акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысының немесе өзге де жоғары органының құзыретіне жататын компанияның немесе өзге де заңды тұлғаның қызмет мәселелері тізбесінің 1.1-тармағының 13) тармақшасына, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Жарғысының 90-тармағының 9) тармақшасына, «Самұрық-Қазына» АҚ пен «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ арасында жасалған 2015 жылғы 12 қазандағығы №2-529-и «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының акцияларын сенімгерлік басқаруға беру туралы шартқа (бұдан әрі – Шарт) сәйкес Басқарма былай деп **ШЕШТІ:**

1. Мыналар:

1) «Эрнст энд Янг» ЖШС «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 2022-2024 жылдардағы шоғырландырылған және жеке қаржылық есептілігіне аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйым болып;

2) 2022-2024 жылдары «Эрнст энд Янг» ЖШС қызметтеріне төленетін ақы мөлшері ҚҚС есптемегенде 1 456 914 000 (бір миллиард төрт жүз елу алты миллион тоғыз жүз он төрт мың) теңгеден аспайтын сомада белгленсін.

2. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы А.С. Айдарбаев осы шешімнен туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 4 және 5-тармақтарына және Шарттың 2.2.1 және 2.2.4-тармақтарына сәйкес осы шешім «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ барлық дауыс беретін акцияларына иелік ететін тұлғаның шешімі болып саналсын.

Басқарма хатшысы

Д. Шуженов